



“Мәдени мұра”

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының  
тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың  
бастамасы бойынша шығарылды

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН  
ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ

---

Әшімбаев М.С., кеңес төрағасы  
Асқаров Ә.А., жауапты хатшы  
Абдрахманов С.  
Атабаев Қ.М.  
Аяған Б.Ғ.  
Әбусейітова М.Қ.  
Әжіғали С.Е.  
Әлімбаев Н.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Балықбаев Т.О.  
Дүйсембаев Е.С.  
Есім Ғ.  
Жақып Б.Ө.  
Жұмағалиев А.Қ.  
Қозыбаев І.М.  
Қасқабасов С.А.  
Қойгелдиев М.Қ.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Құрманбайұлы Ш.  
Мәжитов С.Ф.  
Мұхамедиұлы А.  
Мыңбай Д.Қ.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Өскенбаев Қ.А.  
Салғара Қ.  
Самашев З.  
Сариева Р.Х.  
Сұлтанов Қ.С.  
Тұяқбаев Қ.Қ.  
Түймебаев Ж.Қ.

# БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

*Тарихи жырлар*

57 ТОМ



УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)  
Б 12

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С.А. (*төраға*), Қорабай С.С. (*төрағаның орынбасары*),  
Жұмасейітова Г.Т. (*жауапты хатшы*), Өзібаева Б.У.,  
Егеубаев А., Күзембаева С.А., Қирабаев С., Мамыраев Б.Б.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томның редакция алқасы:**  
С. Қасқабасов, С.Қорабай (*жауапты редактор*)

**Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:**  
Алпысбаева Қ., Әлібекұлы А., Дәуітұлы С., Салтақова Ж.

Әлібекұлы А. (*жауапты шығарушы*)

**Б 12** Бабалар сөзі: Жүзтомдық. — Астана: «Фолиант», 2010.  
Т. 57: Тарихи жырлар. — 408 бет.

ISBN 9965-35-854-0

«Бабалар сөзі» сериясының 57-томына «Төле бидің тарихы», «Абылай хан», «Абылай хан әңгімесі», «Абылай туралы жыр», «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», «Сабалақ — Абылай хан», «Сабалақ», «Абылай мен Олжабай» т.б. тарихи жырлар енді.

Б  $\frac{4702250205}{00(05) - 09}$

УДК 398  
ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-854-0 (т. 57)  
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2010  
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2010

## ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында атқарылып жатқан «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмыстарын одан әрі жалғастырып жатыр.

Аталмыш серияның 57-томына XVIII ғасырда өмір сүрген қоғам және мемлекет қайраткерлері Төле би, Абылай хан туралы тарихи жырлар енгізілді.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқының өміріндегі қиыншылыққа толы алапат бір кезең болды. Жоңғар қоңтайшысы шұрайлы Жетісу мен Сарыарқаға көз тігіп, қазақ жерін тұтасымен басып алуға тырысты. Тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталып кеткен бұл зобалаңды уақыт батырлар мен билердің арқасында үш жүздің басын қосуға әсер етті. Томға енгізілген Қазанғап Байболұлы жырлаған «Төле бидің тарихы» жырында сол тұстағы елдің ауыр тіршілігі боямасыз шынайы суреттеледі. Жырда Төленің қысқаша шежіресінен бастап, рулар арасындағы дауларды шешуге араласуы, маңайына игі жақсыларды топтастыруы, қазақ халқының басын қосуда жетекші рөл атқарғаны, жоңғар шапқыншылығына қарсы астыртын әрекеттер ұйымдастыруы көркем бейнеленген. Жырдың басты ерекшелігі — жоңғар басқыншылығын, оған қарсы халық күресін тұтас күйінде қарап, XVIII ғасырдағы өте ауыр кезеңде халық мүддесі үшін еңбек сіңірген Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің Тәуке, Әбілхайыр, Абылай хандардың тарихи бейнелеріне баға беруі. Сонымен қатар жырдан ел басына күн туғанда егеулі найзасын қолға алған Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Олжабай, Өтеген, Қойгелді, Жәнібек батырлардың ерлік істерін көруге болады.

XVIII ғасырда тарих сахнасына көтерілген Абылай туралы Көкбай жырлаған «Абылай хан әңгімесі», Салық Жаяу Мусин 1940 жылы жазып алған «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны», Олжабай Нұралыұлы жырлаған «Сабалақ — Абылай хан», Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазып алған «Сабалақ», «Абылай мен Олжабай» жырларының негізгі сюжетінде қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі, Әбілмансұрдың Жаныс Төле биге жолығуы, Бөгенбай мен жалшы Сабалақтың кездесуі, Әбілмансұр-Сабалақ пен жоңғар батыры Шарыштың жекпе-жегі, Абылайдың Қалдан Серенге тұтқынға түсуі баяндалады.

Сонымен бірге томға Ш.Уәлиханов Жетісу өңіріне жасаған экспедициясы кезінде жазып алған «Абылай туралы жыр» да енгізілді. Мұнда Абылай хан мен Сәдір арасындағы шиелініс пен Абылайдың қырғыз жеріне жасаған жорығы айтылады.

«Абылай мен Олжабай» жырында Қаракесек руының адамдары Ботақан мен Жанайдың намысы үшін ер Олжабайдың Бекболат бимен бірге Абылай ордасына қол бастап келуі, ханға қарата өктем сөз сөйлеуі батырдың кесек тұлғасын айшықтай түседі.

Том соңында берілген ғылыми қосымшаларда жинаққа енген тарихи жырлардың мәтіндеріне жазылған түсініктемелер, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар туралы түсініктер, жер-су атауларына сипаттамалар, жырларды жинаушылар мен жырлаушылар туралы мәліметтер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, том туралы орыс және ағылшын тілдеріндегі қысқаша мазмұндама қамтылған.

Томды дайындау барысында XX ғасырдың алғашқы жартысында ел аузынан жиналып, араб, латын жазуымен жазып алынған қолжазбаларға текстологиялық жұмыстар жүргізіліп, жырлардың мәтіні мұқият тексерілді. Баспа бетін көрген жырлар түпнұсқамен салыстырылып, негізгі нұсқа бойынша қателер түзетілді.

Томға енген мәтіндер М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының және Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақталған түпнұсқалар негізінде дайындалды.



МƏТИНДЕР







# Төле бидің тарихы

Қазанғап өлең десе төгіледі,  
Рухы еліктірді көңілдегі.  
Жолындай отарбаның көкірегім,  
Екпіні паровоздай көрінеді.  
Шырқасам ащы дауыс бірден тартып,  
Оралып ұшқан құс та келіп еді.  
Ардақты халқымның бір жүйрігі едім,  
Оңтүстік Алатаудың төріндегі.

- Сөйлегем мен жасымнан топты жара,  
10 Қанар қап өлеңім бар отты арба.  
Көрмеген адамдарға сәлемдесіп,  
Тұрады барып қайтып жылдық жолға.  
Жақсы сөз, үлгілі өлең — құлақ құршы  
Айнымай бір барады бір мың жылға.

- Алтын бас — бос топырақ өлгеннен соң,  
Жүйрік ат шаң шығарар желгеннен соң.  
Тозбайтын, айнымайтын қолқанатың,  
Жаңғыртып арт жағыңнан келгеннен соң.  
Өлген де секілді ғой батыр Ақпан,  
20 Қанады шәрбатынан дәмін татқан.  
Мысалы, гауһар шамдай жарқыраған,  
Немесе сұлу қыздай үкі таққан.  
Құлшырып тоқсан тоғыз түрленгенде  
Перілер тыңдағандай иранбақтан.  
Адамның шешен ділмар қара тілі,  
Сөз қалмас тауып айтса адамзаттан.  
Қарқынды, көркем өлең ағытайын,

- Суындай Сырдарияның аунап аққан.  
Тарихын Төле бидің баяндайын,  
30 Жақсылар, сөз тыңдашы Қазанғаптан.

Қазақта мәдениет аз боп бұрын,  
Шығарған шамалап тек жазу түрін.  
Оқушы ек арапшадан қиыстырып,  
Қазанда шағатай мен татар тілін.  
Ес кіріп, етек жапқан күнімнен бір  
Тарихын Төле бидің теріп жүрдім.

- Ілгерірек заманда,  
Бұрынғы өткен адамда  
Үш би, бір хан атанып,  
40 Қазақ қазақ болғанда.  
Күні туып оңынан,  
Айы туып солынан,  
Кемеріне толғанда.  
Ала байрақ алтын ту  
Ордаға толық қонғанда.  
Хан болып Тәуке тұрғанда,  
Алатаудың төрінде,  
Өрдегі Жаныс елінде  
Атақты ғазиз Төле би  
50 Бір келіп қапты жалғанға.  
Қалай деп, жұртым, таңданба,  
Жарлы емессің арманға.  
Дайын тарих қалған жоқ,  
Жазулы болып өзінен.  
Таусылмас көп сыр естідім  
Адамынан үш жүздің,  
Тере берсе, табылар.  
Әділ кісі болған соң,  
Жүрек аңсап сағынар.  
60 Сөз жәрдемін көрсеткен,  
Аздап айтсам, мыналар:  
Біріншісі — Бекасыл,  
Тоқсан үш жаста жөнеді.  
Қоқандағы хандардың

- Төртеуін көрдім деп еді.  
Өбдірәйім, Жақыпбек,  
Әлдеке, Астай имам бар,  
Арғынбай, жолдас Шалабек,  
Ботбай Торта, Тайқы мен
- 70 Қара молда Еркебек.  
Айта берсем көп еді,  
Аздап-аздап тарихын  
Сипаттайын Төле би.  
Әлібек бидің баласы,  
Бекбике деген анасы.  
Тұңғыш би боп сайланған  
Құдайберді бабасы.  
Тексере келсең аңғарып,  
Үш жүздің де ағасы.
- 80 Ағалығын айтайын,  
Ұлы жүздің баласы.  
Ұлы жүздің ішінде  
Сомдаған болат сияқты,  
Тұтас ұзақ саласы.  
Он бір ата үзілмей,  
Билігінің шамасы.  
Басқа би мен Төле би  
Аспан мен жердей арасы.  
Қазақта сансыз көп билер,
- 90 Үш биден бөлек үш жүздің  
Жеткен жоқ түгел шамасы.  
Дүниеде зерек кім туған  
Төледей қазақ баласы.  
Билігі төрге жылжыған,  
Туылған күндей ел басы.  
Тоғыз жаста Төленің  
Берген рас жобасы.  
Бір-бір сөзі қарттардың,  
Аузында өлең санасы.
- 100 Жебегені жетілген,  
Налығанын өлтірген.  
Орта жүзге хан болған  
Тәрбиелі Абылай —

- Жылқысын жайған баласы.  
Білмейтіні және жоқ  
Қазақтың түгел даласы.  
Тоқсан үш жасында  
Жеткен дейді қазасы.  
Шұбыршылық ақтабан
- 110 Сол заманның арасы.  
Мінез-пиғылы мол еді,  
Жақын-алыс демеді,  
Тиын-пара жемеді.  
Глесті жарлы-байлар да,  
Ауғанда басы көбінің  
Көшпен көшіп жүруге.  
Қазақты әуел бастады  
Отырысты өмірге.  
Бір жерден қазған арықты,
- 120 Белгісі бар бұл күнде.  
Ақ үйліге баласын  
Жұрт үшін қиған өлімге.  
Сол күндерде жақсылар  
Қазақты қоршап сұраған,  
Аңғарсаң тарих жобадан,  
Ұрпағынан Шектестің,  
Салқам Жәңгір атасы,  
Есім хан еді бабасы.  
Бас қосып үй боп тұрғанда,
- 130 Қалдан-Серен қоңтажы  
Қазақты қуған жерінен,  
Ажыратып көлінен.  
Барып қайтқан соқтығып,  
Жиделібайсын төрінен,  
Хиуа, Бұқар елінен.  
Әз Тәуке хан өлген соң,  
Үш бөлініп арасы,  
Жыртылып қазақ жарасы,  
Хандыққа мидай бөлініп,
- 140 Бірімен-бірі жауласып,  
Солайша болған жобасы.

Жақсылар, үш жүз жайында сөз көп. Үш адамның атын үш жүз адамның аты деп те айтады. Тіпті ескі дәуірлер Моғолстан көп ел болып, мыңдай сақ ұңғар-ұңғар деп саналған. Үш жүздің мәні сонан сарқыт бір болар. Әз Тәуке тұсында үш жүз атанған деп те айтады. Ондай болғанда үлкен орда ұлы жүзде болып, ортаншы орда, кіші орда жобасына келгендей.

Көп сөздің бірі — ұлы жүз Үкілі би, онан төрт ұл бар: Тобай би, онан Майқы би, Қоғам, Бөкірі, Құйылдыр туған дейді. Біреулер Майқыдан Бақтияр, онан Келімбет, Ахмет, Ойсын, Үйсін деп бір бөлек атайды. Бақтияр деген сөз ұлы жүзге ұран сөз деп тағы айтады. Жобада ұлы жүз төртке бөлінеді: Қаңлы, Жалайыр, Үйсін, Сіргелі. Қаңлы ұрпағы түріктің патшасынан тараған деседі.

Үйсіннен бірнеше шалдар өтіліп келіп, Бөйдібек, Төле туған дейді. Бұл Бөйдібектен Алматы жағындағы елдер үш ұл, Шымкент жағындағы елдер бес қатыннан бес ұл деп таласы бар. Тоты би бөйбішеден бір Үйсін, онан соңғы қатындарынан Шапырашты, Ошақты, Ысты, кіші ене Домалақтан Жарғышақ екендігі анық. Домалақты біреулер қожаның қызы деседі.

Біліктілер сөзінде  
 Домалақ жүкті кезінде,  
 Ішіндегіге бөйбіше  
 Зақым берді езіле,  
 Жарғышақтанып басы туған соң,  
 Жарғышақ болды өзі де.  
 Түйе болып бөйбіше,  
 Үй сыртынан сүйкеніп,  
 150 Қорлайтын дұшпан сезіне.

Сонда Домалақ: «Адам болсаң, жалғыз ұлым Жарғышаққа қор бол» деуші еді.

Осындай ғұламалар әуел өтті,  
 Бір күні жұртқа бас боп көшіп кетті.  
 Жау келіп, Бөйдібектің ізін аңдып,  
 Төтелеп Домалақ та жол көрсетті.  
 Қалың жау Бөйдібекті шауып алды,  
 Төрт түлік келеді айдап түгел малды.

- Бәйбіше олжа серік болып еді,  
Барам деп осыларға жауап салды.  
Бағдарлап айтқан сөзін бастығының,  
160 Домалақ болжаушы еді малдың сырын.  
Қаражал, қарақұйрық, төсі садыр  
Көп еді қасиеті айғырының.  
Шам жанып қараңғыда құлағынан,  
Көрсеткен белгісі бар қанша бұрын.  
Берсеңдер осы бірін болады деп,  
Байлады шешіп алып белбеу құрын.
- Қалың жау жылқыны айдап қалды кетіп,  
Айғырды Домалаққа сыйлық етіп.  
Қасында бәйбішенің тоғыз ұлы,  
170 Бәйдібек жау аңдыған келді жетіп.  
Домалақ айтып еді: «Әуре болма,  
Он шақтың күшің жетпес қалың қолға.  
Сілкініп кісінесе, бері келер,  
Ұйтқысы көп жылқының мынау малда».  
Бәйдібек сәл кідіріп қиялданды,  
Тоғыз сөзді елемей ашуланды.  
«Ұрысып жаудан малды қайтарамыз,  
Тоқалдың сөзі құрсын, кімге дәрі!?»  
Жалаңдап арттан қуып бәрі барды,  
180 Тоғызын жасанған жау қырып салды.  
Ұрпағы осылардың сұраусыз боп,  
Бұл күнде шамалы ел атанады.  
Білдірсек, тоқтап енді сабыр етіп,  
Садыр айғыр сілкінді дүр-дүр етіп.  
Кісінеп, жалын тарап жер тарпыса,  
Шұбырып түгел жылқы келер жетіп.  
Көрген соң қасиетін енді нанды,  
Бәйдібек ықыласын бұған салды.  
Шарапат осында бір бар екен деп,  
190 Көшіріп, тастамастан қасына алды.  
Домалақ онан кейін бір қыз тапты,  
Азандап Ақбикеш деп қойды атты.  
Сол ана дейді ұрпағы айтушылар,  
Орта жүз наймандағы қызай халқы.

Жұлдызы шашып шапақ, жанды оның  
Самалы оңғарылып, түзеп жолын.  
Келдібек інісі еді Бәйдібектің,  
Бауырлар бір-бірінің іздер жоғын.

- 200 Бәйдібек дүние салды аз жылдан соң,  
Домалақ айтты бір күн Келдібекке:  
— Мені алғын, әмеңгерім, жәбір етпе.  
Түсімде аян болған белгім де бар,  
Біреуі нәсіп болды Бәйдібекке.  
Тізіліп екі шырақ жанған еді,  
Біреуі күншығысты алған еді.  
Біреуін нәсіп болса, сіз де көрсең,  
Сәулесі батыс жаққа барған еді.  
Қайнысы мына сөзін елемеді,  
Аңғармай қасиетін төбедегі.
- 210 Бірқатар қариялар нұсқауында  
Нәсілі Келдібектің — жақшам елі.

- Домалақ бір күні айтты Жарғышаққа:  
— Ей, балам, үймен көшем қапа тұтпа.  
Қай жерге барып шөксе, мені қойғын,  
Бос жібер жайғастырып нарға арт та.  
Болжайды қайтар сәтін айтқан күнде,  
Тас қотан Әулиеата етегінде.  
Шымкентке, Арысқа кеп түйе шөкті,  
Жеріне Бөген, Шаян жетеді де.
- 220 Сол айтқан Жарғышақтың үшеу ұлы,  
Албан, Суан, Дулат деп айтар мұны.  
Енші алысқан жерлері Қазығұрт деп,  
Сөзі бар біреулердің мынау түрлі.

- Қара молда нақылы,  
Бір күні айтты былай деп:  
— Албан, Дулат қатыны,  
Тату болса егер де,  
Ерікке жетер татымды.  
Ерікке тату болған соң,  
230 Бір-бірін өтсе аялап,

- Бұлардан кім бар ақылды?!  
 Әйелдері сөйлейді  
 Келемеждеп жақынды.  
 — Қайын атаны көрдің бе,  
 Ері бар-ау ердің де.  
 Тәуір көріп кенжесін,  
 Төрін берді төрдің де.  
 Қамыңды әсте жемеді,  
 Балаңды сенің жек көріп,  
 240 Кейін болсын дегені.  
 Осыдан шығып ерегес,  
 Енші алайық деп еді.  
 Бар малға ие табылып,  
 Бір ат қалды ортада,  
 Тұлпар-ақ еді келелі.  
 Ала қашып Суан ер,  
 Бетке алды алыс төбені.  
 Араз болып Дулатқа,  
 Албан да көше жөнеді.
- 250 Кездесті аға інімен:  
 — Қия алмастан сені мен,  
 Суан, қуып келіп ем.  
 Нұр борап тұр Дулатқа,  
 Қарашы сонау көрінген.  
 Үстімнен борап бір кетті,  
 Қалсам, өсек болармын,  
 Інімсің ғой құрметті.  
 Қытай жаққа ауайық,  
 Келер сыйдан түңілме,  
 260 Көп болар Дулат түбінде.
- Сонан көшіп екеуі,  
 Бұл жаққа қайтып келген жоқ.  
 Қарқара, Текес жерлерді  
 Алған дейді мекендеп  
 Дулаттың төртеу баласы.  
 Әмір Темір тұсында  
 Өткен еді жобасы.



- Сейіт ата әулие  
Пірі дейді бұрынғы,  
270 Кейбір қария санасы.  
Үлкені Сиқым әуелгі,  
Ботпай, Шымыр егіз боп,  
Дүниеге келген кешігіп,  
Кенжесі Жаньыс дер еді.  
Сынамаққа Дулат балларын,  
Қоныс көріп келгін деп,  
Кезегімен жіберді.  
Сиқым барып көреді,  
Шоқпар сайлап жүргенді.  
280 — Нәсіліңе, шырағым,  
Серілікті қидым, — деп,  
Бата беріп жіберді.  
Ботпай барып екінші,  
Найзаласқан жау көрді.  
— Ұрпағың батыр болсын, — деп,  
Бұған да бата берді енді.  
Енді Шымыр жөнелді,  
Қоныс қарап қыдырған,  
Шұбырған талай ел көрді.  
290 — Байлық тиді еншіңе,  
Деп айтады ілгергі.  
Төртінші Жаньыс барғанда,  
Төбелесіп екі адам,  
Жүгініскен дау көрді.  
— Нәсілің бек болсын, — деп,  
Оған да бата берді енді.

Жаньыстың үш баласы Жанту, Жантан, Жарылқамыс болған. Төле би Жантудан тарайды. Жарылқамыстан Өстемір, Қыбырай, Ерубай, Қапал, Шегір, Жамбай тарайды. Домалақтың босағасы Қыбырайда. Қабіріне шырақшы Бөкен жағы.

- Қожамбердіден және де  
Туылыпты жеті ұл.  
Ақберді менен Құдайқұл,  
300 Ғараптан Нүкіс ел болып,

- Қосылады Жамбайға.  
 Жаспын деп ақ шамдайын  
 Қадірберді, Қадырқұл,  
 Олжағұл және Сұлтанқұл,  
 Құдайберді үлкені.  
 Есім ханның тұсында  
 Осыған билік тіркелді.  
 Құдайбердінің тоғыз боп,  
 Туылышты баласы.
- 310 Құдайменде, Тоқпан, Әлібек  
 Бәйбіше еді анасы.  
 Бесінші Ақтай, Бақыбек,  
 Түгелбай, Данай жетінші.  
 Қариялар санасы.  
 Қарашәуке біреуі,  
 Қайрақбермес, Тасыбек,  
 Сарарқаның елінде,  
 Мұрын Найман елінде
- 320 Жақсы дәурен сүрген деп,  
 Жөнін айтқан бұрынғы,  
 Шынәлінің жобасы.  
 Би сайланған Әлібек,  
 Құдайберді биден соң,  
 Опат болып жасында  
 Құдайменде ағасы.

Шежірелер айтуынша, бір ғасырдағы билікке атасы бөлек жұрт қолпаштап Шыңғыс ханның ұрпағын тура деді. Әмір Темір тұсында жұрт иелерін мырза деп атады. Есім хан дәуірінде билік рәсім атақ болып, Қоқан дәуірінде датқа деген атаққа ие болды. Сондай жағдайлардан қалған Әлібек жарлы болып, інілерінің бәрі де бай болып, сырттан келген біреу «Ауыл кімдікі?» десе, «Әлібектікі», «Мал кімдікі?» десе, «Тоқпандыкі» деуші еді.

Естіп едім, есі кіріп тілі шыққан соң Төле  
 Әлібек әулетінде болды жарлы,  
 Сегізі де малды боп туысқаны.  
 Қара үй тігіп, аз ғана ешкі сауып,

- 330 Отан етті оңаша бір жотаны.  
Тоқпан деген інісі мал қарады,  
Үш күн кезді түйе іздеп айдаланы.  
Үш күн сарсылып отырғанда,  
«Бері шық!» деп Қыдыр кеп айқайлады.  
Түнде де емес, қараңғы тұман да емес,  
Бір мәрте емес, үш мәрте және тағы.  
«Бос қалдың, төмен кеттім!» деген еді,  
Артынан жоқ, іздеп шықса, сарыны анық,  
Әлібекке дарыды қыдыр барып.
- 340 Біреу келіп алдынан қарсыласты,  
Отырғанда байқаусыз дәрет алып.  
— Сідігіңе дарысын, — деді дағы,  
«Әумин!» деп көзінен болды ғайып.  
Жеке түтін сол күнде болған екен,  
Бір қатыннан бөлек жоқ өзінде анық.  
Жалғыз атын қуанып құрбан шалды,  
Бөктік деген онан соң қатын алды.  
Бөктік туды аз күнде Өтебайды.  
Тыныбек, Ақбота, Шора бөйбішеден,
- 350 Құдайберді би болған,  
Қазақ жаулап қалмақты.  
Есімхан мен Барыста,  
Алтай мен ұлы Ертісте,  
Жеті жыл жүрді алыста.  
Басшылық етіп тұруға  
Билердің болды керегі.  
Сөз тырлар жиылып,  
Басын қосып ұлы жүз,  
Би сайлайық деді енді.
- 360 Қалауын айтып бәрі де,  
Сипаттап өтті ерлерді.  
Ұнатпастан өзгені,  
Әлібекке келеді.

Ақ пейіл, жарлы, мінезі кең,  
Қой айдаса үстінен,  
Кешірімді, ашуы кем.  
Аз сөйлейді, тура айтып,

- Қондырады бір айтып.  
Және атаның баласы,  
370 Бар жағдайы келеді.  
Осыған бәрі жөн көрді,  
Қаңлы Құнан, Қарасай,  
Серкелі де Қожабек —  
Бәрі бата береді.  
Әлібектен сол күнде,  
Тыныбек, Шора, Ақбота,  
Малбикенің баллары  
Жалғыз деп ұрып қуалап,  
Өтебайдан Аңдақ  
380 Болушы еді жанжалы.  
Тоғыз-онға келгенше,  
Артынан бала болмады.  
Азап көріп бұлардан,  
Бөктік ана сол кезде,  
Жылап жүрген күндері.  
Екі қатынның баласы,  
Екі ру дейді ілгергі.  
Сабы бірге болған соң,  
Үшеу Дошым ағасы.  
390 Бұзатын ісін тұтқан жоқ,  
Толмаған жасқа шамасы.  
Көзі ілініп аян боп,  
Маңдайынан сипады,  
Домалақ келіп анасы.
- Қарама-қарсы жолығып:  
— Жылама, балам, тарынып,  
Жақсы хабар берейін,  
Үстем болар мерейің.  
Бәйбіше анда көрсеткен,  
400 Жағдайыңа шыда сен,  
Мені жөндеп тыңда сен.  
Домалақ мамаң мен едім,  
Мені неге білмейсің?!  
Жаратқан тілек береді,  
Біқыласыңмен тілесең.

- Екі бала көресің,  
Арзитуғын отызға.  
Біреуі болар ер Асан,  
Әуелгісін Төле қой,  
410 Кейінгісін өзін білерсің.  
Шыршықтың азат басында,  
Алатаудың үстінде,  
Паркент-Заркент қасында,  
Хожай Мұрат Бақыш әулие,  
Топ қарағаш белгісі,  
Қонбайды шымшық басына.  
Баймұқамбет дуана  
Шырақшы болған осында.  
Соған бір, балам, түнеп қайт,  
420 Көп кешікпей, тосылма.  
Әлібек берсе рұқсат,  
Орындағын мұнымды,  
Адамға айтпа сырыңды.
- Жүректері лүпілдеп,  
Ұйқысынан оянды.  
Таң сарғайған уағы,  
Жайын айтып барудың  
Әлібектен сұранды.  
Бұл кісі де сыр көрген,  
430 Мынандай бір жобаны.
- Бұрыннан бір түс көрген мынау түрлі,  
Бір адам алып келіп жүзі нұрлы.  
Ақ түйғынды ұзын баулы қондырады,  
Жанарын қайсысынан білмей жүрді.  
Екі әйелін бірге алып,  
Қымыз алып екі мес,  
Зияратқа жөнеді.  
Хожай Мұрат Бақшы әулие  
Басына келіп түнеді.  
440 Назыр Нияз тарқатып,  
Ықылас етіп тұрды енді.  
Тағы көрді бір сырды

- Күндерде бір күн күндері.  
Өлібек және бір күн көрді түс,  
Бұл сапар аян болды өте күшті.  
Оңынан күні туып, солынан ай,  
Бөктектің құшағына келіп түсті.  
Қуанып ұйқысынан тез оянды,  
Дәрет ап жүрек тасып отырады.
- 450 Қой айтып қорасанға, құрбан шалып,  
Тарқатты бедеу атын сойды дағы.  
Тұратын келіп-кетіп жұрт жиылып,  
Ет жеді жолаушылар мол үйіліп.  
Жалаң бас, жалаңаяқ бір дуана  
Айқай сап, келе жатыр зарын қылып.  
Келеді есегіне теріс мініп,  
Орнынан шошып қалды бәрі тұрып.  
Дуана Баймұқамбет қарсы барды,  
Ізетпен қол қусырып, зыр жүгіріп.
- 460 Кесемен қымыз беріп қолын тосты,  
Дуана бір сіміріп, қайта құсты.  
Ішсеңші бәйбішеге дегендей қып,  
Өлібек қойған жерден көзін қысты.  
Төкпеді дуана әкеп жерге қойды,  
Жиіркеніп бәйбішесі ішпей қойды.  
Сіміріп қолына алып Бөктік ана,  
Босатып, сырғып сарқып жерге қойды.  
Дуана қолына алды бір нәрсені:  
— Бердім деп, Баймұқамбет, сізге мұны.
- 470 Алыстан әдейі арнап әкеліп ем,  
Сарқыты Аппақ қожа тәбәрігі.  
Аман бол, сізді екінші көре алмаймын,  
Дүниеде енді мен де жүре алмаймын.  
Көрісіп, арыздасып кетті күліп,  
Деді де қысқа сөйлеп хал мен жайын.  
Бөктікке сол нәрсені бере салды:  
— Оқуың бітті, балам, — деді дағы.  
Деп айтты: — Өзгелерің қапы қалдың,  
«Шу» деді қалды әулие сарқыттары,
- 480 Деп ойлап жынды делбе дуананы,  
Қамшылап астындағы атын тағы.

- Перзентім, қасиетін сен көрерсің,  
 Қайтты ол осындай сөз айтты дағы.  
 Өлібек рұқсат сұрап елге келді,  
 Көтерді кешікпестен Бөктік ана,  
 Парылдап жуан даусы, туды бала,  
 Ай-күні, сәті жетіп босанды аман,  
 Деуші еді қызыл ерін, қара кісі,  
 Кең маңдай, жазық жауырын бар пормысы.
- 490 Мысалы, қой маңыраған тәрізденіп,  
 Жаңғырып сөйлегенде үйдің іші.  
 Байғұн мен Досалы да дейтін сондай,  
 Дауыс бар, қариялардың айтылысы.  
 Баладан даусы жуан сүйінгін деп,  
 Мақалдар жағдаятта үлкен-кіші.

Сол себепті Жаныс халқында осы күнде де «жуан дауыс бала пәлендей болады» және «еркек дауысты әйелден, әйел дауысты еркектен без» деген мақал бар. Соның бірі Нақыпбектің айтуынан және Өлімқұлдан «Ана, мен туылған күні үйдің іші қып-қызыл көрініп еді, ол немене еді?» дегенде, Бөктік ана қиялданып, көп ойланып, «Балам, үркіншілік себепті асығыстап бояу бояп едім, сол шығар» деген екен дейді.

- Мәпелеп той қылады жұртын жиып,  
 Өркімге арнап семіз малын сойып.  
 Бәйбіше есік жаққа қойғанменен,  
 Бесігі тербеледі төрге жылжып,
- 500 Күнде қалса, саяға тез ұмтылып.

Қариялар сөзінде «Бесігі төрге шықпаған» деген мақал содан үлгі.

Төле қойды аттарын  
 Бұрынғы аян жөнімен.  
 Бұрыннан нышан берілген,  
 Екіден үшке айналып,  
 Төрт жастан беске жеткен соң,  
 Қосылды ойнап теңімен,  
 Алтыдан озды жетіге,

- Сегіз жасқа жеткенше,  
Болмады бала ізінде.
- 510 Онан соң барып туылды  
Тоғыз жаста Елібай,  
Тұлым қойып басына,  
Еркелетіп өсіріп,  
Әлібектің көңлі жай.  
Әйелдері ұлым деп,  
Сөзіне сөз қосылды-ай.  
Әлібектің алты ұлы  
Қадалған жер оңбас деп,  
Болушы ед мақал осындай.
- 520 Жас күнінде Төлеге  
Әлібек түйе бақтырды.  
Көтерем қып иіріп,  
Шаңлаққа айдап сап қылды.  
Мал бағуға зауқы жоқ,  
Қой бақтырса, үркітіп,  
Бір бұтаның түбінде  
Біреуін бір қалдырды.  
Болды көріп пайданы,  
Бұйырғаннан жеп тұрды.
- 530 Жылқы бақса зерігіп,  
Жалау байлап айқайлап,  
Ту көтеріп шаптырды.  
Теңге түссе қолына,  
Баллардың бөрі соңында.  
Жігіт жұмсап жасауыл,  
Сауыт-сайман алуға,  
Әкесінен жасырды  
Дос көңілін табуға.  
«Олжа-сауға саған» деп,
- 540 Етектеп келіп төгеді.  
Нөкер болып балалар,  
Шұбырып бөрі ереді.  
Екі дай қылып балларды,  
Төрелік оған береді.  
Топты көрсе келеді,  
Төрелік десе төнеді,



- Жол жағалай жүреді.  
Хан ордасы деді де,  
Топырақты үйеді.
- 550 Шешіп алып көйлегін,  
Басына жалау іледі.  
Күннен-күнге ерек боп,  
Көндігісіп жүреді.  
Ағалары ұрса да,  
Сабырлы мінез кісі еді,  
Елемеді, күлмеді.  
Балалық дәуір осындай,  
Атқарған дейді күндерді.
- Түйені, қойды тастап, жылқы бақты,  
560 Іріктеп мінді сайлап бедеу атты.  
Үркітіп жалау байлап, ту көтеріп,  
Зәресін алды жұрттың жаман қатты.  
Шаң шықса, елеурейтін күн уақты,  
Сығалап, қарауылдап шартарапты.  
Жайылып түйе жүріп қомдарымен,  
Босатпай белдеуінен арғымақты.  
Бу шықса, қазандағы ет аударылып,  
Отын қып көше қашып сонау жақты.  
Қарнын жарып қойса, оралмастан,
- 570 Ит сорлы даусы шықпай босқа жатты.  
«Жылқыдан балаңызды босатсаң» деп,  
Нешеулер Әлібекке шағым айтты.  
Төленің малдан босап көңілі тынды,  
Сөз сынап, қиял толғап топқа кірді.  
Төрелік тоғыз жаста берген дейді,  
Дау келіп Әлібекке осы түрлі.
- Екі топ адам бірге кеп,  
Жүгінеді тізерлеп  
Әлібектің алдына,
- 580 Жап-жас бала қолында.  
Бірі былай сөйлейді:  
— Жаудан үркіп жүргенде,  
Құндағымен баланы

- Жоғалтып едім ілгері.  
 Кездесіп қалып бір тойда,  
 Қарап едім назар қып,  
 Мейірім түсті аналық,  
 Емшегімнен сүт ағып.  
 Сонан бері аурумын,  
 590 Жылауменен нала қып.  
 Бір түрлі сөз сөйлейді,  
 Бұлар мені таба қып.  
 Турашыл енді өзің біл,  
 Сөзімде болса шалалық.
- Біреу айтты былай деп:  
 — Қиянатшыл бұл жөлеп.  
 Баладан күдер үзгенде  
 Перзент көрмей көп жылдар,  
 Қырыққа жасым жеткенде  
 600 Берген еді бір Құдай.  
 Атын қойдым Қырықбай,  
 Біледі жұртым осындай.
- Екеуінде айғақ көп,  
 Миятқа мият қосылды-ай.  
 Бір жыл ұдай дау болды,  
 Сенікі деп біле алмай,  
 Шеше алмады осыны.  
 Шаршы топ хан, қарадан  
 Табылмады жосыны.  
 610 Жотаға түнде келеді,  
 Кім елейді Төлені?  
 Бір шетінде отырып,  
 Тыңдап-тыңдап жөнейді.  
 Төле айтты бір күні,  
 Көпшілікке өтініп:  
 — Сонша көпен бектерге,  
 Жеткізді бұл дау кемшілік.  
 Бір билігін қылар ем,  
 Берсеңдер маған кеңшілік!  
 620 — Берелік, бала, — десісті,

- Қабыл алып отырды.  
Алтын сап қылыш қолына ап,  
Балаға қарап секірді.  
— Ортасынан қақ бөліп,  
Екеуіңе берейін,  
Мына бала жетімді.  
— Бөлсең бөлгін, — деді де,  
Қырықбайдың шешесі,  
Ойланды, танып кекірді.
- 630 Жоғалттым деген ұл әйел:  
— Қайда барса, сау жүрсін,  
Аман кетсін, — деді де,  
Ботадай боздап өкірді.  
Қалайын деп бір көріп,  
Басында қылыш тұрғанда  
Құшақтай алған секілді.  
— Жоғалтқаның, бейшара,  
Сенікі рас екен, — деп,  
Соған берді баланы.
- 640 — Таптың, — деп, — туған анадңы! —  
Риза болып көпшілік,  
Билікке туған бала деп,  
Рахмет айтып тұрады.  
Абыройы көркейіп,  
Даңқы кетті тұсына-ай,  
Сөзіне үлгі қосылды-ай.  
Әділ бала Төле деп,  
Тоғыз жаста төрелік  
Бергеннен соң осындай.

Төленің бұл билігі елге «бала би» деп жарияланды. «Егіз танадан, би баладан» деген мақал туды.

- 650 Күндерде бір күн күндерде  
Әлібекке және дау келді.  
Төле бидің сол шақта  
Қой бағып жүрген кезі еді.  
Екі адам бірдей алдына  
Жетті талып өзегі.

- Бір елтірі қолында,  
Алтай қойдан шығады,  
Баяндайын оны да.  
Керек болар елімде,  
660 Сырымды кім ұғады.  
Алтайы екен қырмызы,  
Аян көпке ұнауы.  
Есітуім осындай,  
Сөйледі бірі былай деп:  
— Төрт түлікке сайма-сай,  
Салдарлы бай болып ек.  
Бір отырып, бір көшіп,  
Бір қонысқа қонушы ек.  
Балдан шырын қоңсылас,  
670 Татулықпен жүруші ек.  
Мал өргізуге бір күні  
Қабаттасып тұрып ек.  
Жарқырап жатқан нәрсенің  
Қасына тездеп келіп ек.  
Кез боп осы жылбысқа,  
Айналдық ақыр ұрысқа.  
Екі тоқты туыпты  
Шеткі қора бір тұста.  
Біреуінде қозы бар,  
680 Біреуінде қозы жоқ.  
Менікі деп таластық,  
Ерік беріп тартысқа.  
Екі тоқты жериді,  
Тоқтай алмай жылбысқа,  
Ете алмай ешкім төрелік,  
Үш жыл болды айтысқа,  
Ада боп малдан жүдедік.  
Ұлы жүз аға Әлібек,  
Алдыңызға кеп едік,  
690 Берсеңіз әділ төрелік!

Бұл түрлі дау көрмеген  
Әлібек би ілгері.  
Бір жылбысқа үш жылдай

Айтысып-ақ жүргені.  
 Атақты діндар кісілер  
 Төреліктен терледі.  
 Шыдай алмай Төле би,  
 Тағы да көптен тіленді.  
 Өткір пышақ қолға алып,  
 700 Жылбысқаны қолға алып,  
 Ары-бері толғанды.  
 Ортасынан қақ жарып,  
 Теңдей егіп беледі,  
 Екеуіне береді.  
 Ұялып тұрған көпшілік,  
 «Төрелігі қойшының  
 Бұзылмайды» деп еді.  
 Арасында қазақтың  
 Мақал боп содан қап еді.

«Қойшының төрелігі бұзылмайды» деген сөз сонан үлгі. Төленің бұл билігі жұртқа «қойшы би» деп жарияланды. Мұнан соң Төлені билік айтарында: «Қасымда бол, балам, балалық дәуір өтпесін, билік қашпасын» деуші еді. Және біреу Төлені сынамаққа «Жақсы-жаманды қайтіп білеміз?» — дегенде, Төле: «Сөзінен білсе болады? — деген. — Жаманның сөзі шаяндай, жақсының сөзі асылдан шыққан қаядай, екі жақсы қосылса, жарысқан аттай болады, бір жақсы бір жаман қосылса, ала жаулы иттей, екі жаман қосылса, ырылдасқан иттей болады», — дейді.

710 Төле би айтты оларға:  
 — Жылбысқыға айтысып,  
 Екі ада бопсың екі шал.  
 Және өтіп үш жылдар,  
 Осы күнде Бұхарда  
 Әмір Айдар патша бар.  
 Қолыңа ұстап тарту қып,  
 Алдына және қабат бар,  
 Қадірін сол біледі.  
 Түймедей берсе, азсынба.  
 720 Түйедей берсе, көпсінбе.

Қазақта кім азулы,  
Зауыты жоқ құрулы.  
Бұхардың топтап бөзін ал,  
Айналдырып үш-төрт жыл,  
Бос қалса қораң, оны сал.  
Бұдан кейін атшы боп,  
Арзымасқа жүрмеңіз!

- Осыған ұқсап сорлылар,  
Соншалық тосын ісіне  
730 Екеуі де ұялды.  
Бұхардан тарту сый алды,  
Бір ауыз лепес қабыл боп,  
Төле би айтқан баяғы.  
Бір қорадай мал айдап,  
Батасын келді алғалы,  
Төле бәрін аяды.  
Малына меншік қоспастан,  
Үлестірді кедейге,  
Жетімді болған көп елге.  
740 Біреулер келді онан соң,  
Түйе жайған күнінде.  
Шаруалар малға өш,  
Қазақ халқы бұрын-соң,  
Айналып келіп мал дейді,  
Жетім лақ пұл дейді.  
Егін салып, су айдап,  
Жер қадірін білмейді.  
Адам келді екі топ,  
Дау-дамай болып арасы,  
750 Бір тайлақ екен таласы.  
Екі інгенді қабаттап,  
«Мынаның, — деп, — баласы».  
Әлібек бұрды біріне,  
Көбірек келіп куәсі.  
Жүз шамалы адам бар,  
Айта берсе қарасы.  
Баратқанда таралып,  
Алдынан қарсы кезікті

- Түйе жайған баласы.  
760 Өсек етіп баратыр  
Әлібекті бір парасы.  
Билігінің шаласы,  
Түсінді ұғып мынаны,  
Жөн-жобасын сұрады.  
Атасына ұғынтып:  
«Мұныңыз қате бопты» деп,  
Жасауыл қайта шығады.  
Қудырып алды бұларды,  
Он екі адам тексеріп,  
770 Мынау болды жауабы:  
— Дауекер екі адамдар,  
Екі жота басына  
Екі інгенді алып бар.  
Екі-екіден бұйдадан,  
Ұстап тұрып үш-төрт шал,  
Өз қасымнан ұзатпай,  
Тайлақты мұнда алып қал.  
Олар барып тұрған соң,  
Тайлақтың деді санына  
780 Қыл шылбырмен бұрау сал.  
Жанына қатты өткен соң,  
Шыңғырады жануар.  
Күәсі бұрын көп жақтың  
Түк етпеді інгені.  
Айырылып қалған аз жақтың  
Інгені боздап күңіренді.  
Шыққан соң даусы күйзеулі,  
Бұйдасын жұлып жөнеді.  
Моншақтай жасы тамшылап,  
790 Иіскелеп келіп тұрды енді.  
Риза болды көпшілік,  
Қайыл боп әділ төреге,  
«Осынікі жөн» деді енді.

«Әділ би сұрауын тапса, айуан күәлік береді» деген үшінші сөз туды. Төленің бұл билігі оны әділ би деп атандырды, осыдан бастап мұқым елге даңқы тарады.

- Қарасай Өлібекпен еді құрбы,  
Сөйледі оңашада мынау сырды:  
— Басында билігіңнің талай болдым,  
Қақ жарды сұрауында қара қылды.  
Туса да мың қой егіз, бірі-ақ қошқар,  
Қазақтың ағасы деп бердім сынды.
- 800 Алтынның қолындағы қадірін біл,  
Көрсең де орны бөлек отыз ұлды.  
Оңашалап Төлені,  
Аулақ жерге шақырды.  
— Үздігі сен баланың,  
Туысың болат талқылы.  
Таудан ауыр талабың,  
Жақсыны жатқа санама,  
Жақыны жоқ жаманның.  
Мен көшкен соң дүниеден,
- 810 Үш жылдан соң іс түсер  
Басына күшік баламның.  
Ақ иіліп сынбайды,  
Ақты қара қылмайды.  
Ақ жобасын тапқанша,  
Абыржытып қинайды.  
Қарасайға ойланып,  
Бір бұрылып қарағын.  
Қойшысы ел-ананың  
Өзің болғай, қарағым!
- 820 Деп Қарасай иіліп,  
Бата берді балаға.  
Осыменен, жақсылар,  
Көп жыл өтті арада.  
Бір күндері Өлібек  
Төсек тартып ауырды.  
Бәрі келді жиылып,  
Жақын-алыс бауыры.  
«Тапсырдым деп Төлені», —  
Ақботаға қарады.
- 830 — Ағайынға аға боп,  
Жалға екі араны.



- Ертеңді-кеш жұрт қамын  
Ойлағайсың сен енді.  
Елібайдың сүй бетінен,  
Ол әлі жас деп еді.  
Біреулердің сөзінде,  
Сол күндерде Әлібек,  
Қырыққа жасы кеп еді.  
Ризалысты жалпы көп,  
840 Бәрі тату ел еді.  
Күндері өткен көшпелі,  
Қара нардың қомында.  
Дейді Әлекең жерленген  
Ұлытаудың жонында.  
Ақбота көзге ілінді  
Әлібектен кейінгі.  
Атаның ұлы делінді,  
Ол күндегі жағдайлар  
Солайынша білінді.  
850 Білікті қанша болса да,  
Басқаға жұрт бармайды,  
Әлібек дүниеден көшіп кетті,  
Орнына ата мирас Ақбота өтті.  
Төленің жылқы баққан күндері еді,  
Дауласып екі топтан адам кепті.
- Алыс жердің адамы,  
Екі топ суыт тез келді.  
Ала жолақ тайы бар,  
Шидем шекпен үстінде.  
860 Төле биге кез келді,  
Ақботаны білмейді.  
— Бүгінгі күн кеш болды,  
Қоныңыздар ауылға. —  
Мынадай деп мезгеді, —  
Тапқан сояр біреуін,  
Тапшаған сояр екеуін.  
Ақбота деген биі бар,  
Сол кісіге іні едім.

- Таң атқан соң қосылып,  
870 Төрелік бірге берейін.
- Қайран болып сөзіне,  
Қиялданып келеді,  
Тарқасып бөрі түнеді.  
Бойдақ сойды бар адам,  
Буаз сойды жоқ адам.  
Разы болды сөзіне,  
Түсінген соң көп адам.  
Екі жар болып жүгініп,  
Төрешіге отырды  
880 Екі топтан төрт адам.  
Бір атқа екі жағы жанжал бопты,  
Күйелеп бірін-бірі іздеп жоқты.  
Аңғарса, бар бәйгеден озып шығып,  
Бұзыпты көкпар тартып шаршы топты.  
— Сипаған аузын үрлеп малым еді,  
Барыпты соры қайнап бұл адамға,  
Пәленше құда болып алып еді.  
Қойылған пәлен жаста, тісі мұндай,  
Туғаннан бар мінезі қанық еді.  
890 Бәйгеден жас күнінен озып жүрген,  
Қуғанда киік артта қалып еді.  
Бұл сойқан киік қуған тайында енді,  
Қарынын үш кекілік жарып еді.  
Сауға деп бұл екеуі алған атып,  
Қазанға қазы қосып салып еді.  
Түстеніп, ауқаттанып отырғанда  
Үстіне бұл төртеуі барып еді.  
Бәйгеден жеті жылдай келеді озып,  
Халқына жеті рулы ел мәлім еді.  
900 Ақбота айтты: — Азамат, сен не дейсің,  
Егес боп, айла ұласып жібермейсің.  
Қуә айғақ екі жақ та тұмандай көп,  
Біреуін біреуінен кем көрмейсің.  
Айтасың қай жобамен мал иесі,  
Тастаған екен туып құлын дейсің.  
Айтатын жын мен шайтан пірің бар ма,

- Келтіріп түрін, түсін белгілейсің.  
— Ақиқат, — олар айтты, — біле алмаймыз,  
Сонда да өтірікші дей алмаймыз.
- 910 Бірқатар бабасынан көзі қарақ,  
Ең күшті шаруалығын баяндаймыз.  
Жазыққа Сызды оба бас қосамыз,  
Кешуде малымыздан адасамыз.  
Нұсқалап жөн-жобасын, түсін айтып,  
Қысқасы, осы адамнан сұрасамыз.  
Мынау мал мынау малдан туған деді,  
Осының айтуымен ұнасамыз.  
Қарақтық шаруашылығы жұрттан озған,  
Төле би сыншы осы, ұнасаңыз! —
- 920 Бірі айтты: — Жолдасдасып қалып еді,  
Сұрадым қуған жылқы санын енді.  
Бір қарап артық-кемі жоқ тұтылады,  
Он бір жүз елу алты анығы еді.  
Бірі айтты: — Көріп өтіп қалың малды,  
Сол малдың болса дағы миллион саны.  
Бөрінің ата-анасының түрін айтып,  
Бұтақтап ажыратып шығарады.  
Біз де елміз сегіз рудан тарап жатқан,  
Сынаған шашынан көп Төле биді.
- 930 Бір сара көрінікі былай тұрсын,  
Іс білген жас та өтірікші дей алмайды.  
Сөйлейді мүлтіксіз қып екі жағы,  
Көпшілік, Ақбота би қайран қалды.  
Төленің бұрыннан соң билігі бар,  
Оңаша аға-інілі ойласады.  
Мынандай қылды ынтымақ бір жобаны,  
Анасы деген бие мен жүйрікті алды,  
Оқыранып сүт шықса, болды амалы.
- Осылай деп шешеді
- 940 Төленің ой жүйесі.  
Екі жақтап шылаулап,  
Ұстап тұрды иесі.  
Желінінен сүті ағып,  
Оқыранып емізді

- Толабайдың биесі.  
Тарпаң еді бұрыннан,  
Босады ма жүйесі.  
«Сенің малың екен» деп,  
Осыған Төле береді.
- 950 Жаланы жапқан туысқан,  
Сонда былай деп еді:  
— Дүниені ақтарған  
Қарақшы едім ілгері.  
Толабайдың биесін  
Ұрлап мініп бір күні,  
Кезіп едім дүниені.  
Буаз екен сол күнде,  
Жақындаған жең ішінде
- 960 Оқыранып тұр екен,  
Қасқыр тартқан құлынын,  
Обалсынып жүруге,  
Биесіне телідім.  
Мініп алып тағы да,  
Желе-жортып жөнөдім,  
Толабайдың ауылына.  
Алмақшы болып біреуін,  
Қайта оралып кеп едім.  
Дертім кетті сезіліп,  
Малшылар құды жабылып.
- 970 Тоса қашып секіріп,  
Бадалда қалдым тілініп.  
Қорасында қалды биесі,  
Сол күйінде құтылып.  
Құлыны қалды мынада,  
Қолбала боп жетіліп.  
Туысқаным осыны  
Айта алмаушы едім өтініп.  
Іс айналды ағына,  
Мал да тапты иесін,
- 980 Сөз де тапты жүйесін.  
Тоба қылып, бұл күнде  
Айта алмаймын өтірік.  
Баққаныңа күйгенің,

Туысқаным, сен де қой,  
Кетесің тағы жетіліп.

Төртінші Төленің бұл игілігінен осы елге әулие деп үлгі болып, мұнан соң «абыз Төле» атанды. Бір қандай өтірікші адам болса да, біреуге жала жапса да, Төле бидің алдында бір ауыз сөз қосып өтірік айта алмайтын болады. Дүниеде ашуы кем кешірімді, көп сөз б.. сөз, аз сөз алтын сөз деп, сөз түйінінде бірақ сөйлеуші еді және бір сөзі екі сөз болып билігі де бұзылған кісі емес деуші еді. Және бір сипаты, біреуді біреу жала қиянатпен айыптаса, булығып сөйлеп, аларып қарап сөйлегенде қандай бір жүректі кісі болса да, ешкім бетіне қарай алмай: «Төленің булығып қарап сөйлеп, аларып қарағанынан сақта» деп үлгілеуші еді. Және: «Жазып жаңылған екенмін, тақсыр, кешіріңіз» десе, кінә сақтамайтын, ақпейіл адам еді дейді. Болмаса өмір бойы кісінің бетіне тура қарамайтын, ұйқысы, күлкісі кем, аз өмірді ұйқымен өткізбе деген нұсқау беруші еді. Осыларға сөйкес Төленің билігін біреулер бір қандай деп сөйлеп, біреулер ондай емес мынандай деп дәлелдейді. Себебі Жұмақан дейтін бір момынның еріне Қали дейтін бір қу жала жауып, Төле биге жүгінгенде, Төле би қиянат екенін біліп, қолындағы таяғымен булығып сөйлеп, аларып қарап былай деп ерді ұрады.

— Қапталың қайың, қасың тал,  
Қалмамбет шапқан бір ерсің.  
Аққа зауал жоқ деген,  
Айрыл жүрсең өлесің.

990 Төрт ағашқа жан берсең,  
Айналаңмен күйерсің, —

деп ерді ұрғанда да, Қали «Ойбай, тақсыр, жазып-жаңылған екенмін», деп кешірім сұрайды.

Ақбота би бір күні ауырып жатқанда жұрт жақсылары жиылып келіп, түрлі жағдайдан сөйлеп: «Орныңызға кімді сайлайсыз?» деп жарамды жігіттерді алдына салып, бір-бір сынаттып өткізгенде, Ақбота би бәрін де ұнатпай, біреуін жамандап, біреуін елді ұстап тұра алмайтұғын адам деп, біреуінің емген сүті арам деп, біреуі бүкіл елді бұзатұғын жаман деп, ең болатыны мынау Төле бала деп, бір ауыздан мақұлдады. «Қой асығын

кішісінбе, қолыңа жақса, сақа қой. Кіші қатынның ұлы деме, жұртқа жақса, аға қой», деп Төлені ынтымақпен би сайлайды.

### *Үш бидің бас қосқан жері*

Қазақта «Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім хан жеткен» деген сөз бар. Және Төленің заманынан қалған-ау деп ойлаймын: «Қазақ болсаң, Жаным бол, қырғыз болсаң, Бағыс бол, Арғын болсаң, Алтай бол, Алшын болсаң, Адай бол. Үшеуі де болмасаң, қалай болсаң солай бол», — деген де мақал бар.

Дулаттың ең үлкені Жаным еді,  
 Үлкендігі Төленің дабысы еді.  
 Үш жүз болып ынтымақ бас қосқанда,  
 «Аға» деп Төле биге барушы еді.  
 Ұлы жүз шаруа еді қауға тартқан,  
 Қан ұрттап, кіші жүзді сауыт тапқан.  
 Орта жүзден үйренсе болар, шіркін,  
 Шешендік ділмөрлікті жалын атқан.

Мақалда әуел қыпшақ, ақыр қыпшақ, тоқсан бір баулы қыпшақ деген сөзге сәйкес те пікір бар.

- 1000 Ұлы жүз момын халық бітірер хал,  
 Үйірлеу орта жүзге бір мінез сал.  
 Кіші жүз пысығырақ, өркөкірек,  
 Осындай қиялымда болжауым сәл.  
 Кіші іні, үлкен аға үш жүздегі,  
 Сөзімнің кемін қосып, артығын ал.  
 Үш бидің бас қосатын жөні келді,  
 Сарасы түгел қазақ еліндегі.  
 Төрт би деп Төлегей қырғызбен бірге айтар,  
 Ақиқат өз Тәукені ханы дейді.
- 1010 Сөйлейді біреу олай, біреу былай,  
 Ұлытау Сарыарқаның жоны дейді.  
 Тегінде бөрінің де айтуы рас,  
 Бір жерде көшпелі жұрт болып еді.  
 Хан еді Шыңғыс ханның ұрпақтары,

- Төле, Қазыбек, Әйтеке қара дағы.  
 Төртеу болып Төлегей қырғызбен саналғанда,  
 Бөлініп шұбырындыда қалған тағы.  
 Нәсілінен Есім ханның немересі,  
 Хабардар шежірелер тарих жағы.
- 1020 Қарадан хан болмастан тура сұрап,  
 Баласы Салқам Жәңгір Тәуке ханы.  
 Бір жерге жылында бір сиез құрып,  
 Көп жағдай кетуші еді дәуір тынып.  
 Екінші және жылда сұраушы еді,  
 Бір жағы елдің қамын ойлай жүріп.  
 Ынсаппен, әділетпен, қорғансыздық,  
 Бұрмайды параны жеп көңілін бұзып.  
 Дейтұғын «Жеті жарғы» заң шығарған,  
 Сөйлермін пәйітті жерде бөрін тізіп.
- 1030 Осылай елдің серке даңғары еді,  
 Ызғары сыртқы жауға қадыры еді.  
 Бас қосып төрт би, бір хан тұрғанында,  
 Бірі күн, бірі туған айдай еді.

Есім ханнан салқам Жәңгір (біреулер тентек Жәңгір дейді), мұнан өз Тәуке хан. Үлкен орда ұлы жүзде болушы еді ол күндерде. Қара тұра деп ылғи қазақ төрелер ұрпағынан Есім хан заманында ноғай, башқұрт, өзбек бір болып, алты алаш деп саналып, Тәуке хан заманында біреулер төрт алаш деп атады. Башқұрт, өзбек бөлініп кетіп, қырғызбенен төртеу деп саналғанда Қалдан шері қоңтажы шабуылымен қазақ «ақтабан-шұбырынды» болып Жиделібайға ауғанда, қырғыздар Алатауды паналап қалып кетіп, қазақ халқы мұнан соң үш би деп атауы керек деп ойлаймын. Біреулер Төле биді Төбе би, анау екі биді жастар атайды. Арғын сол Баймағамбетұлының сөзінде: «Қап-қара Қаракесек күннен туған, Қазыбектің би болып бетін жуған» дейді. Біліктілер Шаншарұлы Қазыбекті мынандай деп суреттейді. Бір жотада сөйлесе, қызып келген уағында қоңыр қаздың дауысындай болып қарсысындағы жотаға даусы естіледі екен дейді. Бірінші Әлібекұлы Төле бидің, екінші Шаншарұлы Қазыбектің, үшіншісі Сейітқұлұлы Әйтеке бидің атына, осы атақты үш биге арнаған өлеңім, сыным мынау.

- Атақты қазақ үш биі,  
Бірінші әзиз Төле еді.  
Дүниеде сөзі кем еді,  
Мың ауыз сөзге татитын  
Бір ауыз сөзі ем еді.  
Бұзылмайтын сөз айтқан,  
1040 Шешеннен шешен демегі,  
Және әзиз киелі.  
Дарып кеткен деуші еді,  
Қазыбектің жағына,  
Күніне екі адамның  
Қара тілі тағы да.  
Қаз дауысты демегі,  
Көзі көріп, жан естіп,  
Үш жүз алпыс тамыры,  
Қара тастай болса да,  
1050 Босатқан буын жүйені.  
Онан да өткен Әйтеке,  
Қудан ұшқыр, құланнан,  
Мұндай шешен болмайды.  
Бір сөзін жүз мақалдап,  
Сипаттап қандай тіркейді.  
Түршіктіріп демінді,  
Барған сайын өрлейді.  
Таудай сөзге тарыдай,  
Қию тауып сөйлейді.  
1060 Ерегіссе біреумен,  
Қара жерге теңейді.  
Қанша ділмәр дегендер  
Ширегіне келмейді.  
Бұл үш бимен тең емес  
Қазақтың мінсіз билері.  
Бір-бір сөз үлгі мақалда  
Үш би сөзінің сүрнегі,  
Шын билер олар ілгергі.  
Әділет, ынсап деген шығарды заң,  
1070 Күә, айғақсыз келсе бір жалалы адам.  
Айтқанының қолына бәрін беріп,  
Істейтұғын жобасы сонда бұған.



Ақ боз атқа мінгізіп ақ киіммен,  
Айналдырып көреді бір жотадан.  
Қара болса, тіл тартпай өледі екен,  
Ақ болса, жетуші еді аман-есен.

Ұмытып қалып, кейінірек күндерде әдет бойынша деп қолданып жүрген секілді және біртүрлі бір әйел ері өліп жас қалып, байға тимеймін десе, ақ боз атқа мініп, үстіне еркек киімдерін киіп, басына бөрік, тымақ киіп, мал сойып, мен енді еркек болдым деп қариялардан бата алатұғын тәрізденген түрі бар.

- 1080      Әйтекеге дау келсе,  
             Қазыбекке жіберіп,  
             Үрмет айтып Қазыбек,  
             Төле биге итеріп,  
             Оларсыз жұмыс қылмайды.  
             Үшеуінің басы бірікпей,  
             Ердің құны тұрмайды.  
             Ынтымақ болып арасы,  
             Тұрушы еді сонымен.  
             Күндерде бір күн жас әйел  
             Дауласып келді шалымен.  
             — Ерлігі жоқ бойында,  
             Мен жерідім байымнан.
- 1090      Шыдар едім екі айға,  
             Жалаусыз отау қағылған.  
             Бізге де керек келесі  
             Адамның перзент мәуесі.  
             Руымнан қалмайын,  
             Өзімді қалай алдаймын.  
             Шал сөйледі: — Талмаймын,  
             Өзім теңді құрбымнан,  
             Бір қатардан күйлімін.  
             Күніне, сірә, демеймін,
- 1100      Апта сайын төндірдім.  
             Тиім деп жасқа ойланып,  
             Қарашы сөзін құрғырдың.  
             Төле би жерге қарады,  
             Қазыбекті жанады.

Қазыбек айтты: «Әйтеке,  
Естіп тұрсыз мынаны».  
Әйтеке қиял толғап бір сөз айтты:  
— Әуелгі сынайтұғын ердің ақы.  
Қарап тұр сан миллион үшеумізге,  
1110 Әділет — бізден, төрелік — көптің ақы.  
Қалмайық, бекер болса, обалына,  
Жас талап деген әйел қырық шырақты.

Мынандай сызық билік нұсқа алады,  
Бір биік алып келіп сүр бойдақты,  
Ауыр мылтық, айбалта, қылыш тапты.  
— Байлаңыз, — деп, — беліне, — шалға айтты, —  
Үстіне үш ұмтылып мініп кетсең,  
Көрдің бе мынау жайдақ арғымақты.  
Сонда, шал, мынау даудан құтыласың,  
1120 Болмаса бұл әйелге ұтыласың.  
Онан соң сізді, жәке, қуаттаймыз,  
Орнында қозғала алмай қатын қалсын.  
Шал байғұс қалбалаңдап үш ұмтылды,  
Рас боп әйел жеңіп, шал ұтылды.

Біреулер сөзінде кіші жүздің бір әйелі төркініне келе жатып, бір өсекке ілінеді. Сонда Әйтеке Төле биге тәмсілдеп бір сөз дейді.

— Бәрімізге аға, еркесің,  
Ай мүйізді үлкен серкесің.  
Төркініне келген әйелді,  
Біқтиярсыз неге кірлейсің?  
Қазыбек сонда сөйледі:  
1130 — Бір атадан тумайық,  
Бір атадан туған соң,  
Бір-бірімізді қумайық.

Дау бір ауыз сөзбен басылып кетіпті деуші еді. Күндерде бір күн орта жүз, кіші жүз болып барымталасты. Содан мынандай сыр туған.

- Арасында қазақтың,  
Сал дейтұғын нәрсе бар.  
Басқа рудан емес-ау,  
Арғыннан дейді осылар.  
Қыз жанайтын жігіт деп,  
Жобасында айтылар.  
Қызды ауылды жанайды,  
1140 Сал келген соң ауылға,  
Бармаса қыздар болмайды,  
Қалауымен ойнайды.  
Бір салдың халі жаман боп,  
Кіші жүзде өлген соң,  
Дау болады аяғы.  
Қыза-қыза ру боп,  
Ұранына шабады.  
Әуелінде орта жүз  
Кіші жүзді талады.  
1150 Малдан өтіп өршітіп,  
Шабынға алды адамды.  
Бұл да қарап тұрмады,  
Орасан болды аяғы.  
Төле би барып басына,  
Бітірді өзі осыны.  
Ағайын қайта жарасып,  
Тынысы болды жосыны.  
Анығын аса білмедім,  
Жеті жарғы жобамен,  
1160 Көп нәрселер кесілді.  
Мәуітбек деген бір кісі  
Айтады екен осыны.

Біліктілер сөзінде Тәуке хан мен Төле би Есім хан заманындағы ауыр жазаға кесетін нәрселерді жеңілтіп, Жеті жарғы деген заң жобасында мынадай деп көрсетеді.

Бір хан, үш би шығарған,  
Жеті жарғы деген заң.  
Заңсыз жұмыс бола ма,  
Батқан күн мен атқан таң.

- Үкіміне бағынар  
 Жағындағы барша жан.  
 Ноғайлыдан бөлініп
- 1170 Қол салған бұрын қазаққа,  
 Жобасын ескі түзеткен  
 Еңсегей бойлы Есім хан.  
 Нашардың қамын ойласып,  
 Жеңілдік жолмен жүргізген  
 Төле би мен Тәуке хан.

Қазаққа қасқайтып жол көрсетіп, заң шығарып, ермек салған себептен «Қасым ханның қасқа жолы» дейді. Сол Қасым ханның сызығыменен елге жарлық жүргізген жағдайдан «Есім ханның ескі жолы» дейді. Оны жеңілдеткен Тәуке хан мен Төле бидің жобасы мынандай-ды.

- Жер дауы баяндайын — біріншісі,  
 Ру, қоныспенен меншікті ісі.  
 Иеленген жеріне жанжал болса,  
 Біреуге басымдық қып озбыр кісі.
- 1180 Үй іші мен баланы тәрбиелеу —  
 Болған жосын заңының екіншісі.  
 Ұрлық, қарлық, барымта — үшінші заң,  
 Баян етер бәрін де білген кісі.  
 Төртінші боп саналған мынау заңы —  
 Бір халық пен басқа ру болса дауы.  
 Ұлтын жаудан қорғамақ — бесінші бұл,  
 Алтыншы, жетінші — құн дауы, жесір дауы,  
 Есім ханның күнінде ауыр еді  
 Осылардан қиын боп ажырауы.
- 1190 Кісі өлтірген айыпкер болса кісі,  
 Қасым хан мен Есім хан мынау ісі —  
 Шаңырағын түсіріп ортасына,  
 Сау қалмайтын ол үйдің бұлдіргісі.  
 Тәуке хан мен Төле би жеңілдетіп,  
 Жеті айып төлетті, келсе күші.  
 Қара қазан бірінші кесім еді —  
 Шаңырағын ортаға түсіргені.  
 Екіншісі — қара нар төленетін,

- Жобаменен жоғарғы шешімдегі.
- 1200 Алып барып Қаратау, Түркістанға,  
Қойсын өлген сол үлкен кісіні енді.  
Қара мылтық, үшінші, беріледі,  
Сол үлкеннің қаруы күші деді.  
Қара шолақ бір бие — төртіншісі,  
Жеңілгендік өлтірген ол белгісі.  
Ол ағзалы киеді болған кісі,  
Жетім бастап алтыншы қара кілем,  
Жеткізеді тоғызға түр-түрімен.  
Жесір бастап жетінші тоғыз беріп,
- 1210 Жарастырып Қоңырды өлтіргенмен.

Қалы кілем, қара тон деген үлгі осыдан қалған ба және бір ер тұрмысы азғындаса, құн тартқан ба деп мақалдаушы еді. Кісі өлтіргенге бір ұлт боп құн төлейтін Қоқан дәуірінен қалған-ау деп ойлаймын. Себебі Бестерек Салымбай датқаны белгілі Байзақ датқаның балалары өлтіргенде, түгел Шымыр болып құн төлеген деуші еді.

- Былай еді жетінші жесір дауы,  
Құда болған ажырап кетсе жары.  
Ал мынадай үш тоғыз айып салып,  
Берген малдың үстіне жамалады.  
Жамбы бастап бірінші тоғыз төлер,  
Ат бастаған бір тоғыз және берер.  
Түйе бастап үшінші бұл да тоғыз,  
Қалың малдан тысқары есептелер.  
Сол дәуірде қыз кетіп моншақ таққан,
- 1220 Рулы ел жабылып айып көрер.  
Бір жесірге Сіргелі, Дулат болып,  
Айтысты деп айтатын қариялар.

Естай Қалдыбайұлының айтуынша, үш бидің қиял билігі мынандай деп айтушы еді. Екі адам ат ұрлап, біріне-бірі сілтеп, мойнына алмаған. Екеуін екі бөлек үйге қамап, зекіріп, үйде басын тесіктен шығарып тұрғанда, сыртынан айқайлап мынадай депті:

- Тесіктен тұрса екеуі бас шығарып,  
 Сонда билер сөйлейді айқай салып.  
 Сылтаулатып біреуге дыбыс берді,  
 Шапшаң кел деп ұрының басын алып.  
 Қауіп ойламай біреуі тұра берді,  
 Кетті басын біреуі тартып алып.  
 — Ат ұрлаған осы, — деп жаза берді,  
 1230 Сескенбеген біреуі аман қалып.  
 Осыдан «Сезікті секіреді» деген сөз шыққан.

- Шыңғыс ханның ұрпағы  
 Тәуке ханның тұсында  
 Сарыарқаның жонынан,  
 Самалы тұрып оңынан,  
 Сарбаз жиды ерте-кеш,  
 Бас-басына бөрі бек.  
 Сары қымыз сапырып,  
 Жолбарыстай ақырып,  
 1240 Басқа сайлы, малға бай,  
 Толған күні осындай.  
 Суреттейін сыртынан,  
 Асқынып жүрген уағы.  
 Жасанған жауға ұрынған  
 Сол дәуірде қоңтажы,  
 Қалмақтың шыққан тобынан.  
 Басына бақты қонған күн,  
 Қара құрттай толған күн.  
 Жұлдызы туып оңынан,  
 1250 Айдаһардай ысқырса,  
 Өртегендей жалынмен.  
 Тауды жерге теңесе,  
 Бір елді қарғап, жебесе,  
 Келетін күні қолынан.

«Қалдан — шын аты, қоңтажы — лақап аты, қалмақтың есек құлапты деген жерінен шыққан» деуші еді Бекасыл деген кісі.

Жала таппай қоңтажы,  
 Қазақты жүрді шапқалы.

- Ұрынбаса себеппен,  
Тікесінен батпады.  
Тасты талқан қылады,  
1260 Болатын күні айтқаны.  
Қалмақ-қазақ тынығып,  
Әуелде ақыр жатпады.  
Қалдан шері бір күні  
Елші салды қазаққа,  
Жауап айтып бұл түрлі:  
— Жайланып, қазақ, шынымен,  
Зәбір көрдім еліңнен,  
Айырылдым сенімнен.  
Қоралап жылқы қуған соң,  
1270 Қатыным бала тастады,  
Айғырыңның үнінен.  
Сол баламның құнын бер,  
Иә, ыңғайлы жауап бер.  
Бізде арман болмаса,  
Дария шалқар көліңнен.  
Меніменен ойнама,  
Болмаса, бармын сенімен.
- Үш би, бір хан ойласып,  
Іздеді жауап елшіге,  
1280 Түсінбеді ісіне,  
Көз жетеді күшіне.  
Бұл жала, сойқан зорлығы,  
Кірмейтін нәрсе түсіне.  
Жотаға күнде жиылып,  
Топ-топ болып үйіліп,  
Ыңғайлы жауап таба алмай,  
Сұстанады түйіліп.  
Азанда келіп ойласып,  
Қайтады онан кешіне.  
1290 Бір азамат жоқ па деп,  
Сонша көптің ішінде.  
Сарын салып іздеді,  
Табылар деп төзеді.  
Шапырашты Жапар ер

- Он екі жасар кез еді.  
 — Көпшілік үшін басымды,  
 Мен қияйын, — деп енді.  
 Әумин! — деп қол жайды, —  
 Жеке басым барамын,  
 1300 Жолдастың жоқ керегі.
- Тас түйіліп қабағы,  
 Жанары оттай жанады.  
 Бір түйе, теке, бір қошқар —  
 Үшеуін-ақ алады.  
 «Абыройлы боп келгін!» деп,  
 Қазақ шулап қалады.  
 Мезгілді өтіп жерлерден,  
 Қалмаққа кетіп барады,  
 Адыр мен кезіп даланы.  
 1310 Қалмақтың кіріп шетінен,  
 Үрген ит шықса алдынан,  
 Бәрін де қырып салады.  
 Қазақтан елші келді деп,  
 Қалданға жетті хабары.  
 Сәлемдесіп жөн сұрап,  
 Арада сөздер болады.  
 Қалдан шерен қоңтажы  
 Бір сөйледі түнеріп.  
 — Қазақта үлкен жоқ па еді,  
 1320 Жас баланы жіберіп.  
 Түйе, қошқар, текесі  
 Әкелгені бұл несі,  
 Іс қой кісі күлерлік.  
 Ер Жапар сонда сөйледі:  
 — Үлкен десеңіз, тақсыр-ау,  
 Сөйлесіңіз түйемен.  
 Текеде сақал тобымен,  
 Сақалды кісі іздесең.  
 Басты десең қошқармен,  
 1330 Іс істей ме жастармен.  
 Адам десең, тақсыр-ау,  
 Сөйлесіңіз менімен,



- Шыққанмын арнап елімнен.  
 Қалдан айтты: «Жас бала,  
 Себебін айтшы, расын,  
 Елші болып келгенде,  
 Бар ма еді мұндай рәсім?»  
 Қоя тұрып басқаны,  
 Жапар бір сөз нұсқады.
- 1340 «Даусынан шошып атыңның,  
 Қатыным бала тастады».

Сонда қоңтажы: «Ақымақ, біздің елдің айғырының даусы қайда, сенің қатының қайда?» дегенде, сонда Емілдің ұлы Жапар: «Тақсыр, төрелегіңізге құлдық, біздің елдің айғырының даусы қайда, сіздің елдің қатыны қайда» дегенде, Қалдан шері дауды доғарып, қапалықпен: «Бар, балам, еліңе, амандық», — деп жауап беріпті дейді. Енді Қасанның айтуы бойынша.

- Осымен өтті жылдар арасында,  
 Білмеймін көбі мен аз шамасында.  
 Ішінен құса болып қалған еді,  
 Қоңтажы бармақ шайнап баласына.  
 Күндерде тағы бір күн елші салды  
 Қазақтың үш билі ел арасына.  
 Осындай естүім жаңылмасам,  
 Алдеке, Қарамолда жобасында.
- 1350 — Қазағым, қатар жатқан елім едің,  
 Бұл күнде үш би, бір хан толық едің.  
 Ерменен ел жағдайы тынушы еді,  
 Ісі емес бала-шаға, көрінгеннің.  
 Тәуке, Төле, Әйтеке, Қазыбек ер,  
 Жетім-жесір ісі бар бірталай ел.  
 Әртүрлі жағдайынан сөйлесейік,  
 Ардақты, абыройлы біреуің кел.
- Қалдан шері жауабын  
 Үш би, бір хан ойласты.
- 1360 Елін жиып хабарын,  
 Қалмақ тыныш қоймас-ты.

- Сөз тыйарлар қалмады,  
 Шебер маман ер керек.  
 Екі хандық арасы  
 Бітім, дау боп жанжалы.  
 Төле би айтты көп үшін:  
 — Бір қызметіңе барайын.  
 Жазатайым сүрінсем,  
 Екі інім бар артымда,  
 1370 Қанат-құйрығым, жарағым.  
 Әйтеке би сөйледі:  
 — Інісі бардың тынысы бар,  
 Осындайда керегі.  
 Баруым менің жөн, — деді.  
 Қазыбек айтты: «Жақсылар,  
 Жобасына құлақ сал.  
 Бір адамдай сөйлейтін,  
 Қырқылмаса шамам бар,  
 Алды-артымда панам бар.  
 1380 Баруыңызға жөн емес,  
 Қысқа сөзді адамсыз.  
 Өзіздердің дұрысы,  
 Ай мүйізді ағамсыз.  
 Он екі бұрам толғанып,  
 Сынап көрер расты.  
 Сізбенен кім таласты?  
 Түйінді сөзге келгенде,  
 Асынып халқым қаруын,  
 Жөн, Төке, менің баруым», —

дей келіп, Қазыбек: «Аттың басы күшті ме, белі күшті ме, жоқ құйрығы күшті ме?» дегенде, Төле би: «Шырағым, Қазыбек, жол бастауға аттың омырауы күшті, бірақ белі қызметті көп істейді, рұқсат сізге», — деп жол берді.

- 1390 Қолын жайып Төле би,  
 Бата берді толғана:  
 — Атасызға бол ата,  
 Панасызға бол пана.  
 Татуластыр елдерді! —

- Деп Қазыбекке жол берді.  
Жұрттан таңдап, іріктеп,  
Ерткелі жиды ерлерді.  
Төле би қосты қасына  
Қылыш, Балта дегенді.
- 1400 Қожабақтың ұлы еді,  
Серкелінің бірі еді.  
Шыққан батыр атанып,  
Жасынан-ақ ірі еді.  
Қазыбек пен Әйтеке —  
Бұлар да жиды асыға.  
Төледен рұқсат, бата алып,  
Ақ жалау байлап басына,  
Шенін тағып үстіне,  
Ер Қазыбек шығады.
- 1410 Ерлерін ертіп қасына,  
«Абыройлы, аман келгін!» деп,  
Жұрты шулап тұрады,  
Шығарып жолға салады.
- Шаңы тозып Қазыбек,  
Қалмаққа кетіп барады.  
Тамашалап әр жерде,  
Қалдан ханның көп елі,  
Бәрін дағы көреді.  
«Қазақтан елші келді» деп,
- 1420 Ханға хабар береді.  
Тигеннен соң хабары,  
Ордалы ақ сарайға  
Кіргізеді бұларды,  
Кілем төсеп алтыннан.  
Қаз дауысты Қазыбек  
Ділмары деп қазақтың,  
Естуші еді Қалдан хан.  
Құмар еді көргелі,  
Келгендігін білді енді.
- 1430 Даярланып дастарқан,  
Түрлі шәрбат-шарабы.  
Елеусіз киім киініп,

- Жігітімен барады,  
Алдына табақ тартады.  
Қол салуға ұсынып,  
Біріне-бірі қарады.  
— Әуелінде не бар? — деп, —  
Ортасында немене,  
Ақырын да аңғар! — деп,  
1440 Қалдан шері сұрады.  
Қазыбектің жауабы:  
— Әуелінде — бісмәлла,  
Ортасында — береке.  
Ақырында — шүкірлік.  
Түсірме арға көлеңке,  
Тойсаң, тәубе келтір, — деп,  
Неше түрлі тәмсілдеп,  
Үлгілі сөз сөйледі,  
Кеткенін қайтып білмеді.  
1450 Және бір күн сол күймен,  
Елеусіз ол келді енді.  
— Аспан мен жердің арасы,  
Қаншалық жол? — деп сөйледі.  
Қаз дауысты Қазыбек:  
— Бір шақырым жер, — деді, —  
Оның былай себебі.  
Ешкім барып көрген жоқ,  
Күн күркіреп жауғанда,  
Ел қорқады дірілдеп.  
1460 Қиял қып сонан ойлаймын,  
Бір шақырым жер ғой деп.  
— Қаншалық жер бар, — деді, —  
Батыс пен шығыс арасы? —  
Қаз дауысты Қазыбек:  
— Күншілік, — деді, — шамасы.  
Азанда шығып күн батып,  
Осындай боп жүр жобасы.  
Тегіс бәрін аралап,  
Болмаса көзбен көрген жоқ  
1470 Адамзаттың баласы.

- Және қайтты қоңтажы,  
Сөйлер сөзден адасты.  
Қайтып барып жайына,  
Аз күн өтіп арадан,  
Сәулетпенен сыйлап хан,  
Шақыртып алды алдына.  
Сөздер болды неше түр,  
Есендесіп болды да,  
— Қазақ-қалмақ ел едік,  
1480 Қатар жатқан таң куә.  
Не сауқатпен келдіңіз,  
Жансыз ба әлде қаңғы ма?  
Не айтасыз барғанда,  
Жұртың келсе алдыңа?

- Қазыбек сонда сөйледі:  
— Бірінші, келдім көргелі,  
Сізге сәлем бергелі.  
Сауқатым сол тіріде,  
Амандығың білгелі.  
1490 Жұртымның айтқан сәлемі,  
Олжасы сол бергені.  
Апарған елге сауқатын,  
Не десең соны сөйлеймін,  
Елдесеңіз ел болып,  
Жауықсаңыз білмеймін.

- Қалдан шері сөйлейді:  
— Айтқаның дұрыс, жөн деді,  
Қоныстан біздің жай алған,  
Сіздің қазақ ел деді,  
1500 Көрмеп еді бұл жерді.  
Әмір Темір тұсында,  
Есім хан мен Қасым хан  
Заманынан бері қарай,  
Түзелдің болып ел деді.  
Алматы, Алтай арасы  
Бұрыннан біздің жер деді.  
Қырғыздың да жері бар,

- Алатауға таласып,  
Қорлайсыңдар аз елді.  
1510 Шақырғандай сендерді  
Мен тыншымай жүргенде,  
Сіздің елің білмеді.  
Олжа, шабын сабақты,  
Тентек тілін сүйреді.  
Бүйте берсең, қазағым,  
Тарылады заманың.  
Жәрдем сұрап Қытайдан,  
Қайғылы күн саламын.  
Тозаңын желге суырар,  
1520 Адыр менен қалаңның.  
Елдік, жаулық не болсын,  
Тұжырымды қайсы жауабың?

- Қазыбек сонда сөйледі:  
— Сөзіңіз рас, жөн деді.  
Көңілі мамыр болады,  
Ханы бар әділ ел деді,  
Болғай әділ сен деді.  
Егеске керіс табылар,  
Күйзелтпейік елдерді.  
1530 Шекара қылып бөлейік,  
Сызықтап болжал жерлерді.  
Мен жөніме жүрермін,  
Елің жөнге жүрмеді.  
Жау санасып ұрыса ма,  
Итіңнің көп үргені.  
Біздің де көмек түрін көр,  
Дұшпаны сасып дірілдер.  
Туысым араб, түрікпен,  
Емеспіз жалғыз біліңдер.  
1540 Жой деген жаулық желегін,  
Тілегі бар Төленің.  
Татуластырар екі елді,  
Тапсам деймін мен емін.  
Көшпелі етіп Шыңғыс хан,  
Араластық сіз бен біз.

Затымыз маңғол, түріктен,  
 Тарап жатыр ізден із.  
 Түйінді сөз не болсын,  
 Бірлік түбі — сауап дер.  
 1550 Мен еліме қайтайын,  
 Қалау сізде, жауап бер!

Сөздер түрлі айтылды,  
 Ақыры қылды ынтымақ.  
 Олжаларын қайтарды,  
 Тілге келіп татымды.  
 — Менің де түскен жұртыма,  
 Босатайын халқыңды.  
 Екі жағы елдесіп,  
 Қатты уәде, шарт қылды.  
 1560 — Бөрекелде, Қазыбек,  
 Естуші едім даңқыңды.  
 Жесір-жетім, тұтқыңды,  
 Босатады біздің ел.  
 Хабар айтқын, босатсын  
 Тұтқындарды сіздің ел.  
 Тәуке, Төле, Әйтеке —  
 Үшеуіне сәлем де.  
 Қайыр қош, сен де аман бол,  
 Жасайық тыныш әлемде!

Қазыбек бітім болған соң біраз күн жатып сұраулап олжаға түскен жетім-жесірлерін жиып алып, еліне қайтпақшы болды. Қалдан хан жар шақыртып, хабар берген соң бірқатарлары өзі ізденіп келе берді. Қатарында қалмақтың сыншылары елшілердің бәрін де сынап, баяғы екі серкелі жігітті «Қылышым — қылыш, Балтам — балта екен» деп, үзеңгісіне у жағып жіберіп, елге келген соң, Қылышы өліп, Балтасы аман қалған деуші еді. Әбдірайым Тәшкеннің айналасында Қылыштың қыры, Балтаның көлі деген жер бар, солардың атағы дейді.

1570 Қазыбек енді еліне жөнеледі,  
 Жиып ап жетім-жесір, не ерлерді.

- Сіздер де жоғыңды ал деп ертіп келіп,  
 Қалмақтың жоғын тауып бұл да берді.  
 Есітіп қазақ шулап қарсы келді,  
 Деп бәрі даламызды аман көрді.  
 Қысқасы, түгел қазақ разы болып,  
 Бәрі де қойдай шулап бата берді.  
 Сыры бар ерлі-қатын барымталы,  
 Сөзі еді Арғынбайдың сол туралы.
- 1580 Естіпті Батырбектен батыстағы,  
 Үлгі етіп кейінгіге қалдырғаны.  
 Айқымбай, Жетімбайдай Бағыс өткен,  
 Олжа алған оза шауып шаршы көптен.  
 Бір үйге Қоңыраттағы мейман болса,  
 Мынандай иесінен оқиға өткен.  
 Қызыл күн ұясына батып ақыр,  
 Мейман боп төрге шықты екі батыр.  
 Бір адам қойшы десе, әйелге ұқсас,  
 Мекендеп кір үйшікті болған пақыр.
- 1590 Мойнына дорба асынған жұлым-жұлым,  
 Басына төнгендейін заманақыр.  
 Мүжүлі итке арналған сүйек-саяқ,  
 Қайран боп қиялданып бұлар отыр.  
 Түсіну қиын кейде кей жандарды,  
 Ас пісті әлдендірер меймандарды.  
 Әдемі майда турап астың алдын,  
 Сүзді де бір табаққа даярлады.  
 «Маржан!» деп үй иесі айқайлады,  
 Ит шықты шымылдықтың байқағаны.
- 1600 Әдемі астың алдын берді соған,  
 Меймандар айтты ішінен «ой, тобаны».  
 Ертегі көргеніміз секілді деп,  
 Екеуі сыр ұғуға бекінді тек.  
 «Дорба асқан әйел мен ит сырын айт!» деп,  
 Меймандар үй иесінен өтінді көп.

Үй иесі түнерді,  
 Бір күрсініп жіберді.  
 — Сырымды, мейман, айтайын, —  
 Көп толғанып деді енді. —



- 1610 Батырлар, мейман боп едің,  
Табамын жүрек қай емін?  
Таңдап алған жасымда,  
Бұл қойшы еді әйелім.  
Шабысында қалмақтың  
Олжасына ілінді.  
Қазыбек барып қалмақпен  
Бітім болды түйінді.  
Анығын біліп қалмақтан,  
Естіген соң жан-жақтан,
- 1620 Ізденіп шығып елімнен,  
Жобаның бардым жөнімен.  
Әйелімді табайын.  
Ерленіп жүрген жерінен,  
«Жүр» деп ем, әйел жүрмеді.  
Хан жарлығы болған соң,  
Пәлен деп байы тимеді.  
«Қатының көнсе, ап кет!» деп,  
Елеместен тұрды енді.  
Қатын менен екеуі
- 1630 Күңкір-күңкір сөйлесті.  
Астымдағы бедеу атыммен,  
Мен айттым: «Сонша әуре боп,  
Көз ашып көрген жарым деп,  
Шығып ем іздеп елімнен,  
Қия алмастан сені мен.  
Еш болмаса, армансыз,  
Бір сөйлесіп кетейін.  
Шығарып салшы ілесіп  
Сонау бір жерге көрінген.
- 1640 Амалсыз ертіп жөнеді,  
Құртайын сені деп енді,  
Бұл әңгіме түнде еді.  
Ұзаған соң алысқа,  
Қыл шылбыр тастап мойнына,  
Қағып салдым артыма.  
Іліп ала жөнедім,  
Алды-артыма қарамай,  
Түнімен шауып келемін.

- 1650 Ер жігітке ат қанат,  
Ұшқан құстай гуледім.  
Түрікпеннен түсірген,  
Өзі арғымақ ұшқыр ат,  
Өз шамамда ойласам,  
Апталық жерге кеп едім  
Күн шығардың алдында.  
Қалмақ-қазақ арасы,  
Дәл шекара білемін.  
Сол уақта бұрқырап,  
Шаң көрінді артымнан.
- 1660 Қуған екен жарымды,  
Шыдай алмай атымен.  
Қатынның байы бұл енді  
Оңбағандай неме еді.  
Жауырынды көрінді,  
Ашу қыла сөйледі.  
— Біқтиярсыз қатынды,  
Апарасың, — деп енді. —  
Құтылған жерің осы ма?  
Жайыңа қой қатынды,
- 1670 Жеңген алар ойнаймын,  
Сеніменен мен енді,  
Армансыз болып кел! деді.  
Соныменен, меймандар,  
Басыма түсті қиындық.  
Төте жауға ұрындық,  
Жәрдем етер кісі жоқ,  
Өлсем құным — тиындық.  
Амал бар ма, қайтейін,  
Алыса кеттім мен енді.
- 1680 Шабайын деп қылышты  
Ұмтылғанда басыма,  
Аяқтан алып бұл қатын,  
Жәрдем берді қосыла.  
Түскенімді білемін,  
Сол қалмақтың астына.  
Өлетін болды уақытым,  
Есімнен танып құлаппын.

- Асыраған күшіктен,  
Аты Маржан мынау ит  
1690 Бар еді сонда қасымда.  
Артынан келіп қалмақтың,  
Тола тістеп құрғырдан,  
Құлатқан екен қасыма.  
Есімді жиып аңладым,  
Опалығын жануардың.  
Бата алмастан итімнен,  
Отыр екен бұл қатын  
Байының жылап басында.  
Менде өткір семсер бар,  
1700 Басын кесіп жайладым.  
Мінгізіп алып қатынды  
Сол қалмақтың атына,  
Аман-сау келдім халқыма.  
Төркінін алдым шақырып,  
Сырын айттым білдіріп.  
Тана алмады шын сөйлеп,  
Расын айтты қатын да.  
Құтқарғын деп ем бөледен,  
Төркініне өтініп.
- 1710 Не істесең ол қыл деп,  
Өзіме берді жекіріп.  
Құдайға аян бұл ісім,  
Меймандар, сізге өтірік.  
Шапсам бір-ақ өлер деп,  
Қорлауға мұны ойладым,  
Басын асып қалмақтың,  
Мойнына дорба байладым.  
Қатын алдым бөлекше,  
Осы күйде қойғаным,
- 1720 Итімнің айттым дерегін,  
Бұл болмаса өлемін.  
Ажалдан мені құтқарды,  
Шымылдыққа кіргізіп,  
Асымның алдын беремін.  
Меймандар, жөні осындай,  
Нені тәуір көремін.

*Сол жосындағы Толабай сыншының баласының әңгімесі:*

1730 Үш бидің әңгіме көп заманында,  
 Сол бітім тағы бір сөз болғанында.  
 Мынандай бір баланың дерегі бар,  
 Қалмақтың соңғы қалған қамалында,  
 Қоймады қуаты бар іздеп алып,  
 Қуанған заман еді, біреу налып.  
 Толабай күйікпенен жатушы еді,  
 Баласы жалғыз ғана жауда қалып.  
 Баяғы осы бітім жөніндегі,  
 Қоңтажы жауда қалған еліндегі.  
 Кісінің оқшау арман нақылы бұл,  
 Арғынбай кемін айтып беріп еді.

Сонда бала жерде жатқан қу басты құшақтап мынандай деп жылайды: «Осы көріпшілік уақта Толабай сыншының баласы деп мені кім айтады, пәлендей тұлпардың басы деп сені кім айтады?» — деп еңірей берген соң, өткен-кеткен, көрген қалмақтар бұны айтып бара берген соң, Қалдан хан алдына шақыртып алып, сөзге салып: «Балам, сен тұлпарды танисың ба?» — дейді. «Танимын» деген соң, ат көрсетеді.

1740 Бала айтты: «Тұлпар емес мұның бөрі,  
 Өзің болсаң қалмақтың Қалдан ханы.  
 Азаптан құтқаратын біреуі жоқ,  
 Бір жұртқа ие болдың патшалы.  
 Тұлпар деп, арғымақ деп жиып апсыз,  
 Саны көп, сапасы жоқ жануарларды»,

деп ханның сүйегін қыздырған соң, жарлық жазып беріп, қасына екі адам қосып: «Түгел жұртымды аралат, жылқыларының бәрін көрсет, егер мынау тұлпар десе, ердің құнына тұрса да алып кел!» — деп, ерікті ықтиярымен баланы қосып жіберді.

Халқына хан жарлығы хабар тиді,  
 Есітті түгел жұрты мынау күйді.  
 Алдынан көзі қарақтың өткеруге,  
 Бар жұрты топ-топ қылып жылқы жиды.

- Қандай жұрт бірін қоймай аралады  
1750 Сансыз жылқы қала мен даладағы.  
Бірнеше ай жылқының бәрін көріп,  
Бір тұлпар ханды жұрттан таба алмады.  
Бастап жүр уәзір Серке жас баланы,  
Қылуға сөзін екі жасқанады.  
Дал-дал боп хан алдына келе жатыр,  
Тұлпардың өзі түгіл жоқ нышаны.  
Келеді қиял толғап, бала ұялып,  
Жоқ деуге бір тұлпарды ханды халық.  
Бір қауіп жас жанына туар ма екен,  
1760 Беремін деп не жауап ханға барып?  
Басында айтып ем деп мұны барып.  
Алаңдап жан-жағына назар салып,  
Тұлпардың тезегі ағып бара жатыр,  
Тұрғанда өзен-судан ат суғарып.  
Деп айтты: «Тұлпар төккен мынау қақты,  
Домалап осы тезек қайдан ақты?  
Бос жүрсе, біреу мінсе, білейік!» — деп,  
Шапқылап су басына олар тартты.  
Бір жерде топ саудагер жатқан екен,  
1770 Ішінде адамы бар бес-он шақты.  
Сал сүйек, өзі арық, жауыры мол,  
Көрсетті тұлпар сол деп жауыр атты.  
Бедеуге айырбастап сол атты алды,  
Береді тәуір малға жауыр малды.  
Жауыр малға тәуір мал алғаннан соң,  
Қуанып саудегердің бәрі қалды.  
Қуанып жүзі жарқын жас баланың,  
Жетектеп хан алдына алып барды.  
— Бір күйге, тақсыр, сізді салдық қой! — деп,  
1780 Күледі уәзір Серке, жұрттың бәрі.

Сонда Қалдан: «Жақсылар, сабыр түбі сары алтын» деген емес пе еді, рас, ақырын күтейік, қолдағы бала ғой, — деп, — кәне, балам, маған тұлпар екенін қандай белгімен көрсетесің», — деп еді, сонда бала: «Тақсыр, ерді кебенек ішінде таны, түйені жүктің астында көр, тұлпарды жарыста көр, күніне мінсе есек, айында мінсе ат, жылында мінсе, тұлпар деген емес пе еді? Мұны

ұзағынан бес қысыр байтал үйірге беріңіз. Жылында кезегімен біреуін сойып жеп, тұлпардың толған уағында өзім айтайын, — деп, рұқсат алып үйірге салды. Мен армансыз болайын, онан соң бекер шықса, басым кетсе ризамын», — деді.

- Он жылқы салып үйірге,  
Жайлауға айдап жіберді.  
Жатса, тұрса ойланып,  
Осы болды ермегі.  
Ыстық-суық арылып,  
Жауырлары түзелді.  
Жылында бірін сойып жеп,  
Жеті жыл өтті күрделі.  
Сойған сайын бөрінің  
1790 Жілік майын көреді.  
Бір күндерде болжаса,  
Жетіншісін сойғанда,  
Ақ кемік бопты біреуі.  
Мүддеге тұлпар толды деп,  
Қуанды тасып жүрегі.  
Ұстап алып онан соң,  
Суытуға бастады.  
Сымға тартқан күмістей,  
Қайрақтай болып тістері,  
1800 Ханнан жарлық алған соң,  
Басқалардың біреуі  
Пәлен деп ауыз ашпады.  
Қалданға келіп сөйледі:  
— Уәделі болды күніміз,  
Армансыз жетті мүддеге.  
Бар болса бәйге, сыйыңыз,  
Мұрагер топтап үйіңіз.  
Дандардың бәрі жарыссын,  
Іріктеп жүйрік жиыңыз.  
1810 Қызбай тұлпар шаппайды,  
Жақын болса, ақсайды.  
Күншілік болжам қылыңыз,  
Өзгелерге сенбеймін,  
Сөреде көздеп тұрыңыз.

Хан жарлығы екі емес,  
Өтірік шықса мұнымыз.

- Қалдан хан ел-жұртына хабар берді,  
Сансыз көп жиып алды қалың елді.  
Жүретін ер құнына арғымақтар,  
1820 Бөрі де мақтаулының түгелденді.  
Озғанға алтын-күміс үйіп қойып,  
Бас болып өзі келді сөреге енді.  
Көзіңмен қатар тізіп, қолмен қой деп,  
Басшы қып қырық жігітті жібереді.  
Үстіне тұлпар аттың бала мінді,  
Дүниесін жинап жүрген ала мінді.  
Создырып сан жүйрікті келеді айдап,  
Дүбірге елеретін неше түрлі.  
Күншілік түгел бәрі жерге барды,  
1830 Тырнақтарын шылбырдан босатады.  
Қиқақтап тұлпар аттың мәнісі жоқ,  
Ұзақтап кетіп қалды аттың бәрі.  
Артынан қырық жігіттің бәрі келді,  
Мазақтап тұлпар ат деп айқай берді.  
Бусанбай, еті қызбай келген аты,  
Еліріп енді өршіп жөнеледі.  
Әуелде бермеп еді бәрі де алды,  
Бірте-бірте бәрі де кейін қалды.  
Сәскеде түгел бәрін көктеп өтіп,  
1840 Тұлпардан сонда барып тер шығады.  
Күн қыза хан алдына жетіп барды,  
Бабына әбден келіп өршіп алды.  
Айнала қалың қолды шауып жүріп,  
Бірінің тақиясын, бөркін алды.  
Артта өсек қалмасын деп айқайлады,  
Білдіріп жөн-жобамды кетейін деп,  
Кідіріп аттың басын іркіп алды.  
— Болып ем тұздас-дәмдес аман бол, — деп,  
Төтелеп енді еліне жөнге салды.  
1850 Қарасын қуғанменен көре алмастан,  
«Ұста-ұста! Қойма!» деп бәрі қалды.  
Ал енді тұлпар сырғып құстай ұшты,

- Он саржын әуелінде жерге түсті.  
 Жұлдыздай аспандағы келеді ағып,  
 Жер жарып екпін сарын құйылысы.  
 Қазандай тұяқ ізі төңкеріліп,  
 Будақтап бұрқырады жердің үсті.  
 Аңғарды қарындасы ел жағында,  
 Құлаққа тиіп сарын бұл жүрісі.
- 1860 Баласын сағынғаннан мүгедек боп,  
 Толабай жатушы еді деген кісі.  
 — Атеке-ау, бір тұлпардың сарыны бар,  
 Айламен жаудан қашқан балаң шығар?  
 Тоқтамас тұлпар басы тасқа ұрынбай,  
 Амалдап балаңызды түсіріп ал.  
 Тезімен бір шараны қолдансаңшы,  
 Кетеді ағып өтіп, уақыт тар.
- Толабай кілем тосып, арқан керді,  
 Деді де пәйті жері мынау шығар.
- 1870 Зар жылап, жолын тосты арқан байлап,  
 Бұлттай төңкеріліп шықты жайнап.  
 Қағылып арқан ұстап бала қалды,  
 Жасылдай өте шықты тұлпар жайнап.  
 Аспанда сабаншының жолындай боп,  
 Шұбалып шаң қалады одағайлап.  
 Қызған соң тұлпар ұрып тоқтамады,  
 Ойылып жер ошақтай шапқандағы.  
 Соғылып қарсысында қара тасқа,  
 Тиген соң мең-зең болып тоқталады.
- 1880 Сөзінде қариялардың таласы көп,  
 Жиделі Байсын деді барған жағы,  
 Танымай көрсетеді қарттарына,  
 Ол жақта болмайды екен жылқы малы.

Қариялардың айтуынша, барған жерінің қой, түйеден бөлек, жылқы малы болмайды екен. Өткен-кеткен мына бір бала тұр деп қарттарына айтып бара берген соң келіп көріп, танып, мынандай депті дейді:



— Арғынбай, өрендер,  
Ел шетіне келгендер.  
Төрт аяғы болат екен,  
Бұл өзі жылқы деген мал екен,  
Жүрген жері жаугершілік болатұғын бәле екен, —

деп аттырып тастапты деп бір бұлар емес, жиын-тойда талай қариялар әңгіме етіп отырушы еді.

- 1890 Қалмақ-қазақ жарасып,  
Арада өтті неше жыл.  
Әңгімесі неше түр,  
Бір күндері бұзылып,  
Ұлғаяды мынау сыр.  
Мынада деді болжалы,  
Бір қалмақтың өзі емес,  
Қозғалыс еді жан-жағы.  
Бір жағынан башқұрттар,  
Өзбектер де бір жағы.  
Көбінесе көрсеткен
- 1900 Қалдан шері қоңтажы.  
Сөздердің көп таласы,  
Шұбырыншылық ақтабан,  
Сұлама деп Алқакөл  
Баяндайды ел санасы.  
Шұбырып жаяу сандалып,  
Ағарып табан жүреді.  
Алқынып көлден су ішіп,  
Сұлап жатқан күндері.  
Айтуынша, атақ қап,
- 1910 Сол жобаға келеді,  
Осындай деп дерегі.

Сол шұбырындыда Тәуке хан, Төле: «Көшкен — жұттан, қашқан — жаудан құтылады» деп, жұртқа жариялап, ынтымақ бірлікке шақырады.

Сезіліп жаудың дерегі,  
Жұрт жиылып келеді.

- Би мен хандар ойласып,  
 БІнтымақ етті жүйелі.  
 Жосыны сондай болған соң,  
 Бұған да атақ берелік.  
 БІнтымақ, бірлік деп енді,  
 Төле жұртқа сап дабыс,  
 1920 — Керек, — деді, — қозғалыс.  
 Жақында тыныштық болмайды,  
 Тұйықтайтын күн алыс.  
 Түскенін басқа көрерсің,  
 Біреуге-біреу жалғасып,  
 Малды мен малды демесін.  
 Жөндіккенше ел болып,  
 Малын қосып айдасын.  
 Кедей көшсін тобымен,  
 Байлар беріп тобасын.  
 1930 Қалмасын жұртта жөнесін,  
 Қашаулы байтал, аруана,  
 Сауа жүріп биесін.  
 Қолына тисе жабағы,  
 Бір кісінің қабағы.  
 Жаяулықты көрмесін,  
 Жер емшегі бізде жоқ,  
 Жүруші ек көшпенді халық боп.  
 Қымыз ішіп айранмен,  
 Ірімшік пен етті жеп.  
 1940 Жұбататын балларын  
 Қолында жалғыз наны жоқ.  
 Ептеп жоғы күн көрсін,  
 Барлардың малын сойып жеп.  
 Біз отырмыз ада боп,  
 Балалар өсер адам боп.  
 Және асырып айтпасын,  
 Кете ме жақын ұзақ боп.  
 Жосықсызды тыяйық,  
 Үздік-үздік батырлар,  
 1950 Құрал сайла лайық.  
 Алдымызда көш жүрсін,  
 Біз артында болайық.

Балалардың қамын ойлайық,  
 Үлкендер өлсе жазым боп,  
 Сүйегі жауда қалмасын,  
 Бір бас, бір тас болайық!

1960 Үш би, бір ханның жарлығы,  
 Жарлық үкім хандығы.  
 Жар шақыртып айтқан соң,  
 Түсінді елдің барлығы.  
 Көнбеген мынау жобаға  
 Түседі ауыр жазаға.  
 Кеш байқалған жағдайдан,  
 Бір ру елдің адамы,  
 Сарқыты судың құрама.

Бұл құрамалар да екі түрге бөлінеді. Бір түрі қазақтың қалдығы болса, бір түрі жаудан қашып келе жатып, үй қыдырып қонайын десе, қондырмаған соң, құрама бар бол деген екен. Біз сол себепті құрама атағанбыз деп айтады.

1970 Ынтымақ болды билер жобасында,  
 Қай іске басталды деп істің жөні.  
 Жазым боп жігі ажырап кете ме деп,  
 Ошақтың үш бұтындай қазақ елі.  
 Біреуін бірі көрмес күн бола ма,  
 Бірі аға, бірі ағайын, бірі іні.  
 Бір жағы қоныс ауса, жердің кемі,  
 Кең өріс, салқын жайлау малдың шөбі.  
 Қаз қонып, үйрек ұшып, көңіл шалқып,  
 Қалмақ па жау қолында шалқар көлі.  
 Сырбаз ет, сары қымыз ішіп күнде,  
 Тамаша сауық-сайран құрған жері.  
 Қосылып қыз-бозбала дәуір сүріп,  
 Көзіне от жалындай туған жері.  
 1980 Кіндіктің қанын төгіп, кірін жуып,  
 Теңімен көбелектер қуған жері.  
 Қабірі, ата-анасы, көп туысы,  
 Қалайша тастап кетпек сонша ерлерді?  
 Не шалдар жер бауырлап жылайды енді,

- Бас шайқап, бармақ тістеп мұңайды енді.  
 Басына күн айналып түскендей боп,  
 Күйзеліп сонда қазақ бір тербелді.  
 Аға деп Төле биге жұрт қарайды,  
 Ойланып қиял түбін бола алмайды.
- 1990 Қазыбек, Әйтеке би жерге қарап,  
 Тынысын адал болып ала алмайды.  
 Бір көрсе қонтажымен қаһар шашып,  
 Бөлек жау және де түр хабарласып.  
 Десе қазақ арыстанмен алысайын,  
 Жан-жақтан айдаһар түр аузын ашып.
- Күні бұрын ойласып,  
 Күтініп тұрды сонымен,  
 Бір күндерде қарсы жау,  
 Атқа қонды тобымен.
- 2000 Біреу емес бірталай,  
 Айта берсем тобымен.  
 Алдымен шапты қалмақтар,  
 Хан Тәукедей төреге,  
 Мұнан кейін Төлеге.  
 Қырсығына кеткен соң,  
 Іс орнына келе ме?  
 Бұлар да қарсы соғысып,  
 Намысты қолдан бермеді.  
 Күндіз-түні ыңыранып,
- 2010 Төле би ұйқы көрмеді.  
 — Асыл ғана халқым-ау,  
 Жанын қайда сақтайды!  
 Заманның түрі бұл болды,  
 Жанға қалай батпайды!  
 Айналасы өлшеусіз,  
 Қалай қарай аттайды!  
 Қай ханға көзін сүзеді,  
 Орны бұрын төрде еді,  
 Ауған соң қоныс осылай,
- 2020 Қиындықты көрді енді.  
 Ауыр күншілік шұбырынды  
 Тартатын болды-ау азабын.

- Ер іріккенде олжа боп,  
Қоңтажының мазарын.  
Үш бұтындай ошақтың  
Қайран ғана қазағым.  
Іргесін жаман көтерді,  
Тұтас жатқан ел еді.  
Босып үркіп жөнелді.
- 2030 Бастарына түсті күй,  
Сасқанда көшке сыймай,  
Алты қанат аппақ үй.  
Киіз мүлкі үйіліп,  
Қап-арқаны жиылып,  
Олжалыға болды сый.  
Ойран төбе, көк төбе,  
Енді бізге жоқ төбе  
Домбыра да тартатын,  
Сол жағдайдан барқыт көл.

Жақсылар, сол күндерде Төле би алтын босағалы күмістен зейнет беріп, үй қылдырып алған еді. Кейбір әйелдер босағасынан аттап үйіне келіп түнегендей жай болушы еді. Менің білуімше, Россия дәулеті Шымкентті келіп алғанша төрт шабылған, екеуі Қалдан шері қоңтажының шабыны, біреуі Жүніс қожа Қожамжарменен жауласқанда, біреуі ұрпағынан Момбек датқаны Шанышқылы Шай Құрбаны шаптырғанда — сол төрт шабылғанның қайсысында кеткенін біле алмадым. Бірақ таланда кетуі анық. Ауылына келетұғын адам Төле биді құрметтеп көз көрім жерден атынан түсіп, жаяулап келуші еді. Осы әдет Қасымбектің күніне шейін келген еді.

- 2040 Қалдан ханнан жеңіліп,  
Үш жүздің қазақ көп елі,  
Алды босып жөнелді.  
Артын қуып келеді,  
Тегіс бәрі бет алып,  
Байсынға ауды дер еді.  
Барған жері сол күнде  
Хиуа, Бұхар ел еді.  
Үш жүздің малы килігіп,

Сырдан келіп су ішкенде  
2050 Ақпай қапты дер еді.

Әбдірайымның айтуынша, Қожакелді батырдың сол шұбырындыда малы, жаны Сырға кетіп: «Құдай-ау, түбімді бер» деп үш қатын алып, сонан кейін он екі бала көріпті дейтін. Оны біреулер осы ма, бөлек пе деп, мынандай да бірталай әңгіме үлгі етуші еді.

Бала-шаға, үй-мүлкі  
Сырға қарық боп шөгеді.  
Қарайып жатқан күйге кеп,  
Ары-бері жүгіріп,  
Түбімді бере көр дейді,  
Бір адам оған кез келді.  
Қартайған әбден көрі шал,  
Жақпады бұған сөздері.  
— Қартайған өте адамсың,  
2060 Бергенде де түбінді,  
Осындай қайтіп боласың?

Осындай деп жөнеді  
Аузы күйіп тұрған шал,  
Пәлен-түген демеді.  
Осыменен арада  
Бірнеше өтіп жыл енді.  
Малменен бас ауыртып,  
Сансыз жылқы күй бітіп,  
Қалыбынан озып күйленді.  
2070 Немере бітіп, шөбере,  
Он екі және ұл көрді,  
Есінен шығып, көркейіп,  
Ғаріп болған күндері.  
Мейман келді үйіне  
Күндерде бір күндері.  
Өсіп-тасып өркендеп,  
Қой сыймайды қораға.  
Ошақтың басы топырлап,  
Сыймай отыр балаға.

2080 Он екі ауыл боп кеткен,  
Бәрінде толық сыбаға.  
Ет келгенде шараға,  
Үйде отырған көрі шал  
Ауыз ашты санаға.

— Ей, мейман, әңгіме көп бастан өткен,  
Бір қартпын пәлен жасқа жасым жеткен.  
Үй-жай, төрт түлік мал, ұлы-қызым  
Ақтабан-шұбырындыда Сырға кеткен.  
Әркімге бір атадан өңкей елес,

2090 Түгелін көрмегендей болып өткен.  
Жүгірдім ойға, қырға сасқалақтап,  
Тосыннан біреу келіп тұрды жақтап.  
Халімді сонда менің көзбен көріп,  
Бір сөзді кесіп айтты тағы мықтап.  
Із ауысып, күйген жерге шөп шығады,  
Адамның жұмбақ екен болашағы.  
Он екі, онан да асып бала көрдім,  
Мал-басыңа, ауыл үйлі түгелдендім.  
Қай күйде сол азамат, білер ме едім? —

дегенде, мейман бармағын тістеп, басын шайқап: «Ата, соны айтқан мен едім, үйленгенім жоқ», — дейді. «Балам, өскенде мынау бесіктегі қызымды аласың». Мейман ішіне пышақ ұрып: «Бұл өскенше бармын ба, жоқпын ба? — деп, түнде жөнөп кетті» дейді. Сол кейін әлгі қызға үйленген екен.

2100 «Тілегім, қыз бен жігітім,  
Үзбесін өсте үмітім», —  
Дейді екен Төле мысалдап,  
Қайрап жұртын күні-түн.  
— «Үмітсіз — шайтан» келіспе,  
Жеткізер үміт жеңіске.  
Амал жоқ, бүгін уақытша  
Бет бұрып тұрмыз еңіске.  
Не түссе де басыңа,  
Қайраттан, халқым, жасыма!

- 2110 Өзегін өртеп өкініш,  
 Үн қатты қазақ ашына.  
 Бәрі үркіп жөнеді,  
 Жау қалмай қуып келеді.  
 Күні-түні ізінен  
 Қалдан ізші жіберді.  
 Ол күндерде хандарда  
 Ізші деген болушы ед,  
 Былай еді дерегі.

Ізшінің мәнісі сол уақыт жағдайында жолсыз жердің сүрлеуін табады, қараңғы түн, шырғтай тұман болса да, жаңылмайды, адаспайды, қолды бастап жүреді.

- 2120 Алдын бастап бұланшы,  
 Аралады көп жерді.  
 Айдалада тігулі  
 Алты қанат үй көрді.  
 Жақындап келіп, жабықтан  
 Сығалап қарап тұрды енді.  
 Немене бар деп аңғарса,  
 Рас үш қыз көреді.  
 Сығалап тұр аңғарып,  
 Шақпақ алып, от жағып,  
 Тамағын ішті қамданып.
- 2130 Жым-жырт жатып төсекке,  
 Ересегі сөйледі.  
 Болған соң әбден жайланып,  
 Сонда ересегі былай деді:  
 — Ауылым Қалдан шері  
 Қоңтажының жолында,  
 Жаным, бір Құдай, өзіңнің қолыңда.

Жым-жырт төсегінде екеуі жата береді. Сонда ізші ойла-нып, адамның баласы екен ғой деп, жүгіріп Қалданға келіп мәнін айтқан, сардарларымен жиылып келіп, қорқытпай жай сөзімен жайын сұрады. Сонда қыздар: «Біз қазақ қызы едік, ауырып жатқан күнімізде бірқатар қариялар қоңтажы келеді деп әңгімесінде елестетуші еді. Сонымен ес-түсімізді білмей қалып,



бір күндерде есіміз кіріп, аңғарсақ, жұрт тамам үркіп кетіпті, ел жоқ, мал жоқ, үрген ит, өрбіген жан жоқ. Аш қалмасын дегендей қыш ауқат қамдап, шақпақ даярлап кеткен екен, адам баласынан сіздерді көрдік» депті дейді Арғынбай.

- Сонымен қоңтажы  
Қуып жүр елдің соңынан.  
Кезіксе, тауды талқандап,  
2140 Көкпеңбек сайлы қарумен,  
Құмырсқадай қара қол.  
Түйнектеліп ұшқан құс,  
Өте алмайды тобымен.  
Сырнай-керней, барабан  
Түйіліп, дабыл қағылған.  
Шаһарына Сайрам келеді,  
Жер қайысқан көмегі.  
Сайрамның жөнін айтайын,  
Бір замандар күнінде  
2150 Басы болса Алатау.  
Ат бұлағы ат базар,  
Кемпір екен аяғы.  
Арыспен қабат төменгі,  
Там үстінен бұзауын  
Қуып жүріп зорығып,  
Кемпір өлген себебі.  
Осы күнде арасы  
Үш күндік жер шенеулі.  
Кеме жалдап өтетін  
2160 Шыршықтың суы тас саймен  
Ағады екен дер еді.  
Тарихында жазылған,  
Төрт жүз мың үй орнатып,  
Ыдырыс деген пайғамбар  
Соққан екен әуелгі.  
Қоңтажы келген шағынан,  
Әмір Сімбет деген өзбек  
Ал мынадай деп еді:  
— Қаладан келіп іркіліп,  
2170 Өте алмай қолмен тұрады.

Мұнарадан Сайрам патшасы:  
 — Келе кеткін, көп бек! — деп,  
 Айқайлап, дауыс шығарды.  
 Уәзірінен Қалдан хан  
 — Не деді? — деп сұрады.

Көпбек деп қалмақ тілінде иттің күшігін айтады екен, «тақсыр, сізді иттің баласына теңгерді» деген соң, қоңтажы: «Егер осыдан өтсем, Сайрамның топырағын желге суырмасам» деп шарт қылып, тау басына барып, дарияның суын түгелінен Шыршыққа бұрып, адамының бәрін де қырып, жеті-сегіз адамын байлап алды. Сайрамның патшасы бірқатар адамдарымен қашып барып, Қытайда «бай Сайрам» аталады деген сөз бар. Тарихында Сайрам сонымен жеті мәрте бұзылып, түзелген дейді.

Бүгінгі Сайрам қалдығы  
 Құралған сонан ел еді.  
 Жеті мәрте бұзылып,  
 Түзелген шаһар дер еді.  
 2180 Фарсы тілде Сарям  
 Басқа шаһар дегені.  
 Қалдан тұрсын сонымен,  
 Баяғы босқын қазақтан  
 Енді хабар берелі.

Төле сөзбен көндірді  
 Туыстың пейілі тарлауын.  
 Әлдендіріп аштарды,  
 Ортаға салды бар малын.  
 Жетектеп бірін, ал бірін  
 2190 Алғандай болды арқалап.  
 Жылағанды жұбатты,  
 Аямай мейір, мархабат.  
 Адам түгіл, мал жүдеп,  
 Күңіренді шартарап.  
 Ауып барған көп қазақ  
 Көшпекші болды бір қарап.  
 Екі жағдай себебі,  
 Біреуінің мәні бұл:

- Афсар деген тұқымнан  
2200 Бәдір шаһ деген шықты бір.  
Бәріне хан болам деп,  
Ұрыс етті неше түр  
Бірнеше айлар, неше жыл,  
Сескенеді осыдан.  
Кез боп жауға тосыннан,  
Жолбарыстан құтылып,  
Шабақтан қашып жайынға,  
Қаламыз деп тұтылып.  
Екінші жағдай бұл еді:  
2210 Ел қылған құрап өз Тәуке,  
Өлтіріп алды оны да,  
Уақыты бітіп күні енді,  
Көл болып жасы жылады,  
Енді қандай қылады?  
Бір жағынан малдарын  
Қуа қашып түрікпен,  
Жерінен ауған жүк артып,  
Қарға талап қашқанды,  
Олжаға шауып еріккен,  
2220 Кезі еді әбден зеріккен.

Біреулер жобасында Тәуке хан 1718 жылы өлді деп көрсетеді.

Қой мұнымыз болмас деп,  
Үш жүз болып жиылып,  
Күнде сияз құрылып,  
Алқа қотан үйіліп,  
Төле би көшер үйі жоқ.  
Арық қазды орнығып,  
Ел болсам деп түйіліп.

Сол күндерде Төле би барғаннан жер емшегін ембей болмас деп отырыпты. Бастап, көшпенділікті тастап, жеті арық қаздырған еді, осы күндерде де белгісі бар дейді. Тәуке хан өлген соң қатты ашынып, өршіген көңілі басылып, жұртына бір сөз дейді:

- Қоймайсың көш деп, халқым-ау,  
Біреуің емес, барлығың.  
2230 Менде қасірет көбейді,  
Енді айтайын анығын.  
Өз Тәуке, өзіз Төле едім,  
Жұбымнан мен айырылдым,  
Ақылымнан егілдім.  
Күтсем деймін моласын,  
Көпшілік күйге саласың.  
Халайық, жолға кірсекші,  
Жер емшегін емсекші.  
Орнықты болмай болмайды,  
2240 «Арпа-бидай — ас» деген,  
«Алтын-күміс — тас» деген.  
Қазыналы гауһар зеріңнен,  
Төрт түлік жиған малыңнан  
Күндердің күні келгенде  
Біреуі артық наныңның.  
Қалмасын деп ем бекерге  
Мынау жеті арығым.  
Аяқты малға сенбегін,  
Бір борандық деген сөз,  
2250 Опасы аз мынау малыңның.  
Үш жүз боп енші бөлгенде  
Бабама тиген Жырағаш.  
Отырысты ел болсақ,  
Тойынар еді қарын аш,  
Киінер еді жалаңаш.  
Тәңірі не дер бекерді,  
Еңбек етпей болмайды.  
Үлгілі сөз бұл рас,  
Болмайды бектік шын мирас.  
2260 Осыны айтып болды да,  
Құшақтап Тәуке моласын,  
Төле би қатты жылады.  
Бірталай адам күңіренді,  
Көшіп қашып ілгері,  
Қазақ нені көрмеді.  
Қайда жүрсе Төле би,

Отырысты ойлаған,  
Жобада сондай деп еді.

Сонда Төле би былай дейді: «Бірақ, көпшілік, көш деп қоймайсыз. Қалдан қазақтың ісін қайтарып, тауын жықты, жеңіп қонысты алғанда да, біз қазақ қырық жылсыз түзелмейміз». Ұбырынды-шұбырындыдан бері қарай Төле биден ұғынған кісілер отырысты ойлағандай. Ұлы жүз халқында Үлкен орданың төрі бар. Бір үлгі: кіші жүз бұзылса, орта жүзге сияды, орта жүз бұзылса, ұлы жүзге сияды. Анау екі жүзден бұрынырақ орнаған соң, сол жағдайдан айтатын шығар деп ойлаймын.

- Үш жүз боп, қылды ынтымақ,  
2270 Көшуге қайта бел байлап.  
Әбілмәмбет дейтұғын,  
Ортасынан хан сайлап.  
Ел деп келген жұртымыз,  
Бұл да өлтірді борбайлап.  
Ердік деп ерлер жиылды,  
Қару сайлап ыңғайлап,  
Боз бие сойып ортадан.  
Жолы үлкен аға ұлы деп,  
Төле биден бата алды,  
2280 Ұлы жүз болып Құдайлап,  
Айтылған біліктілер нұсқалады,  
Көшпесе, келіседі басқа жағы.  
Қозыдай жетім қалған, қойша шулап,  
Өлтіріп Тәуке хандай жақсы адамды.  
Қонысын, жер жағдайын көргенінше,  
Жасымен бетін жуып аңсағаны.  
Төрт болып екі көзі қыз-бозбала,  
Сағынып жүрген жерін тамсанады.  
Ерлердің сондағы айтқан біреуі жоқ,  
2290 Жазылып ақ қағазда нұсқа қалды.  
Алатау ұлы жүздің қонысы еді,  
Жамаған төрт түлікке тегіс еді.  
Ыңғайлы қарлы-қарсыз бауыры салқын,  
Төрт түлік малға ылайық өріс еді.  
Күндер-ай сол жерлерде дәуір сүрген,

- Дүние екі оралып келуші еді.  
 Қонысы кіші жүздің Еділ-Жайық,  
 Ләззатын, ұймақ исін беруші еді.  
 Елшіге барып келген адамдай боп,  
 2300 Жылында базарлатып келуші еді.  
 Фарсыға Бұхарменен сия алмастан,  
 Қазақтың соны көксеп келісі енді.  
 Ұшарға қанаты жоқ, еңсе басып,  
 Екілеп құмдай босып көңіл шегі.  
 Көш озып, тозақ қаптап аспан жерді,  
 Шиырлап көп тауменен тастау жолды.  
 Жер жүзін қара құрым тұман қаптап,  
 Шет алыс өртегендей елді ұрды.  
 Іріктеп жұрттан сайлап үздік ерді,  
 2310 Арғымақ, сауыт-сайман сайлап көрді.  
 Қиналып топышақтың жалын сүзіп,  
 Реттеп өз алдына найзагерді.  
 Топ болып ынтымақпен басын қосты,  
 Тигелі соғыс ашып қалмаққа енді.  
 Үркердей болып сайланып,  
 Тәшкенге келді шұбырып,  
 Қалмаққа шапты ұрынып.  
 Шетінен ысырып қалмақтың,  
 Шабуылын бүлдіріп.  
 2320 Ұрыста болса ерлері,  
 Шаруалы жағы кідіріп.  
 Абылай ханның түрінен  
 Аз сөйлейін білдіріп.  
 — Есім ханның ұрпағы,  
 Екі қатынның баласы.  
 Хандыққа бұрын таласты,  
 Үргенішке адасты.  
 Үш-төрт ата өткен соң,  
 Бала күнде тарынып,  
 2330 Қазақты аңсап сағынып,  
 Жолы үлкен аға ұлы деп,  
 Төле биге кеп еді.  
 Төленің сегіз ұлы бар,  
 Тоғыз болып көбейді.

- Тоғызы бірдей таласып,  
Аттың алдын бермеді.  
Үлесе аз, үйсе көп,  
Қуаныш бойын кернеді.  
«Кербез жігіт» атанып,  
2340 Жылқы бағып жүрді енді,  
Төлени шексіз сыйлайды.  
Ұдайы жатқан жерінде  
Құлашын керіп ұйықтайды.  
Сезіп Төле қимайды,  
Айтады ұл, қыз-қатынға:  
— Мынау бала көрерсің,  
Нұқыл болат денесі,  
Адамның болар төресі.  
Түс көріп, бала айтыпты  
2350 Бөгежілі Көтен батырға.  
— Түкті қошқар ұлы едің,  
Оң қолымды көтеріп,  
Көкке апарып сүйедім.  
Айға жетті сол қолым,  
Әдемілеп жори көр,  
Тарынып, жәке, жүр едім.  
— Бұл жақсы, балам, түсінді,  
Хан боларсың халыққа.  
Оңғарады ісінді,  
2360 Ер тарықпай молықпас,  
Алдыңды кім болжапты?!  
Жаңа талап, өзің жас.
- Ада ұрып осындай боп жүрген күні,  
Байсынға аумай тұрып бұл бір жылы.  
Жылқы айдап Түркістанға бір келгенде,  
Дәуірге саудаласты аздап пұлы.  
Ол сарттың ашуы кеп лақтырды,  
Теңге деп бердің бе деп маған мұны.  
Мұңайып жерге қарап қапа тартты,  
2370 Бір адам сырттан болжап шамалапты.  
Осыған сауыт-сайман анжам ал деп,  
Береді бес жүз аттан бес бесті атты.

Бір сөзді аян көрдім деп айтыпты,  
 Сол күнде жолығам деп болжалдапты.  
 Сұраймын оң тізеңді, өлгенде оң жағыңды,  
 Деді де қайыр қош деп үйге қайтты.  
 Орта жүз Малайсары екен ол деп,  
 Жас күнде естігенмін жағдаятты.

Баланың алақанын ашып көріп: «Балам, боларсың, дәуірге өтсем, жолығармын. Тірінде оң тіземді, өлгенде оң жағымды бір ұмытпа, сол күнде жолығармын. Мұны әрдайым есінде сақтағайсың депті», — дейді.

- 2380 Кербез жігіт бұрыннан,  
 Күтініп жүрген сайланып.  
 Жүйрік мініп ұрыннан,  
 Сыпыра қылыш байланып.  
 — Көппен бірге барсам, — деп,  
 Төледен бата сұрады.  
 Көтеріп өрге қол жайып:  
 — Керегі қанша, о, балам,  
 Қатерлі жолға ұмтылдың!  
 Қатпаған әлі қабырғаң,  
 Келе ме менен құтылғың?
- 2390 Жассың әлі жорыққа,  
 Балам, босқа торықпа.  
 Абылай сонда сөйледі:  
 — Сізге басым құл ма еді?  
 Қайысқан қолдан қалғанша,  
 Бізге өлім жөн! — деді.  
 Ауыр тиіп мына сөз,  
 Амалсыздан Төле би  
 Бата беріп жіберді.  
 Абылайлап, айқайлап,
- 2400 Орға шауып орғиды,  
 Сол сапар жауды қашырып,  
 Хан атанған жері еді.  
 Ажыратып алды қонысын,  
 Малының жайлы өрісін.  
 Қазақтың өршіп елі енді,



- Өз Тәукенің орнына  
Хан сайламақ болады,  
Өткізіп сыннан ерлерді.  
Әңгіме түсті жолға ұзақ тарап,  
2410 Осы жерін қиынырақ баяндамақ.  
Уәж бар үш жүз үшке бөлінгендей,  
Төле би сыр бермеді жерге қарап.  
Кіші жүз бұлар бір хан боп кетсек деп,  
Әйтеке сөз таратып жүр тақылдап.  
Орта жүз Абылайды ұнатады,  
Кіші жүз бөлек сүйреп бұл тартады.  
Тәуке ханға Әйтеке бас болған деп,  
Болсын деп Әбілқайыр бірқатары.  
Ордасы Есім ханның ұлы жүз деп,  
2420 Төледен басқалары сөз қатады.  
Кісі еді өз пайдасын ойлайтын деп,  
Төле би Әбілхайырды ұнатпады.  
Үш жүздің енді басы бірікпес деп,  
Үйіне қапалықпен тез қайтады.  
Үшеуі үш ажырап тарқады жұрт,  
Несіне әңгімесін ұзаталы.  
Хан сайлап, онан кейін бөлектенді,  
Босады жігі ажырап көмектері.  
Олар да неше тарау ханға қарап,  
2430 Жауласып бір-бірімен жіліктенді.  
Ұлы жүз әлденеше аударылып,  
Айтады түрлі жағдай себептерді.  
Абылайды хан сайлап  
Орта жүздің баласы.  
Әбілқайыр ханменен  
Кіші жүздің тыншып арасы.  
Болмаса да хан белгілі,  
Қайыр тұрды Төлеге  
Ұлы жүздің арасы.  
2440 Қайта шауып қоңтажы,  
Нашарлады шамасы,  
Жер бөлімін болжайық.  
Қоныс алды қай жерге  
Қайбір жүздің баласы.

- Қариялардың сөзі көп,  
Біреулер ондай, мұндай деп,  
Ұлы жүздің айтуы.  
Қоразтөбе, Састөбе,  
Болған жер сияз Сайрам деп.
- 2450 Елді-еліне хабар қып,  
Пәлен күні болжалдап.  
Сол күндерде хазірет  
Сарттың ұлы қойылды.  
Төледен соңғы бастаған  
Ұлы жүзді бұл еді.  
Сөз даярлап жиылып,  
Ұлы жүзден бірқатар  
Төле биге келеді.  
— Енші алайық үш жүз боп,
- 2460 Жүріңіз, аға, — деп еді.  
Төле би бір сөз деді енді:  
— Тоғызда беріп төрелік,  
Үш жүзге Төле атандым.  
Қазақтың болып үлкені,  
Алыс көріп қарысты,  
Сүйемді жақын тартпадым.  
Осы күймен дүниеден,  
Бір мінезбен қайтармын.  
Әбілқайыр жосында
- 2470 Болмай қалып айтқаным,  
Сонан бері қапамын.  
Затым Үйсін Жаныспын,  
Затым Үйсін болса да,  
Мен бір сөз сөйлесем,  
Ауыра ма көңілің?!  
Жақын менен алысты  
Орныма менің алып бар.  
Бірқатар жастан саналы,  
Тастемір мынау баланы.
- 2480 Қосыла бірге барасың,  
Ұлы жүздің төуірі.  
Бара алмаймын сиязға,  
Басымның бар ауруы.

Мейлі, тау болсын, мейлі, шөл,  
Еншілеріңді алысқын.

Ұлы жүз Төлени Жаныс Төле би дейді, басқа жүз Үйсін Төле би дейді. Өтебайдан Қуандық, онан Тастемір. Лақапта қорқақ шешен Тастемір деуші еді.

- Осындай деп Төле би,  
Басқаларын жіберді.  
Жарамдылар жөнеді,  
Састөбеде Сайрамда  
2490 Апта болды жиылыс.  
Бір түрлі кеңес боп енді,  
Қазыбек бір күн сөйлейді,  
Удай сары күніне,  
Сөзге кезек бермеді,  
Барған сайын өрледі.  
Екінші күн Әйтеке,  
Бұл да бір күн тербелді.  
Жүз тәмсілдеп мақалдап,  
Ұдайы сөйлеп керіліп,  
2500 Қорытынды сөз соңында  
Тастемірге беріліп,  
Тастемір былай сөйледі:  
— Жағасы мен болғанда,  
Қазыбек бір жең деді,  
Етегі сонда сен деді.  
Жарық дүние көріп ем,  
Сіздерден бұрын мен деді.  
Туар енді анасы,  
Бас шығарды ел басы.  
2510 Мый мен ақбел басында,  
Басқа дүние олжасы.  
Мына түрді аңғарсаң,  
Жырда сондай шамасы.  
Қонысталсын ұлы жүз  
Алатауды жағалап.  
Ортада болсын орта жүз,  
Айтқанын осы саралап.

Өтірік пе, рас па,  
 Ер Көбік деген қария  
 2520 Айтқан еді жобалап.  
 Осылай айтуынша қоныстанды,  
 Үш ханға бөлінген соң, алыстады.  
 Орысқа сонан былай бағынған деп,  
 Шығады кіші жүздің дабыстары.

Анна дейтін қатын патшаның тұсында бағынған дейді.

Хандықты Абылай хан бұл ұстады,  
 Садыққа жеткенінше ту ұстады.  
 Қалмақпен онан кейін болған ісі,  
 Төрдегі ұлы жүздей туысқаны.  
 Қалдан хан жатушы еді қиял ойлан,  
 2530 Үйірді бір сапарда Байсынға айдап.  
 Ынтымақ үш жүз күшін көрсеткен соң,  
 Толғанып, кекті болып, бармақ шайнап.  
 Дауласса қазақ ішінен, бұл қуанып,  
 Сыртынан қарауменен құрал сайлап.  
 Бір күні Төле биге елші салды,  
 Бір сойқан етпегіне қатты ыңғайлап.

Қалмақтан келген елшіні не деп келді дейді. Жауабы: «Сүйегі жоқ қой сойып берсін» деп келді, дегенде: «Ойпырым-ай, жоқты айтқан екен, Құдайдан қашқан, кейінгілерге кесір болмаса игі еді», — дейді.

— Бізден сәлем дегейсіз  
 Төле деген Жанысқа,  
 Қоныс салсын алысқа.  
 2540 Басы түсер ұлының  
 Шошқаның басы түскен талысқа.  
 Иә болмаса, қамданып,  
 Даярлансын ұрысқа.

Өстіп елші жіберді,  
 Құмырсқадай қалмаққа  
 Шама қайтып келеді.

- Қашу қиын өлімнен,  
Жаңа ел боп кеп еді.  
Кету қиын шұбырып,  
2550 Отырса босқын қойылып,  
Отыруға ойланды.  
Малдарын айдап қоралап,  
Жетім-жесір деместен,  
Олжа қылды бұларды.  
Талаңға кетті Төленің  
Зер қазына барлары.  
Бірге кетті шабынға  
Қожабек деген баллары,  
Қалданға салық төледі.  
2560 Бек сайлады Жанысқа  
Баршахан деген біреуді.  
Уәзірі Саңғыл дер еді,  
Айтуынша Ботпайдың.  
Ордабасы ордасы,  
Шымкенттен қазір төменгі.  
Әр жерінен ұлы жүз  
Бек сайлап бәрін бөледі.  
Сарттың ұлы Қойкелді  
Сұрады Хампыр көп елді.  
2570 Ұнауынша Қалданның  
Қабылданып Төле би  
Ақ үйліге жіберді,  
Ол мынадай деп еді.

Қалданның шабынында Төле бидің бірқатар малы, Қожабек деген баласы кетіп еді және қоңтажы мынадай жаздырып, «Қазақ халқы, өтірікші халықсың, күшің келсе, қастық қылудан тайынбайсың, күшің келмесе, көшіп-қонудан аянбайсың. Достық етіп тұру себебі үшін бір жақын, жанашыр адамыңды жібер, не жақсы көрген балаңды жібер» деп сығыпты. Ақ үйлінің мәнісі осы дейді.

Ойланып көп күн Төле би,  
Бір сөз деді Жолаңға:  
— Ақ пейіл жұмсақ балам да,

- Сығым көріп қалмақтан,  
 Қиял есім алаң да.  
 Пышақ ұрып жаныма,  
 2580 Шырағым, сені берейін,  
 Басқаның көңілі ауырар,  
 Азабын өзім шегейін.  
 Ақ үйліге бармасаң,  
 Жұртым тыныштық көрмейді.  
 Шұбырып көшіп тыншығып,  
 Жаңа боп ек ел деді.  
 Шықпай кетті дерегі  
 Шабынға түскен жатырлас,  
 Қожабек ағаң ілгергі.  
 2590 Бала белде деуші еді,  
 Қызықпағын, шырағым,  
 Жаңа қатын алғанға.  
 Басқа әйел табанда,  
 Жақсы бата берейін,  
 Түбің өссе мерейің.  
  
 — Мақұл, ата, — деп енді,  
 Қолын жая береді.  
 Тұрған екен тың тыңдап,  
 Күңк ете қалды әйелі.  
 2600 Үйден шыға жөнелді,  
 Әйелі айтар бар ма деп,  
 Жаңа түскен кезі еді.  
 — Жібере берсе қалмаққа,  
 Сенен бөлек ұлы көп,  
 Туып едің сегіз боп.  
  
 Ойланды бір күн ақылды,  
 «Атамның сөзі мақұл-ды» .  
 — Батадан құры қалмайын,  
 Табармын жасқа тыйымды,  
 2610 Көп үшін қидым жанымды.  
 Бата бергін! — деп еді,  
 — Өркенің өссін! — деді енді.  
 Жарамды жолдас адаммен

- Ақ үйліге жөнелді.  
Жолдас болған біреуі  
Қожамжарға нағашы,  
Болат қырғыз деп еді.  
Бара тұрсын осылар  
Қалдан тұрған қалаға.
- 2620 Әңгімесі көп еді,  
Төле биге келелі.  
Бір күн қиял ойланып,  
Соңғылық үшін түнерді.  
Сөз тыялды шақырып,  
Ұлы жүзден көп еді.  
Мәлік еді Сиқымнан,  
Сарттың ұлы Қойкелді.  
Өтеген батыр ішінде,  
Бала жігіт күні еді.
- 2630 Тұм-тұйықтан сөйлесіп,  
Бір үлкен барды жотаға.  
Көп сөз өтті ортада.  
Қандай түрлі сөйледі деп,  
Адамның жоқ есебі.  
Сыйыса алмай нешеуі,  
Бастады сөз Төле би:  
— Бөле болды қазаққа  
Үлескен енші кезегі.  
Бірігіп ел боп тұра алмай,
- 2640 Қалмақ көшін көрісті.  
Орта жүз бен кіші жүз,  
Алысқа ұзап бұл кетті.  
Ел болдың сор бір істі,  
Баллардың қамын ойлайық.  
Сіз бенен біз әлбеткі,  
Абылай ханды білмеймін,  
Әбілқайыр тұрғанда,  
Кіші жүзді қоспайды.  
Біріктірмес қазақты,
- 2650 Қолынан келсе, жаныштайды.  
Түлкі сипат кісі еді,  
Бұзықтау болып ұрпағы,

- Үлгісіне түседі.  
«Қорқамын сонан» дегенде,  
Төледен қалған бір сөз деп,  
Балалар көрер түбінде.  
— Абылай хан түрі осы,  
Қолында жүрсе шылбыры,  
Елді қосар еліне.
- 2660 Тарқалған мұның ұрпағы,  
Бұл да тартар зіліне.  
Тәуке ханнан айырылып,  
Бар екен көз көруге.  
Үш жүз болып қоймады,  
Уайым жоқ еді келуге.  
Ойлай-ойлай ел қамын,  
Әй, азапты көрдім де.  
Ендігі сөздің қысқасы,  
Жайлы жер, сірә, бар ма екен
- 2670 Ұлы жүзге қоныс беруге  
Дүниенің жүзінде?  
Иран, Ауған, Түрікмен  
Елі менен жерінде?  
Өз балаларымды ойланып,  
Жауға кетті демеймін.  
Ұл сүйіп, қыз асырар,  
Соңғылығы көп елдің.  
Басын қиып жұрт үшін,  
Серуендеп көріп келуге
- 2680 Талапкер жан бар ма екен?  
Инжілден бата берейін,  
Үлкен-кіші көп елім!
- Төле би осылай деп еді,  
Шұбырып шулап көп елі.  
Түрегелді орнынан,  
Қол жайып бата бергін деп.  
Өтеген деген бар еді,  
Өтегұлдың ұлы еді.  
«Әумин» деп көпшілік,  
2690 Бата беріп Төле би,



- Өксіп-өксіп жіберді.  
Шу қабылданып Өтеген,  
Баратын болды сонымен.  
Жөн-жобасын айтайын,  
Бұрынырақ барудан.  
Байұлы еді жасында,  
Серілікпен көп малды  
Ойланды босқа шашуға.  
Мал айдап келсе базарға,  
2700 Бір дуана сарнап жүр.  
Бір күні базар басында  
Сатып түйіп теңгесін,  
Құлақ сап тұрды қасында.  
Дуана айтты: «Жараңдар,  
Үлкен-кіші адам бар.  
Соңғылыққа керек-ті,  
«Алтын алма, бата ал» .  
Айтамын да кетемін,  
Кім береді он тіллә,  
2710 Бір ауыз насихат сөзім бар» .

- Бұл дуана тентек деп,  
Ешкім құлақ салмады.  
Алды-алдына аңдайды,  
Тасқыны келіп баяғы,  
Өтеген кеп ойланды.  
«Насихатыңды айтшы» деп,  
Он тілләні санады.  
Насихат қой дуана,  
Теңгесін алып болады.  
2720 — Көп үшін қисаң басыңды,  
Ақыңды Құдай жемейді, —  
Сол-ақ екен болғаны,  
Қайыр-қайыр деді де,  
Сымпиып батыр қалады.  
Қымбатқа түсті бұл сөзі,  
Керек болар зілі деп,  
Көңілге түйіп алады.  
Осыменен ортада

- Жылдар өтті уағы.  
 2730 Тағы келсе базарға,  
 Дуанасы сарнап жүр,  
 Қарсы алдында баяғы.  
 Бір ауыз насихат сөзім деп,  
 Кім береді он тіллә  
 Баяғыдай жауабы.  
 Төге алмай жүрген мал еді,  
 Алайын тағы деді енді.  
 — Насихатыңды айтқын, — деп,  
 Он ділләсін береді.
- 2740 Үңділіп тұрса жақын кеп,  
 Теңгесін айтты алып боп.  
 Жөнөп кетті дуана:  
 — Біреуі сұлу, біреуді  
 Жамандама жаман деп.

- Үшінші және кезікті  
 Күндерде бір күн тағы кеп,  
 Бұрынғыдай жайқандап,  
 Дуана жүр қалпында.  
 — Насихатымды айтамын,  
 2750 Айтамын да кетемін.  
 Кім береді он тіллә, — [деп]  
 Шаршы базар халқына.

- Осы құрғыр дуана  
 Кедей қылды мені деп,  
 Бір ойланды қайтуға.  
 Тағы да көп ойланды,  
 Кедей болып жүрсем де,  
 Құмар болдым айтуға.  
 Он ділләні санады,  
 2760 Айтшы деп сұрау сұрады.  
 — Ашуың келсе, шырағым,  
 Оң қолды бас сол қолмен, — [деп]  
 Кідірмей тағы жөнөді.  
 — Қымбатқа түсті бұлар, — деп,  
 Үш насихаттың барын да

- Көңілге естіп түйеді.  
 Ол уақта жас күні еді  
 Мүйіз шыққан басына,  
 Талай сыр көрген жасында,  
 2770 Бұл кісі де киелі.  
 Басын қиған көп үшін,  
 Тәуекел ісі жүйелі.  
 Дәл сол күннің кезінде,  
 Өтегеннің өзінде  
 Сегіз ұлы бар еді.  
 Кенжесі Тарпаң бір жасар,  
 Аман болса, жеткіншек,  
 Бидаға басым мінәсар.  
 Жол жабдығын даярлап,  
 2780 Төле биге жолықты.  
 — Қош енді, Жәке, жүрелік,  
 Аман барып, сау қайтып,  
 Есендікпен көрелік.  
 Құшақтасып қалады,  
 Өкіріп жылап Төле би  
 Несіне айта берелік.
- Мүйізді Өтегендей адам бар ма,  
 Артықша сері кісі болғанда да.  
 Жақсының біреуі ойлы, жолдасы көп,  
 2790 Жолына барса келмес барғанда да.  
 Айтармыз сәтті жерде ол жайында,  
 Келейік «Ақ үйліге» барғандарға.  
 Ер Жолан басын қиып бұл да кеткен,  
 Бірталай елді-мекен ортақ өткен.  
 Ел-жұртым тыныштық көріп тұра ма деп,  
 Төле би баласының басын жеккен.  
 Осындай біздің елде күндер өткен,  
 Бұл күндер бөлек-бөлек ілгері өткен.  
 Жолығып Қалдан ханға сәлемдесіп,  
 2800 Мынадай әңгімелер ортада өткен.

Сонда Қалдан хан Жоланнан: «Төленің қандай баласы-сың?» — деп сұрап еді. «Мен, тақсыр, кіші қатынының бала-

сымын», — деген соң, «Арзымайтын ұлын жіберіпті», — деп еле-мей де, жауап бермей жеті жыл өткен дейді.

Бір күні аңға шығып бара жатып, уәзірлеріне ұғындырып: «Төленің баласы келіп жатқанына жеті жыл болды, тағы да сынап көрейікші сөзге салып, алыстан мені, ат-тонымды таныр ма екен? Айжан хан қайсы деп сұраңдаршы!» — деген соң, уәзірлері келіп сынап: «Көп адамның ішінде Қалдан қайсы, қайынатасы мейман болып келіп жатқан екен, Айжан хан қайсы?» — дегенде, Жолан: «Сұр атты, сұр киімді қытай патшасы Айжан хан болса керек, боз киімді, боз атты Қалдан хан болса керек», — деп айтқан соң, қадірлеп аңға алып шығарып, қайтаруға түрлі киім, шаршамайтын ат бер деп сұраған соң, ол ненің терісі екенін білмеді, бір қара тон, бір ат беріп, оттатпай суғарма деп дайындап, түрлі қазынамен қайтарыпты деуші еді. Сөз көп, қысқа сөйледік.

Ұзартып сөйлей берсек, сөздер шын көп,  
 Жоланмен қайтты дейді ер Қожабек.  
 Біреулер Қожабекті қалған дейді,  
 Тарайтын қариялардан әңгіме көп.  
 Нағашысы Болат қырғыз бір жүреді,  
 Жоланның жағдайынан сыр біледі.  
 Бұл атқа обал болды, суғарғын деп,  
 Қоймады Жоланға айтып бір күн енді.  
 Ақкөңіл болжамады мынау істі,  
 2810 Оттатып, су суғарып жерге түсті.  
 Саудырап ағаш болып түсті күл боп,  
 Білмеді не екенін мұндай істі.  
 Ауылына Телегей қырғыз жақын еді,  
 — Берейін ат алып кеп саған енді, —  
 Бата алмай ағаш аттан келген екен,  
 Онан соң іс бастады бір түрлі енді.  
 Осындай олжалармен баратыр деп,  
 Болат барып халқына білдіреді.

Болат хабар беріпті,  
 2820 Қалданның берген сыйлығын  
 Талап алып Телегей.  
 Аяқтарын кісендеп,

- Жоланнан алды ерікті.  
Күндерде бір күн қырғыздар,  
Шығыпты деп Төле аттанып,  
Бір түнде бәрі үрікті.  
Боқша төсеп астына,  
Салбыратып аяғын,  
Өгіз берді Жоланға.
- 2830 Жаудан қашып бұрылды,  
Бұрылыс жүріп қамалға.  
Таспен ұрып сындырып,  
Талқандады кісенді.  
Аман-есен онан соң,  
Елге кепті деседі.  
Он жеті барды сәулелі  
Сол боқшада аспабы.  
Біреуін киіп мамамыз,  
Келген екен бұрын деп,
- 2840 Меруерт тасын көрдім деп,  
Айтушы еді мынаны:  
Сиқымдары Қабылбек  
Сапарбектің сөзінде,  
Қалдан ханның алдына  
Айтатын еді Жоланды,  
Екі барып келген деп.  
Бір барғанда жеті жыл,  
Он төрт жылдай барған-ды.  
Қалдан хан бір болғанда Жоланға айтты:
- 2850 — Шабынға түскен сонау қазақ халқы,  
Берерсің біреуге, иә өзің қалап,  
Көшіріп бірге соны ала қайтшы!  
Ұлы жоқ, бойжеткен екі қыз бар,  
Өзінің естітім Тамаз аты.  
Қалмақтан қыз алып, қыз бере алмады,  
Болған соң оның бөлек ата салты.  
Көшіріп шалды бірге алып келді,  
Біреуін Сиқым Жанат алған дер.  
Біреуін кішілікке өзі алып,
- 2860 Алты үй сонан тарқап тұрған дейді.  
Олжасын бір барғанда қырғыз алды,

Телегей бәрін түгел басып қалды.  
Естіп Абылай хан кеп қырған деп,  
Сөзінде бір білікті айтылады.  
Мұның да біразырақ сөздері бар,  
Ұласа түрлі сөзі таусылмайды.  
Оңаша алты қанат ақ үй тігіп,  
Төле би күтуші еді Барша ханды.

- Жатушы еді Барша хан  
2870 Жолым үйдің ішінде.  
Бөлек адам Төледен  
Кіре алмайды үстіне.  
Әлібектің қызынан  
Туған Жанат жиені,  
Аулына келіп жүр еді.  
Жолым үйдің сыртынан  
Сығалап бір күн көреді,  
Ұйықтап жатқан қалмақты.  
Еріккеннен аялдап,  
2880 Айдарлысын сипай береді.  
Ұшына таққан шені бар,  
Аялдаса бұл өзі.  
Не қылғанмен жақпады  
Жас балаға мінезі.  
Түрленіп жүрген жас кезі,  
Масқара қандай, не себеп,  
Айдарлысын кесіп қолға алды.  
Қамшыдай ұстап ойнады,  
Бала жүрсін сонымен.  
2890 Ұйқыдан қалмақ оянды,  
Айдарлысы — шені жоқ.  
Сипап көрсе қолымен.  
Масқара қандай болдым деп,  
Қарғып тұрды орнынан.  
Төле биді шақырып:  
— Тауып бер, — деп, — осыны!  
Кім де болса басының  
Кесетін келді жосыны.

- 2900 Деректесе, жиені —  
 Өзінің жан сүйері.  
 Жасты ұстап беруге,  
 Ойланып қатты күйзелді.  
 Бір баланың себебі  
 Қаңтарды тағы көп елді.  
 Қарсыласар күші жоқ,  
 Жайына тұрса, тынышы жоқ.  
 Намысына тырысса,  
 Қалмақ жау тұр күшті боп.  
 Ұлы жүз түгел ойласып,
- 2910 Күшке сиаз құрылып,  
 Ақ боз ат, қара ат мінгізіп,  
 Бір жотаның басынан  
 Шырайлана жүргізіп,  
 Алдап тұрды бұларды.  
 Аумақ болды Байсынға,  
 Күйіне түсіп баяғы.  
 Қойкелді келмей ұрыс жоқ,  
 Тоқсанбай келмей жүріс жоқ.  
 Сондағы Дулат ықпалы
- 2920 Жарты ұзап кеткен соң  
 Баршаханды жайлады.  
 Арабасы, түйесі,  
 Сол уақыттың жүйесі,  
 Қалың ел қайта ауады.

Сол күндерде Дулат арасында жақсы Төле, жаман Төле, жақсы Қойкелді, жаман Қойкелді деуші еді. Жақсы Қойкелді көш бастады.

- 2930 Жанат қиып қалмақтың айдарлысын,  
 Байсынға ауды Төле би жиені үшін.  
 «Жиенді ел, желкені ас деме» деп,  
 Үлгі қалған сияқты соның үшін.  
 Кеңесқой он екі еді Төлеге ерген,  
 Хамырдан Қойкелді еді мәжіліс берген.  
 Сиқымнан Мәлік, Қарабатыр, Қаңлы Қонан,  
 Алшынбай Тамадан, Қаранар Сіргеліден.

- Толабай Қоңырат, Көтен Бегөжілі  
 Іріктеп таңдап шыққан әрбір елден.  
 Жосиды ақбөкендей тағы халқы,  
 Аралап тау менен тастақ жолды.  
 Жөнелді жер қайысқан қалың елі,  
 Көктем көктеп, қыс қыстап әрбір жерді.  
 Сол барғаннан жеті жыл, иә сегіз жыл,  
 2940 Арық қазып тұруға ойланды енді.  
 Ауасы ыстық, қайтуға ойланады,  
 Амалы жоқ қайтеді, дал болады.  
 Патшасы Бұхардың Әмір Хайдар  
 Төле биді бұрыннан аңғарады.  
 Бос жата ма жақсының дабыстары,  
 Қоныс ауып жерінен алыстады.  
 Өз алдына ерікті ел боп тұрып,  
 Іздеді одақтастар қалыс тағы.  
 Әлібектің Елібай кенже ұлы,  
 2950 Айдарлы ұлым деп айтқан әке мұны.  
 Бір-біріне алалық, тату болмай,  
 Болушы еді азырақ алалығы.
- Солғандай бақ таласы,  
 Бүтінделіп арасы.  
 Бірігіп содан күш беріп,  
 Мен де алтау тудым деп,  
 Ақтайдың Жаманқарасы.  
 Отыз жеті жасында  
 Дүниеден қайтты Елібай,  
 2960 Налиды-ау Төле шамасы.  
 Жетім қалған себептен,  
 Бес бала соның баласы.  
 Жағдайдан осы араз боп,  
 Шыршыққа көше жөнелді  
 Өтебай туған ағасы.  
 Тұра алмайды Төле би,  
 Ағасын аңсап, сағынып.  
 Ынтызар болып көргелі,  
 Көндіріп келген шағында  
 2970 Осымен бірге жүргелі.



- Жасы үлкен, інішек десем,  
Баруым менің жөн еді.  
Бір жағы аңсап қонысты,  
Екі себеп бір келді.  
Үлгілі сана ойланып,  
Қиялданып түнерді.  
Арт жағына елші сап,  
Хабар алып тұрды енді.  
Қалмақ деген жауы бар,  
2980 Ойланса тосын жүргелі.  
Бұл жақты көп ойлайды,  
Алатау салқын, жері саз,  
Жер қайда ондай ыңғайлы.  
Сұраса да бір елді,  
Нұратадай бір жерді,  
Айыптады көпшілік,  
Бұл жақтағы қалмақтан,  
Мынадай хабар сөз келді.  
Баяндап бәрін айтайын,  
2990 Үш себеп бар күрделі:  
Бірінші себеп — тосыннан  
Бұзылады мақалда  
Қара қалмақ ішінен.  
Алатайдай бұзылып,  
Бір түнде қалмақ үрікті.  
Ер тоқымын бауырына ап,  
Елі үркіп желікті.  
Шаршы базар ішінде  
Осындай бір сыр болыпты,  
3000 Қалмақтар босып елікті.  
Біреулер айтар қытайдан,  
Қорқады екен қалмақтар  
Бар екен деп жерінде,  
Үркуін сонан көріпті.  
Өсектері өте көп,  
Айтудан аузым зерікті.  
Өз ойланған қиялым,  
Үшінші сөзі мынаның.

- 3010 Әбдірайым тарихы,  
 Бәрінен де көрікті.  
  
 Әбекең былай еді санасында,  
 Қазақтың қалмақ үрікті қаласында.  
 Қаладан, Алатаудан көше қашып,  
 Атасы қарамады баласына.  
 Осындай бүліншілік жайылады  
 Бір-ақ күн, бір-ақ түннің арасында.  
 Қалдан шер дүниеден қайтыс болып,  
 Хандықтың бөлінеді таласында.  
 Қоңтажы дүниеден көшкен түрі,  
 3020 Қалып ед Әмірсана жалғыз ұлы.  
 Қытайда Бежан ханның қызын алған,  
 Қалдан шер үйленуге бала күні.  
 Жіберді алып кел деп хан да адамды,  
 Бежан хан той-тамаша, жұртын жиып,  
 Барған соң қырық жігітпен ұзатады.  
 Қар жауып, күн бұзылып, боран болып,  
 Жүргізбей жолаушыны жол жатады.  
 Қар қалың, боран болып жол бермеді,  
 Қыстады амалы жоқ сол елдерді.  
 3030 Әйелі Төлекейден жүкті болып,  
 Алдына Қалдан ханның келген дейді.  
 Ұлы емес бұл Қалданның дәл өзінің,  
 Қалмақтар түбі қырғыз деген дейді.  
 Нағашысы Қытайдан әскер алып,  
 Басуға Әмірсана келген дейді.  
 Сол жақпай қалмақтардың бөлінгені,  
 Бұл жақта бір-ақ күнде бұзылды елі.  
 «Қатын ер қашқан жауға» дегеніндей,  
 Қазаққа олжа болды ілінгені.  
 3040 Әр жұртта осы күнде сарқыты бар,  
 Олжалап алып қалған тілімге енді.

Біреулер сөзінде сол қалмақтардың қалдығы Төленің немересі десе, Сайрамның үсті Зертас деген жерлерде олар әлі күніне дейін бар еді. Қазақ айналасына орнығып, көбейіп бара жатқан соң көшіп, аяғы сонда үзілген деуші еді.

- Төлеге бұл жақтан хабар берді,  
Қозғады қайта көш деп қалың елді.  
Мақтарал бұл күндегі Сыр мойнына,  
Жиылып елі келіп түгелденді.  
Төле би жұртын жиды қиял ойлап,  
Шығарсам арық қазып, Сырдан байлап.  
Ел болсақ, отырысты болар еді-ау,  
Қыстасам, Алатауды жазда жайлап.
- 3050 Бір жағымыз далалы диқан болсақ,  
Көшпелі бір жағымыз бие байлап.  
Елдерден қатар жатқан үлгі алайық,  
Баллардың түбіндегі қамын ойлап.  
Мақұл деп арық қазды қалың елі,  
Тозақтың тау торабы көлденеңгі.  
Орнығып қазақ бөле болады деп,  
Жолбарыс хан жау болды Тәшкендегі.  
Төле бидің сол қазған арығынан  
Жұртына азын-аулақ ырыс келді.
- 3060 Амалы жоқ, қуған соң тұрыс бар ма,  
Бел байлады Төле би ұрысқа енді.  
Желеу тауып Жолбарыс,  
Тәшкенге сонда бек еді.  
Қуа қашып малдарын,  
Шұбырынды деп еді.  
Қайда жүрсе сыймайды,  
Даланы қимас ұрпағы.  
Абыржытып өлтірді,  
Татулық етсе бір жағы.
- 3070 Кірейін десе қалаға,  
Қуды кері далаға.  
Жасақ байлап сап тұтты,  
Қастық кіріп араға.  
Жәрдем берді бір жақтан  
Бүркіт би деген құрама.  
Ар жағынан келіп Тәшкеннің,  
Ауыз суды буып бұрады,  
Шөлдетуге бұларды.  
Ұрыс салған жерлері
- 3080 Бұл күндегі жұмада,

- Төле бидің адамы  
Алмақ болды қаланы.  
Садақтың ұшты оғына  
Жолбарыс хан дейтұғын,  
Тартыста тайып табаны.  
Қайрат-күшін асырып,  
Алысқан жауын қашырып,  
Тәшкенді Төле алады.  
Бекасыл мен Жақыпбек
- 3090 Деп еді ұста мынаны.  
Жолбарыс тұспалдады басын салып,  
Шақыртты Төле биді қасына алып.  
— Жарымы қараңғылық деген еді,  
Болса да раушандық бір ай жарық.  
Ауысқан бірден бірге мынау заман,  
Барады түгел жұртым саған қалып.  
Тілейтін соңғы мақсат сұрауым бұл,  
Қолыңнан Түркістанға қойшы апарып.  
Қап еді ата туысым сол жерде анық,
- 3100 Жатайын соларменен бірге қалып.  
Салауат мен жеңілдім, сіз жеңдіңіз,  
Ризамын, орындасаң қабыл алып.
- Төле би бұл тілегін қабыл алды,  
Босады қиял толғап сонда дағы.  
Арада бір жұмыс боп өтті-кетті,  
Жылады «разы бол» деді дағы.  
Мақұл алып Төле би,  
Орындады мынаны.  
Түгел алып Тәшкенді,
- 3110 Сонан соң хан боп сұрады.  
Ынтымақпен ұлы жүз  
Ұнамды жерге таралды.  
Үш Дулат келіп Сайрамға,  
Тәшкенде Жаныс қалады.  
Жеті кентті бөліп ап,  
Бір-бір қыстақ сұрады.  
Басшы болып Қойкелді,  
Шымнан соғып хамірлер,

- Шылмамбет Хамір нәсілімен,  
3120 Елібайұлы Жидебай  
Деп те айтады мынаны:  
— Шым кент салған адамды,  
Шымкент деген қаланы  
Аталған сонан себебі.  
Сұрады Ботпай Сайрамды,  
Қара бұлақ маңызын  
Сиқым жұрты айналды.  
Әрбіреуі бек сайлап,  
Өз алдына салдарлы.
- 3130 Төле би айтты халқына:  
— Жұрт болайық қалалы,  
Қалалы қорған паналы.  
Мектеп тұтып оқытып,  
Тәртіпке салсақ балларды.  
Тәртіп күнін ойлайық,  
Күндерден өттік қараңғы.
- Қалған жасы Төленің  
Ташкенде өтті деседі.  
Он екі жылдың есебі,  
3140 Төрт жыл сұрап Қожамжар  
Кеңесі ғой Төленің  
Он екі дейді есебі.  
Шамдалғанда он алты,  
Солай деп жоба шешеді.  
Жасауыл, бірі Бекауыл,  
Төрт қақпаға бек қылды.  
Құрбанәлі, Байтеке, Жүніспен  
Білмедім бірін, үшеуі  
Өз алдына бек болып,
- 3150 Меншіктеп әрбір көшені.  
Біреуі болды зекетші  
Жаныстардың нешеуі.  
Шаһар менен даласы [н]  
Сұрады Жаныс баласы.  
Мынандай бір сөз бар:  
— Біліктілердің санасы

- Тәшкенді туралап еді.  
Хат жазатұғын адам жоқ,  
Білімсіз халқы қара еді.
- 3160 Айта берсем ұзақтап,  
Ұлы жүз деп не етейін.  
Шамалы жерде жоқ еді,  
Түгелінен көп елі.  
Бір жағдайы ел үркіп,  
Көшпенділік себебі.  
Не болса да ол болсын,  
Хат жазатын адамды  
Біріктіріп көреді.  
Оқып келген Бұхардан
- 3170 Жүніс қожа жас талап.  
Кездеседі тосыннан,  
Үкім етсе Төле би,  
Хат жаздырып, ойласып,  
Ақыл сап тұрды осыған.  
Қатын айлық сайлықтың  
Қожайыны деді біреулер.  
Шыршықтың азат басынан  
Білімге жұрты бет алды.  
Ақбөкендей жосыған
- 3180 Елге де кінә қоймаймын.  
Қуып қашып қосылған  
Жүректері басылды.  
Шаңынан қорқып жосылған  
Қалмақ жаудан құтылды.  
Шықпаса қырғыз тосыннан,  
Тыныштық күнге жетілді.  
Жүргізіп әділ үкімді,  
Мынау бір сөз талас бар.  
Әркімнің сөзі әртүрлі,
- 3190 Билігі деп Төленің  
Кісінің жолдас нақылы.
- Бір адам қыбыла жаққа бет алады,  
Мал-мүлік тастап кетті жас баланы.  
Қайтар деп айқай салып келе жатыр,

- Тосыннан түйе қуған кез болады.  
 Қызғындап екпінімен келген түйе,  
 Қайтару беріп ешбір тоқтамады.  
 Бір көзі жазым болып, аса тиіп,  
 Осыған теңеймін деп қуалады.
- 3200 Жөнелді бірі қуып, бірі қашып,  
 Бұлдырап неше түрлі белден асып.  
 Жүрейн деп тұрғанда қайықшыға,  
 Кез болды, өткізгін деп асып-сасып.  
 — Ширек ет қоң етіңнен кесіп берсең,  
 Мен сені өткізейін жолыңды ашып,  
 Сасқаннан беремін деп уәде қылды,  
 Өткізіп болғаннан соң жан ұшырды.  
 Амалдап, түйе иесі ол да өтіп,  
 Екеуі қосылып ап ол да құды.
- 3210 Зар еңіреп, құстай ұшып келе жатыр,  
 Кез болып бөлелерге осы түрлі.  
 Бір биік ұзап қашып шықты тамға,  
 Артынан шықты қуып екі адам да.  
 Әкесін көлеңкеде бағып жатқан  
 Бір жігіт отыр еді саябанда.  
 Сасқаннан тамнан ұшып құлап еді,  
 Ол да өлді, өзі нашар кәрі адам да.  
 Үшеулеп қуып жүріп ұстап алды,  
 Кез болды тосын бейнет, амал бар ма!
- 3220 Біреуі көзінді ойып аламын деп,  
 Біреуі қоңнан пышақ саламын деп.  
 Біреуі: «Кәрі атамды неге өлтірдің?  
 Сондай қып соямын, — деп, — әдемілеп».  
 Тұрғанда осы күйде мынау жағдай  
 Ойы жоқ аман-сау боп қаламын деп.  
 Қажы айтты: «Амалым жоқ көресіге,  
 Ерлерім, бір ауыз сөз бересің бе?  
 Үшеуің ынтымақпен ойласпасаң,  
 Үлессең, денем жетпес берешіге.
- 3230 Армансыз не де болса боп өлейін,  
 Бір әділ барып өлтір төрешіге».  
 Ойланып үшеуі де қабыл алды,  
 Сойдалап Төле биге алып барды.

Қалдырмай жөн-жобасын, түрін айтып,  
Бәрі де жай-жайына отырады.  
Қалайық тамашалап бәрі барды,  
Көрсек деп тамашасын жас пен көрі.  
Ойланып ары-бері көп толғанып,  
Төле би мынандай деп сөз шығарды.

- 3240 — Сөз тыңдағын, түйелі ер,  
Қайтарам деп түйенді,  
Асамен ұрған қанша жер!  
Оң көзі мен сол көзі,  
Қай көзі, сірә, болды көр.  
Сол асасы осы ма,  
Қолыңа алып түрегел.  
Басқа көзге тимесін,  
Сол жағына дәл жібер.  
Шыққанына бұл риза,  
3250 Шығарғанға сен риза,  
Беріп-алыс ақың сол.  
Майып болса басқа жақ,  
Беремін жаза айыптап.  
Орнына тұрған түйенің  
Сен, бейшара, қабыл ап!  
Түйеші тұрып ойланды,  
Тисе, дұрыс, тимесе,  
Жазым болса сау жағы...  
Егер қадап ұрғанмен,  
3260 Шықпай қалса бұл тағы.  
Кештім дейді түйеші,  
Мақұл көріп қойған-ды.  
Төле би айтты: «Қайықшы,  
Сенікі кезек, құлақ сал.  
Өткір қайрап пышақ ал,  
Артық-кемі болмасын,  
Ширек ет тура кесіп ал.  
Таразыға тартамын,  
Шығарасың дәлме-дәл.  
3270 Ауыр-жеңіл боп шықса,  
Боласың тағы айыптар.



- Өлсе, құнсыз бұл адам,  
Не қылсаң ол қыл, алып бар.  
Қайықшы ойлап, бұл енді,  
Тура шығу қиын-ды.  
Онда да жаза береді,  
Иә артық, иә кем келеді.  
Сауап шығар, қайтейін,  
Бір жалдаған кемеңі,  
3280 Менде кештім дейді енді.  
Әкесі өлген жігіт бар,  
Соған кезек келеді.  
«Екеуі қуып өлген соң,  
Өлтіруге төнген соң,  
Тамына шыққан әуелі.  
Қастық еткен жоқ шығар,  
Сасқалақтап секіріп,  
Әкеңе ажал келгені.  
Тура жатқан жеріне  
3290 Дәл жатқызып берейін.  
Төбесінен қарғып түс,  
Ұзын да болып сен енді.  
Бұл өлсе, сірә, сұрау жоқ,  
Өлсең өзің майып боп,  
Пешенеңнен көр енді.  
Ойланды толғап бұл да көп,  
Қорыққанда жан керек.  
Шарам бар ма, қайтейін,  
Әкем өлді жазым боп,  
3300 Шыға келді қойдым деп.  
Құтқарған соң бөледен,  
Қорқып қалған Қажекең  
Қол қусырып Төлеге  
Жіберді жылап былай деп:  
— Тап болған соң сорлы азапқа,  
Сауап іздеп шығам деп.  
Кезіктім әділетті төрешіге,  
Болмаса көзім жеткен өлесіме.  
Пидая малым түгіл, бас садаға,  
3310 Бірақ еткен осы әділ төрешіге.

- Құбылаға мұнан бұрын алты бардым,  
 Осымен жетінші боп келесіге.  
 Сауабына айырбастап жетеуінің,  
 Бір мәрте қайырына бересің бе?  
 Сонда Төле би былай деді:  
 — Қажеке-ау, мынау айтқан қате сөзің,  
 Таймадым әділеттен жастан өзім.  
 Пара деп, дүние деп істемедім,  
 Зорларды жонушы едім — бір мінезім.
- 3320 Қалмаңыз жолыңыздан, енді рұқсат,  
 Бір ауыз Аллаһу Өкпар керек сөзің.  
 Күндерде бір күн, жақсылар,  
 Елші келді Төлеге  
 Кіші жүздің елінен.  
 Әбілқайырдың анасы  
 Сәлем айтқан жөнінен.  
 Дайындапты бір сөзді  
 Баласына бұрын өлуден.  
 — Балам, сенен тілегім,
- 3330 Пәлен күні дүниеден  
 Қайтыс болып жөнеймін.  
 Көмбей тұрып әуелі,  
 Өлгенімді білдіріп,  
 Төле биге хабар жібергін.  
 Естіп сөзін бір ауыз,  
 Онан соң мені жерлегін.  
 Естіген соң не дерін,  
 Аманат сізге тапсырған,  
 Сол жағдайдан кеп едім.
- 3340 Өлігі тұрса сақтаулы,  
 Өзіз Төле не дедің?  
 Төле би мұны есітіп жылайды зар,  
 Таң қалған соншалықты отырғандар.  
 Сәлемі маған айтқан қиын екен,  
 Мақсатын орындайтын не шамам бар!  
 Халайық қандай сыр деп көп өтінді,  
 Көріңіз сонша қиын мынау сырды.  
 Дүниеде қолыңыздан келмейтұғын  
 Мүддесі бір өліктің қайсы түрлі.

Сонда Төле би жасын сүртіп, біраз отырып: «Жақсылар, Әбілқайырдың шешесі бір ауыз айтып көмсін дегені «менің өлігімді көпірдің атының тұяғы тимейтін жерге көмсін» деген сөз екен. Мен оны қайтіп орындайын», — деп тағы жылап, бір сөз дейді:

3350 — Жақсылар, әлі түрлі заман болар,  
Қарағай қартаң басын шортаң шалар.  
Тау мен тас, адыр мен шөл, сай мен дала,  
Бұл жүрген жердің бәрін көпір алар.

Осындай деп Төле би,  
Қайтарады бұларды.  
Аңсап құрбы-құрдасын,  
Ойлайды түрлі қиялды.  
Қазыбек, Әйтеке, Абылай,  
Сағындым-ау бұларды.

3360 Бір көріп ек заманды,  
Бір бүгіп ек тізені.  
Ұзақ тартып қонысы,  
Қашықтатты адамды.  
Болмай кетті-ау тағы да  
Өтеген інім хабары.  
Болжалы жоқ өлімнің,  
Бір көрсем екен соларды.  
Барайын деп ойланды,  
Жол жабдығын сайлады.

3370 Қазыбек құда боп еді,  
Қожабекпен туысқан,  
Төленің қызын ап еді.  
Пәйті келсе үйленбек,  
Ала барсам Ниязбек,  
Мынау бірге баламды.  
Он алты жасар күні еді,  
Жасөспірім бұл енді.  
Сауықпен барып қайтсам деп,  
Жаңылға хабар жіберді.

3380 Жаңыл ақын сол күнде  
Он төрт, он бес шамада.

- Жаңа талап, жас күні,  
 Дүниеліктен мүлде жоқ,  
 Өмірі өткен жаяу боп,  
 Құралмаған ешбірі.  
 Жарды көрсе, ұшады,  
 Суды көрсе, кешеді.  
 Ат берсе біреу қолына,  
 Тастайды да кетеді.
- 3390 Кім кезіксе оңына,  
 Әйтеуір, туған бір ақын,  
 Кедейліктің сорына.  
 Айтуынша ортаның,  
 Сыйлы Оймауыт нәсілі,  
 Қарақалпақ лақабы  
 Сіңген соң сонан атанды,  
 Кезек алған Төледен.  
 Қожамжар бидің күнінде  
 Әулие ата Айтақы.
- 3400 Көкөзек деген бір жерде,  
 Ошақты деген бір елде  
 Ұлбике деген қыз өткен,  
 Ұланнан озған мақамы.  
 Қысқалық жерден жаяулап,  
 Тәшкеннен шығып аяңдап,  
 Айтысып қызбен қайтады.  
 Басқа жағын білмеймін,  
 Бар ма іздеп тапқаны?  
 Он тоғыз жасар күнімде
- 3410 Байтақ деген кісінің  
 Мынау еді айтқаны:

Байтақ деген қария кісі менің бабам қой жайып жүрген күнінде Биесыймас, Келес деген жерде Жаңылдың өлігін бірқатар кісілермен қойып жатқанын көрген екен. Жаңыл өзі тірі күнінде жер дүниенің бәрін тоғыз ауыз өлеңге сыйдырып, айтуға шарт қылып, сегіз ауызын сөйлеп, бір аузы қалғанда жарылып өлді деген екен. Қойып жатқан адамдар осы күнде қабірі Келесте, Қаратас ауданының орнаған жеріне жақын, әлі де ба-

рып түнегенге өлең берейін бе, көген берейін бе дейді деген сөз бар. Төле би орнын Құрбанәлі Байтекеге тапсырып кетті.

- Төле би бірге ап жүрді  
 Қасына ақын Жаңылды.  
 Жолдастарменен әртүрлі  
 Құрбыларын көрмекке.  
 Қиялданып ой кірді,  
 Құрбанәлі деуші еді  
 Өтебайдың бір баласын.  
 Соны қойып орнына,  
 3420 Дайындап шаһар қаласын.  
 Тәшкеннен шыға жөнелді,  
 Кездесті екі адамға  
 Бір жерлерге кеп еді.  
 Байғабыл тоғыз қарақшы  
 Төле биді көреді.  
 Атынан түсіп жаяулап,  
 Қол қусырып келеді.  
 Сайды аңдыған қу еді,  
 Ықыласыңмен қол жай деп,  
 3430 Төле би бір сөз дейді енді:  
 — Жақсы ұры малымен,  
 Жаман ұры жанымен құтылады.  
 Жаңа ұрыда жан болмайды,  
 Ескі ұрыда ар болмайды.  
 Сіздердей зиян етер жақында жоқ,  
 Ойламаңдар сырымды білмейді деп.  
 Адам қылмас жұмысты істедіңдер,  
 Зөбір етіп халыққа шашыңнан көп.  
 Жақсы бата берейін қолыңды жай:  
 3440 Мұнан кейін қойыңдар ынсапқа кеп.  
 Бітпеген бас ешкімге сізге тисін,  
 Қатарыңнан мал-басың өркендей боп!
- Тәубе қылған Байғабыл, Байыс дейді,  
 Отыз ұлды ұрпағы Кінамбай деп.  
 Қоя алмастан әдетін кеткеннен соң,  
 Қарамонын тоғыздың дерегі жоқ.

- Мұнан өтіп Төле би Сайрам келді,  
 Құрбы-құрдас көреді әрбір елді.  
 Бәйдібек пен Домалақ анасының  
 3450 Бата қылды, мал сойып басына енді.  
 Тау аралап Құланмен жүріп еді,  
 Қысталаңдау кез болды бір жерге енді.  
 Бір қатын мен бір еркек өліп жатыр,  
 Жорғалаған ортада бала көрді.  
 Өрқайсының мойнына бір асылып,  
 Кезек-кезек еңбектеп барар еді.  
 Құмырсқаның ізіндей қапты жол боп,  
 Құшақтайды асылып жорғалап кеп.  
 Айналақтап таңырқап бәрі тұрды,  
 3460 Жүректері елжіреп мүсіркеп көп.  
 Сөзі бұған бәрінің қарар тапты,  
 Осы адамды зілі ауыр өлтірген деп.

- Қатты налып Төле би бір сөз айтты:  
 — Киелі Төле үш жүзге атанып ек,  
 Мынау ұры өлтірген кім де болса,  
 Көбінен аз ба, жеке бір де болса,  
 Руымен, нәсілімен бала көрсет,  
 Жаратқаның Төле деп рас болса,  
 Ертең емес, дәл бүгін сыр көрсін! — деп,  
 3470 Қатуланып ашуы келді сонша.  
 Дірілдеді сөзіне жолдасы көп,  
 Айтқан сөзі және екі болған да емес,  
 Бір уақиға дәл бұл күн болады-ау,  
 Құлақ түріп жан-жаққа ойла деді,  
 Есітілер белгісі қай жерден кеп.  
 Арнасында Бадамның  
 Шымкенттен жері төменгі,  
 Қызыл сегіз дер еді.  
 Сол Үйсіннен бір ауыл  
 3480 Тұтас жатқан ел еді.  
 Мал баққандар әр жерде  
 Көріпті-міс деседі.  
 Жалғыз көзді бір нәрсе  
 «Көктен түстім» деген-ді.

- Бірі «Үйсіннің аулына  
Бара жатырмын» деген-ді.  
Өріміндей қамшының  
Бұлт пайда болады.  
Ашық еді сол күні,  
3490 Нәсер болды қараңғы.  
Селмен ағып жоқ болды  
Бір ауылдың адамы.  
Сары Үйсін болса керек деп,  
Жобалапты осыны,  
Көпшіліктің тамамы.  
Өңгімеде сөйлейтін,  
Алдеке тек баяны.
- Алғысын Төле бидің алған да көп,  
Біреулер қалған дейді арманда боп.  
3500 Жарылқап берді қарғап өткен кісі,  
Бір келіп кеткен кісі жалғанға кеп.  
Бара жатыр аңсап Төле би  
Қазыбектің еліне,  
Аңсап орта көруге.  
Қиялымда ойлаймын,  
Барған жері бүгінгі  
Ақмоланың шенінде.  
Ат шаптырып хабарлап,  
Жақындап барып жанына,  
3510 Хабар тиді бұрыннан  
Келе жатыр деп Төкең көруге.  
Абылай хан. Қазыбек  
Құшақтасып көрісті,  
Жұртымен шулап келді де.  
Амандығын сұрасып,  
Бірталай тұрды жыласып.  
Көреміз деп ағаны  
Естіген жердің адамы,  
Топыр болды күніне.  
3520 Жіберіліп дерегі,  
Әйтеке де келеді.  
Асыл ғана ерлердей,

- Серкесі еді үш жүздің,  
 Бір қосты басын күнінде.  
 Өткен-кеткен салауат,  
 Көрістік айтса әуелі,  
 Төле би сөйлеп бірінде.  
 Әйтеке би отыр қуаттап,  
 Ылайық мезгеп төріне.
- 3530 Сықылықтап, жайтандап  
 Қариялар төрінде.  
 Әңгімеге айналып,  
 Ұйықтамады түніне.  
 Жастар отыр тың тыңдап,  
 Әйелдер сырттан сығалап.  
 Жаңыл өлең айтады  
 Түні менен күнінде.  
 Мауқын басты ұзақ күн,  
 Аңсаған бірі-біріне.
- 3540 Атқарып неше күндерді,  
 Көп әңгіме тірілді.  
 Күндерде бір күн ұлының  
 Ұйлену жайын сөйледі.  
 — Ниетімізді қабыл ал,  
 Басып өттік көп елді.

Қазыбек жақынының бір қызын бермекші болғанда Ниязбек ұнатпай Қапия Ханкелдіге айтып, өлең арасында былай депті деуші еді Өтеген ақын деген кісі.

- Тобылғының түбінде торғай да бар,  
 Бір жаман мен бір жақсы әрқайда бар.  
 Екі жаман қосылса, күнде керіс,  
 Екі жақсы қосылар күн қайда бар!
- 3550 Жаман қатын, жаман ат, жаман тазы,  
 Мұңайтады жігітті малдың азы.  
 Бейнет болар жігітке өмір — сауда,  
 Көлдің сәйкес болмаса қоңыр қазы.  
 Әйел еркек әр ісін дана қылар,  
 Іс болар ма наданға шара қылар.



Қандай еркек білімпаз болғанменен,  
Бір-ақ әйел өмірін ада қылар.

Төле би Жаңыл ақынның өлеңінен сезіп бата сұрағанда былай дейді: — Мінгені тайқыдан, көкірегі қайқыдан, өзі бүрік, ерні түрік, көзі қарадан, шашы қарадан сақта. Мына сөзден соң Қазыбек барып, көзімен көріп, сылтауыңыз — сұңқар екен, қаз бен үйрек дімкәр екен депті деп, ел ортасында біреулер нұсқа-лапты деуші еді. Бір күні Төле би қайтуына рұқсат сұрайды.

Қайтамын деп еліме,  
Даярланды жүруге.  
3560 — Риза бол, ерлер, аман бол,  
Жазсын тағдыр екінші,  
Қайта оралып көруге!  
Маған берген аян бар,  
Құпиялап сөйлеп билерге,  
Пәлен ай, пәлен күніне  
Бір көргелі кеп едім,  
Елтіп туыс үніне,  
Сыртымнан дуа қыларсыз.

Үш күндік жерге Төлени  
3570 Шығарып бәрі салады.  
Қайта-қайта көрісіп,  
Ажырап зорға барады.  
Арттарына оралып,  
Болғанша таса қарады.  
Бет алған соң алыс па,  
Бірнеше күн жол жүріп,  
Тауысты екі араны.  
Алдынан қарсы кезікті  
Жақын, туыс адамы.  
3580 Он екі қақпа Тәшкенді  
Төле би көп жыл сұрады.  
Бірдей көріп бар жұртты,  
Әділетті тұрмыс құрады.  
Жалаңаш пен жаяуды  
Қорғап, қолдап жебеді.

- Жүрегіне жастардың  
 Ізгілік гүлін егеді.  
 Баласындай жұрт біткен,  
 Сөзіне айтқан сенеді.
- 3590 Қошаметтеп бәрі де  
 Әкеміз деп біледі.  
 Аузы өткір жарамды  
 Құрбанәлі дейтұғын  
 Ағасының ұлы еді.  
 Ішкі ауыр жұмысты  
 Жайғарып жүрген бұл еді.  
 Төле би шықса далаға,  
 Қалушы еді қалада.  
 Жайсыздау болып кірісі,
- 3600 Айғыр аты көп өлді,  
 Себеп болып сарттардан.  
 Отыз үш жасқа келгенде  
 Ол менен үлкен деп еді.  
 Осындай себеп жағдаят,  
 Пәйітті жерде сөйлерміз.  
 Қожамжар биге келгенде  
 Босады қатты көңілі.

Күндерде бір күн Төле би қала ішінде ауырып, біраз күн жатып түзелді.

- Жастыққа ауырады басын салып,  
 Көксейді құрбыларын жадына алып.
- 3610 Сол күнде қалада емес, далада еді,  
 Қазақы үй қала ішіне тігіп алып.  
 Тартып ап орамалмен бас көтерді,  
 Жазылып түзелгендей ыңғайланып.  
 Қарлығаш шаңыраққа ұя салып,  
 Көшуге обалсынды бұзып алып.  
 Бір күні атын жазып, тас ойдырды,  
 Үй ішін сағаналап, ойға қалып.  
 Көп аңсап Өтегенді сағынуда,  
 Сонан бір берейінші хабар алып.
- 3620 Бата алып Төле биден шыққан елден,

- Жұрт үшін серілікке басын берген.  
Талайын Жамбыл ағай айтқан еді,  
Қосымша мен де айтайын аздап білген.  
Үйінен қару сайлап шықты дара,  
Торғындап дуана боп өзіз аға.  
Жетектеп он екі ақ бас атан түйе,  
Сөлделі шал кезікті шыға сала.  
Мынау шал кім екенін сұрамады,  
Сөзі көп сонда дағы арадағы.
- 3630 Оралып үйіне күндік жер қалғанша,  
Көзінен бір күн таса бола алмады.  
Бірге жатып, бір тұрып,  
Жолдас болды ұдайы.  
Ұзап шыға бергенде,  
Мынау болды сыңайы.  
Қарсы шығып айдаһар  
Құйрығымен алдынан,  
Жол берместен орайды.  
Ұзатпайды оралып,
- 3640 Өтеген тұрды нала қып.  
Бара алмаймын ба жеріме,  
Көңілімді билеп алалық.  
Басқа жаққа жүргізбей,  
Бас изеген адамдай,  
Келеді қалмай қозғалып.  
Жолдас шалдан сұрады:  
— Бүйтіп жүр, — деп, — бұл неғып?  
Жәрдем сұрап келген-ді,  
Бір жазым түсіп тарлыққа.
- 3650 Артынан іздеп баралық  
Игіліктің ерте-кеші жоқ,  
Қайыр ас болса, жалықпа».   
Ұмтылды алға, ілгері,  
Айдаһар бастап жүрді енді.  
Біраз жүрсе, тау жақын,  
Бір үңгірге келді енді.  
Ішіне қарап, бас изеп,  
Үңгірдің шығып үстіне,  
Айдаһар аулақ тұрды енді.

- 3660 Бір жұмбақ сыр мұнда бар,  
Шал менен сері білді өнді.  
Қолына алып қылышын,  
Ұмтылып кірді ілгері.  
Онан да үлкен айдаһар  
Ішінде жатыр күрделі.  
Жұтқан екен бұғыны,  
Аузына келіп қапталып,  
Киліккен екен мүйізі.  
Соған бастап ап келген,
- 3670 Жәрдем сұрап, тәрізі.  
Қамшы салып табандап,  
Өтеген батыр суырды,  
Шыққанынша құйрығы.  
Тастаған атып барабар,  
Талып қалды айдаһар.  
Жерге түсті сәлден соң,  
Үстіндегі ақ гауһар.  
Дөңгелетіп алтынды,  
Алып келді алдына,
- 3680 Адамның басы барабар.  
Иманынан бір еді  
Жол жабдығы көмегі.  
Қайыр қош деп бас изеп,  
Рұқсат етті, жөнөді.  
Күндерде бір күн тағы да  
Білінді бір сыр дерегі.  
Күңіренген дауыс зарланып,  
Құлағына келеді,  
Ойпырмай, атаңа нәлет деді.
- 3690 — Жалықпа, балам, сабыр ет,  
Оны да барып көрелі.  
Аңғарса, ол да айдаһар,  
Шамалы жақын кеп еді.  
Қараса болжап сығалап,  
Жартаста қазықтай жылан тұр,  
Оқ жылан деді шамалап.  
Екеуі болжап тұрады,

- Ары-бері зырқырап,  
Айдаһарды ұрады.
- 3700 Көктеп өтіп кеткен соң,  
Күңіреніп дауыс шығады.  
Сырқырайды сүйегі,  
Өтеген көріп мынаны.  
Шал айтты: «Балам, қайыр іс,  
Кідірместен аттан түс.  
Құтқарайық азаптан,  
Зарланады көріп күш.  
Садағыңды сайланып,  
Мойнынан атқын оқ жылан.
- 3710 Қайыр іске болдың түс,  
Жол болуға дұрыс іс».
- Өтеген қолына алды садақ жайды,  
Толғанып, мойнын көздеп шамалайды.  
Аянбай бар күшімен тартып еді,  
Жұлдыздай атқан оғы зырқырайды.  
Бөксесі, мойны үзіліп жерге түсті,  
Жыланның басы үзіліп аспанға ұшты.  
Қамшының сегіз өрме ұзынындай,  
Алдына қарсы келіп жақын түсті.
- 3720 Сәл болса, кетеді екен өзін жарып,  
Дорбаға сақтаттырды басын салып.  
Шалының жолдас болған нұсқауымен,  
Қылышын заһарымен бір суарып,  
Осындай, айта берсе, ерлігі көп,  
Бұл шалды ойында жоқ ертеді деп.  
Кездіріп дүниені қайтарайын,  
Қашанғы отырайын ертегілеп.  
Армансыз қыс пенен жаз аралады,  
Ұзақ жыл қайтуына шамалады.
- 3730 Бет алып енді еліне келе жатса,  
Бір жерде топ керуенге кез болады.  
Керуенмен жолдас болса сансыз малы,  
Суменен шөлдегенде адам саны.  
Кез болды түбі шыңырау бір құдыққа,  
Қауға сап суын тартып ала алмады.

- Беліне арқан байлап адам салса,  
 Кесілген басы сынып қан болады.  
 Жан қияр Құдай үшін ер бар ма деп,  
 Мал айтып көпшілігі зарланады.
- 3740 Ауыр жол ойға түсті саяхаттар,  
 Бір жақтан нұсқау қып тұр жолдас шалы.  
 Көп үшін ер Өтеген түспек болды,  
 Көрсем деп неде болса мұны тағы.  
 Беліне арқан байлап шыңға түсті,  
 Түбінде бір дәу отыр өте күшті.  
 Қасында бір сұлу қыз, бір құрбақа,  
 Түк басқан, нәрсе емес адам түсті.
- Ей, жігіт, есің жиып бір қара! — деп, —  
 Араға сұрау қойды бір жұмысты.
- 3750 Сұлу ма бұл құрбақа, қыз сұлу ма,  
 Қанжар алып айтқын! — деді мынау істі.  
 Ыңғайлап қыз сұлу деп тұрғанында,  
 Біреуі үш насихаттың ойға түсті.  
 Сүйгені әр пенденің сұлу деді,  
 Жуасып дәу: «Рақмет!» — деп күлімдеді.  
 Мен едім бас кесетін адам түссе,  
 Нәрсемді таппаған соң көңілімдегі.  
 Дәу қарап құрбақаның көзіне ашық,  
 Ойланып мұны жаным білгін, — деді.
- 3760 Көзінен құрбақаның қойды сүйіп,  
 Дүниеде ұнатам, — деп, — жаным сені.  
 Қидым, — деп, мынау сұлу қызды берді,  
 Енші деп сансыз алтын, күміс берді,  
 Қайыр-қош, аман-сау боп барыңдар, — деп,  
 Босатты құдық суын түбіндегі.  
 Өтеген қызды да алды, пұлды да алды,  
 Пұлымен құр өңгеріп, малын да алды.  
 Үйіне күншілік жер қалғанында,  
 «Сау бол!» деп жолдас шалы ажырады.
- 3770 Қазына олжалы, айдап сансыз малды,  
 Үйіне қараңғыда түнде барды.  
 Қаперсіз шырт ұйқыда жатқан ұйықтап  
 Жанына әйелінің жақындады.

- Қойнында дардай үлкен жігіт жатыр,  
Қылышын шабайын деп қолына алды.  
Оң қолды сол қолыңмен басқын деген,  
Бір насихат ойындағы түсе қалды.  
Анадай төсек салып жерге барды,  
Таң атса білейін деп жайын тағы.
- 3780 Бір жасар кеткен күнде баласы екен,  
Жігіт боп жатқан Тарпаң қойнындағы.

- Таң атқан соң еліне  
Білінеді дерегі.  
Өтеген өліп қалған деп,  
Үзген еді күдерді.  
Құшақтасып көрісіп,  
Жұрты шулап келеді,  
Сағынғаннан жылайды.  
Есендігін сұрасып,
- 3790 Өңгімесін тыңдайды.  
Төлені сұрап алдымен,  
Өзгеге сабыр қылмайды.  
Жазылып басын көтерген  
Аурудың айтты дерегін,  
Тезірек барып көрейін.  
Құшақтасып, көрісіп,  
Төле бимен жылайды.  
Ауырып аунап тұрдың деп,  
Көзінің жасын бұлайды.
- 3800 Інісін аман көрген соң,  
Қайта бір жасқа кіргендей,  
Төленің көңілі тынады.  
Сүйеніп алып жастыққа,  
Өңгімелесіп күнімен,  
Ұйықтамастан түнімен,  
Құлақ қойып тыңдайды.  
Үйден шығып, келгенше,  
Бәрін де айтты көргенін.  
Он жеті жыл ішінде
- 3810 Ой маржанын тергенін.  
Айтады түрлі тамаша,

- Үйден шыға бір шалдың  
 Жолдастасып жүргенін.  
 — Бірақ арман сол жерім,  
 Сұрамаппын мен жөнін,  
 Кім екенін білмедім.  
 Кәпір басқан демесең,  
 Алатаудай жер қайда!  
 Аспан асты, жер үсті,  
 3820 Оған келер тең қайда!  
 Иран, Ауған, Түрікмен  
 Бұған тура келмейді.  
 Ауасы жайсыз жылы екен,  
 Қайтсе дағы көңілді,  
 Алатаудай бөлмейді.  
 Үндістанның саласы,  
 Күнге күйген даласы.  
 Рас екен бұрынғы  
 Асан қайғы санасы.  
 3830 Білдірейін оны да,  
 Былай екен жобасы.

«Екі Келес, бір Талас, қозы бағар айыр қас, күшің келсе, аттың сауырына салып жүретұғын жер екен, бірақ кәпірде қалатұғын ел екен, сол жағдайы болмаса, мен Иранға жақын бір жұртты көрдім. Халқы жылқыны жемейді екен, көшіп келсеңдер, жылқы малды тастап, бөлегін алып келіңіздер» дейді дегенде, жұрт «жылқыны тастап қайтіп барамыз» деп өсек айта бастады. Сонда Төле би: «Шырағым, Өтеген, мен әлі аурудан дұрысталып түзелген жерім де жоқ, белгі беріп, саған арнап үй салдырып отырмын. Өзім де оңашалап айтайын, жақында дүниеден көшсем керек. Ендігісін көпшілік өзі білер және анау екі жүз де бөлініп кетіп, онан бергі жерде ұлы жүз де басымен тозып тұрған кезі болды. Жаныс болып Тәшкенге ие болып тұрсаңдар да жаман емес, менің бір ауыз тілімменен бар өміріңді сапарда өткіздің, екі дүниең мамыр болсын.

Төле осылай деп бата берді деуші еді, Бекасыл деген кісі.

Өтеген Төле биден бата алды,  
 Абырой тегіс көр деп бас пен малды.



Мамыр боп анау жайың оңлансын деп,  
 Көзінен жасын төгіп іркіп алды.  
 Сонымен тарқады жұрт жай-жайына,  
 Жиналған әңгімеге жұрттың бәрі.

Жарылқамыс, Жантанның ұрпақтарын басқа Жаныс лақапта Қасқарау дейді. Жарылқамыстан Байымбет, онан кейінгі Бұқар, онан Сырымбет, онан Өтеғұл, онан Өтеген батыр. Менің білуімше, бұл кісінің үш аты бар: мүйізді Өтеген, сері Өтеген, батыр Өтеген дейді.

- Отырып Жаныс Тәшкенде,  
 Қыстағыға айланды.
- 3840 Көпшілігі сол болды,  
 Жүрмесе көшіп барлары.  
 Аздап айтып өтейін  
 Бір кішкентай жанжалды.  
 Менмен еді Төленің  
 Шора деген ағасы,  
 Бәйбішенің баласы.  
 Әуелден ақыр бір мінез,  
 Біреуі бек болған соң,  
 Өркендеді шамасы.
- 3850 Бейқазы деген кісімен  
 Сәл нәрсеге таласты.  
 Ұзын сақал кісі еді  
 Белбеулікке түсетін,  
 Бейқазының түр жобасы.  
 Сақалынан тұтамдап,  
 Қалжың қыла бастады.  
 Ойынынан өрт шығып,  
 Ерегес болды өршігіп,  
 Араз болып аймағы,
- 3860 Қырдағысы, ойдағы,  
 Бәрі көше жөнелді.  
 Қырық үй екен сол күнде  
 Қасқарудың көп елі.  
 Бір сөзінде осындай  
 Кенен ақын деп еді.

- Бұрылмастан артына,  
Шымкент, Сайрам келеді.  
Сол күндерде Сайрамнан  
Үріккен Ботпай ел еді,  
3870 Араласып сонымен,  
Көшті бірге дер еді.  
Мәнісін аса білмедім,  
Сонда да былай себебі.  
Алатаудың арасы,  
Сайрам судың екпінін  
Сейпіл деген бір жерде  
Өрмек тоқып отырып,  
Бір қыз, бір сиыр көреді.  
Бірен-саран адамдар  
3880 Таудан түсіп келеді.  
Солардың түрі жау шығар,  
«Қамданғын жұртым» деп еді.  
Той болып жатқан күні екен,  
Көпшілік тілін алмады.  
Тілін алған сол қыздың,  
Бір ауыл боп қамданды.  
Қашқандары құтылып,  
Отырғандар ұтылып,  
Деп айтады Ботпайлар.  
3890 Сондағыдан қалғаны  
Таутекенің суреті  
Салынған тастың бетіне.  
Шыналы датқа айтулы,  
Солар салған таңбаны.

Сол күндерде қазақ қызығып жерге орналаса бастап, бірінен-бірі қызғаныш етіп, күні бұрын малдың басын көміп қойып, айтыса кетсе, пәлен уақта «көмген басым бар» деп көрсететін сияқты. Жартас бетіндегі таутекенің суреті сондай жағдайлардан қалуы керек деп ойлаймын.

Қасқарау, Ботпай бірігіп,  
Сол себеп бірге барғаны.  
Алматының жанынан

- Қатар қоныс алғаны.  
Есітуім және бар,  
3900 Әбдіғапар сөзінде  
Елекке ауып кезінде  
Сарыарқаның жерінен,  
Ем іздеген төзімге,  
Қайтқан қимас сезімде.  
Араздасып ағайын,  
Сәл нәрсеге таласты.  
Ұлы жүз түгіл, Төле би  
Жаныстан да адасты.  
Налыған дейді Шораға,  
3910 Ішінде деп аласы.  
Ұрысуға орны жоқ,  
Жарылқамыс, Жантанның  
Ұзаған соң баласы.  
Сырымбет сынды бабам-ай,  
Мінездес іні-ағам-ай,  
Алды-артымда қалам-ай.  
Бір ауыз сөйлеп сөзімді,  
Жұрт үшін кезген дүниені,  
Өтеген сері ерім-ай,  
3920 Сендейді қайдан көрдім-ай!  
Мен не дейін Шораға?  
Басыма бейнет арттырды,  
Қауіпті күні елімнен  
Ағайынды жат қылды,  
Жабырқады Төле би.  
— Өзімнен көрдім қорлықты,  
Басқадан көрдім сыйлықты.  
Әрбір кезек ісіме  
Ағам мен інім килікті.  
3930 Әуелден біткен бақ еді,  
Еткен ісім ақ еді.  
Бір жағынан қырғыздар  
Шауып маза бермеді,  
Бойды ыза кернеді.  
Қоралас ер қасқайып,  
Қол бастады жалынды.

- Шапырашты Ботпай, Қасқарау,  
Абылай ханға шағынды.  
— Кетті, тақсыр, сәніміз,  
3940 Таланға түсті малымыз.  
Қырғын тауып қырғыздан,  
Қырылды сансыз жанымыз.  
Абақ пенен Тарақты алды,  
Шолаққорған, Созақты алды,  
Сізді алуға сәл-ақ қалды.
- Абылай хан сөйледі,  
Үшеуінің сырын ұғынып:  
— Сабыр еткін, ерлерім,  
Қала алмаспыз бұғынып.  
3950 Сүмбіле тусын сұңқиып,  
Ат семірсін құнтиып.  
Сол уақта жұрт жиып,  
Армансыз болып қамданып,  
Көрейін жауға бір тиіп.  
Осылай деп Абылай,  
Ер Жауғашты қайтарды.  
Бір күндерде күз болды,  
Ұзатып несін айталы.  
Абылай келіп онан соң,  
3960 Меркенің болжап ой-қырын,  
Шұңгірдің тауын қиқарды.  
Тобын көріп қырғыздың,  
Мынандай бір сөз айтады:  
— Атымыз шөлге үйренген тегістегі,  
Ұрыспақ таулы жерде келіспейді.  
Ол жерден қырғыздарды алу қиын,  
Аттары тауға үйренген өрістегі.  
Жеткенше айдай кең сарай,  
Артымызға қашқан болып көріселі.  
3970 Бұқтырма жол-жөнекей мерген тастап,  
Қол болса кей жыраға өрістегі.  
Арт жақтан қырғыз қуар өрнектеліп,  
Атының мойны қатар ұзап келіп.  
Ұзатып қайта оралып ұрыс қылайық,

- Қосылсын жолдағылар көмек беріп,  
 Жеткенше Алатауға құтқармаспыз,  
 Шұбалып тыңнан ұрыссақ демеп келіп,  
 Осындай әдіспенен қолды болды,  
 Жиналған көпшілігі мақұл көріп.
- 3980 Әуелде сасқан болып қазақ қашты,  
 Ұзаққа қуып үдеп қырғыз басты.  
 Жеткенше Қорақұты етегіне  
 Олжаға оза шауып жапырласты.  
 Бұрынғы ойлап қойған жөніменен,  
 Оралып хан Абылай қайта басты.  
 Жеткенше Алатауға бәрін жайлап,  
 Өршітіп бірін қоймай қанын шашты.  
 Екі адам сонша жаудан тірі қалды,  
 Жасырып алып қалған осыларды.
- 3990 Шыныға Әбден деген себеп болып,  
 Байтүгел, Ерқанайды босатады.  
 Араға бұл сөздерді қосып өттік,  
 Сөйлейік Төле биден уақиғаны.
- Шыннан бір ері боп  
 Алматының Ботпайы.  
 Басына сонда орнаған  
 Дулаттың дуа алқабы.  
 Қырғыннан қырғын күн-күнге,  
 Меркедегі халықтары.
- 4000 Келіншек Ботпай атанды,  
 Сыпатай, Аңдас шыққан соң,  
 Ерек болып шарықтады.  
 Мен білмеймін, жақсылар,  
 Дулат атам себеп боп,  
 Құдайбердіге келгенде  
 Арнаға түсті желектеп.  
 Қыдыр дарып Әлібек,  
 Әлібектің бәрі бек.
- 4010 Қасықтап жиған жұртымды  
 Төкті-ау бұлар етектеп.  
 Жотаның шығып басына,  
 Күңіренді Төле не етем деп.

- Осыменен, жақсылар,  
 Аз күн өтті арада.  
 Малды, үйлі далада  
 Жарамды сыпа ерлермен  
 Қаладан шықты далаға.  
 Отырған еді ауылы  
 Қаратас деген шамада.
- 4020 Алыс-жақын адамын  
 Шақыртып алды Төле би,  
 Ауруы қатты күшейіп,  
 Жанына түсті ауыр күй.  
 — Келіңіздер, ағайын,  
 Сылтау тастап, жай сөйлеп,  
 Дүниенің айтты баянын —  
 Әрнәрсе енді түсіме  
 Осы биыл ағаңның.  
 Құдайберді, Әлібек,
- 4030 Аталарым келіп жүр.  
 Сеземін өлім хабарын —  
 Дәулет деген бір сөзді  
 Екі мәндеп айтады.  
 Әуелінде дау болып,  
 Бір басқа жетер шатағы.  
 Төзу керек бәріне —  
 Біліктілер айтқаны.  
 Жолдас болсын иманым,  
 Болжал бар ағаң қайтқалы.
- 4040 Осындай деп Төле би  
 Аударылып жатады.  
 Естіп хабар алыстан,  
 Жаңыл кеп тіл қатады:  
 — Жан аға, сұрауласып аманыңды,  
 Есітіп тұра алмадым хабарыңды.  
 Жатырсың қара нардай енді көлбеп,  
 Тоздырған жауға қарсы табаныңды.  
 Сай болып жаралған жоқ дүние бастан,  
 Тұлпар жоқ танбай шапқан шаршамастан.
- 4050 Көшпе бақ, аумалы әруақ әркімде бар,  
 Алтын ту келе жатқан жоқ құламастан.

- Билеген жеті ықылымды хан мен сұлтан,  
 Соның да көңлі өтті тына алмастан.  
 Сүлеймен, Искендірмен желге мінген,  
 Сап байлап қызметінде олар жүрген.  
 Бәрінен ойлап тұрсаң өлім күшті,  
 Солардың бәрін жеңіп сүріндірген.  
 Есім хан өліп, қазақ көніп еді,  
 Ізіне жоғалмастай сеніп еді.
- 4060 Төле би, ер Қазыбек, тілді Әйтеке  
 Асқар тау Қазығұрттай білімді еді.  
 Бірі күн, бірі туған айдай болып,  
 Заманға сәйкесімен келіп еді.  
 Қазақтың Алатаудай ай серкесі,  
 Дүние-ай, көшетұғын көрінеді.  
 Жалған-ай, бір көшкен соң толу қайда,  
 Әділ би Төле бидей болу қайда!  
 Алты ауыл көтеріле көп Жанысың,  
 Ордаға сіздей болып қону қайда!
- 4070 Жария өзіз Төле шықты атың,  
 Ұл тумас өзіңдей қып енді қатын.  
 Серкеден бастап жүрген адасып жұрт,  
 Жесірдей сыңайы бар бір болатын.  
 Ерім-ай екі елуді жасамаған,  
 Жемеген бір пұл пара нашарлардан.  
 Бір аттап аманында кетейінші,  
 Дарига-ай, құшып жапсар босағаңнан, —

дегенде, Төле би жастықтан аударылып жатып: «Шырағым Жаңыл, ақыретің мамыр болсын», — деп бір ауыз сөз сөйлепті. Сонда тағы бір ауыз өлең айтты.

- Күнінде оздың, Жәке, бір тайпа елден,  
 Жарысқан оздың-ау сен құрбы теңнен.
- 4080 Бір қатар ұлы жүздің баласында,  
 Жігіт жоқ дәл өзіңдей қызық көрген.

Бірқатарлар ұғындырған соң Жаңыл және де: «Жәке, арманыңыз бар ма?» — депті.

— Қош аға, туыс көріңіз,  
 Көргелі келдік сізді біз.  
 Жалпағынан дүниені  
 Әбден басып жүрдіңіз.  
 Сізсіз шылбыр бермеді  
 Түгел қазақ еліңіз.  
 Мал менен бас барабар,  
 Сайлы дәуір сүрдіңіз.  
 4090 Әділетке салғанда,  
 Шамамда жоқ мініңіз.  
 Ұқсақ деген сырымыз,  
 Сізде арман бар ма екен,  
 Сұрайықшы соны біз.

Сонда Төле би: «Шырағым баласың-ау, өзгелерден менде арман көп. Себебі қырғыз-қазақтың бір туғанындай күнінде туылып, енді алаң ашық болып, шілдей бытырап тозып, енші алған күндерінде қайтып өтіп барамын», — депті.

Сөзіне түсінеді жиналған көп,  
 Сұрады бір сыр халық өтініш деп.  
 — Айтсаңыз, бәріміз де құп алар ек,  
 Кімді біз орныңызға қоямыз бек?

Төле би айтты былай деп:  
 4100 — Қоймайсыздар шаршы топ.  
 Аспапты жерге барамын,  
 Болады қандай заманым!  
 Айыр ма, түзу, қисық па,  
 Сансыз құрдым билікті.  
 Көпшілік өзің білесің,  
 Мен жалғызбын, сіздер көп.

Үлкен-кіші жастары қайта өтініп: «Өзіміз, сірә, білерміз. Сонда да сіздің бір ауыз айтуыңызды дұрыс көреміз», — деген соң, Төле би бір сөз дейді:

— Менен кейін бұзылып,  
 Хандық мирас болмайды.



- 4110 Тұғырға қайтып қонбайды,  
Көңілің, жұртым, қалмасын,  
Ақбота, Абыл, Шорадан  
Айтайын бір балларды.  
Біраз күннің ішінде  
Болады Байтек салдарлы,  
Састыратын хандарды.  
Өткір болар өзімнен,  
Өттең, ұзақ бармайды.  
Бір-бір баян қылайын,  
Баллары момын шаруа
- 4120 Өтебай мынау ағамның.  
Інімнің болса баллары,  
Шаруа бұл да сынадым.  
Үлкенім Өзбек, Сүйіндік,  
Менмендеу түрі бұлардың.  
Ақпейіл Жолаң, Қожабек,  
Елдің парқын айырып,  
Аңғармас жақсы-жаманын.  
Түп негізін білмеймін,  
Қожамжарды ұнаттым.
- 4130 Жүністен кесір болмаса,  
Иесі өзі гүл бақтың.  
Түбі қоры құриды  
Білер арзан, қымбат кім? —  
Қайтып жауап бермеді.  
Біраздан соң сөйледі:  
— Бір түс көрдім, жақсылар,  
Жорып соны бер! — деді, —  
Шыққан екен қатар боп,  
Екі терек жарысып.
- 4140 Біреуіне мен шықтым,  
Біріне шықты Қойкелді.  
Мен шыққан бір теректен  
Көшет терек өрледі.  
Көрінбей кетті жоқ болып,  
Шыққанда мен Қойкелді.  
Үш ұмтылдым орнымнан  
Көрінбейсің, — дей берді, —

- Жарамды жас шыбықпен,  
Мәнісін айтып бер! — деді.
- 4150 Олай-бұлай толқытып,  
Жоруын ешкім білмеді.  
Бас көтеріп жастықтан,  
Өзі тұрып сөйледі.
- Жақсылар, оңай-ақ қой түстің мәні,  
Шынар, демек, көрсеткен дәрежені.  
Өзі өлген соң Қойкелді даңқы ұзамас,  
Мендей болмас лақабы дәрежелі.  
Болмағанда сөз қосып мақал тағы,  
Көшет терек мәнісі — інім Байтек,
- 4160 Өткір болар, келтелеу өмір шағы.  
Күні бұрын қамданып ойлап едім,  
Жататұғын бұйырған жерім менің.  
Бас жағыма нақыштап шым ойдырдым,  
Ұя салған қарлығаш үйге қойғын.  
Мынандай бір тапсырма аманат бар,  
Жүніс, саған көптен-көп өтінемін.  
Өткеннен соң жеті жыл екі арада,  
Бір әзіз бұл Тәшкенге келер бала.  
Шайқантауыр өзінің аты болар,
- 4170 Қайтса, жатсын жанымда менің дара.  
Кісілерге көптен-көп өтінішім,  
Сіздер де айтқын көз көрген үлкен-кішің.  
Бас жағыма қойылсын сүйегі оның,  
Аяқ жағы басыма тақау тұрсын.  
Тағы сәлем үш жүзде көз көргенге,  
Өзі сұрап дуада іздегенге.  
Киелі ұлым, көп сәлем, Абылайға,  
Шағы келсе, бір қоссын елді елге.  
Қартайған соң әруақ жын болады,
- 4180 Жын қартайса, деген сөз жым болады.  
Енді басқа әңгіме дей алмаймын,  
Түрлі-түрлі бізден соң күн болады.  
Аман-сау боп қайыр-қош тұрыңдар, — деп,  
Иман айтып Төле би дүние салды.  
Жұрты тегіс жиылып,

- Жаназалап Тәшкенге  
 Алып жүрді Телені.  
 Тоқсан үшке келген жасында  
 Қайтып өтті деп еді.
- 4190 Орда қонған ақ Борқан,  
 Өлген жерін деп еді.

Алмақұл Шарбақ ұлын ертіп барып көрсем, жуған жеріне белгілеп тас үйген екен. Жеті қадам санадым, бірақ төбешіктеу жер болып кеткен, сонда да аңғарып болжап «мынау орны болса, он екі, он үш қадамға баратұғын, айналасын зер салып аңғарсам, қарауылдап қараған адам төрт тарабынан күншілік жерлерді болжалдап көріп тұратұғын түрі бар. Замана жағдайына қарай қарауылдап жаудан үркіншілік уақта жайлайтын қонысы шығар» деп ойландым.

- Алатаудың үстінен,  
 Тәшкенге ертіп барады.  
 Табыт тартқан түйенің  
 Жолда түсіп бұрауы,  
 Долана болып бір топ шығады.  
 Адырында Қақпақтың,  
 Деп айтады мынаны.  
 Ұя салған қарлығаш
- 4200 Қаланың орта шенінде.  
 Ұя салған себептен,  
 «Қарлығаш би» деп атанды.  
 Түгел Тәшкен еліне,  
 Шайқантауыр пайда болады,  
 Жеті жыл айтқан күнінде  
 Жүніс қожа сөйледі:  
 — Басында болып айтқан тұр,  
 Күәлік берді көргендер.  
 Естігенің қандық, рас па ол,
- 4210 Аманат сізге тапсырған,  
 Қабірі соның мынау бұл.  
 Шайқантауыр сөйлейді:  
 Есітіп қанып бұлардан  
 Келерімді, кететін

Өлерімді болжаған,  
 Көрмесем де шәкіртпін,  
 Өзіз екен ол адам.  
 Аяғына жатамын,  
 Сіздерге мәнді айтарым.

- 4220 Аяғын ала қосылды,  
 Бұл да айтып насихат еліне.  
 Шайқантауыр мөхалласы,  
 Деп айтады бұл күнде.  
 Иззет еткен жөніме,  
 Дүниеден көшіп Төле би,  
 Жұрт сұрады орнына  
 Қожамжар би баласы.  
 Болған жылы сол шығар,  
 Қара тастан ойылған,
- 4230 Жақыпбектің қолында,  
 Мынау еді жобасы:  
 Бір мың бір жүз он алты,  
 Хижраттың санасы.

Төленің өлген жылы да сол ғой деп ойласып едік, ол дейік десек, сұрастырып байқағанда тарихта да, жобада да, бірқатар біліктілер сөзінде де Тәуке ханнан Төле би ақиқат жиырма жыл кейін өлгендігі сезіледі. Мүрдесі қатар десек, менің баларақ күнімде көруім сол еді, бірақ Төле бидің тоқсан үш жасында өлгендігін қариялар түгел айтушы еді. Қарлығаш ұя салып, баласын ұшырсын деген жағдай және ол күнде жайлауға сары таңда шығады екен. Сол себепті июнь айларында үлкен жобаға келеді деп қиялымда ойлаймын.

Қожамжар би Байтеке дәуірі және Қоқан дәуіріменен тәмамдаймын. Енді баяндайын.

Қожамжар бидің сыртынан  
 Жаныстар түгел болған жоқ.  
 Ұлы жүз тарқап бұрыннан,  
 Шамалы жұрты бар еді,  
 Тентек тілі көбейді.  
 Майдалар болды тынышсыз,

- 4240 Арқа сүйеп бір ерді.  
Жақсы ат, сұлу қыз болса,  
Ала қашып жөнелді.  
Айта берсем бірталай,  
Көрсетіп жүр өнерді.  
Жүніске бәрі жағынып,  
Кейінге айта бер деді.  
Мынандай еді жауабы:  
Атқарсын мынау тұманды.  
Хан көтеріп өзінді,
- 4250 Көзімізге сүртер ек,  
Бір ауыз айтқан сөзіңді.  
Қаңлы, Шанышқылы, Құрама,  
Сарттарменен бірігіп,  
Жасырын шарты сезілді.  
Жүніс қожа мақұл деп,  
Мұның көңілі бұзылды.  
Дұшпандыққа айналды,  
Қандай пікір айтсам деп,  
Кеше күндіз ойланды.
- 4260 Сұрауына Қожамжар,  
Өткенді төрт жыл болжалды.  
Қожамжарға бір күні  
Айтты Жүніс былай деп:  
— Барады елге зайыр боп.  
Обалына қап жүрсіз,  
Пайдалы ерді басып жеп.  
Бұлар еді тәртіпті ел,  
Шырайлана оралып,  
Соғылса биік қорған боп.
- 4270 Қожамжар мұны жөн көрді,  
Өте мақұл жөн деді.  
Ұсталарды жиып ап,  
Ақысына мал берді.  
Шырайнала орады,  
Қалалы қорған соғады.  
Өтпейтін істеп жайларды,  
Көлдетіп және су алды.

- Қылыш, сайман, найзамен  
Бір дарбаза аузына  
4280 Екі-екі жаллад қояды.  
Басын кес деп тақаулап,  
Тентек тілі болған-ды.  
Дүние ап қашқан ер болса,  
Жалладтар басын кескен соң,  
Саяқ тентек жоғалды.  
Қару-құрал түгендеп,  
Бір жерге қойды сайманды.  
Оқ-дәрі тауып істетіп,  
Жұртты билеп ала алды.
- 4290 Тәртіпке тәуір түсіріп,  
Бекітті тас қамалды  
Қожамжардың мінезі.  
Болады өзі қалада,  
Малды, үйлі далада,  
Өткен еді Төле би  
Осы айтылған жобада.  
Көш басында бір үйі,  
Малды, үйлі далада.  
Қырық жігітпен Қожамжар
- 4300 Шығады бір күн далаға.  
Жүністің айтқан сөзі бұл:  
— Бие байлап, сүт сауып,  
Біраз күн, тақсыр, сауық қыл.  
Рахаттанып, желпініп,  
Сырбаз жеп, қымыз ішіп тұр.
- Бірқатар жұртты бұзады,  
Сөз таратып араға,  
Бұрынғы сыр жобада,  
Алдынан ұрыс бастады,  
4310 Қожамжар би оралып,  
Кірейін десе қалаға.  
Қолында қалған күш-қуат,  
Қаруы сай және де.  
Әскері сай бұрыннан  
Сауыт-сайман қылышын,

- Сайланып алған дұрысын.  
Екі жар болып соғысты,  
Базары қызып ұрыстың.  
Қызыл қанға бояды
- 4320 Азаматтар жер үстін.  
Өздіктер алып олжалап,  
Оза шауып қолдасып,  
Нашарлады Қожамжар.  
Бөтен емес, ағайын  
Алалығы құрысын,  
Жанысты қырып қашырды,  
Ықпалы жүріп Жүністің.  
Қырсығына айналды,  
Басы түсіп олжаға.
- 4330 Малы түсіп талаңға,  
Айыптап Жаныс айдады.  
Қашқан жауға қатын ер,  
Қаңлы, Шанышқылы сауытпенен  
Келеді қуып бұларды.  
Шұбалғанын түсіріп,  
Шыға шаншып олжа алды.  
Атаға бала қарамай,  
Миятқа өні жарамай,  
Алды-алдына аңдады.
- 4340 Сыртқа сіңіп қалғаны,  
Жаныстан ұрпақ көп сіңген  
Тәшкеннің бүтін аймағы.  
Өзбекшелеп сөйлеген  
Ішінде көп баллары.  
Даласында да көп аты бар  
Қыбырай, Дәрмен, Нияздың.  
Бес бала деп айтылар,  
Ниязбек демек себебі,  
Қару сайлап әскермен,
- 4350 Боз судың басын қорғалап,  
Жататұғын жер еді.  
Осыдан көп жосын бар,  
Бектемір Тоқпан тұңғышы,  
Бәйтек қорған осылар.

- Өтебайдың талы деп,  
Бостандықта даңқы бар.  
Сол күйінде қалдығы,  
Бөке жылы бірінде,  
Жамбас, Шекер, Қапалмен
- 4360 Тауға жақын осылар.  
Қолы қызды Жүністің,  
Қалмады адам шошынар.  
Қазығұрттан асырып,  
Бадамға құры қашырып,  
Бір үркітіп орнынан,  
Бекіп алды сонымен.  
Өзгелері бытырап,  
Өтебай, Төле ұрпағы  
Сайрамсу, Бадам өлкеге,
- 4370 Сонда келіп орнады.
- Енші алысқан Жарықшақ,  
Ендігісін білмеймін,  
Сол күйінде келеді.  
Төрт Дулат сонан тарқалған,  
Ата қоныс жер еді,  
Негізгі түпкі тереңі.  
Айырылып Жаныс Тәшкеннен,  
Қалуы себеп бұл енді.
- 4380 Тәшкенде он алты жыл Жаныс тұрды,  
Жүніс пен Қожамжарды жарыстырды.  
Ықпалы Жүніс қожа озғаннан соң,  
Ақыры кеп Жанысты жаңылыстырды.  
Қожамжар аз жылдан соң дүние салды,  
Есітті қожа Жүніс бұл хабарды.  
Мереке тамашалап өткізсем деп,  
Бұрынғы татқан тұзын жадына алды.  
Тоғыздап ат шаптырып, бөйге тігіп,  
Қазаққа бұл рәсім сонан қалды.
- 4390 Ат бөйге, құнан бөйге, тай бөйгені —  
Бәрін де озып Байтемір Сіргелі алды.  
Дулатта үлкен бөйге болыпты деп,  
Қариялар мақтаушы еді осыларды.



Қариялар теңгелік болады екен, сомдаған бес теңгелік Жүніс қожа шығарыпты. Ортасы тесік, мен бала күнімде көріп едім деуші еді Бекасыл деген кісі. Ақмырза кісінің айтуынша, жиын-тойда қызға өлең айтқан Жүніс атын қосып айтады екен деп бір ауыз өлеңін айтушы еді.

- Төшкенде қол бастайды қожа Жүніс,  
Шығады Бұхарадан таза күміс.  
Қатаң болды бұл Жүніс  
Жаным халқы еліне,  
Зәбір етті көбіне.  
Елібайдың бес ұлын  
Өлтірген дейді жазым қып  
4400 Шыршықтың сонау жағасы,  
Жаңа базар шенінде,  
Бәрі бақтың таласы.  
Туып еді жарамды  
Жоланның бір баласы.  
Бозбаланың сарасы  
Жаңабай атым дер еді,  
Сыншылары көреді.  
Айтуымен Жүністің  
Үзеңгісіне у жағып,  
4410 Ойлап бір күн жіберді.  
Өлген екен сонда кеп  
Көк төбенің ұшында.  
Аталады бұл күнде,  
Жаңабай бұлақ деп енді.

Және бір сөз, ер Көбік қария үйіне қонғанымда бала алып отырып баладан шығарып: «Шырағым, біз жайлап жүрген Жантеке деп аталатын жайлау адамның аты Ұзынбас болса керек. Жүністің қамалында зынданға түсіп қалса керек, бабаларымнан бірден-бірге үлгі», — деп еді:

— Жантеке заңғар екен аты шыққан,  
Бабамыз қоңсы болған Қуандықпен.  
Үлгі етіп Арыс атам айтушы еді,  
Мынадай ұмытпасам балалықпен.

- Зынданға Жантекені Жүніс салды,  
 4420 Неше жыл шығармастан жатып алды.  
 Қап еді бірер жасар жалғыз ұлы,  
 Аңсайды сонда жатып жас баланы,  
 Өзінің түйеге артқан сансыз пұлы,  
 Зарығып өліп-талып көрген ұлы.  
 Қатты аңсап бір көруге сағынады,  
 Көрсем деп бір иіскеп, шықса тілі.  
 Жүніске бір күн айтты арызым бар,  
 Шығарып бір күн жасауыл артыма сал.  
 Келейін жас баламды бір-ақ сүйіп,  
 4430 Бойыма тыңдай тартып алтынымды ал.  
 Бұл Жүніс тың алтынға көнбей қойды,  
 Бір-ақ күн бостандық жоқ өне бойы.  
 Қасарып Байтек келіп жау болғанда,  
 Әскерге дүние зарлап ойланды ойы.  
 Қанша уақыт өтіп кеткен бұл арада,  
 Қол сап тұр Байтек келіп бұл қалаға.  
 Жүгіріп зынданына келді Жүніс,  
 Ойына түсе кетіп сол шамада.  
 Сөйледі қожа Жүніс сонда тұрып:  
 4440 — Бір сөзді айтып едің болжал қылып,  
 Бір күн бар, бір күн жатып балаңды сүй.

- Жантеке былай деді сонда тұрып:  
 Берейін осы арада екі күн сүрдік,  
 Қиялым мынау еді зарым құрып,  
 Болжалда айтқан күнде өз шамамда  
 Келе жатқан күні еді тілі шығып,  
 Екі ауыз мұның тілін есітпекші ем,  
 Дүниеде нәрсе жоқ деп бұдан қызық.  
 Ендігі тілі қатып қалған шығар,  
 4450 Кім болса жарығыңа қойсаң тығып.

Үлгі етіп әңгімеде сөйлейді екен,  
 Билеген Жүніс жобасы,  
 Байтекенің себебінен кейін шығып  
 Шымкент, Тәшкен қаласы,  
 Осы екі орта екі арасы.

- Ырысбай ұлы хан Байтек  
Шыққаннан-ақ өршіді.  
Төле бидің бұрынғы  
Тура келіп санасы.  
4460 Қожамжар Байтек деп айтады.  
Мақалда бір парасы.  
Ақбаста Ғанира  
Бәйбішенің баласы.

Ақботадаң Ырысбай, онан Байтек қариялар бас жағы қара, бүтін денесі жауған қардай аппақ еді дейді, лақапта ақсарыбас Байтек дейді.

- Қарсы тұрып Жүніске,  
Жұртты бола бастады.  
Қырық жігіт сайлап іріктеп,  
Сескеніп жаудан қашпады.  
Іріктеп жиып жастарды,  
Ұрынар келіп үстіне  
4470 Жүніс те бұған батпады.  
Жұрттан алған хиражын  
Өр жерден қосып ұстады.  
Игере бастап Жанысты,  
Сығалап қарап болжалдап  
Жақын менен алысты.  
Қай жерде болса азулы,  
Сонымен барып алысты.  
Бір күндерде хан Байтек  
Бармақшы болды Алматы.  
4480 Мынандай шығып дыбысы  
Араз болып көшкен бұрыннан,  
Қасқараудың елі еді,  
Өтеген сері ері еді.  
Шабынға шауып қалмақтан,  
Бір сұлу қыз ап еді,  
Қартайған күні, шағы еді.  
Сарыны жұртқа жайылды,  
Өте сұлу іреңді.  
Өрдегі жатқан ұлы жүз

- 4490 Хан көтерген сол күнде  
Абылай ханның баласы  
Әділ төре дегенді.  
Құмар болды осыған,  
Құлағына тиген соң,  
Өтеген батыр әйелі.  
Сауға деп соны сұрады,  
Берместікке шара жоқ,  
Тұрған соң хан боп, төре боп.  
Беруге күндіз ұялып,
- 4500 Түн ішінде береді.  
Қатты қапа тартады,  
Қатын кімге айтады!  
Айтушы еді қариялар,  
Қатын алған кекті деп,  
Жүрмесін Қарауыл кекті боп,  
Жай сөзбенен мақалдап.  
Мен қорқамын сарыннан,  
Түкпірдегі Қарауылдан.  
Аттанды Байтек сол жаққа
- 4510 Мынау тиген сарынмен.  
Хан менен төре сұрайтын  
Дүние мен мал еді.  
Қатыныңды бер дейтін  
Қай рәсім заң еді.  
Ел билеген төрелік,  
Жөнімен жауға айдаса,  
Жолына бас берелік.  
Асқынған соң деген-ді,  
Төреге бір түнелік.
- 4520 Бір жағынан бұл шықса,  
Бұл жақта Жүніс жарлықта.  
Қожа-төре дегендер,  
Талас салды тарлықта.  
Соныменен жөнеді,  
Аман-есен айтысып.  
Өтегенге келеді,  
Өткізіп біраз күндерді,  
Хабар айтты төреге,

- Отырмыз деп жүргелі.  
4530 Қарсы алдынан кезікті,  
Ат үстінде көрісті.  
Байтектің тиіп дерегі,  
Ашуға қатты долданып,  
Жазбай тұрып құшағын,  
Тілегімді бер деді.  
Екінші сөзге келмеді,  
Қалағаныңды алғын деп.  
Әділ төре тоқталмай,  
Бұл да жауап берді енді.
- 4540 — Бұл, деді берсең, Байтек, ойымдағы,  
Қалауым менің жалғыз қойныңдағы.  
— Бұл болса, қалағаныңызды алыңыз, — деп,  
Семсерін бере берді мойныңдағы.  
Хан Байтек семсері мен жарын да алды,  
Сыртынан қатты келген жалындады.  
Онан соң бір сөз айтты осындай деп,  
Жайғасып төрге келіп демін алды.  
— Жұрт сұрау қожа, төре, сенің жаның,  
Кетірме сұраған соң халық халін.
- 4550 Жинаған хираж, зекет, хан салығы,  
Ол да жөн жинауына малдың бәрін.  
Сұраса, мал береді, жан береді,  
Бас кетсе, бұл да мақсат жаулап жауын.  
Аз ғана Алматыны айналдырып,  
Қай жерден бұл өрнекті тауып алдың?
- Ер Байтек осылай деп ауыз ашты,  
Ұялып Әділ төре қатты састы.  
Мойынын ұсынғанның қылыш кеспес,  
Ұсынды, мінеки, деп алсаң басты.
- 4560 Ашуын басты дағы жөнге келді,  
Әйелін жарастырып алып берді.  
Жүніспен арасында жанжалы бар,  
Еліне қайтпақ болды Байтек енді.  
Қоштасып екеуіне, қайтты еліне,  
Төрені қараменен жөндеді де.

Жолдағы бір ауылға кеп қонады,  
Білмеймін сол сапарда жүргенінде.

- 4570 Мейман болып бір ауылға жатты қонып,  
Азанда ел ұрысты ду-ду болып.  
Бір мейман бір әйелге өсек айтып,  
Байтекке жүгінеді бұлар келіп.  
Аңғарса өсегінің мынау түрі,  
Жобалап сүйреңдеді бірін-бірі.  
Үстінде киімі жоқ жап-жалаңаш,  
Екеуі бір құдықта түскен түбі.  
Мейман айтты: «Жатып едім,  
Далаға салып төсекті,  
Айтады бұлар өсекті,
- 4580 Орнында жоқ дамбал-көйлегім.  
Ары-бері сипалап,  
Далаға көз жібердім.  
Тарғыл ала бір сиыр,  
Дамбалды жеп, көйлекті  
Жалмап-жұтып тұр екен.  
Ұра қуып жөнелдім,  
Ақсаңдап жүріп құдыққа  
Түскенімді білемін.  
Тұра бердім кідіріп,
- 4590 Аспандап қарап ауаға,  
Алқымымнан ілініп.  
Жап-жалаңаш бұл әйел  
Суға келді жүгіріп.  
Қоймаған соң дауласып,  
Арқанды маған тастады.  
Салмағымен тарта алмай,  
Үстіме құлап жанышталды.  
Шығармақ болып әйелді,  
Аяғынан көтердім.
- 4600 Екі өнімде табаны,  
Жоғарылап үмтылса,  
Аяғы тайып тұрмады.  
Мойныма құлап қалады,  
Бұл әйелдік қып тұр деп,

- Мойнына мен де мініп ап,  
Ұмтылып ем жоғары.  
Қайта-қайта шықсам да,  
Жығыла бердім мойнына,  
Ешбір ылаж болмады,  
4610 Күн шыққанша тоқтадық,  
Шығудың болмай амалы.  
Шығарып алды құдықтан,  
Хабарланып ауыл адамы.  
Бұл да аман, мен де аман,  
Бекерге бізді сабады.  
Еті тиді демесе,  
Екеуміз де жалаңаш.  
Қысталаңдау қандай жер  
Сұрап еді аңғарып,  
4620 Әйелдің де айтуы сол.  
Әділ төре інісі,  
Бір төрелік айта көр».  
Байтек сонда сөйледі:  
— Су терең бе, саяз ба,  
Әуелі сынап көрелі,  
Өрекетсіз болады,  
Алқымнан келсе амалы.  
Жан қайызын ойланып,  
Көзін сүзіп жоғары.  
4630 Белбеулік келсе төменнен,  
Күмәндіміз дегенмен.  
Сонда дағы ақиқат,  
Сиырды сойып көреміз.  
Киімі шықса ішінен,  
Бір жазым боп қауіпсіз  
Шықпай қалса киімі,  
Сонда бұған төнеміз.  
Болды деп әйел жалалы,  
Қырық жігіттің жөні емес.  
4640 Жуан әйел қайтады,  
Мынау малын санайды.  
Болғанда да қаралы,  
Ұрып-соғып болмайды.

- Ойланды мынау шараны,  
Алқымынан келді су,  
Сынап көрсе шамалы.  
Сойып көрсе сиырды,  
Қырқылып киімі шығады.  
Көйлек, дамбал бергізіп,  
4650 Босаттырды мынаны.  
Мұнан кейін ер Байтек  
Еліне келсін, сонымен.  
Жүніс қожа дейтұғын  
Түсіп алған соңынан.  
Бір ұрпағынан Жаныстың  
Бірнешеулер ұрынған.  
Әр жерінен бұрыннан  
Өлтірген еді тобымен.  
Ақыл деген оймауыт  
4660 Осындай бір сөз сөйлесін,  
Шаға сөйлеп кеңесін.  
— Жақының жүр бұл күнде  
Алыстан жарды іздесіп.  
Құдайберді ұрпағы  
Төрелермен бір десіп.  
Әлібектің алты ұлы  
Ақбота, Абыл, Шорамаң,  
Өтебай, Елібай, Төлесің.  
Атадан алтау тусаң да,  
4670 Қорлықтан бөлек көрмейсің.  
Туысың қорлық күйінде,  
Неге көңіл бөлмейсің?!  
Біз сүйеніп келеміз  
Қожа менен төреге.  
Қорғалақтайды халқымыз  
Қожа, төре дегенде.  
Қайратың бар ма көрсетер  
Мынау Жүніс немеге?!
- Мына сөзі ер Байтек  
4680 Жаман тиді өзіне.  
Қан толды жаман көзіне:



- Жүніске қырғын салмасам,  
Бір ойранды қылмасам,  
Жүрмей-ақ тірі құриын  
Дүниенің жүзінде.  
Ұлы жүзге шағынып,  
Дулатты тегіс жиятын  
Бұл күнде менде шама жоқ.  
Бас-басымен боп кеткен,  
4690 Біреуі хан, бірі бек,  
Алты ауыз болып, ала боп.  
Біреуі басын бүркейді,  
Біреуін жатса басып жеп.

- Осындай деп ер Байтек,  
Хабар айтты еліне,  
Ылди менен өріне.  
— Жегіден толған жетпіске,  
Жәрдем берсін бұл елге,  
Етегін жапқан ес кіріп  
4700 Атақты діндар еріне.  
Жаңа шыққан жас талап,  
Құлан жүйрік, шер бөрік,  
Шәкірдің батыр Ақпаны,  
Ақайдар, Беласар, Тауасар,  
Өтебайдың заттары  
Миятқа сені шақырдым.  
Бір бас, бір тас болайық,  
Сіргелінің халықтары.  
Айналасы Тәшкеннің  
4710 Жүніске, сірә, қосылар  
Қаңлы, Шанышқылы, Құрама,  
Қожамжардан бер қарай.  
Сүйек қас болды осылар.  
Сіргелі, Жаныс бір болсаң,  
Жеріміз жоқ шошынар.  
Не келер жалғыз қолымнан,  
Деміңмен жауға шабамын,  
Бір еріңдер соңымнан!

4720 Бұлар тұрсын мұнымен,  
Жүністен хабар берейін.  
Есітті мынау сарыннан,  
Бұл да жәрдем сұрады.  
Алтын бесік ұрпағы,  
Қоқанның сонау ханынан.

— Басы бұлақ, аяғы  
Сырдың суын сұраған  
Жүніс қожа мен едім.  
Он екі қақпа Тәшкенде  
Қазіргі күнде ие едім.

4730 Қадамы жүрді бұл күнде  
Қазақтағы көп елге  
Байтек деген біреудің.  
Түтіні тұман ел еді,  
Құмырсақдай көп еді.

Киіз туырлық қосылса,  
Түрі қиын бұл елдің,  
Құмырсақдай халықтары  
Келетін болды шапқалы.  
Жыланнан бақа айырып,

4740 Ажыратқандай боласың,  
Құтқарсаң осы бөледен.  
Тарту еттім мен сізге  
Шаһар Тәшкен қаласын.

Қоқан ханы сол күнде  
Қағазын оқып көреді.  
Рақымы кеп енді,  
Сайландырып әскермен,  
Кіреуке сауыт жамылған,  
Алтын алмас тағынған

4750 Боз топшақты біреуді,  
Зеңбірек артып топтана,  
Көп әскермен жіберді.  
Сол уақыттың күйінде,  
Бөз тоқытып киімге,  
Аздап құрал соқтырған,  
Сауыт-сайман шақ қылған

Бір сері жұрт бұл еді.  
Шәкірт саңлақ қолымен  
Жәрдеміне келеді.

Қоқан хандарының бабасын Алтын бесік деуші еді. Себебі жаугершілікте алтын бесігімен бір бала қалып кетіп, соның ұрпақтары көп жыл ел сұраса керек.

- 4760 Қоқаннан сүйінеді жәрдем келіп,  
Өршиді Жүніс қожа көңілі толып.  
Жылқысын мен Байтектің алдырайын,  
Әскерім қуаттансын күшіне еніп.  
Қоралап сансыз жылқы айдап алды,  
Жағалай Алатауда әскер толып.  
Тәшкенге дүркіретіп айдап барды,  
Малшылар жазым болды қаншасы өліп.  
Байтекке мынау жөннен хабар келді,  
Дүрілдеп көп әскермен жөнеледі.
- 4770 «Алдымен жылқымды әкеп алайын» деп,  
Сайланып жалғыз өзі жөнелді енді.  
Есітті Жүніс Байтек келеді деп,  
Сезілді бір өзі деп дерегі кеп.  
Кімде-кім ізет етіп орнын берсе,  
Аламын басын кесіп, өледі деп.  
Ер Байтек ауыз жаппай келді кіріп,  
Қозғалды Жүніс қожа ыршып тұрып.  
Алдына көп жылқысын салып берді,  
Бір ауыз сөйлей алмай қарсы шығып.

Сонда жігіттер: «Басында бір ауыз сөз айтып, алдынан тұра келіп орын бергеніңіздің мәнісі қалай?» — дегенде: «Байтек есік ашып кіргеннен екі иінінде ауыз ашқан екі жолбарыс бірге келді, менде ақыл-ес қалмады ғой», — депті Жүніс қожа.

- 4780 Байтек батыр мұнан соң  
«Бақтиярлап» ұран сап,  
Көтерді туын Төленің.  
Дабыл түйіп айғайлап,  
Төндірді жауға көп елін.

- Арың үшін ұрысыңдар,  
Дүние үшін демегін.  
Ұшы тисе біреуге,  
Түйресін оның найзамен.  
Жауды аяған жаралы,  
4790 Ерлерім, бос қалмағын!
- Ұрыс болды деседі  
Қос диірмен шенінде.  
Тұр ескі оба бұл күнде,  
Тықсырып барып төніп тұр  
Хан Байтек тудың түбінде.  
Боз Топшақты ілгергі,  
Жекеге шығып ойнайды.  
Қысталаң тұрып арықта,  
Жекеге шыққан қазақты  
4800 Түсіріп аттан қоймайды.  
Біреу емес, талайды  
Түйреп, шаншып жайғайды.  
Шығуға адам бата алмай,  
Байтектің сабы байланды.  
Сөйледі Байтек ашынып:  
— Көз алдыңда көрінген  
Мынау Тәшкен қаласы.  
Қашып барып құтылар  
Шымкенттің қыры, даласы.  
4810 Біреуің аман қалмассың,  
Айғастап бір қарашы.  
Қамал бұзып қолдайтын  
Туылмаған екен де  
Сіргелі, Жаныс баласы! —  
Байтек ұстайын деп еді,  
Тебіренді көп елі.  
Он жасар бір бала  
Алдына келіп қол жайып:  
— Бата бер, көке, — деп еді.  
4820 Аңғармайтын ілгері  
Өлтірсек кек алайын.  
Өліп кетсем, бірімін

- Өлгендермен мен де енді.  
Ұрпағын Жүніс өлтірген  
Елібайға немере  
Бекберді атым, — дер еді.  
Шыдай алмай кекті боп,  
Сол жағдайменен кеп еді.  
— Абыройлы болып қайтқын! — деп,  
4830 Рұқсат айтып жіберді.  
Тарлан атын тебініп,  
Найзасы аумай қолынан,  
Топтай ұшып емініп,  
Зырқырады сонымен,  
Жұлдызы туып оңынан.  
Тасалап көзі таймастан,  
Көкіректің ашық төрінен,  
Теңгедей-ақ жерінен  
Туралап кеп ұрады.  
4840 Боз топшақ ат секіргенде,  
Аттан ұшып құлады.  
Боз арғымақ астында  
Босқа ойнап шығады.  
Бір семсері бар еді,  
Бүктегенде бір уыс,  
Жазғанында пәлен кез.  
Арасына желдік пен ердің  
Білдірмей жанға тығады.  
Бардам кісі болған соң,  
4850 Тұрсынбайға ой түсіп,  
Өлеңінде Наурызбай  
Айтуы солай мынаны.  
Екі жақ та ат қойып,  
Араласты екі қол.  
Будақтанып тозаң боп,  
Күңіреніп кетті аспан-жер:  
Шауып-шаншып түсіріп,  
Өлікке толды енді ор.  
Кезігіссе, аянбай,  
4860 Іні менен арасы.  
Алтын жаға сауыттар

- Күйреліп тозды жағасы.  
Атысып тапты Жүністі  
Сонда Байтек шамасы.  
Жүніс қожа алдымен  
Тәшкенге кіріп адасты.  
Қалың қолы артынан  
Шұбалып қашып жөнелді.  
Қашқындар босып келеді,  
4870 Қуып, шаншып түсіріп,  
Байтектің халқы ерледі.  
Бұрын Жүніс сайланып,  
Қамданған қамал көп еді.  
Кезіккенін қиратып,  
Талқан етіп келеді.  
Бір жерлерге жеткенде,  
Зынданға салған көп еді,  
Босатып бәрін жіберді.  
Олжа — жесір үлесі,  
4880 Қарық болды және де  
Бала менен шағаға.  
Кірейін деп қол салып,  
Дарбазаны ториды.  
Байтекке келді шапқыншы ат  
Сол екі орта арада.  
Өрдегі Дулат халқында  
Болдырып сойқан және де  
Ұрысқа ұрыс ұласып,  
Шеріне ел айналды.  
4890 Таудан Садыр аттанып,  
Ойда қазақ қалмады.  
Босып, қашып үріккеннен,  
Сырға жақын ел барды.  
Садыр, Досқол бір жылда  
Жеті шапты еліңді.  
Шапқан сайын өлтіріп  
Жарамды әрбір еріңді,  
Босатты шалқар көліңді.  
Шоқан батыр Байтана  
4900 Ер еді ол да сенімді.

- Сауран — Созақ қыстағын,  
 Сегізбарақ жылқысын,  
 Топырағын желге суырды,  
 Түгел алып сый қылды.  
 Жау сияғы жаман боп,  
 Жыға-жыға жаншады.  
 Бүгін кетсек құтылып,  
 Ертең күші асады.  
 Жарамдыны жайратты
- 4910 Өрдегі Дулат түбінде.  
 Асқара би мүлік, қызымен —  
 Ол да кетті шабында.  
 Жетім-жесір болған ел  
 Екі көзі жолында.  
 Ылай болса аяғың,  
 Шаң болса қас-қабағың,  
 Есік кеме көл болса,  
 Ұстап тұрған қолыңда.  
 Жұрт үшін жақсы туылар,
- 4920 Жаман туар сорына.  
 Ендігісін өзің біл,  
 Бір қайратты сіз деуші ек,  
 Төледен кейін соңында,  
 Қара әруақ ескі орнында.

Біреулер сөзінде Асқара бидің қызын Байтектің атастырған әйелі еді дейді. Сегізбарақ әлген соң, сүйегін көп кісілер артып келе жатып, енді елге хабар айтайық дегенде, Кіші Тайлақ деген баллары: «Мен өзім-ақ осы жерден хабар берейін», — деп қолына сыбызғысын алып:

— Ойран төбе ойылды,  
 Сегізбарақ қойылды  
 Сегізбарақ әкекем, —

деп тартқан сыбызғының даусын Сыр бойындағы үркіп бара жатқан қызы естіп: «Бір сойқан болды, шөгер түйені, үйді тік, киізді сал», — деп даярланып отырған екен деуші еді. Көп қариялар және мақалда біреуді біреу қыздырса, «Шоқан ба-

тыр алпыс бірінде батыр болып шыққан екен, сен әлі жассың ғой», — деп үлгі айтушы еді.

- Хабар тиді осындай,  
Сол күйде Байтек батырға.  
4930 Не қыларын біле алмай,  
Мең-зең болып отыр да.  
Жиып алып ойласып,  
Алыс пенен жақынға.  
Төле бидің қабірі  
Қала ішінде, қамалда.  
Барып Құран оқуға  
Зарығып түнде жадына алып,  
Былай зарлап өтінді:  
— Машраптан себеп боп,  
4940 Жылжыған төрге бесігің.  
Өзіз аға сен едің,  
Өлерінде дайындап,  
Айтқан Байтек мен едім.  
Даңқыма ылайық болмаса,  
Тірліктің қайттім керегін.  
Ұрысқа ұрыс ұласып,  
Шайылып тұр жүрегім.
- Садыр шықты қыр жақтан,  
Жүніс шықты Сыр жақтан.  
4950 Патшалық, хандық мақсат жоқ,  
Төле болса шын өзіз,  
Бір абырой тіледім.  
Серік әруақ, серік бақ,  
Әруақ егіз, Құдай тақ.  
Төледен қалған әруақ,  
Күйзелді атың жабырқап,  
«Төлелеп» ұран көтердім,  
Енді амалын өзің тап.
- Үш жүзден озған мұқамы,  
4960 Зарланып таңға жақын көз мызғыды,  
Өлтірер ерді намыс деген тағы.



- Түсінде осылайша аян берді,  
 Жар болып әзіз Төле ағалары.  
 Төле би сәлемдесті қасына кеп:  
 «Іс түсіп күйзелдің-ау басыңа!» — деп, —  
 Бекерге осыншалық жасыма, — деп, —  
 «Төлелеп» ұран салып Садырға бар,  
 Шырағым, абыройлы боп келерсің,  
 Дұшпанға өлім, сүйінші досыңа, — деп. —
- 4970 Бұл жосын өлімнен де құр қалмаған,  
 Жақында қосыларсың қасыма кеп.

Сол күннен бастап Жанысқа «Төле» ұран болды. Бұрынғы ұраны «Жанту» дәуірлерде кімнің абырой-даңқы болса, соны ұранға қосатын уақ.

- Бұл істен тұрды Байтек хабарласып,  
 Бұрылды Садыр жаққа Жүніс қалып.  
 Қиналып ат кекілін тағы созды,  
 Ыршып «Бақтиярлап» ұран салып.  
 Дүниеге бір сарынды сап кетейін,  
 Күнім жоқ келетұғын қайта айналып.  
 Қайтарды шапқыншыны сақ болсын деп,  
 Арыста пәлен күні жолығалық.
- 4980 Ұлы жүз ат шаптырды елдеріне,  
 Әр жұрттың үздік-үздік ерлеріне.  
 Суғарып ауыздықпен арғымағын,  
 Келеді көз ілеспей жүргеніне.

- Қайсыбірін айтайын,  
 Бұл сапарда ұлы жүз  
 Түгелінен қосылды,  
 Мезгілді жерде тосылды.  
 Қалған еді Садырдан  
 Уайым да басылып.
- 4990 «Төлелеген» сарынды  
 Естіген соң ұлы жүз,  
 Байтек-ау деп болжады.  
 Жүректері ашылып,  
 Амандасып көрісіп,

- Ел адамы қосылып,  
Қырғызбенен көптен ел едік,  
Кететін болдық өршігіп.  
Ойланды жауға шараны,  
Тоғысқан жері бәрінің  
5000 Арыстың еді аралы.  
Садыр қамау деп айтар,  
Әлі де сондай хабары.  
Байтек айтты Садырға:  
— Балдан тәтті болушы ек,  
Қатар жатып сенімен.  
Аға болып жайландың  
Алатаудың төрінен,  
Мен жайландым шөлінен.  
Айланып жауға жатыр ем,  
5010 Жауласып Тәшкен елімен.  
Жеті шаптың елімді,  
Өлтірдің сансыз бегімді.  
Не жамандық көріп ең,  
Менің бұл Сыр елімнен?!  
Сызықтан неге өтесің,  
Оза шауып шенімнен?!  
Келесің бе бітімге,  
Шын белгілі жау болып,  
Енді ойнайын сенімен!
- 5020 Садыр айтты істерін:  
— Қайтамын деп уайым жоқ,  
Ерлікпен әуел іс қылдым.  
Ықпалым тайса, мені де  
Аямассың ешбірің.  
Жеңсек олжа талаппен,  
Армансыз ерлер күш қылғын.  
Қазақтан сені сұраушы ем,  
Ажалың ба, азап па?!  
Өзіңді парлап тос қылдың.
- 5030 Ел емеспін, жауыңмын,  
Найза ұшында көрейік.  
Пайдасы жоқ ғауырдың,  
Ұрысуға ұсындым.

- Енді дұрыс болмады,  
Ду-ду боп дабыл түйіліп,  
Екі жар болып торлады.  
Топышақтан ат сайлап,  
Ерден ерді таңдады.  
Аударылып ат шауып,  
5040 Қарағай ұстап қандады.  
Майданда Садыр ойнады,  
Көрініп жаулық бетінде.  
— Біріңді аман қоймаймын,  
Кетемін, — деді, — сартыма.
- Оңай емес шығуға  
Қарсы жаудың бетіне.  
Асқар таудай біреуді  
Аударып, тастап кетуге.  
5050 Тәуекелдік бір іс қой,  
Алла қойса, дұрыс қой.  
Таласқандар кезекке,  
Ерлерге ауыр жұмыс қой.  
Ешкім беттеп келмеді,  
Тайдырған Садыр көп елді.  
Елінде Ботпай Жанқойлық  
Сәмен деген ер еді.  
Атының басын ірікпей:  
— Көп үшін қидым жанымды,  
Өзіз Төле інісі, бата бергін, — дейді енді.
- 5060 Ұлы жүз түгел есітіп,  
Абыройлы боп келгін деп,  
Шулап бата береді.  
«Сәмен! Сәмен», — деді де,  
Ат ойнатып жөнөді.  
Қарсыласа бастады,  
Көзі тайып саспады.  
Пайманасы толған соң,  
Төгіледі тасығаны.  
Абыройлы болып Сәмен ер,  
5070 Көкіректен шаныштады.  
Бағы тайған басынан

- Садырды шаншып тастады.  
 Туы құлап қырғыздар,  
 Көңлі өсіп айқайлап,  
 Қазақтар қуа бастады,  
 Қарық болды олжаға.  
 Абырой тауып бір түрлі,  
 Бөлінсе, бөрі жейді деп,  
 Өуелінде ұлы жүз
- 5080 Алалықпен алдырды.  
 Ынтымақ болып қосылып,  
 Жайлады Досқұл, Садырды.

Қарттар айтуында, «Жаудың түбі ел болады, жардың түбі көшу болады» дегендей, қырғыз-қазақ жарасып, кеткен олжа-жесірлерін, өзінің әйелдерін бітім болып тарту-таралғысымен алған дейді.

- Ынтымақ болып ұлы жүз,  
 Бұл жобаменен тарқады.  
 Мынандай бір сөз айтады:  
 Пәлен күні Байтекті  
 Хан көтеріп алуды.  
 Болжалды күнге жете алмай,  
 Төсек тартып ауырды.
- 5090 Сол күйінде түзелмей,  
 Дүниеден көшті ақыры.  
 Қожамжар Байтек деуші еді,  
 Қариялардың нақылы.  
 Сол кісімен бірге қойдырды,  
 Байтек батыр ойлады,  
 Өр жарында Сайрамның,  
 Састөбе деген жер еді.  
 Ғабділ ғазиз баба Сайрамда,  
 Ақметтің айтуы.
- 5100 Бір жағдаймен араз боп,  
 Өулиеата ауды шаһарына.  
 Малбикенің нәсілі,  
 Байтек тұрған Тәшкенде,  
 Сарттан алған қатыны.

- Баллары соның тұқымы,  
Құс саламын деп көл бұған  
Қазығұрттың Өйтегі.  
Бұл жерде Байтек айтылды,  
Сөзі қалды біздерге,
- 5110 Арт жағында нақылы.  
Қазақта «Төле» озды ұрандағы,  
Үлкен бақ Қожамжарда бұрандады.  
Байтектің, өттең, өмірі қысқалығы,  
Жүзеге асыл еңбек шыға алмады.
- Жаныстан Байтек өліп сәні кетті,  
Нәсердей, түс көргендей болып өтті.  
Байтектей Жаныс ұлы туған емес,  
Шаладай отқа өртенген жанып өтті.  
Бақ деген, мысалы, бір ай менен күн,
- 5120 Ллуде бір адамның қолы жетті.
- Болмаса бір қатары жұрт қатары,  
Төле би өлерінде мұны атады.  
Қалыңы мұнан кейін жесір қалып,  
Беқайдар шамалы уақ боп атанды.  
Байтек өліп кеткен соң,  
Қырғыз-қазақ жауласып,  
Бірнеше жылдар жүрді енді.  
Қуып қашып шыдаған,  
Дерегі бар әркімнің.
- 5130 Ұнатсам бір жердегі  
Жанқараш, Жантай деуші еді,  
Қырғыздағы ерлерді.  
Атағы шыққан қазақта  
Сол шамада бұл еді.  
Үш жолбарыс атанған  
Ақ айдар бел, асқар тау  
Өтебайдан Ергелі.  
Ақбан батыр Шәкірден  
Атақты Шымкент елдегі.
- 5140 Жанып шыққан Сиқымбай,  
Есіркеп пенен Серкелі

- Ботпайда Сәмен әуелгі.  
 Шудан әрі өрдегі  
 Сыпатай, Андас дегендер  
 Бір жүйріктер жердегі.  
 Батырлық жөні бір басқа,  
 Бектік жөні бір басқа,  
 Сөйлейін біраз білгенді.  
 Ұлы жүз тегіс қосылып,  
 5150 Тағы тарқап таралды.  
 Садыр тауып жазасын,  
 Жүніске ықпал қарады.  
 Ынсап етпей Тәшкенге,  
 Қоқанға күрес ашқаны.  
 Жеңіле берді ұрыста,  
 Әрекеті сонымен  
 Іс жүзіне аспады.  
 Тентек хан деп айтады,  
 Халықтың бір дастаны.

Жүніс қожаның Қоқанмен жауласқан жері Шыршық деген жерде Әбдірәйімнің жазуы Жүніс қожа Қоқан хакімі Режеп Құсбегіден жеңіліп қайтты дейді. Ол 1825 жыл болса керек.

- 5160 Жүністен осы арада әңгіме көп,  
 Дәулеті өркендеді біраз жыл боп.  
 Білмеймін қайсысынан қырылғанын,  
 Қоқан мен Бұхар хандары көп.  
 Күнінде сегіз жасар көлге аунап,  
 Ойлаймын соны Рүстем нәсілі деп.  
 Қызынан Қожамжардың туғаны үшін,  
 Көркейткен Дербісәлі жиенім деп.  
 Мінгізіп көкірегіне төрелеген,  
 Қожаға атақ болды төре деген.  
 5170 Екі емшегі ортасына жетпейді екен,  
 Қамшы сап сегіз өрме өрмелеген.

Досалының айтуы, заты қожа төрем деген себебінен төре атанды лақапта. Әуелгі Рүстем нәсілі қырылғанда бір азамат дуалдан асырып, бір ұрпақ қалсыншы деп лақтырғанда Дербі-

сәлі естіп, жиенім деп асыраған деуші еді. Бірақ нәсілі кімнен қырылғанын біле алмады.

Әр сөздің сөз туады арасынан,  
Киелі Төле бидің баласынан.  
Абылай тірі күнде көрмедім деп,  
Көзінен жас тамшылап алас ұрған.  
Ойланып ата жұртын қалған еді,  
Олар да сәлем беріп ағасынан.

- Бір дәуір бұл ортада күндер өтті,  
Көз көрген, жолдастасқан бәрі кетті.  
5180 Соғысып қалмақпен де, басқамен де,  
Бір жосын келе алмауы сондай бопты,  
Баяғы ата жұртын көксеп кетті.  
Солардан кім бар, кім жоқ көрсем дағы,  
Ұлы жүз астанамның ескі ордасын  
Төле атам нашар күнде тәрбие етті,  
Ордалы жер, уа, дариға, жесір бопты.  
Қоқанмен Көнөркенде соғысайын,  
Жүргізсем аймақтатып өкіметті.  
Абылай осы қиял ойлап еді,  
5190 Әуелі Түркістанға қадам қойды.  
Білмеймін орыс естір босқа алғанын,  
Бір сартты Әбдірахман басшы қойды.  
Рүстем жаңа талап бала еді,  
Бір жүріп Абылаймен бірге болды.  
Ұрыстың бәрінде де көмектесіп,  
Қасында өлгенінше бірге дейді.  
Самалы қайда барса оңғарылып,  
Шымкентті Сайрамменен алған еді.  
Төленің іздеп барды балаларына,  
5200 Ізетпен шықпады ешкім алдарына.  
Көңілі Абылайханның қалды суып,  
Қатты аңсап ескі әруақ деп барғанында.  
Бұл жерді түгел алып Тәшкен кетті,  
Жүргізді ол жерге де үкіметті.  
Тәшкенге Мырза Ақметті хакім сайлап,  
Ел билеп ұлық бол деп әділетті.

Төленің құран оқып бас жағына,  
 Өткен күн еске түсті жас шағында.  
 Күйзеліп, аһ дүние-ай, опаң жоқ деп,  
 5210 Жылаған, тас балқыды, жастарына.  
 — Бір күнде үш жүзге аға Төле би ең,  
 Балам деп еркелеткен жас шағымда.  
 Қалыпсың енді келсем топырақ болып,  
 Мені де өстіп дүние тастайды да.

Абылай қатпар қалың ойға қалды,  
 Аздап айтып өтейін Бекайдарды.  
 Алдынан қызмет етіп қарсы шығып,  
 Күтеді ізетпенен Абылайды.  
 Елібай ажал жетіп жасында өлді,  
 5220 Бұқарда Қобыхан ағаш қалған жері.  
 Түгел Жаныс Шымкентке ауғанында,  
 Басшысыз бәрі бірдей қалған еді түсінеді.  
 Орыны қара әруақ бос қалмасын деп,  
 Бір көтерді би сайлап көшпелі елді.  
 Би атанды Бекайдар,  
 Елібайға немере.  
 Қойсоймастың баласы,  
 Сұрады аз күн Жанысты.  
 Байтектен кейін жобасы,  
 5230 Себебіменен Барбайдың  
 Көшіп келді шамасы.  
 Алдарқан, Көбек бітімге,  
 Туғаны болған Алатау,  
 Сонан үлгі санасы.  
 Қоқан келіп алған соң,  
 Сеңгібай, Шойбек шыққан соң,  
 Билігінен адасты.

Сол дәуірлерде Шымкент, Сайрам үстіне Жаныс орнығып, иелене бастаған соң, Сайрам су өзені Жаңғақты деген салаға (аққан) суды желеу етіп сайрамдықтар айтыса бастайды. Осы күнде арасы күншілік жер Бостанның ұлы Нарбай сасайын деген соң, Тәшкен жақтан Бекайдар биді ертіп келіп, ойласып, Алатау үстінен Шыршыққа аунап жатқан көп судың бірін



буып, отырысты болып қалған жағдайынан, Тоған бұрған — соның белгісі. Екінші атам Сырмырза деген: «Бір жекжатым менен ажырап бітім болғанда, арқанның бір жағын жекжатым ұстады, бір жағын мен ұстадым. Күміс сапты кездікпенен Бекайдар би ортасынан шарт кесті, қайтып дау-жанжалымыз қозғалмайтуғын болды», — деуші еді.

- Сол сапар Абылай хан көп жерді алған,  
Ар жағы Ұратөбе Самарқаннан.
- 5240 Жеңіліп бәрінде де сесі қайтты  
Қоқанның ханы еді Нар Ботақан.  
Түс көрді хан Абылай бір күн жатып,  
Оянды қатты шошып, қайғы тартып.  
Бір қырғыз көрі Тұрсын түсін жориды,  
Хандығың үзілер деп сенен қайтып.  
Ақыры Шымкент келіп дүние салған,  
Көк тасын ала келіп Самарқаннан.  
Қан қорған Қара бұлақ айналасы  
Өлген жер Абылайдан үлгі қалған.
- 5250 Ат қойып орта жүздер бауырым деп,  
Жаяулап Түркістанға алып барған.

Әбдірайым жазуында Абылай ханның өлген жылы hijрат (1193) 1781 жылы деп айтады.

- Самарқанға жеткенше,  
Абылай хан түгел ап еді.  
Қоқандықтар жеңілген  
Нарбота деген хан еді.  
Абылай өліп кеткен соң,  
Қайта басып үдеді.  
Баласы оның Әлімхан,  
Нарбота ханның ұлы еді.
- 5260 Шымкентке қарап бет алды,  
Тәшкенді жеңіп бұл енді.  
Қарсы келген жау болса,  
Кіре алмастан Сайрамға,  
Айғастатып жөнелді.  
Үш ай жатып қамады,

- Ашықтырды қалада  
Бала менен шараны.  
Қарсы тұрды Қоқанға  
Рүстем төре баяғы.
- 5270 Қоқанның құрал-сайманы  
Үстіне қардай борады.  
Сонда да жүзі таймады,  
Қылыш шауып найзалап,  
Енді Рүстем ойнады.  
Сансыз қолды қашырып,  
Құры белден асырып,  
Сесін жаман қайтарды,  
Қоқандықты састырып.  
Жалғыздық түсті басына,
- 5280 Ойланды былай ашынып.  
— Ұлы жүздің біреуі,  
Жәрдеміне келмеді,  
Таға жұрты елдері.  
Жетім қалған күнінде,  
Тәрбие берген себептен  
Бұларға енді бермеді.  
Озайын деді аулаққа,  
Туысқан болар елімді.  
Алматыдан ары өтіп,
- 5290 Сол жосыннан өрледі.  
Сол жақта бар дерегі,  
Қырғын салып жүргені.  
Жас өмірі өткен сол шақта,  
Білінеді бірақ ақиқат.  
Қартайып әбден қалғанда  
Шымкентке келіп өлгені,  
Шүтөбе деген жерде өлді.  
Елтай соның ұрпағы,  
Еркесі бізбен бірге еді.
- 5300 Рүстем ұзап кеткен соң,  
Мынандай Қоқан тарихы.  
Әлімханның тұсында  
Қайта басты халықты.  
Өрлей басып жосыды,

Он екі жың қосыны,  
 Сұраған жері бірталай,  
 Жұртына жұрт қосылды,  
 Алматы мен Ақмешіт.

Тәшкеннің бұрынғы хакімі Мәмбет қожа Бұхарға қашып кетті. Тәшкенге Дуанбекті хакім сайлады. Оны қазақ халқы Беклер бек деп атады.

- Беклер бегі Рабат,  
 5310 Әр жерде күзет белгі бар,  
 Әскер мен күзет тосылды.  
 Алтын бесік деп едім,  
 Хандарының бабасын  
 Екі жар болып кезекпен  
 Сұрауы солай жобасын.  
 Қырғыз-қыпшақ бір бөлек,  
 Алалық тағы рәсім.  
 Қара шапан деуші еді,  
 Осылардың лақабы.  
 5320 Сарттар болып бір бөлек,  
 Екі жар болып жатады.  
 Батырбасы Датқа бек —  
 Сол дәуірдің атағы.  
 Ұлы жүздің бөріне  
 Түгел датқа атанды.  
 Бөлек-бөлек датқа боп,  
 Хираж төлеп жатады.

Бір қилы Әбдірайым секілді Біліктілер жазуында Тәшкен, Шымкент айналасындағы ұлы жүздің Қоқан хандығына қараған жылын мынау деп көрсетеді. Ыжрат (1225) 1825 жыл деп жазады. Қоқан хандарының бір жаман жері — тоғыз тарту сый берсе ғана, датқа болып тұрады.

- Бір жаман жері Қоқанның,  
 Шығарды тарту-параны.  
 5330 Тоғыздап тарту сый берсе,  
 Үлкен болып келеді.

- Ту бергені датқа боп,  
 Жалауы белгі деп еді.  
 Сыйлығы барынша тұр,  
 Құралдан да неше жыл.  
 Қайсыбірін айтайын,  
 Жұмыстары көп еді.  
 Білгенімді аздап сөйлейін,  
 Сайланған датқа әуелгі.
- 5340 Қанай мен Қоныс Сырда еді,  
 Аманкелді Сіргелі,  
 Есенкелді Тамадан.  
 Байзақ, Жампейіз Шымырдан,  
 Ырысбек Сиқым елдегі.  
 Сыпатай, Андас өрдегі  
 Нашарлады Бекайдар,  
 Түгел Жаныс еліне  
 Сеңгібай, Шойбек атанды  
 Әлібектің ұрпағы.
- 5350 Бәйбіше менен тоқалы  
 Шымырбай, Қоныс датқа деп,  
 Датқалық амал көбейіп,  
 Кейінірек тағы тарқалды.  
 Жемеген деп бір пұл параны,  
 Шойбекті қарттар мақтайды,  
 Деседі соңғы әулие Төледен де.  
 Моласы әлі күнге бұзылмай тұр,  
 Бас біткен ер зарығып түнегенде.  
 Әкесі Дербісәлі момын болған,
- 5360 Сынатсам, рас дейді білгендерге.

Тыныбектен Абыл, онан Қабан, онан Сеңгібай, онан Биназар, онан Бүркітбай, Қожамжардан Дербісәлі, онан Шорабек, онан Шыналы туған.

Алысып Момбекпенен Шыналы өтті,  
 Белқожа Қуандықта Қабас бопты.  
 Момбектің дәуірінде өріс алып,  
 Датқалық онан кейін болмай кетті.

Қариялар айтуында, Шорабек бір пұл хираждан қалса-ақ, орамалға түйдіріп қойып, келер жылғы хиражға қосып төлеуші еді дейді. Шорабектің өлген жылы, Өшірбектің айтуынша, 1855 жылы болса керек.

- Солардың бәрін жеңіп орыс алды,  
Сайлады онан кейін болыстарды.  
Бақталас, күндеушілік әбден болған,  
Ел шауып, талан-тараж ұрыспағы.
- 5370 Қоқанның дәуір сүрген уағында  
Былай деп білінеді дабыстары.  
Заманында Өлімхан  
Қарасты халық болғаны.  
Біліктілер айтады,  
Бағынбаған жұрт болса,  
Шауып алып қайтады.  
Зеңбірек, мылтық, айбалта,  
Қылыш, найза, қытайша  
Дегендер болды құралы.
- 5380 Сауыт соғып ұсталар,  
Қалқан да істеп шығарды.  
Бір жағы жүрсе ел болып,  
Үркіншілік бір жағы.  
Озбырлары үзіп жеп,  
Нашарлары жылады.  
Бетке соғып, мазақтап,  
Қара деген шығарды.  
Дарға тартып өлтіріп,  
Ауыр болса жазасы.
- 5390 Ұра қазып зындан деп,  
Біреулерді салады.  
Арзымайтын нәрсеге  
Жазым болды бірнеше ер.  
Айдағаны аударып,  
Қарайтын деген жер.  
Жүз қойдан бір қой шығарып,  
Хираж, зекет салығы  
Оннан бір астық төлейді,  
Ауырсынып біреулер.

- 5400 Неше қашып жөнөйді,  
Зекетшіге сайлады  
Байтөре деген біреуді.  
Қара қырықтан сайланды,  
Мың-миллион болса да.  
Бір қараса сыр салып,  
Артық-кемін қоймайды.  
Асқынған соң ойланды,  
Қыздан зекет алам деп,  
Сол жосында Қоңыраттар,
- 5410 Мырзабиді өлтіріп,  
Үркіп қашты Сырдағы.  
Ажырауға себеп боп,  
Пұлға сатты үкімін.  
Үлкен қырсық сол болды  
Көз жасы жетім-жесірдің.  
Сол күнде екі жар боп өр Дулаты,  
Жауығып бір-бірімен бақты зарпы.  
Алты ауыз ауызбірлік айта алмастан,  
Осындай болған дейді жағдаяты.
- 5420 Бір болып Сиқым, Жаныс енші үлескен,  
Жобада Ботпай, Шымыр бірге дескен.  
Байзақ Шымырдағы Батырбекпен  
Өр жерде жұртын жиып төбелескен.  
Қариялар жобасы,  
Суға кеткен жалданып  
Біреулердің баласы.  
Кенесары, Наурызбай  
Ұлы жүзге келгенде,  
Қоқаннан табы алынған
- 5430 Байзақтың шамасы.  
Ұрысты бастап келуге  
Сырда шыққан алдынан  
Әбдірахман бажасы.  
Алматыда соғысқан  
Ұрпағынан Сәменнің  
Тойшыбек батыр сарасы.  
Сұраншы және Сарыбай

- Россияны бастады.  
Қоқан уәде қыла алмай,  
5440 Қырылды қанша жастары.  
Хабарланып алдынан,  
Ниязәлі, Фансат соғысты.  
Әулиеата хакімі  
Түркістанды билеген.  
Мырза Дулат дейтұғын  
Ұлығы еді батымды.  
Кене ханның баласы  
Садық төре сол күнде  
Бек еді дейді Созаққа.  
5450 Айтолы деген ата ұлы  
Екі жақтап келді ұрыс.  
Ойровкин, генерал Черняев,  
Әбдірайымның айтуы,  
Шымкентке келіп тоғысқан.  
Түркістан, Әулиеатадан  
Қариялар нақылы  
Садықты өте ер дейді.  
Қауіп етіп өлімнен  
Үстіне сауыт кимейді.  
5460 Қардай борап оқ жауса,  
Біреуі тағы тимейді.  
Күндіз-түні ұрыста,  
Шаршауыңды да білмейді.  
Біреуге тисе найзасы,  
Он адамды түйрейді.  
Қылыш сермеп, топ бұзып,  
Оңды-солға сермейді.  
Барған сайын ерлейді,  
Қолына тиген қарсы жау,  
5470 Қабырғасы күйрейді.  
Тісін қойып тісіне,  
Бір ауыз сөйлеп күлмейді.  
Ат жүгіртіп, ұрыс қып  
Ертелі-кеш далаға,  
Кіргізбейді қалаға.  
Қырып шауып бұларды

- Қолындағы семсері.  
Бар болғанда құралы  
Өрістеді ұлғайып,  
5480 Неше күнге айналды.  
Шаппа салып орыстар  
Аудармаққа қаланы.  
Қала ішінде отырып,  
Мырза Дәулет, Садықпен  
Бұлар хабар табады.  
Босатты енді қаланы,  
Шымкентке дейді баралы,  
Көрейік сонда бір тосып.  
5490 Құрбанқожа оққа ұшты,  
Жеткен екен ажалы.  
Шымкентке ерлер кеп еді,  
Кезікті Қоқан көп елі.  
Бастықтары орыстың  
Ойровкин генерал,  
Черняев тағы дер еді.  
Құдияр ханның орнына  
Сұрап тұрған Әлімқұл,  
Заты қыпшақ дейді бұл,  
Әмір Әскер лақабы.  
5500 Біреулер хан деп айтады,  
Дүрмеп келді орыстар,  
Бұлар әбден байқады.  
Екі жақ қарсы дос болды,  
Шәді төре сөзінде  
Төрт жүз дейді сол уақта  
Орыстың қолы жосыны.  
Қоқанның қолы он мың деп,  
Дәріптеді осыны.  
Өте қопал ұқсайды,  
5510 Болса да хандық киімі.  
Алтын төбе, Ақбұлақ,  
Қызылсеңгір өзені.  
Орыста болған сөздері,  
Сырнай-керней тарттырып,  
Қоқан қолын айдады,



- Ұмтылсын деді барлары.  
Датқалап ханға шығады,  
Ұрысты бастап келді деп  
Байзақтың баллары.
- 5520 Әбдірахман ұлы деп  
Түсіндірді білгені.  
Аузына сап зеңбірек,  
Аттырып мұны жіберді,  
Мыңбай батыр дейтұғын,  
Қоқанның бұл да қыпшағы.  
Қара кісі дейді көргендер  
Шарадай деп бастары.  
Ұрысқа барса тез барып,  
Қайтуда жай кеп саспайды.
- 5530 Бір күні ұрысқа барарда  
Әлімқұлға сөйледі.  
— Ұмтылып келіп ілгері  
Қарайтұғын өзіңе  
Мендей батыр он еді,  
Менімен тең жоқ еді.  
Солардан бір мен қалып ем,  
Өлтіріп күндеп сен енді.  
Түгелінен солар болғанда,  
Көрсетер ме едік бұл жерді.
- 5540 Мұсылман жесір қалады-ау,  
Өз қолыммен жайғарып,  
Кетер едім сені енді.  
Он бір майдан кірмекке,  
Бар еді бұрын аяным.  
Он майданын атқардым,  
Бір-ақ майдан қалғаным.  
Бүгін, ертең дүниеден  
Мен де кешіп қалармын.
- 5550 Осындай деп ер Мыңбай,  
Садықтың келді алдына.  
Құшақтасып көрісті,  
Кідірместен барды да.  
Қандай күндер болды деп,

- Көзім тірі күнінде  
 Бір жолығып көрдім деп.  
 Келгенше қайрат етелік,  
 Аман жүрсек тірі боп.  
 Алматы менен Ақмешіт  
 Екі арасын алды жау.  
 5560 Достарының жолы боп,  
 Аман жүр енді ер Садық,  
 Маған қауіп өлім деп.  
 Садық тура сөйледі:  
 — Осындай болды күніміз,  
 Қазір есен тіріміз.  
 Алдынан мен тиейін,  
 Сіз артынан тиіңіз.  
 Жүз көрісейік ұрыста,  
 Соғысып жүріп сіз бен біз.  
 5570 Осындай күнінде озған ерлер еді,  
 Өлімқұл жауға айдады оң мың қолды.  
 Жақындап қашан келіп алғанынша,  
 Орыстар жай отырып сыр бермеді.  
 Аянбай қатты қызып ұрыс болды,  
 Бірталай екі жақтан адам өлді.  
 Қозыдай көгендегі бастар кетіп,  
 Бояды қызыл қанға қара жерді.  
  
 Ер Садық Мыңбайменен жүрді бірге,  
 Талмайды, шаршамайды ұзын күнге.  
 5580 Оқ тиді ер Мыңбайға сол уақта,  
 Аралап қатты қырып жүргенінде.  
  
 Қалаға қамалады Қоқан қашып,  
 Күзетті дарбазаны жабылысып.  
 Деуші еді тышқан жылы сейсенбі күн  
 Қаланы Черняев келіп алды басып.

Шымкентті Россияның алған жылы 1859 жыл деседі.

Шымкентті орыс алған соң,  
 Тәшкенге Садық бұл барды.

- Датқалар қашты Қоқанға,  
Мият тұтып хандарды.
- 5590 Момбектің орнына  
Қалыбайұлы жөнепті.  
Нұсқауымен Қондыбай,  
Айтуымен Сарыбай  
Болыстыққа сайланды.  
Қысты қыстап орыстар,  
Жаз айында саратан  
Тәшкенге қарап жол салды.  
Сұрап тұрған Тәшкенді,  
Байтоқтың ұлы Ерқожық
- 5600 Шанышқылы затынан.  
Батыр басы дер еді,  
Екі қара зеңбірек  
Құралының болғаны.  
Ұрыс боп жатса бірінде,  
Жаңа келіп Шыршықтан.  
Өте алмай жүр Қоқанның,  
Дейді, аңқау хандары.  
Әбдірасыл зекетші,  
Оққа ұшты бұл тағы.
- 5610 Садық төре бас тартпай,  
Әр шаһарда ұрыс болса,  
Айтылады хабары.  
Оған Бұқар бөрінен,  
Тыншыған соң ұрыстар  
Жол тартқан дейді Қашқарға.  
Ойланып сонда барғалы,  
Жағдаятын білмедім.  
Қайтып мұнда келудің,  
Қабатында Арыстың
- 5620 Қараспан Шелек дейтұғын  
Жерде өткерді өмірін.  
Әм бой ұсынбай залым патшаға,  
Өзінде сақтап өрлігін.  
Көпшілік, айып етпеңіз,  
Білгенім осы, жақсылар,  
Көп сөйлеуден жерідім.

- Жақсылар, төмамдадым ер Төлені,  
Әруағы кім оқыса тербеледі.  
Сіңгенін құлағыма хатқа жаздым,  
5630 Көп еді қариялардың білгендері.  
Солар да бірден-бірге айтқан шығар,  
Сорлы көп әңгіме боп келген жөнді.  
Бәрін де өлеңдетіп айтып бердім,  
Тергенім есім кіріп қырық жылдай,  
Білмеймін бұдан және артық-кемін.  
Біреулер мақтайды деп ойланады-ау,  
Ұрпағы, інісінің жақыны едім.  
Тараймын Елібайдан бері қарап,  
Қазанғап мұны жазған атым менің.  
5640 Қазақтың нағыз үлкен баласымын,  
Болмаса сөзі бекер санасының.  
Саналам Әлібекке жетінші боп,  
Шалдарын есептесем арасының.  
Үш жүздің баласында білген де көп,  
Біреулер суреттейді көргендей боп.  
Көпшілікке табысымды көрсеткенім,  
Сіздер де қиялымды көрмес деп жек.  
Дәуірінде Кеңес үкіметі қызметім,  
Келемін сөз табуға міндетті боп.  
5650 Жақсы сөз құлақ құршы жұртқа жақса,  
Сөкпес деп сұранамын өкініш деп.  
Сауқатым, тіл қызметім қарындасқа,  
Нәрседен білім-өнер өлең басқа.  
Бейнетім жасымнан көп сіңген еді,  
Бірі Есім хан, біреуі осы нұсқа.  
Мың жылдық асыл сөздер деп ойлаймын,  
Кезіктім кең дәуірге осы тұста.  
Таудай сөзге тарыдай түйін деген,  
5659 Доғарттым енді аяғын айтып қысқа.

# Абылай хан

Қазіргі тұрғын жерім Алтай тауы,  
Адамға жақсы болар деннің сауы.  
Бұрынғы Қалдан, Абылай заманында  
Қалмақ, қазақ шабысқан елдің жауы.

Екі ортада бос адам жүре алмаған,  
Басынан қалмақ, қазақ құралмаған.  
Мал басын бір біреудің тартып алып,  
Көңілі еш нәрседен тына алмаған.  
Жесір-жетім халықты шауып кетсе,  
10 Артынан бітім қылып сұралмаған.  
Қалмаққа қазақ қолы қатты тиіп,  
Арқада сол себепті тұра алмаған.

Қалмақтың Қалдан деген болған ханы,  
Еш ханнан кейін емес бар-ды сәні.  
Ажал жетіп Қалдан хан өлгеннен соң,  
Қалмақтың сонан кейін бітті мәні.

Абылай уақытында Қалданның толған күні,  
Кемітуге болмайды біттей міні.  
Абылайға бостандық бергенінде,  
20 Тәуірліктің ашылды сонда шыны.

Күйеуі, әскер басы қоңтажысы  
Қазақты шапшақ болған келер қысы.  
Шарышты әскер басы жібермек боп,  
Қазақты шауып алмақ, келсе күші.  
Шарыш, Қалдан қоңтажы екі арада

Еркелеп сайран еткен бұлбұл құсы.  
Шөкаман батыр екен қатар жүріп,  
Дұшпанның қалмайды екен биігтей мысы.

- Қалмақтан жеке батыр Шөкаман-ды,  
30 Өзіне теңгермейді ешбір жанды.  
«Қазақ елін шабам» деп батыр жиып,  
Арқаны Ұлытаумен бетіне алды.  
Олжа алатын қалмақтан ел қалмасын,  
Қасына ере алмаған жаман қалды.  
«Шөкаман батыр барса, қауіп жоқ» деп,  
Жүре алмаған қатын мен бала қалды.  
Малы көп қазақты шабамын деп,  
Жолыңда неше түрлі қала қалды.  
«Шарыш пен ер Шөкаман келеді» деп,  
40 Жер дүние сол бір кезде қарай қалды.

Бұл сөзбен енді қалмақ тұра тұрсын,  
Ендігі сөз қазаққа мойын бұрсын.  
Орта жүз бастап қазақты жиып жатыр,  
Қандыруға болады құлақ құршын.

- Орта жүз мына сөзге намыстанды,  
Бұ дағы азулымен жарысқан-ды.  
«Біз барып ханымызбен бас қосайық,  
Батыр көп бізде де бар арысланды».  
Ханға барып баршасы басын қосты,  
50 Осы жолдан қалдырмайды басы босты.  
Орта жүздің батырын жиып алып,  
«Ұлытауға барсын да, тіксін қосты».  
Қалмаққа біраз үй ұлы жүзден қараған-ды,  
Ол уақытта екі орта аламанды.  
Хан еді сол уақытта Әбілмәмбет,  
Сөз байлап шабысуға тараған-ды.  
«Ұлы жүзден ел менен жер кетіпті,  
Ертіп ап қалдырмайық жарағанды.  
Батыр көп орта жүзде неше түрлі,  
60 Азуын айға қарай балаған-ды.

Тоғылтып Ұлытауға жайылайық,  
Үш жүз боп бір Құдайға сыйынайық.  
Өр батыр атқа мінер қалдырмасын,  
Тұс-тұстан ұран салып құйылайық».

Бет түзеп қазақ шықты қалмағына,  
Екі жақтың біз қараймыз салмағына.  
Соғысты екі жағы істей берер,  
Тарихта аттарының қалмағына.

- Мың жеті жүз отыз бірінші жылы басталыпты,  
70 Әуелден қазақ, қалмақ қастаныпты.  
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетіп,  
Ел, жер, жібермеске құсталыпты.  
Басынан орта жүздің батыры көп,  
Ұлы жүз жуастықпен бос қалыпты.  
Хабарды ұлы жүзге жіберген соң,  
Өрине, жібермек боп қош алыпты.  
Тағы да жіберіпті кіші жүзге,  
«Қалмақпен шабысамыз келсін бізге».  
Ұлы жүзден Қангелді, Дулат кетті,  
80 Намыс шығар, ойлаңдар, о да сізге.

Ести сала кіші жүз жүріп жатыр,  
«Туғызамыз қалмаққа, — деп, — заманақыр.  
Түтігіп атқа мініп айғай салып,  
«Кіші жүз», — деп, — батырлар, ұран шақыр».

Кіші жүз әуелден-ақ жауынгер-ді,  
Аспаннан тілегенін Құдай берді.  
«Ұлытау жайылатын жеріміз» деп,  
Батырлар тоқтамастан жүре берді.

- Бар еді ұлы жүздің Төле биі,  
90 Халыққа орда болған оның үйі.  
Үш жүздің баласына бата беріп,  
Орыспен де сыры бар тұрған күйі.  
Ұлы жүз, орта жүзден бұрын қарап,

Мағлұм бітім қылып алған сыйы.  
Көп біледі, ісін де Төлем білер,  
Қалай айтсаң, Төкеңнің артық мыйы.

Төкеңе жетім-жесір сия берген,  
Құдайым жақсылықты қия берген.  
100 Алдына жүгініскен кісі келіп,  
Тоқтатып тентекті біз тыя берген.

Бір жылы сәлем берді жетім бала,  
Түбіне мына сөздің байқап қара.  
«Әй, ата, қолыңызға бала болам»,  
Жауапты айтып еді елді жара.

— Атың кім, қай елсің, балам, — деді,  
Жөніңді айт, сонан кейін алам, — деді.  
Атым жоқ айтатұғын, сіз қойыңыз,  
Өмірімше қасыңызда қалам, — деді.

Сәлем бердің қасыма жағалап кеп,  
110 Мені тауып алыпсың сығалап кеп.  
Үстіндегі киімнің жалба-жұлба,  
Тымағыңның атын қойдым «Сабалақ» деп.

Түйе бақ, Сабалақ, деп атты қоям,  
Тілің жақсы, сөзге әбден тоям,  
Жақсы болсаң, ұлымсың, Сабалағым,  
Ырым қып, мал келген соң, қойды соям.

Сабалақ түйе, жылқы бақты,  
Төлеге қалай айтса, әбден жақты.  
Төле би құл да қылды, ұл да қылды,  
120 Кім білер осындайға берер бақты!

Ұлы жүзге шақырған келді хабар,  
Алдынан Төле бидің сөз боп тарар.  
Орта жүзден Жидебай батыр барып:  
— Лайықтаңыз, халқыңыздан қанша барар.



*Төле би айтты:*

— Елі кеткен, жері кеткен біз, — деп айтты,  
Халық болсаң, бұл сөзге қыз, — деп айтты,  
Қолдан келмес қатын мен бала қалсын,  
Тіл алған атқа мінер, сіз, — деп айтты.

*Сабалақтың Төле биден рұқсат сұрауы:*

Сабалақ: «Рұқсат болса, барам, — деді,  
130 Тіліңді не айтсаң, алам, — деді,  
Рұқсатпен, ей, ата, батаңды бер,  
Тіліңді алмай кетсем харам», — деді.

*Төле би:*

Шырағым, жылқыңды бақ, баралмайсың,  
Ту ұстап тұлпар мініп тұралмайсың.  
Көп ішінде батырлар толып жатыр,  
Жақсы деп ат қойғызып сыналмайсың.

*Сабалақ:*

Ей, ата, менің сөзім болмас ірі,  
Кешіңіз, ғапу етіп болса міні.  
Өзімнен артық емес көрген батыр,  
140 Өліп кетсем боламын көптің бірі.

*Төле би:*

Рұқсат бердім, балам, жолың болсын,  
Қасыңа Қызыр Илияс жолдас болсын!  
Бақ алып, аброй алып осы жолы,  
Қасыңа қанша адам қоңсы қонсын.

Төле би аямады баталарын,  
Сөзімнің кешіре гөр қаталарын.  
Сабалақты қасына қосып беріп,  
Ұлы жүздің жіберді батырларын.

- «Ұлытауда жиылып бастарың қос»,  
150 Орта жүздің қосып берді шақырғанын.  
Батырлар басын қосып келе жатыр,  
Ұлытаудан естіді ақырғанын.

Ұлытауда орта жүз жатыр екен,  
Тіккені қос пен басқа шатыр екен.  
Жан-жаққа қарауылға біреу қойып,  
Тау басында қарауылшы отыр екен.

- Мына жақтан толқыған қол келеді,  
Ешкімнен кемдігі жоқ мол келеді.  
Сол уақытта бір батыр айғай салып:  
160 «Мынау бізге кімдерді теңгереді?»

Кешікпей жетіп келді хабаршысы,  
Батырлардың көтеріліп ұшты құсы.  
Ат айғыр ерулікке сойып жатыр,  
Малдарын айтып сойып келіп күші.

Кіші жүзден тағы да ұран шықты,  
Батырлар мың кісілік болып мықты.  
Орта жүз ерулікке малын сойып,  
Қалдырмай семіз малдың бәрін жықты.

Үш жүз түгел жиылып, басын Ұлытауға қосып, мал айтып сойып, Шақшақ ұлы Жәнібектен бата алып, үлкен Әбілмәмбеттің әмірі бойынша, қалмақ келіп қалады деп, қалмаққа қарай тез жүргізгені:

- Үш жүздің баласы боп тартты шеру,  
170 Батырлар енді тоқтап болмай еру.  
Бірнеше күн Ұлытауда жатып қалдық,  
Алланың салған ісін көзбен көру.

Үш жерге үш бөлек боп жиылышты,  
Тұс-тұстан көп халайық құйылышты.  
Ту ұстап, тұлпар мінген өңшең батыр:  
«Құдайым, жолды қыл» деп сиынышты.

- Қалмақ, қазақ қарысып жүріс қылды,  
 180 Бас қосқанша ұрыс жоқ, тыныс қылды.  
 Қалдан хан, Әбілмәмбет заманында,  
 Екі ортада аламандық бір іс қылды.

Екі әскер бір жерде түйісіпті,  
 Қалмақ, қазақ екенін білісіпті.  
 «Шөкаманға қай адам келеді» деп,  
 Қалмақтар өз тілімен күлісіпті.

Қалмақтан Қалданның жиені Қоңтәжінің баласы Шарыш деген батырды Қалдан өз орнына жіберіп, Шөкаман батырды қосып жіберіп, «қазақты жесір-жебір қылып алып кел» деп, күшін жиып жіберген екен. Сонда Шарыш бала «өзіме ханды шығарсын» деп кісі салып, қазақ әуелі «батырлар шықсын» деп ханды шығармайды, қалмақтың белгілі аты шулы батыры Шөкаман шығыпты Жөке батырға.

*Сонда Шөкаманның айтқаны:*

- Шөкаман: «Мен шықтым, деп айқай салды,  
 Жұрт үндеспей сол жерде аң-таң қалды.  
 Батырлар «барамын» деп айтпаған соң,  
 190 Сабалақ бата тілеп ханға барды.

— Жолың болсын, шырағым, балам, — деді,  
 Көрінді қазіргі жер тараң, — деді.  
 Бір батыр Шөкаманға қарсы шықпай,  
 Аузы болды халықтың сараң, — деді.  
 Қызыр Илияс басшы боп, Сабалағым,  
 Қайтып кел осы араға аман, — деді.  
 Буының қатпағандай жас баласың,  
 Аты шулы батыр еді жаман, — деді.

*Сонда Сабалақ тоқтатпа деп айтқаны:*

- Әбеке, о да біреу, мен де біреу,  
 200 Бөгеттеп тоқтатпаңыз болып іреу,

О дағы бір қалмақтан туған шығар,  
Болмайды ешбір адам көкке тіреу.

Сабалақ атқа мінді «иә, Құдайлап»,  
«Не болса да болад» деп басын байлап,  
«Әбиірді, Құдайым, береріңде,  
Шөкаманға тоқтатпай өзін айдап».  
Бетін түзеп қалмаққа алғаннан соң,  
Мол қылып қару-жарақ алды байлап.  
Төленің жылқысынан таңдап алып,  
210 Басынан мініп еді атын сайлап.

«Абылайлап» ат қойды Шөкаманға,  
Қорқатұғын барған соң ол бір жан ба!  
Өліп кетсе қазақтың бір баласы,  
Ол жеңілсе, қалмаққа болар таңба.

*Шөкаман айтты:*

— Ажал айдап келдің бе, бала? — деді,  
Сөзіме менің айтқан қара, — деді.  
Мен қалмақтың батыры Шөкаманмын,  
Сені қалай қылған қазақ пана, — деді.  
Бойымдағы қаруым түрі мынау,  
Көзге қалай көрінеді сына, — деді.  
Найзамның қандауына жарамайсың,  
220 Әуелгі белгі байқалса, осы ара, — деді.

*Сонда Сабалақ айтты:*

— Арғы атам — Абылай, өз атым — Әбілмәнсүр,  
Көп халық мені тілеп ту ұстап тұр.  
Сен Шөкаман болсаң, қалмағыңның  
Не боларын білмейсің, мақтанып құр.

Ауызбен қырғанменен түк өнбейді,  
Надан қалмақ бар болсаң, күшіңмен қыр.  
Үйден шықпай қазақты жоқ қылмақсың,  
Жолшыға кесір болар айтылған құр.

Екеуі найза алып қағысады,  
230 Қолына қылыш түссе, шабысады.  
Меңгеріп бірін-бірі алмаған соң,  
Екі батыр бірін-бірі бағысады.

Ашумен найза салды қарсыласып,  
Қазір де біреу алар күші тасып.  
Шөкаманның жүрегіне найза отырып,  
Қорқырап жығылады қара басып.

«Мен Абылай» деп ат қойды қалмақтарға,  
Енді артын қалмақ күшің салмақтарға.  
Қалмақтар шуылдасып қашып жатыр,  
240 Ажалдан құтылғаны болады ар ма.

Ат қойып қазақтарға тура шапты,  
Ту жығып Абылайға берген бақты.  
«Қазақты сонша жерден жоқ қылам» деп,  
Оңай жылдам алатынды қайдан тапты.

Артынан қашпай қалған Шарыш батыр,  
Қалмақтар тоқтамастан қашып жатыр.  
«Артынан ту ұстаған Шарыш па?» деп,  
Абылай бөгелместен келе жатыр.

— Хан жиені, өкем — Қоңтажы, атым — Шарыш,  
250 Хан орнына келгенім елге таныс.  
Шөкаман сияқты батырымды өлтіріпсің,  
Қазіргі майдан төбе жерге баршы.

Сол жерде тоқтамай-ақ салды найза,  
— Шарыш, ұрысатын сөзден тайма.  
Найза үстіңде талай қан кететұғын,  
Иә саған, иә маған болар пайда.

Қылыш шауып, Шарышты өлтіріпті,  
Басын кесіп, Әбілмәмбетке келтіріпті.  
Шаршап келіп сол жерде Әбілмансұр,  
260 Бір төбенің басына желпініпті.

Қалмақтар бөгелместен қаша берсін,  
Қалған малды қазақтар баса берсін.  
«Үйден шықпай қазақты жоқ қылам» деп,  
Қалмақтың бос көпірі таса берсін.

Қалмақты қашуменен бостырайық,  
Хан менен қазақ басын қостырайық.  
«Алаштап» қазақ сонда ұран салды,  
«Кім аман, кім жаман» деп сыр сұрайық.

270 Үш жүз боп бір төбеге жиылыпты,  
Қалмақтар босқа ашумен қырылыпты.  
Басшы адам баршалары аман болып,  
Мал айтып бір Құдайға сиыныпты.

«Ес жиып хан Сабалақ келсін дейді,  
Бұл халық кім екенін білсін дейді.  
Шөкаман мен Шарышты бір өлтірген  
Дұшпаннан кек әперген көрсін» дейді.

280 Ханның өз кісісі барып шақырыпты,  
Сабалақ шаршаңқырап отырыпты.  
Батырлар шаршағанды керек қылмас,  
Хан шақырды деген соң құлпырыпты.

Сабалақ сәлем беріп ханға келді,  
Көп халық құмарланып көзбен көрді.  
Батырлар, құрметті адам бәрі түгел  
Әбілмәмбет оң тізеден орын берді.

— Сабалақ, ұран салдың Абылайлап,  
Мен тұрдым төре ме деп иә, Құдайлап,  
Жөніңді айт иә, шырағым, білмек үшін,  
Қалмақты қойша қырып кеттің айдап.

290 Басынан қалмақ, қазақ бар егесі,  
Шөкаманның қатты тиді төбелесі.  
— Сұрасаң, атам атын мен айтайын,  
Боламын қанішер Абылай немересі.

Соғыста жолы болған Абылай-ды,  
Көтеріліп жүрегім қабындайды.  
Өз атымды сұрасаң Әбілмансұр,  
Туысы жоқ, ешбір адам бағынбайды.

«Бауырым» деп Әбілмәмбет беттен сүйді,  
Бұрынғы еске түсіп, іші күйді,  
— Қайда екенің табалмай жүруші едік,  
300 Қос пенен шатыр тігіп тіксін үйді.

— Уәли бақи әкесінен жалғыз бала,  
Білдіремін, көп халық, сөзге қара,  
Үш жүз боп осы арада бас қосыппыз,  
Абылайды осы арада хан ғып қара.

Сол жерде көп қалайық: «Болсын», — деді,  
Бір жерге орда тігіп қонсын, — деді,  
Арғыннан Шақшақұлы Жәнібек бар,  
Хан көтеріп бәрі бата берсін, — деді.

Сол жерде халық жүрді ордасына,  
310 Енді ешкім қоймайды болмасына.  
Барысымен сол жерге көп халайық,  
Мал айтып, бата қылды молдасына.

Малдарын тойын қылып соя берсін,  
Қызыққа бозбалалар тоя берсін.  
Неше күн арада қызықпенен  
Дұшпан жоқ, ат пен адам тоя берсін.

Шақшақұлы Жәнібек бата бермек,  
Абылай Әбілмансұр хан көтермек.  
«Абылайлап» ұран салып көтеріпті,  
320 Халық түр түгел жиылып көзбен көрмек.

Хан көтеріп Абылайдың атын берді,  
Аямай арғын Жәкең бата берді.  
Әлі де қызығына тойғаны жоқ,  
Рахаттанып сол арада жата берді.

Үш жүздің аты шулы батырлары  
Ту ұстап Абылайдың қасына ерді,  
Бұрынғы ханның орны ұлы жүз-ді,  
«Орта жүз бізде болсын» деп сөзге келді.

330 Үш жүздің баласы боп танысады,  
Қызықпен сөз сөйлесе жарасады.  
«Қалмақпен екі арамыз тоқтамайды» деп,  
Орта жүз соны айтып тарасады.

Ертең бас қосып жиылды тағы халық,  
Ду көбейіп бұрынғыдан болды жарық.  
«Хан тұрмаққа үш жүзбен таласты» деп,  
Естілді Жәнібек пен ханға барып.

— Жәнібек шақырады, келсін, — дейді,  
Сөз жөнін біз айтамыз, көрсін, — дейді,  
340 Үш жүздің баласынан үш адам боп,  
Төлеге ханды алып барсын, — дейді.  
Кімге айтса Төле би түзу айтар,  
Абылай атасына сәлем бергіз.  
Қасыңа мақұл болса ерсін, — дейді.

Хан болып, халық болып сөз байлады,  
Жүруге Төле биге ыңғайланды.  
Үш жағынан тоқсан кісі бармақ болып,  
Келісіп осы сөзге ырайланды.

Хан менен тоқсан кісі жүріп кетті,  
Ортада бірнеше күндер өтті.  
350 Төле би ой өзенінде отыр екен,  
Бөгетсіз тоқталмастан барып жетті.

Олжадан бірнеше тоғыз ала барған,  
Құрметтеп әкелгенін талап алған.  
Апарған қалмақ малы жаманы жоқ,  
Басынан тәуірлерін қарап алған.



Хан барып Төле биге берді сәлем,  
Өзіңізден кеткеннен жаңа келем.  
Үш жүз болып хан қойып таласады,  
Билігін сізге айдайды кімге ерем.

- 360 — Жолың болсын, шырағым, аман келдің,  
Батыр болып хан қойды көзбен көрдім.  
Үш жүздің баласының бөтені жоқ,  
Мен дағы тілеулеспін, бата бердім.

Абылай, өзің қара мына сөзге,  
Көңіл шіркін байқалса, жаһан кезбе.  
Ұлы жүз, кіші жүзге мүмкін емес,  
Жау ішінде лайықсың орта жүзге.  
Осыменен Төле би сөз байлады,  
Тұруға орта жүзге ыңғайланды.

- 370 Орта жүздің бірі еді Доңғалақ батыр,  
«Билікті құп алдық» деп көз жайнады.

Осыменен батырлар қайтпақ болды,  
Ол күні Төле биге қонақ болды.  
Үш жүзден үш басшыға ат мінгізіп,  
«Сыйға сый» деп, солай жол қылмақ болды.

Жаза берсең болмайды сөзді қосып,  
Халық жатыр артыңда ханды тосып.  
Жәкең айтқан әуелі үшеу бармай,  
Тоқсаны әлі жүр бәрі жосып.

- 380 Төле би Абылаймен жеке шықты,  
— Шырағым, сенен жақсы, халық епті.  
Үш жүз болып қосып барғанында,  
Қалмаққа күшің асып болдың мықты.

Жазғытұрым халық маған көрісетін,  
Амандықпен қолдарын берісетін.  
Бітіспеген халықтың дауы болса,  
Маған келіп үлкен сөз бітісетін.

Абылай, болды сенің көңлің ақ,  
 Жүргенде таза болып Құдайға жақ.  
 390 Ел жаяу мен ат үсті көрісетін,  
 Өзіңе көрісерде атымды таяқпен қақ.

Төлеге мына жұмысты істеді деп,  
 Бұрынғыдан артығырақ бітеді бақ.  
 Атымнан түсе қала көрісемін,  
 Жар болып Қызыр Илияс болады жақ.

Жүргізді қонақтарын қош-қош айтып,  
 — Барарсың, баршаларың қолға қайтып.  
 Орта жүзге бармаққа бата бердім,  
 Кейінге Қазыбекке сәлем айтып.

400 Тоқсан кісі келеді ханмен қайтып,  
 Көңілдерін көтеріп өлең айтып.  
 Таянып жатқан жерге келгненен соң,  
 Ес ұлы Алпысбайдан хабар айтып.

«Хан келеді» деп батырлар шабысады,  
 Найзаларын ойын қылып қағысады.  
 Алдынан қанша батыр дайын тұрып,  
 Кешікпей амандыққа табысады.

Жәнібек Әбілмәмбетке сәлем берді,  
 Өуел бастан хан Абылай кемеңгерді.  
 410 «Орта жүзде тұрғаның құтты болсын»,  
 Сол жерде қазақ болып бата берді.

*Үш жүздің баласы сол жерде тарайды. Енді еліне қайтпақ болады. Ханды арғын елі алып, Шақшақұлы Жәнібектің елге таратқаны.*

Ханды алып арғын елі қайтпақ болды,  
 Бет түзеп бір өзенге қонбақ болды.  
 Батырлар атқа міне бірге жүріп,  
 Сол күні хан қасында бірге болды.

Еліне қайтқандары амандасып,  
Көкшетау орда тігіп жатпақ болды.  
Жәнібек Қазыбекке хат жіберіп,  
Кейінгінің амандығын білмек болды.

- 420 «Ханымыз орта жүзде Абылай,  
Іздесек ондай адам табылмайды.  
Қасына ерген батыр қызығынан  
Дүниеде үйі-түзін сағынбайды.  
Қалмақты жесір-жебір шауып алып,  
Дұшпанға қалай айтса бағынбайды.  
Жүректе түзушілік бәрі де бар,  
Жәнсіз еш адамға жағынбайды».

- Ес ұлы жіберіпті Алпысбайды,  
Дұрыс хабар беред деп сөзге жайлы.  
430 Қазыбекке хат пенен хабар берсін,  
Көкшетауға орданы ыңғайлайды.

Алпысбай жүріп кетті ханды алып,  
Үш күнде Қазекеңе жетіп барып.  
«Хан Абылай орта жүзге келе жатыр,  
Осы жолы жүрістің бәрі қарық.

- Жәкең мен хан Абылай сәлем берер,  
Бір екі үш күнде халықтың көзі көрер.  
Көкшетауға орданы тіксін деді,  
Бәрін көріп, дұшпандар арттан ерер.  
440 Төле би сізге айтты ханын көрер,  
Хан түзелді халықтың дауы бітер.  
Хан мен биі халықтың түзелмесе,  
Ел болмайды халықтың сәні кетер».

Үй тігіп Көкшетауды түзеттірді,  
Ханға арнап тіккен үйді күзеттірді.  
Ақсақал атқа мінер қарсы шығып,  
Тілдерін шешендер безеп тұрды.

Хан Абылай Қазекеңе бұрылады,  
 Дұспан көрсе бұлардан сырылады.  
 450 Қалған қол Көкшетауға тура тартып,  
 Қош айтып хандарынан жырылады.

Сәлем беріп Қазекеңе барды бұлар,  
 Мұнан былай ақсақалдар билік құрар.  
 Хан мен атқа мінер қатар келіп,  
 Тентекті тез тоқтатып ауызға ұрар.

Жүріп кетті Абылай Бурабайға,  
 Тоқтату қылып бұзақыны тұрамай ма.  
 Ордаға хан Абылай түскеннен соң,  
 Жиғызып елдің басын құрамай ма.

460 Барып түсті Абылай ордасына,  
 Жақсы ат айтып сойғызды молдасына.  
 Ақсақал, батырларды жиып алып,  
 Айтқан аттың етін берді жолдасына.

Хан елі жеріменен болған толық,  
 Жаз жайлау Бурабайдай жерге қонып,  
 Билері үлгі салған елдеріне,  
 Толықсып тұрған жері әбден болып.  
 Болғанда аттарыңды өрге айда,  
 Қыс қыстап Сарыарқаның жерін жайла,  
 470 Қалмақтың қашып барған сөзі қайда.

*Қалмақтың қашып барғандары. Қалдан ханға Шөкаман мен Шарышты естірткені:*

Шөкаман батыр болғанда, Шарыш ханның көзі,  
 Әрине, енді сөйлер келді кезі.  
 Қалғандары артынан келе берсін,  
 Қалмақтың жылап келіп айтқан сөзі.

Сөз беруге Қалданнан рұқсат сұрап,  
 Құтылып келіп, Қалданға айтты жылап:  
 — Шөкаман, Шарыш балаң ұрыста өлді,

Осыны айтып келген қалмақ кетті құлап.  
Мұны естіп қалмақтар қалды шулап,  
480 Өз тілімен жылайды айтып дулап.  
Мұндай қайғыға мақтанып белді бумақ:  
«Шарыш пенен Шөкаман болса,  
Ондай адам қалмақтан қайдан тумақ.  
Қалдан менен Қоңтәжі өліп кетсек,  
Бақтарың басыңнан кетер зулап».

Сол сөзді айтып жылады Қалдан ханы,  
Сол уақытта кірмейді елдің сәні.  
— Абылай жерінен ұстап берер,  
Қалмақтан ұл туа ма батыр кәні?!  
490 Батыр шықты қалмақтан Жалбы деген,  
О дағы қатарына қайғы жеген.  
«Қасыма толық қылып әскерді қос,  
Абылай қайда болса барам деген.  
Шарыш пен Шөкаманды жоқтамасақ,  
Бұл дүние тірілікке харам деген.  
Қолдан келсе, әкелем Абылайды,  
Иә болмаса соларша қалам» деген.

Қалдан хан: «Отыз мың әскер ерсін, дейді,  
Тірі ұстап Абылайды келсін, дейді,  
500 Жер дүние ұсталғаны естіліп,  
Абылай хан не қылғанын көрсін», — дейді.

Отыз мың әскерін ертіп жүрді жалпы,  
Екеуіне күйінеді қалмақ халқы.  
«Алайда өлтірсек бітеміз» деп,  
Бір-біріне айтады сөздің салты.

Тұзу тартып қалмақ қолы жүре тұрсын,  
Қиын болар келтірмек сөз бұрышын.  
Қалмақ, қазақ арасында бітім болмай,  
Кетірді екі жақтың көп тиышын.

*Сол уақытта Абылай Ұлытауға аңға барған уақыты еді,  
қапылыста қолға түскені.*

- 510 Абылай Ұлытауға аңға барған,  
Батырлар Көкшетауда елде қалған.  
Абылайға орынсыз жер кездеседі,  
Халыққа бір кемшілік болған арман.  
Ұлытауға таянып келгенінде,  
Уақ Өтеген батырды ұстап алған,  
«Қасыңдағы Абылай қай жерде?» деп,  
Өлтірмек боп Өтегенге дүре салған.
- Өлтірсе де, Өтеген шын айтпаған,  
Сөзінен бастапқы айтқан бір қайтпаған.
- 520 «Осы жерде Абылай бар шығар» деп,  
Сол жерге қалмақ қолы тұрақтаған.
- Қалмақ қолы Ұлытауды аралайды,  
Қиын жерге қандай адам паналайды,  
Таяу жерде хан Абылай ұйықтап жатыр,  
Қапылыста ұсталды, жарамайды.  
— Жеке батыр мынау жатқан ер ме, деді,  
Абылай болса осы ара белде, деді.  
Қапылыста ұйқыда ұстап алдық,  
Қазақтың хан Абылай сен бе? — деді.
- 530 — Сұрасаң, Абылай мен деп айтты,  
Қапылыста қолға түсті, енді қайтты.  
«Атымды жасыруға болмайды» деп,  
Өлтірсе де, қалмаққа шынын айтты.
- Абылай мен Өтегенді жүрді алып,  
Осы айтқан сөзіне әбден қанып.  
Қалдан хан бұл екеуін тірі көрсін,  
Оған шейін барады өзі де арып.  
Қай уақытта асқандыққа тосқындық бар,  
Қазір де хан Абылай болды ғаріп.
- 540 Жоғарлаған адамды үлгі қылсақ,  
Қазір де осы күнде қылсақ парық.
- Не қылса да Жаратқаннан болды пәрман,  
Ұйқыда түскеніне қылған арман.

Қапылыста талай батыр қапы тауып,  
 Хан Абылай қалмаққа кете барған.  
 «Абылайды қалмақ кеп ұстады» деп,  
 Елдегі батырларға хабар барған.  
 «Несіне Абылайдан қаламыз» деп,  
 Үш-жүздің баласына хабар салған.  
 550 Үйсін Төле би орыспен сөзі бар-ды,  
 «Абылай кетті өлтірмей, енді қамдан,  
 Тірі кетіп Абылай ел болмаспыз,  
 Оны іздемей болмайды артта қалған».

Кіші жүздің ханы еді Әбілқайыр,  
 Орыспен сөзі бар-ды әбден зайыр.  
 Орыс пен екеуің сөйлескенсің  
 Ханымызды тірі әперсін жауап қайыр.  
 Орта жүз хабарласып атқа мінді,  
 Бөріне сәлем айтып хабар қылды.  
 560 Орта жүзден атқа мінер біреу қалса,  
 Кімде-кім осы сөзге болсын мінді.

Үш жүз боп батыр, жақсы бөрі жүрді,  
 «Қайтеміз тірі қалып қалған күнді».  
 Батыр, жақсы баршасы қайғыменен,  
 Отыра алмай үйінде болып жынды.

*Төле би мен Әбілқайыр ханның орысқа айтқаны:*

— Хан мен би Тевкелев деген жандаралға  
 айтқан сөз,  
 Қазақ боп саған айттық келді кезі.  
 Абылайды қалмақ ұйқыда әкетіпті,  
 Кім екенін орыс, қазақ көрген көзі.  
 570 Орысқа «Абылайды әпер, деген,  
 Иә болмаса туыңды қалмаққа көтер, деген.  
 Абылайды ұрыспен әпермесең,  
 Қазақ халқы сендерден кетер, деген.  
 Осы сөзді сендерге қатты айтамыз,  
 Иә болмаса сөйлегеніміз бекер, деген.

Абылай байқағанға ұлт адамы,  
 Ұқсаңыз осы сөз де жетер» деген.

Жандарал айтты: «Төле мен Әбілқайыр,  
 Жіберерміз хабарға малбар майыр.  
 580 Қалмақ, қазақ арасы бітім болар,  
 Дейміз ғой Абылайды бізге қайыр».

Бермесе, қалмақпенен сөйлесерміз,  
 Қазақ пен орыс болып кездесерміз.  
 Орыс болып арашаға жарамасқа,  
 Түтігіп қару-жарақ сермесерміз.

Осы сөзді айтып жіберді қалмағына,  
 Орыс, қазақ жарармыз салмағына.  
 Орыс пен қазақ бірге қатар барар,  
 Шыдағаннан көрерміз зардабына.

*Абылайды алып барғаны*

590 Абылайды алып барды хандарына,  
 Не көрмейді Алланың алғанына.  
 — Тоқтатпастан зынданға апарып сал,  
 Қалданның кім тұрады пәрманына.

Тоқталмай қағаз алып майыр барды,  
 Өтірік жоқ, бұл сөзден зайыр бар-ды.  
 Абылайды өлтірме, ұлт адамы,  
 Қазіргі тексеруден айырып алды.

Тоқталмастан қазақтың қолы келді,  
 Қарауылшы келгенін көзі көрді.  
 600 «Мына жақтан қалың қол келеді» деп,  
 Қалданға тоқталмастан хабар берді.

«Абылай үшін ол келген қазақ, деді,  
 Түк өнбейді, ол күлкі мазақ, деді,  
 Ортасынан Абылайды іздеп таптым,  
 Басына іздегені азап, деді.



Алдынан бір кісіні бар деп айтты,  
Түгел өлмек өздеріне ар деп айтты,  
Алдынан әскерімді шығарамын,  
Арты бөгет, қысты күні қар» деп айтты.

- 610 Осы сөзді айтып қазаққа барды біреу,  
Сөзінің күпірлігі көкке тіреу,  
— Тіл алсаң, өздеріңе қайтқан жақсы,  
Алдыңнан әскер шығып қарша күреу.

— Әй, қалмақ, әуел бастан мақтанасың,  
Біз келді деп, әрине, сақтанасың.  
Ұйықтап ханымды ұрлап алып,  
Әрбірден соң ақпын деп ақтанарсың.

- 620 Үш жүздегі қазақтың қалғаны жоқ,  
Соғыста өлсе, Абылайдың арманы жоқ.  
Ұрыларша ұйықтап жатқанда ұстап алып,  
Кеуде көтеріп, бостан-босқа болмаңдар тоқ.

Ханыңыз Абылайды жіберіп, ұрыс қылсын,  
Бізді жеңсе, сонан тыныш қылсын.  
Ұйқыда жатқан жерде ұстап алып,  
Әділетпен осындай бір іс қылсын.

Қалмақ қайтты ханына айтпақ болып,  
Қазақ жатыр сол жерде қонақ болып.  
Абылай хан қолына түскеннен соң,  
Дұспанның отырады қаны толып.

- 630 Тоқтамастан келген кісі қайтты, дейді,  
Ханына естігеннен айтты, дейді.  
«Абылайды ұйқыда ұстапты» деп,  
Сол сөзді келген қазақ айтты, дейді.

Сонда Қалдан: «Рас, ұйқыда түсті, дейді,  
Қалай айтса Абылай болар күші, дейді.  
Жекпе-жекке шығатын бізден батыр бар ма?  
Байқайық осыменен істі, дейді.

Қалған батыр Абылайдай емес шығар,  
Бізде де батыр бар ғой күшті, — дейді.

- 640 Сонда қалмақтан бір батыр болды дайын,  
Әуел бастан біледі ұрыс жайын,  
«Жекеге екі жақтан батыр шықсын,  
Қазақ батыры жеңсе, беремін Абылайын.  
Ұйқыда ұстады дегеніне бердім тілек,  
Қолға түскен кісісін босқа ұрмайын».

Елшісін жіберіпті осы сөзге,  
Елші байлап айтып келсін бізге.  
Екі ортаға батырды шығарамыз,  
Ұрыспенен отырсын көзбе-көзге.

- 650 Осылайша байладым, жөнін айтсын,  
Батыр өлсе, тоқтамай елге қайтсын.  
Тілегені өздерінің осы болар,  
Әрине, енді қазақ несін айтсын.

Елші барып бұларға айтты сөзін,  
Сәті болса келтірер, ал кезегін.  
Қасына қос батырды қосып беріп,  
Жұмысты бітсін дейді тезбе-тезін.

- 660 Екі елші басын қосып сөз байлайды,  
Таң атқан соң шықпаққа ыңғайлайды.  
«Ханымызды жіберсең, біз дайынбыз,  
Қоя бер» деп батырлар тіл шайнайды.

Белдеу жерге екі жағы жиылыпты,  
Қалың қол екі жақтан құйылыпты.  
«Абылайды осы жолы аман бер» деп,  
Мал айтып, бір Құдайға сиыныпты.

«Бата бер» деп тілейді Тоғалақ батыр,  
«Кім барат» деп халық ойлап жатыр.  
«Абылаймен барған батыр өліп кетсе,  
Басымызға түсті деп заманақыр».

- 670 Тоғалақ батыр арғыннан қаракесек,  
Лайықтап айтады сөзін өлшеп.  
Жүрегім Абылай үшін тоқтатпайды,  
Әбиір алып халыққа аман келсек.

Жиылған халық сол жерде берді бата,  
Кешірілсін, сөзімде болса қата.  
Қалмақ пенен қазақтың «үлкен» басы,  
Екі жақ не болат деп жүрек қапа.

- Екі батыр барды да майдан құрды,  
Өз тілімен екі жақ тілеп тұрды.  
680 Әбиір беріп Толғалақ батырына,  
Өлтірмей ұстап жерге ұрды.

«Қалмаққа тірі бар да, қайт, деп айтты,  
Ханың шыншыл болсын, айт, деп айтты.  
Қалдан хан екі айтпайтын дүзу болса,  
Үйіңе тыныш барып жат» деп айтты.

Өлмей қайтып, батыры ханға барды,  
Қалай өлмей келді деп аң-таң қалды.  
Батыр сөзі әуелден өктем еді,  
«Білім бар» деп Қалдан хан ғажапланды.

- 690 Қалдан айтты: «Батырлығы күшті кісі,  
Өлтіруге жетті ғой мұның күші.  
«Қан шығарсам, ортаға жарамас» деп,  
Түзулікке барады мұның ісі».

Халқы айтты: «Қалдан хан, қайтеміз, деп,  
Қалай жауап қазаққа айтамыз, деп.  
Абылайды алдымызға алдыралық,  
Сені апарып дарыға тартамыз», — деп.

- Қалмақ барып шаһарға барып кірді,  
Жеңілгенін басынан халық білді.  
700 Қазақ та бөгелместен, о да қайтты,  
«Бір жақсылық болар» деп іштен күлді.

Хан Абылайды зынданға салған еді,  
Көңілі тіршіліктен қалған еді.  
Қапылыста қалмаққа қолға түсіп,  
Қылышын сермемеген арман еді.

«Тоқтатпай Абылайды алып кел» деп,  
Жендеті кісі өлтіретін барған еді.  
Өлтіре ме деп Құдайға көп жалынып,  
Қызыр Илияс пірден тілегені жәрдем еді.

710 Жолдас пен Абылайды алып жүрді,  
Көкшенің қақ ортасын жарып жүрді.  
«Өліп кетсем, қай адамнан артықпын» деп,  
Көңілі бұл дүниеден қалып еді.

— Әй, Өтеген, қалмаққа жасымайық,  
Ажал жетсе, өлтірер, бас ұрмайық,  
Ханға бармай, көзір де өлтірмейді,  
Білгенімізді тоқтатпай жасырмайық.

Қалдан ханның қасына келді алып,  
Мына сөзді байқаңыз қылып парық.  
720 Қалдан ханның қасында бір орын тұр,  
Абылай барып отырды, елді жарып.

Ол орынды, әрине, сынмен қойған,  
Абылайдың кетті шығып уайымы ойдан.  
«Мынау орынды маған қойған шығар»,  
Орындыққа қасында көтін қойған.

Хан қасында Абылай кетпеді ығып,  
Отырса да өлгені жүнін жығып.  
«Жасығанмен біздерді бос қоя ма,  
Несіне отырамын босқа бұғып.

730 Қалдан айтты: «Отырыпсың орындыққа,  
Абылай, әлі көңілің толымдықта.  
Жендеттер өлтіруге алып келді,  
Батырсың, өлсең дағы біттей ықпа.

Мен шақырттым, Абылай, арманың не,  
Орындықты тая қойып, кел қасыма.  
Дарыға тартып қазір де өлтіремін,  
Өлімде ойың болса, қайғыңды же».

— Бірінші арман — ұйқыда қолға түстім,  
Кім аларын білер едім артық күштің.  
740 Қапшылыста қолыңа тұтқын болып,  
Бостан-босқа соғыспай оққа ұштым.

Екінші арман — қазақты отырықшы  
қыла алмадым,  
Ел қылып өзімді-өзім сыналмадым.  
Ел қылып басын қосып келгенімде,  
Бұйрығы осылай болды бір Алланың.

Үшінші арман — төрт атадан жалғыз едім,  
Тұқым көп ұядағы байғұс едім.  
Арманым осыменен болды тамам,  
Қызықтап ақырында көргізбедің.

*Қалдан сөзі:*

750 — Өмір сана төрт атадан о да жалғыз,  
Тілейміз тілек қылып артта қалғыз.  
Тұқымның жоқтығын арман қылды,  
Сұлейменнің құлындай ойлап байғыз.

Өз тілімен айтады Қалдан ханы,  
Абылайдың кіріп тұр сонда жаны.  
Өмір санаға атыңды қосып айтты,  
Ақыры түзу келсе сөздің мәні.

Абылай тілін ұғып: «Құлдық, деді,  
Өмір сана мен екі жалғыз болдық, деді,  
760 Жалғызыңа атымды қосқаннан соң,  
Ақырында көрмеспіз қорлық», — деді.

Қалдан айтты: «Сен неге құлдық дейсің,  
Қалмақша біздің тілмен сөйлемейсің.

Рұқсат деп мен саған айтқаным жоқ,  
Болмай қалса сөзің, қайғы жейсің».

Абылай айтты: «Әмірсаменамен атым бірге,  
Өзің хансың, сәбетшің тіліне ерме.  
Әмірсаана мен екеуің бірдей дедің,  
Айтқаныңды қайтып алып менен көрме».

770 — Мына сөзің, Абылай, болды қиын,  
Сені іздеген орыс, қазақ бөрі жиын.  
Әмірсаменамен атыңды қостым ырас.  
Босатамын алдыңа тілеп сыйын.

Мұның артын Әмірсаменамен дос қылайық,  
Қалмақ, қазақ мұнан соң қас қылмайық.  
Сөзіміздің артынан байлау болып,  
Бастарын бітімменен қостырайық.

Абылай, саған берем аға қызын,  
Халқыңнан сені көрем бойың ұзын.  
780 Күнде бау үзілмейтін сүйек болып,  
Бұрынғы қалмақ, қазақ айттым ізін.

Абылай: «Не десеңіз мақұл, деді,  
Сөзіңіз қалай айтса ақыл, деді  
Мені іздеп орыс, қазақ келген болса,  
Алдыртып алдыңызға шақыр», — деді.

Бір күнде хан Абылай елден асты,  
Біраз күн әуреледі есіл жасты.  
Қалдан хан рұқсатты бергеннен соң,  
Бір Құдайға сиынып көтін басты.

790 — Қазаққа шақырушы барсын, деді,  
Сүйінші қазақтардан алсын, деді.  
Абылайдай ханымыз босаңыз деп,  
Сөзіне қалай айтса нансын, — деді.

Қазаққа «сүйінші» деп кетті шауып,  
«Абылай басыңды, — деп, — қылма қауіп».  
«Абылайлап» баршасы ұран салып,  
Біреу қалмай шабады қылып сауық.

Абылайға сәлем берді «алдиярлап»,  
Көргеніміз рас па деп бәрі зарлап.  
800 Ақсақалдар құшақтап көріседі,  
«Аман есен көрдік, — деп, — иә, Құдайлап».

Басшылар ханына көріседі,  
Қасына тоқтамай-ақ келіседі.  
Абылайдан босатқанын бәрі сұрап,  
Жүрегі әбден қанып сенді деді.

Қалдан хан қазақтарды қылды қонақ,  
Қалданның қалай айтса, ақылы мол-ақ.  
Қалмақтар Қалдан барда көрген қызық,  
Қалданнан соң қызығының бәрі шолақ.  
810 Ақымақ болса, Абылайды өлтірмей ме,  
Өз қылығын өзіне келтірмей ме.  
«Мен дағы Абылайды өлтірдім» деп,  
Шайтан туын көтеріп лепірмей ме.

Абылайға ағасының қызын берді,  
Қалмақтың зияпатын бәрі көрді.  
«Мен дағы апамнан қалмайын» деп,  
Жалғыз бауыры апасының қасына ерді.

Қалдан айтты: «Шырағым, тоқта, деді,  
Бізден басқа қыз берген жоқ па, деді.  
820 Осы сапар баланың өзі барсын,  
Көңілді барамын ғой деп соқпа», — деді.

«Тіліңізді, жан ата, алмаймын, деп,  
Апамнан неғылса да қалмаймын, деп,  
Осы жолы апамнан алып қалсаң,  
Өмірімше мен жылап зарлаймын» деп.

— Абылай, бала саған ерсін, деді,  
 Бір жыл тұрып апасын көрсін, деді.  
 Бір жылдан соң бұл бала мауқын басып,  
 Қайтадан өзімізге келсін, — деді.

- 830 Көп жасаумен Қалдан хан қызын берді,  
 Қалмақ, қазақ бергенін көзі көрді.  
 Ағасынан туған бір ұл, бір қыз,  
 Қыз түгіл бір баласын, қосып берді.

Хангелді мен Дулаттың қалғаны жоқ,  
 Қалай айтса, халықтың көңілі тоқ.  
 Үйсіннен келгендерін қалдырмады,  
 Не деп айтса, Абылайдың арманы жоқ.

*Орыстан келген майырдың қайтқаны.*

- Майыр қайтты Абылайға хошын айтып,  
 Көңілдің бір-біреуге досын айтып.  
 840 «Жол болды біз де іздеп келіп едік»,  
 Жақындығын білдіріп қосып айтып.

Абылай айтты: «Рахмет келгеніне,  
 Қошеметтеп мені жақсы көргеніне.  
 Орыс, қазақ баршаңыз іздеп кепсің,  
 Құданың тәубе қылдым бергеніне».

Қалдан хан Абылайға амандасты,  
 Сенен мен аямадым мал мен басты.  
 Қазақ, қалмақ екі ара тоқтау болсын,  
 Мұнан былай тоқтамаса, жарамас-ты.

- 850 Қош айтып екі жағы кетті жүріп,  
 Көп халық жолы болып, қайтты күліп.  
 «Абылайды аман-есен алып қайттық,  
 Біреуің сүйінші сұра елді біліп».

Біреуі елге кетті сүйінші сұрап,  
 Қалың қол келе жатыр елге құлап.



«Өлген ханымыз тіріліп келеді деп,  
Той қылып сою керек, болса пырақ».

Үш жүз боп барғаннан соң тойын қылды,  
Жан көрмеген өртүрлі ойын қылды.  
860 Абылай өзі болып тұрғанында,  
Қай жердегі патша да мойын бүрды.

Өзі тимей, Абылай тигені жоқ,  
Дұспандығын көз көрмей атылмас оқ.  
Иек асты аңдыған жауы болса,  
Батырларға айтады «көтере соқ».

Ұрысы жеке бұл емес, толып жатыр,  
Жиылған орта жүзден өңшең батыр.  
Өзіне қарсы келген дұспан болса,  
Көрсеткен дұспанына заманақыр.

870 Әкесі жоқ, басыңда жетім бала,  
Құданың бергеніне байқап қара.  
Қазыбек, Жәнібек пен Төле би  
Алдынан өте алмаған төре қара.

Абылайдың өзінен Қасым туды,  
Өзгесінен артығырақ басым туды.  
Кенесары, Наурызбай бел баласы,  
Қасымнан неше түрлі асыл туды.

Абылай Қызылжардан үй салғызды,  
Мирас қып артына үй қалғызды.  
880 Жосып жүрген халыққа тоқтау салып,  
Ақылмен бәріне де тіл алғызды.

Абылайдың билеріне кімдер жетті,  
Өзі хан ел бастаған ғадалетті.  
Біраз күн дүниеде сайран қылып,  
Опасыз дүниеден о да кетті.

Абылай барда ұрлық, зорлық сөз жойылған,  
Билерге «жеті жарғыш» ат қойылған.  
Өзі білген ғадалетін аяған жоқ,  
Өзі өлгенше тайған жоқ сөзі орнынан.

890 Жас жетіп, ажалға келер жылдам,  
Тәуба қылса, күнөға ғапу қылған.  
«Ажал жетіп маған таяды» деп,  
Әзірет Сұлтан жанына өсиет қылған.

Абылай талай жанның кеменгері,  
Заманында қалай айтса, болған ері.  
Ақылы талай жаннан артық екен,  
897 Әзірет Сұлтан оң жағына қойған жері.

# Сабалақ

Қазақтың ұлы ханы Абылай хан,  
Сөйлейін өткен-кеткен мен солардан.  
Рахаттан қазақ үшін безіп кеткен,  
Алланың әмірімен бір туған жан.

Хан еді қазақтағы қолы жеткен,  
Үш жүздің баласына еңбек еткен.  
Атасы Абылайдың Уәлихан  
Өкпелеп хандық үшін ауып кеткен.

10 Нағашысы Ғайыпханға барған ауып,  
Тыныштық тұрып қалды сонда тауып.  
Уәли жетім, иесіз болып қалды,  
Елдерін Ғайыпханның қалмақ шауып.

«Ақтабан шұбырынды» аштық болды,  
Ел кетті бет-бетімен қайың сауып.  
Жас бала Әбілмансұр қалды жетім,  
Еліне жетер емес қайта тауып.

20 Сонда да талап қылып, ел іздеді,  
Сапардан, қорқыныштан қылмай қауіп.  
Неше күн жүдеп-жадап келе жатса,  
Алдында көп ел отыр қылған сауық.  
«Қуанған қорыққанмен бірдей» деген,  
Кетіпті жыламсырап көңіл ауып.

Ұлы жүз үйсін Төле биге келді,  
Ізденіп ата-баба туған елді.

Кез келіп Құдай айдап Төле биге,  
Көрмеген, сірә, мұндай кемеңгерді.

Төле би білімді адам жаннан асқан,  
Табады жетім-жесір қайдан қашқан.  
Орысқа қазақ пенен сүйікті жан,  
30 Сөйлесіп жақсы сөзбен бетін асқан.

Әжелді бұған тура Құдай бастап,  
Ел-жұртын қалмақ шапқан жетім тастап.  
Төлеге ұрықсатсыз кіріп келді,  
Киімін сыртқы қабат шешіп тастап.

Жыртылған бар киімі далба-далба,  
«Уһлеп» күрсінеді анда-санда.  
Қара сұр, өткір көзді, тура сөзді,  
Жаратқан ерекше қып Хақ Тағала.

Қой жүні жыртық күпі, сенсең тымақ,  
40 Шашы да көзге түсіп кеткен тым-ақ.  
Сұңқардың отырысы баласындай,  
Нәсілі Төле биге кеткен ұнап.

Төле би сұрайды енді ата жөнін:  
— Бар ма, — деп, — әке, шеше, аға-інің.  
Хан текті адам сынды, құста сұңқар,  
Ойласам келіседі соған түрің.

Атым жоқ, жөнім де жоқ бір баламын,  
Дәм айдап тентіреген бейшарамын.  
Ел-жұртым, ата жөнім, туғаным жоқ,  
50 Атымды кім қойсаңыз, құп аламын.

Мұнымен қоя қойды Төле қыспай,  
— Не қызмет қыласыз, немене ұстай?  
Өзіңіз неге қоссаң мен разымын,  
Зымырап істей берем ұшқан құстай.

Алынбай көптен бері шашы да өскен,  
Сабалақ қара тымақ көзге түскен.

Сапсайып үсті-басы тұрғаннан соң,  
«Сабалақ» мұның аты болсын дескен.

60 Төленің қойын жайды, қоржын тіліп,  
Қабағы ашылмайды бір күн күліп.  
Төле би әр сөзінен сынады да,  
Асылзат-ты екенін жүрді біліп.

Сабалақ қойдан шығып, түйе бақты,  
Төлеге келгеннен-ақ ісі жақты.  
Төленің бар міндеті сонда болып,  
Майталман ойлағаннан бәрін тапты.

60 Ас болып кетіп еді ол бір жаққа,  
Балаға сарқыт алды сынамаққа.  
Түйеге келсе, бала ұйқтап жатыр,  
Жайылып төрт борбайы төрт тарапқа.

Би келіп тамашалап бұған бақты,  
«Айтам ғой осы бала асылзат-ты.  
Төрт жаққа жайған екен төрт борбайын,  
Тегінде билейді екен төрт тарапты».

«Сарқыт» деп жолдасына басты берді,  
— Кел, — деді, — не қылғанын байқап енді.  
Оятқан соң біліп кел не қылғанын,  
Сөзіне биттей қоспа артық-кемді.

80 Жолдасы оятты да берді басты,  
Оянып оң жанбастан көзін ашты.  
Құбылаға қарап тұрып бір керіліп,  
Шақырды малшы, қосшы көп жолдасты.

Оларға кесіп берді көз, құлағын,  
Құйқаның өзі жеді езу жағын.  
Жолдасы Төле бидің сұрайды енді:  
Сабалақ, мынау қалай мырзалығың?!  
— Маған да көз бен құлақ құрбы-құрдас,  
Азамат не болса да маңайымен.  
Жарайды неменеге бір жалғыз бас.

- 90 Жолдасы Төле бидің үйге қайтты,  
Көргенін білгенімен Төлеге айтты.  
«Мұндай мінез падышаның ісі екен» деп,  
Таң қалып отырған көп ішін тартты.

Аздаң соң жылқы бақты, қойдан шығып,  
Еш жанға сыр бермейді жаудан ығып.  
Қанша жау көрінсе де көзге кетер,  
Жалғыз тайды алдырмас қорқып, бұғып.

- Жүрсе де қарауылдайд жылқы бағып,  
Шын асыл қап түбінде жатсын нағып.  
100 Қылған іс, айтқан сөзі түп-түзу боп,  
Төленің көңіліне жүрді жағып.

Жақсылап бір екі-үш ай жылқы бақты,  
Қапы боп тастамайды жау-жарақты.  
Бір күні жылқы ішінде отырғанда  
Бір-екеу келді бұған жарау атты.  
Сабалақ сәлем берді екі адамға,  
Сабылтып ат аямай жүрген жанға.  
Қайдан келіп барасың, енді қайда?

- Сұрасаң менің атым — ер Бөгенбай,  
110 Жолдасым Жәнібек қарт, ер Қабанбай.  
Қалмаққа тура аттанып біз барамыз,  
Кәпірдің ызасына шыдай алмай.

Менің атым, сұрасаң, Бөгенбаймын,  
Дұспаннан кегімді алмай жүре алмаймын.  
Қалмақ ит қайда қашып ұзап кетті,  
Айқаспай осы жаумен басылмаймын.

- Сабалақ көп жалынды Бөгенбайға:  
Бір құмар адам едім осындайға.  
Әй, Бөке, не қылсаңыз мені ала кет,  
120 Үйренсем сізбен бірге ұрыс қайда.

Ертең Бөкең жөнелді қасына ертіп,  
Төртеуі келе жатыр екпіндетіп.

Қалмақтың күні бойы ізіменен  
Ел жата көп шерікті қуып жетіп.

Бөкеңнің бала тұрды атын ұстап,  
Батырдың өзі кетті өнер қыстап,  
Бір топ атын әкелді жылы байлап,  
Бәрін де кезімдеген аламыштап.

— Әй, Бөке, тоқтай тұр, мен барайын,  
130 Құдай берсе, бау ашар олжа алайын,  
Атым да тұра тұрсын сізбен бірге,  
Әлі келсе алып шықпақ бірталайын.

Бөкеңе атын тастап бала кетті,  
Көрінген көз үшінде үйге жетті.  
Көр бала сықылды емес, жаңа пері,  
Жымырылып ыңғайланса, тым-ақ епті.

Көрінді таңның болып қараңғысы,  
Ебін тауып ептісі алар кісі.  
140 Тысын қойып, үйінің ішін шауып,  
Бөкеңе жағып кетті мынау ісі.

Бөкеңе кешікпей-ақ келді бала,  
Тастамай келген екен ісін шала.  
Төрт түйеге сымбалдап артып алған,  
Батырдың қылып келген ебін қара!

— Кешіктім мына түйе жүкті қармап,  
Түйеден атандарын алдым таңдап.  
Ол сіздің сыбағаңыз біткеннен соң,  
Үшеуі қайта салды елге таман.  
Жетіпті ел шетіне есен-аман,  
150 Балаға Бөкең айтты: «Сен бәрін ал,  
Тойғалы мен олжаға талай заман».

Бала айтты: «Бөке, мен олжа алмаймын,  
Дүниені не қылайын, көз салмаймын.  
Әгер де көңіліңменен бата берсең,  
Алладан үмітім бар, құр қалмаймын».

Қол жайып бата берді Бөгенбай қарт:  
— Бізге жау ежелден-ақ қалмақ пен сарт.  
Жылқының жүйрігі еді Нарқызылым,  
Көңілім енді саған беруге шарт.

- 160 Жазымен бұл атымды күтіп қыстай,  
Жеткізбес еш адамға ұшқан құстай.  
Қалмаққа жазғытұры аттанамыз,  
Дайын бол, қалмақ жиылып, басын қоспай.

Қалмайды ешбір адам қалмақ жаудан,  
Ол итті асырамыз Алатаудан.  
Бастығы — Әбілмәмбет хан барады,  
Бір келер адам қаны омыраудан.

- Осылай жарлық қылған Әбілмәмбет,  
Болғанда ат қара тіл қоямыз бет.  
170 Баптап ап Нарқызылды қаруыңмен,  
Айтқаным «Алла қосса, жиынға жет».

— Кетсеңіз бұл сөзіңді Төлеге айтып,  
Биімнен рұқсатсыз барам қайтіп.  
Төле егер «барсын» деп жарлық қылса,  
Қалмасын қалмағыңнан бойды тартып.

Бөкең барып айтыпты Төлесіне,  
Төлесі берді рұқсат төресіне.  
Көңілі қатты тасып, бата берді,  
«Шабыңдар кекті айғырдың енесіне».

- 180 Жаз шықты жер жүзінде гүлдер еніп,  
Бөгенбай жібереді хабар беріп.  
Жаратып Нарқызылды қатырып ап,  
Жолықты бара жатқан қолға келіп.

Байлаған жұмыр тұмақ бозбалалар,  
Қанжарын жарқылдатып өнге салар.  
Кәпірге жаулықпенен өштескен соң,  
Ешбірі көрінбейді жанын аяр.



Бұлардың баратынын о да біліп,  
Алдынан қорғанбай-ақ келді даяр.  
190 Жиылып екі жағы ұрыспаққа,  
Ол кетсе арманы жоқ қатыспаққа.  
«Жекпе-жек» деп шығады айғай салып,  
Майданда батырымен тұрыспаққа.

Бұл жолы кегін қазақ алмақ еді,  
Жасырынып үйде ешкім қалмап еді.  
Ақтабан шұбырынды елді шапқан  
Қоңтажы Серең деген қалмақ еді.

Қалмақтан қасқа ат мініп осы шықты,  
Жүрген жағы жарылып қойдай ықты.  
200 Өлтірді он бес батыр жекпе-жекте,  
Қарсы жан шыға алмапты бұған тіпті.

Қазақтың бір қысылып қалған жері,  
Кәпірдің жекпе-жекке алған жері.  
Ақырды Әбілмәмбет қолға қарап:  
— Шіркіннің таусылған ба арманды ері?!

Бөгенбай құр тістеніп сүлдірі тұр,  
Ешкім жоқ бос қайнайды кеудесі құр.

Сабалақ киімін шешіп қамланады,  
— Он жігіт жекпе-жекте бізден өлді,  
210 Әуелі Құдай, екінші, әруақ үшін,  
Беріңіз, жақсы бата маған, — деді.

Байлаған жұмыр тымақ, сұр шекпенді,  
Порым жоқ түйе жайған бұрынғы енді.  
Қып-қызыл екі көзі сырттан өтіп,  
Аяндап, күлім қағып ханға келді.

— Ағаке, батаңды бер Құдай үшін,  
Кәпірге мен барайын, жетсе күшім.  
Қол жайып Әбілмәмбет түрегелді,  
Зар жылап «әруақ» деп бұзып түсін.

- 220 Сабалақ «әмин» деп жайды қолды,  
— Әй, балам, Құдай оңдап, болсын жолың,  
Қалмақтың, Аллаң жар боп, басын алып,  
Хан қылсын дәрежелі артық орын.

Сабалақ жауға шапты «а, Құдайлап»,  
Сауыт киіп, беліне қанжар байлап.  
Бағанадан бұзылып кетті түсі,  
Аузы-басын түк басып, көзі жайнап.

- Аты да астындағы жер тарпиды,  
Ақырып ойқастады қалмақ сайрап.  
230 «Абылайлап» топтан шыға жалғыз шапты,  
Даусына жер күреңді «Абылайлап».

Тартынбай о да шауып келді қалмақ,  
Жан екен бір кісіге о да салмақ.  
Жыңғылдай өзі жуан ұзын екен,  
О дағы жұлынады жанын қармап.

Ол уақыт ұрыспайды кезек бермей,  
Тып-тыныш нағып кетсін біреуі өлмей.  
Қалмаққа «кезек ал» деп қарап тұрды,  
Не қылсын, күші басым сөйтіп жеңбей.

- 240 Қанжармен көпір қалмақ тұра салды,  
«Аллаға тапсырдым» деп жұрт жалбарды.  
Сауыттың бір қабатын азар тіліп,  
Дегене анық үші жетпей қалды.

Кезекті о да берді шыдап тұрып,  
Бұ да ұрды аямай келістіріп.  
Кезек қалды, екеуі төбелесті,  
Қарудың әбден бітті бәрі сынып.

- Аллаға жалбарынып, қайраттанып,  
Екеуі ұрыс салды қайта айналып.  
250 «Атамыз Абылайдың әруағы» деп,  
«Арғы атам хан Абылай, қолдай көр» деп,

Жіберді өңдіршекке найза салып,  
Бөлемді аттан жықты қорқыратып,  
Денесі қып-қызыл боп қанға батып,  
Жабылды сүйегіне барша қалмақ,  
Барабан өз заңынша даңқылдатып.

Жабылып сонда қалмақ төбелесті,  
— Сүйегін не қылсаң да, берме, — десті,  
Өңгеріп құтылмастай болғаннан соң,  
260 Ұстап ап айдарынан басын кесті.

Байлады қанжығаға айдарынан,  
Жиып ап түк тастамай сайманынан.  
Бұрынғы Сабалақ деп ойлар емес,  
Қараса шошынатын айбарынан.

Сүйегін ала-сала қайтты кәпір,  
Басты бермей жөнелді біздің батыр.  
Қолда жетек, қан болып үсті-басы,  
Әлгі бас ерді аударып келе жатыр.

Басты әкеп хан алдына тастай берді,  
270 Таңданып бас пормына жұрт боп көрді.  
Айдары сала құлаш, бас қазандай,  
Шошқада салпылдаған төменгі ерні.

Қалмақтың қамалады бас пен жасын,  
Баланың жаңа көріп тамашасын.  
Баланың кім екенін жан білмейді,  
Ырза ғып жеңіп берді падишасын.  
Қасына алды Әбілмәмбет Сабалақты,  
«Не айтар» деп жұрт жиылып қамалапты.  
— Шырағым, неге шаптың Абылайлап,  
280 Сен кімнің баласы едің? — деп сұрапты.

— Қарағым, неге шаптың «Абылайлап»,  
Босады жүйкем қатты «а, Құдайлап».  
Өкең кім, ата жөнін шешеңменен,  
Себебін бастан аяқ айтшы жайлап.

Сұрасаң арғы атамды, хан Абылай,  
Ешкімге бермегенді берген Құдай.  
Сырымды жалғыз адам біле алған жоқ,  
Болмаса Құдай оңдап бұдан былай.

290 Уәли деп айтады әкем атын,  
Білесіз өзіңіз де арғы затын.  
Үйсін мен орыс, қалмақ шабысқанда,  
Біз болдық жетім бала, жесір қатын.

Өз атым — Әбілмәнсүр атам қойған,  
Уәли шабындыда басын жойған.  
Бір ағам Әбілмәмбет хан болып тұр,  
Қайран жұрт, ата бабам кетпес ойдан.

300 Елімді «ақтабанда» қалмақ шапқан,  
Пәлен жерде, білем, деп қалмақ айтқан.  
Бізге беттер орыстан үйсін де жау,  
Бірігіп орыспенен талап қайтқан.

Кәпірге түк қылмаса жау тұқымы,  
Мен тоқты солар үшін құрбан қайтқан.  
Жалаңаш жалғыз өзім қашып келіп,  
Мен едім Төле биде түйе баққан.

Атымды жөнімменен айта алмадым,  
Не керек жүдеп жүріп босқа шапқан.  
Ағеке-ау, кез келген соң енді саған,  
Жаратқан үмітім бар жалғыз Хақтан.

310 — Қарағым, сен екенсің Әбілмансүр,  
Сағынып жүруші едім сұлдерім құр.  
Мен білмей өлі-тірің көп сандалдым,  
Еш адам іздегенмен білмеді бір.

Кім білсін айтпаған соң өлі-тіріңді,  
Бұрынғы ойға салдың тірі өлімді.  
Құдай, бүгін алсаң, мен де шүкір,  
Інімді жаңа таптым бар сенімді.

Көрісті айғай салып аттан түсіп,  
Баланы құшақтайды қатты қысып.  
Екеуі зар жыласты, жұрт жиылып,  
320 Бір тоңды, бір қызарды, бір суынып.

Уәлидің ауғаны рас хандық үшін,  
Қалғамыз шабыңдыда көрмей түсін.  
Ел-жұртым, көріп тұрсың, халайық,  
Баланың баршаңызда қылған ісін.

Бір-бірлеп көрісіпті елдің бөрі,  
Бар жылап қуанысып жас пен көрі  
Әйтеуір жанға рақат болды дәрі,  
Жамағат ісі еді ғой жоқты бар ғып,  
Құдайым жасатыпты жақсы жан ғып.  
330 «Осы ғой Абылайдың дәл тұқымы,  
Қоялық халқымызға мұны хан ғып».

Барша жұрт «алдиярлап» болсын, деді,  
«Әруақ баяғыдай қонсын», деді.  
Тәжіні әкеп кигізді өз қолымен,  
«Тағыңыз мүбәркәлі болсын!» деді.

Айтыпты жұрттың бөрі ақсарбасын,  
Үстінен шешіп берді кең шалмасын.  
Барша жұрт жиылып ап шуылдайды,  
Жаңадан сайлап алып падишасын.  
340 Тәжі киіп, хан болып, мінді таққа,  
Көрсетіп қарсы қайрат дұспан жаққа.  
Жас бала сайлауменен патша болды,  
Сиынып бұрынғы өткен әруаққа.

Құдайға құлшылықты жастан қылған,  
Іс қылды түзуліктен жалғыз Хаққа.  
Бұл ісінен алыпты өркім хабар,  
Кімде-кім мұңлы болса іздеп табар.

Қараған қол астына халқын жиып,  
Қырғызды қалмақ күнде шабар.  
350 — Шақырып шақшақ Жәнібек келсін, дейді,  
Жарлық қылса, жанның жүзі өлсін, — дейді.

Арғын менен найманнан алты кісі,  
Екеуі уақ, керейден де ерсін, дейді.  
Тоғыз болып барыпты Жәнібекке,  
Ол заманда бола ма араз-өкпе.  
«Тақ пен тәжің басыңда құтты болсын,  
Пайданды Алла Тағала берсін көпке!».

Бата беріп сөйлейді үш түрлі ақыл,  
Келгенін құп жаратып келді мақұл.  
360 — Үш ауыз сөз айтамын, жаным, саған,  
Ұғып ал, балалықпен қалма ғапыл.  
Әуелі ісіңді еркін қылып алып,  
Сонан соң жұмысты істе ойға салып.  
Екінші, аяма елден еңбегіңді,  
Жау көргенде тоқтап тұр жалғыз қалып.

Шүйінші ала көрме, әділет қыл,  
Шаршаған шалыққанның шын жанын біл.  
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап,  
Атаңдай ғұмыр өткіз, бір қатар қыл.

370 Абылай бұл айтқанның қылды бәрін,  
Мен естідім солардан ұзын сарын.  
Қазақтың ақ сүйегі Абылай боп,  
Билеген бұл үш жүздің балаларын.

Ұлы атаң хан Абылай өстіп өткен,  
Еліне еңбек қылумен күнін кешкен.  
Ғұмыры қарауыл мен кежеуілде,  
377 Жан емес тыныш жатып белін шешкен.

# Абылай хан әңгімесі

Қазақтың әуелгі ханы Абылай хан,  
Сөйлейін өткен-кеткен мен солардан.  
Рахат қазақ үшін көрмей кеткен,  
Алланың әмірімен бір туған жан.  
Хан еді қазақтағы қолы жеткен,  
Үш жүздің баласына еңбек еткен.  
Әкесі Абылайдың Уәли еді,  
Өкпелеп хандық үшін ауып кеткен.

- 10 Нағашы Ғайып ханға барған ауып,  
Тыныштыққа тұрып қалды тауып.  
Жетім-жесір боп қалды Уәли хан,  
Елімен Қайып ханның қалмақ шауып.  
Ақтабан шұбырынды аштық көріп,  
Ел кетті бет-бетімен қайың сауып.  
Жетім бала Әбілмансұр жылайды енді,  
Еліне жетер емес қайта тауып.  
Сонда да талап қылып ел іздейді,  
Қиын жер қатерлерден қылмай қауып.  
Ұлы жүз үйсін Төле биге келді,  
20 Ізденіп ата тегі туған елін.  
Жыртылған үсті-басы далба-далба,  
Есіктен сәлем беріп кіріп келді.

Мұнан соң Төле қарап көрді мұны,  
Бұл маңның адамына ұқсамайды.  
Қараса түсі суық сұрғылт кісі,  
Ойлайды әлдекім деп Төле мұны.

Сол бала үсті-басы далба-далба,  
Күрсініп дем алады анда-санда.  
Жылтыр жүз тікірейген сұрғылт кісі,  
30 Жаратқан ерекше Хақ Тағала.

Қой жүнді жыртық күпі, сеңсең тымақ,  
Көзіне шашы түсіп кеткен тым-ақ.  
Сұңқардың, отырысы, балапаны,  
Отырысы Төле биге кетті ұнап.

Сұрады ата жөнін Төле мұның,  
— Бар ма, — деп, — ей, шырағым, аға-інің!  
Хан текті адам болсаң, құста сұңқар,  
Байқасам келіседі соған сының.  
Құс болсаң, ақ сұңқардың балапаны,  
40 Адамның қазақ болсаң, нағыз ханы.  
Шырағым, қарамысың, төремісің,  
Жөніңді бастан-аяқ айтшы, көні!

— Атым жоқ, жөнім де жоқ, бір баламын,  
Дәм қосып тентіреген бейшарамын.  
Ей, ата, елі-жұртым, туғаным жоқ,  
Атымды сіз кім қойсаң да құп аламын.

Алынбай көптен бері шашы өскен,  
Сабалақ қара тымақ көзге түскен.  
Тапшы болып үсті-басы отырған соң,  
50 «Сабалақ мұның аты» болсын дескен.

Төленің қойын жайды қоржын іліп,  
Еш жүрмес бала болып ойнап-күліп.  
Баланың әр жерінен оймен сынап,  
Ол Төле затты екенін деп жүрді біліп.

Сабалақ түйе жайды, қойдан шығып,  
Қалмайды жанын аяп жаудан ығып.  
Көруге әр кеште айналады,  
Асылдың ертеңгі жайын ұғып.



- Ас болып кетіп еді би бір жаққа,  
60 Балаға сарқыт алды сынамаққа.  
Үйге келсе бала ұйықтап жатыр,  
Жайылып төрт борбайы төрт тарапқа.

Би келіп тамаша ғып бұған бақты:  
— Бұл бала айтамын ғой асыл затты,  
Жайғаны төрт борбайын төрт жағына,  
Тегінде билейді екен төрт тарапты.  
Сөйтті де жолдасына басты берді,  
Оянып, оң жамбастан түрекелді.

- Қыбылаға қарап тұрып керіліп ап,  
70 Шақырды құрбы-құрдас, бар жолдасын.  
Оларға кесіп берді көз-құлағын,  
Құйқа мен өзі жеді езу жағын.  
Жолдасы Төле бидің сұрады енді:  
— Мырзалық мұның қалай, Сабалағым?  
— Бір көз бен бір құлағын жолдасыма,  
Беруге осы болды қолда барды.  
Ұстатып осыларға ұйықтап қалдым,  
Әйтпесе болмас па еді көңілі жарым.

- Жолдасы Төле бидің үйге қайтты,  
80 Көргенін-білгендерін Төлеге айтты.  
«Көпшілік патшаның ісі деген,  
Патша заты екен» деп ішін тартты.

Түйеден шықты дағы, жылқы бақты,  
Әл көрсете бастады көп қайратты.  
Төленің бар міндеті онда болып,  
Білімпаз, майталман боп бабын тапты.

- Бір күні жылқы ішінде отыр еді,  
Екі баран бір қызыл атты келді.  
Жасы үлкен кісіні көргеннен соң,  
90 Сабалақ әдеппенен сәлем берді.

Ол келген қанжығалы қарт Бөгенбай,  
Биге кеп қонақ болды үш күн ұдай.  
Қалмаққа аттанысып барады екен,  
— Жол, — деді, — шіркін, қанша мұнан былай.

Қосылды түнде келіп Бөгенбайға,  
— Мен де құмар жан едім осындайға.  
Бөке, мені тастама осы жолы,  
Қасыңда үйренейін амал-айла.

100 Жөнелді ертең Бөкең қасына ертіп,  
Үшеуі келе жатыр екпіндетіп,  
Қалмақтың күні-түні ізіменен,  
Ел жата көп шеруге келді жетіп.

Бөкеңнің бала тұрды атын ұстап,  
Батырдың өзі кірді қайрат қыстап.  
Әкелді бір топ атты жырып қана,  
Бәрін де кежімдеген аламыштап.

110 Бала айтады: «Бөке, енді мен барайын,  
Бақ ашар құдай берсе, мал алайын.  
Тұрыңыз атымды ұстап біраз ғана,  
Қимылдап, берсе Тәңірім, қарманайын».

Бөкеңе атын тастап бала кетті,  
Бүкеңдеп қотанына барып жетті.  
Көрбала емес секілді жатқан жері,  
Кетеді жымырылып, тым-ақ епті.

Кешікті таңның болды қараңғысы,  
Көрінді дүрсілдескен екі-үш кісі.  
Бөкең тұрды, жолдасы қашып кетті,  
Ақыры-ақ шыдамдылық батыр ісі.

120 Көрінген бөтен емес, екен бала,  
Тастамай келген екен істі шала.  
Сынапты екі түйе бастырып ап,  
Батырдың қылып жүрген ісін қара.

— Кешіктім мына түйе жүкті қармап,  
Түйеден атандарын алдым таңдап.  
Әуелі сіздің сыбағаң дедім дағы,  
Шығардым үйден жүкті жеңгейге арнап.

Сонан соң қайтты саулап елге таман,  
Сәскеде ел шетіне келді аман.  
Бөкең айтты балаға: «Сүйгеніңді ал,  
130 Тойғанмын мен олжаға талай заман».

— Бөке, мен мал алмаймын, пайда алмаймын,  
Неғылам дүниеге сөз салмаймын.  
Әгерде ықыласпен бата берсең,  
Сол батаң қабыл болса, құр қалмаймын.

Қол жайып бата берді қарт Бөгенбай,  
Және атын түсіп берді сөзге болмай.  
— Жылқының тұлпары еді Нарқызылым,  
Қарағым, мен қартайдым саған орай.

Қарағым, көзің отты бала екенсің,  
140 Мінезің қазақтағы хан екенсің.  
Қалмаққа жазғытұрым аттанамын,  
Соған бір керек болар жан екенсің.

Бастығы хан бар оған Әбілмәмбет,  
Ат қаратіл болғанда қоямыз бет.  
Қарағым, Нарқызылды таза сақта,  
Жер еді ел бүлінер нағылса жет.

— Кет, Бөке бұл сөзіңді Төлеге айтып,  
Биден мен рұқсатсыз кетем қайтіп.  
Егерде биден рұқсат алып берсең,  
150 Онан мен тоқталам ба тізгін тартып.

Төлеге Бөкең қонды қайта басып,  
Олжаға аңғал батыр көңілі тасып.  
Жорыққа Сабалақты жібермекке,  
Бименен қайтты үйіне уағдаласып.

Жаз шықты жердің жүзі нұры еніп,  
Бөгенбай жіберіпті хабар беріп.  
Қатырып Нарқызылды жаратып ап,  
Жолықты келе жатқан қолға келіп.

160 Байлаған жымыра тымақ бозбалалар  
Күні-түні ақ сүңгіні қолына алар.  
Кәпірден өлсек, шәһид боламыз деп,  
Ешбірі көрінбейді жан аянар.

Қалмаққа аттаныпты дуылдасып,  
Қалмақ та келген екен қарсыласып.  
Сонан соң жекпе-жек деп басқарысты,  
Әрі-бері араласып төбелесіп.

170 Бұл жолы қазақ кегін алмақ еді,  
Именіп үйде кісі қалмап еді.  
«Ақтабан шұбырынды» елді шапқан,  
Қоңтажы Серен деген қалмақ еді.

Қалмақтан батыр шықты бір қасқа атты,  
Батырын мұсылманның көп қиратты.  
Онды алды жүре ме тек жекпе-жектен,  
Баруға оған қарсы жан қалмапты.

Қазақтың бір қысылып қалған жері,  
Қалмақтың жекпе-жекте алған жері.  
Ақырды қолға қарап Әбілмәмбет,  
Шеріктің қалады ма кемеңгері.

180 Құр ғана Бөгенбайдың сүлдері тұр,  
Секілді егде тартқан кеудесі құр.  
Сабалақ киім киіп қам қылады,  
«Алла» деп бұл сапарға барайын бір.

Байлаған жымыра тымақ, сұр шекпенді-ай,  
Күні жоқ түйе жайған бұрынғыдай.  
Төңкеріп екі көзін, қырын қарап,  
Қасына падишаның жетіп келді.

- Жетелеп аттан түсіп ханға келді,  
— Халайық, — деп жас бала көзі көрді.  
Аллаға, аруаққа сиынайын,  
190 Қол жайып патиха бер маған, — деді.

- Мұнартып екі көзін, ұртын шайнап,  
Оң жеңін босатады белін байлап.  
Пысқырып аты дағы жер тарпиды,  
Дегендей тез жүрелік сөзді байлап.  
Көз кетті бұзылыңқы мұнар болып,  
Тұрғанға ұқсамайды бекер ойнап.  
Қол жайып бата берді Әбілмәмбет,  
Жұрт тұрды «әумин» деп, «а, Құдайлап»,  
Қолда найза, белінде қанжары бар,  
200 Жөнелді топтан шығып «Абылайлап».

Қасқа атты бұған қарсы шықты қалмақ,  
Кісі екен бір кісіге бұ да салмақ.  
Бұл дағы қалмақ асқан батыр екен,  
Айласыз қиын екен күшпен алмақ.

Ол заманда кезексіз ұрысқан шам,  
Біреуін не де болса түртті ғой қан.  
Қалмаққа кезек беріп тұрды бала:  
— Батырым, күшті болсаң, қалма, — деп, — қам.

- Антұрған аямады тура салды,  
210 Аллаға Әбілмансұр зар жылады.  
Сауыттың бір қабатын сындырды да,  
Сақтады періштелер өтпей қалды.

Кезекті ол да берді шыдап тұрып,  
Толғады шылбырының басын бұрып.  
Сонан соң сартылдатып төбелесті,  
Біткен соң қолда қару бөрі сынып.

Аллаға жалбарынды қайраттанып,  
Найзасын, қатуланды, тасқа жанып.

«Медет бер, қанішердің әруағы» деп,  
220 Қалмақты өндіршектен қалды салып.

Қалмақты жерге салды қорқыратып,  
Жығылды өне бойы қанға батып.  
Сүйекке қалмақ жақтан кісі шапты,  
Барабан ұрып заңынша даңғыратып.

Он кісі қалмақ келіп төбелесті,  
Екі қол ұран салып дүрілдесті.  
Өңгеріп құтылмастай болғаннан соң,  
Ұстап ап айдарынан басын кесті.

Беліне байлап алды айдарынан,  
230 Тастамай атын алып сайманынан.  
Бұрынғы Сабалақ деп айтар емес,  
Қараса жан шошиды айбарынан.

Сүйекке түк қыла алмай қайтты көпір,  
Келеді дүрілдетіп біздің батыр.  
Қолдан тек қан болған үсті-басы,  
Бас жанында салақдап келе жатыр.

Басты әкеп хан алдына тастай берді.  
Халайық тамашаға үймелейді,  
Айдары сала құлаш дәл қазандай,  
240 Түйенің ерніндей төменгі ерні.

Басын ап қасқа аттының ханға берді,  
Тұрады кім сыйламас ондай ерді.  
Қасына өңшең батыр ертіп алып,  
Қалмаққа желкілдетіп қайта кірді.

Жөнелді көп-ақ адам қасына еріп,  
Сенген соң ерлігіне көңіл беріп.  
Қалмақтар біраздан соң қашып берді,  
Қазақтар қуалайды қойдай қырып.

Көбейіп қалды қолдың олжалары,  
250 Күледі қуанысып жас пен көрі.  
Қалмақтың малын алып, ауылын шауып,  
Қосына ертең түсте келді бәрі.

Шақырды Әбілмәмбет Сабалақты,  
Жұрт келіп жан-жағынан қамалапты.  
Жиналған шаршы топтың ортасында,  
Баладан бастан-аяқ жөн сұрапты.

— Қарағым неге шаптың «Абылайлап»,  
Босады жүйем қатты ағамды ойлап.  
Шырағым, аты-жөнің, қай рудан,  
260 Жөніңді бастан-аяқ айтшы жайлап!

Бала айтты: «Бұл қазақ ол қалмақтың ерегесі,  
Мұндайда ердің қозар делебесі.  
Аузыма қысылған соң түсіп кетті,  
Абылай — атам, мен — оның немересі.

Өз атым — Әбілмансұр, әкем қойған,  
Өз әкем шабынды да басын жойған.  
Уәли — әкем атын сұрасаңыз,  
Дүние-ай, көз кеткен соң шығады ойдан».

— Қарағым, анықпысың Әбілмансұр,  
270 Сағынып жүруші едім сүлдерім құр.  
Халайық, мына сөзі тым-ақ рас,  
Болатын Әбілмансұр түрінде тұр.

Қалғанын бір баланың естуші едім,  
Кетейін садағасы, қалқам, сенің.  
Әкеңнің есесі еді өкпелеген,  
Бердім, ал, хандығымды қазір менің.

Жамиғат, есесі еді мұның хандық,  
Құдайым жаратыпты жақсы жан ғып.  
Мен дағы қартайып ем еріншек боп,  
280 Иеге шүкір енді жарып қалдық.

Жүгірді сол арада аттан түсіп,  
Баланы құшақтайды қатты қысып.  
Хан қатты жылағанын көргеннен соң,  
Кетіпті көңілі бостар аттан ұшып.

Шуылдап жұрт алдияр болсын, деді,  
Ініге әруағың қонсын, деді.  
Кигізді тәжін алып өз қолынан,  
Жолыңа құт берке толсын, деді.

Жұрт шуылдап айтады ақсарбасын,  
290 Мойнына хан салады ақ батасын.  
Жұрт қайтты ұран салып шуылдасып,  
Жаңадан сайлап алып падишасын.

Жас бала таққа мініп, киді тәжді,  
Тең көріп, бірдей қылып көп пен азды.  
Жас бала таққа мініп, дін түзетті,  
Мәхкамлап ораза, намаз, зекет, хажды.

Шақшақ Жәнібек — ол заманда қазақтың белгілісі,  
Өзі абзал, өзі ер, молда кісі.  
300 Қазақтан ол уақытта бірден қойған,  
Болғанда ер иесі ырымдысы.

Соған барып бата алып келсін деді,  
Апарып қанша тарту берсін деді.  
Найманнан арғынменен алты кісі,  
Екеуі керей-уақ болсын деді.

Барады сегіз болып Жәнібекке,  
Жоқ екен ол заманда араз-өкпе.  
— Тәж-тағың құтты болсын, балам, — деді,  
Сапарың мұбаракты болсын көпке.

Айтады бата беріп үш түрлі ақыл,  
310 Келгенін құп жаратып көрді мақұл.  
— Айтайын үш түрлі ақыл, балам, саған,  
Ұғып ал жастықпенен қалма ғапыл.



Өкінбе, өткен іске қапы қалып,  
 Ойлансаң, еш бітпейді ойға салып.  
 Екінші — еңбекпенен елің биле,  
 Жұрмесін еріншек деп жұртың налып.

320 Үшінші — ала көрме, әділет қыл,  
 Шаршаған шалыққанның күй-жайын біл.  
 Бозторғай қой үстіне жұмыртқалап,  
 Сүріпті қазақ дәурен бірталай жыл.

Осының Абылай хан қылған бәрін,  
 Менің де естігенім ұзын сарын.  
 Қазақтың ұлы ханы Абылай хан  
 Билеген ала қылмай жанның бәрін.

Абылай бұл кісінің арғы атасы,  
 Ойласам бұл сөзімнің жоқ қатасы.  
 Қараса хан мен қара падишаға,  
 Бөріне бірдей еді ғазиз басы.

330 Шын аты Абылайдың Әбілмансұр,  
 Қанішер жас күнінен қадалған сұр.  
 Тұқымы осы күнгі көрсеңіздер,  
 Шетінен ер екені түрінде тұр.  
 Жетім боп Әбілмансұр түйе бағып  
 Жүргені бәріңізге мағлұмдұр.  
 Қалмаққа «Абылайлап» шапқанынан,  
 Абылай боп атанған сол сөзден құр.

340 Тұқымы арғы тегі Жүдәлінің,  
 Әр жерге қанын төккен күнәлінің.  
 Абылай деп жүргенің осы кісі,  
 Баласы Әбілмансұр Уәлидің.

Абылай пақырлықпен түйе жайған,  
 Мекені Қарауыл мен Атығайдан.  
 Орыс көп орта жүзді алған шақта,  
 Мекені Қарауылдан біраз тайған.

Сол күнде ат үстінде ер азамат,  
Көп емес өткеніне, аз-ақ заман.

Абылай ер болғанмен надан емес,  
Сапарда жүрсе дағы қылған тағат.  
Өрнегі ер Ғалидың мисалындай,  
350 Кәпірмен дамыл таппай қылған ғазат.  
Ақ сүйегі ақ патшаның ең абзалы,  
Қалмаса толтыра алмай сөзден ағат.  
Төреліктің соқпағы болғанменен,  
Адамға әуел бастан ақыл қажет.  
Төрт бұрышын төңіректің аралаған,  
Жанында болмаса да екі қанат.

Жасынан дұшпан еді аңдығаны,  
Бір шылым темекідей көрмей жаны.  
Сарт, қырғыз, қытай менен қалмақтарға  
360 Көрсеткен талай жерде тамашаны.  
Салауат әруағыңа, ақ сүйегім,  
Қазақтың қамқоры һәм мейірбаны.

Патша боп Абылай хан таққа мінген,  
Алмаған тіршілікте кімнен кегін.  
Асарлық өз тұсында бір жақсы жоқ,  
Еңбегі ол сияқты жұртқа сінген.

Ғаламнан Абылайды асырыпты,  
Ойына алмаушы еді асылықты.  
Қамалға қаптап тұрған қарсы шауып,  
370 Қалмақтың талай шебін қашырыпты.  
Бәрі де талапкердің жолдас болып,  
Әскері жердің жүзін жасырыпты.  
Тастамай тағат пенен ғибадатын,  
Сапары қайда барса ашылыпты.  
Қырғызға қытайменен тыным бермей,  
Қуалап Алатаудан асырыпты.  
Бетіне ешбір хандар қараған жоқ,  
Мағриб пен алмаса да машырықты.

Патша боп Абылай хан таққа мінген,  
380 Қалмаған көңілінде ешбір арман.  
Жылында мың жеті жүз жетпіс жеті,  
Келгенде жетпіс бірге дүние салған.

Келмейді өткен тағдыр ешбір қилап,  
Ел үшін еңбек еткен жанды қинап.  
Жылында мың жеті жүз жетпіс жеті,  
Үйсінге барған екен жолаушылап.

Сол елде науқастанды жатып қалып,  
Шошынды науқасынан түрін танып.  
Өлерін ыңқ еткеннен білсе дағы,  
390 Ешкімге сыр бермейді қайраттанып.

Қоштасты тұс-тұс жақтан анау-мынау,  
Әншейін жұртқа айтады дейді тымау.  
Ханның нашар екенін естіген соң,  
Келіпті көрісем деп Бұқар жырау.

Есіктен Бұқар келіп жылай келді:  
— Көңілің тәуір ме? — деп сұрай келді.  
Бір бидай арпа ішінде қарағым-ай,  
Сені де көп көрді ме, Құдай! — деді.

Хәлі жоқ қоштасарға жырауменен,  
400 Жұрт отыр ақыл таппай жылауменен.  
Келе сала қоштасты өлеңменен  
Еш өзге жұмысы жоқ біреуменен.  
— Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,  
Қалыңсыз қатын қостырған, ханым-ай.  
Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,  
Үш жүзден үш жүз кісі айтсам,  
Қалар ма екен жаның-ай!

Мұның Бұқар екенін жатты байқап,  
Дүниеден кеткен екен көңілі тайқап.  
410 «Жырыңды енді тоқтат» дегендей ғып,  
Қойыпты ишаратпен басын шайқап.

Абылай бір уақытта көзін ашты,  
— Бұқармысың, — деді де амандасты.  
Пайғамбардан қалған пәни дүние деп,  
Уһ... деп Бұқар жыраудың көңілін басты.

Айтсаң да, қой демеушем айғай салып,  
Мен сені келген жерден жаттым танып.  
Күлойнақ көңіл ашар, жұбанышым-ай,  
Боласың кімге жыршы менен қалып.  
420 Басымды шайқап қоям айтқаныңда,  
Қалдың ба бір нәрсені көңіліңе алып?

Бұқар қалды кете алмай ханмен бірге,  
Енді кім хан болады деп қазақ елге.  
Кәлима-шаһадатты жари қылып,  
Хан енді келе алмады қайтып тілге.

Абылай дүние салды сол бір жерде,  
Жиналып жаназалап қожа-молла.  
Абылай дүниеден көшкеннен соң,  
Баласы хан болыпты Ғұбайдолла.

430 Ол да әділ болды ғой болған күнде,  
Әкетті орыс ұстап жалғыз түнде.  
Жоғалтты ішкері айдап оның көзін,  
Қазақтан жоғалтам деп ханды мүлде.

Баласы Абылайдың Қасым еді,  
Өзгеше тірі жаннан асыл еді.  
Қасымнан Кенесары, Саржан туып,  
Бәрінен Есенгелді басым еді.

Қатыны Қарақас та хан қызы еді,  
Бойында талай ақыл бар қыз еді.  
440 Бір туған ана үшеуі бәйбішеден,  
Тоқалдан батыр Науан жалғыз еді.

Хандыққа талап қылды батыр Саржан,  
Жігітке хан болмақ та емес арзан.

Хандықты орыс бермей қойғаннан соң,  
Көзіне көрінбейді дүние, мал-жан.

Сөзіне бір-бірінің көнісе алмай,  
Біріне-бірі разы қайыр салмай.  
Шаһардан Саржан төре ауып кетті,  
Ел болып орыспенен тұрыса алмай.

- 450 Қанішер Абылайдың арғы тегі,  
Төренің шын ақсүйек қаракөгі.  
Қоқанға төре көшіп келе жатыр,  
Тиер деп мұсылманның көмек шебі.

Жолықты көп әскерге келе жатып,  
Ұлы жүз үйсін екен мұның тегі.  
Түзеуге Ақмешітті келеді екен  
Тәшкенді билейтұғын бектербегі.

- 460 Сөйлесіп ары-бері жүріседі,  
Ал енді хал-жайларын біліседі.  
Адамзат сөйлескенше деген бар ғой,  
Сөйлесіп енді сырға келіседі.

Қалғандай сөздеріне адам таңға,  
Айтпайды сырын ашып тірі жанға.  
— Орыспен атамыз жау ел болман деп,  
Кіргелі келеміз деп мұсылманға.  
Келеміз қорғалауға көшіп, дейді,  
Қоқанның өміршісі Балаханға.

- 470 Бек айтты: «Жайларыңды білдім сұрап,  
Жолықтың өттеген-ай жолда бірақ.  
Аты бар Қоқанның да үлкен қала,  
Болмайды барғанменен сізге тұрақ.  
Болады Ақмешітте тұрсаңыздар,  
Жайланып орныққанша аз бас құрап.  
Өгерде дәм бұйырып тұра қалсаң,  
Күтер ек, төре қылып біз де тым-ақ».

Беті бар Саржанның да бөгелмеген,  
Наурызбай жас бала еді елеңдеген.  
Сайланып Ақмешітте тұрып қалды,  
480 Жұбанып анау-мынау дегенменен.

Қосылды екі асылды қиғандай,  
Сөзіне төрелердің ұйығандай.  
Жабады күнде шапан бір асылдан,  
Қылғанда кәпір сарттың сыйы қандай.

Үйсін, сарт жиналады төре көп боп,  
Әскерлер күнде ойнайды неше топ боп.  
Саржанның айтқан сөзін бір бұзбайды,  
Бектербегі бек емес, Саржан бек боп.

Қайтады бектен күнде шапан киіп,  
490 Әлбетте бек те тұрған қатты сүйіп.  
Айтады кешке келіп ханымына,  
Емес пе бұ да нәубет үлкен биік.

Ханымы ханым еді кемеңгерден,  
Шапанды ұнатпайды келген жерден.  
Ежелден сарт-сұрт деген сөз бар еді,  
Әлде сый, әлде атауың осы көрген.

Саржан да асыл сұлтан әділетті,  
Түбіне осы көрген сыйы жетті.  
«Бір қашқын төрелерге билетті» деп,  
500 Жақсысы ұлы жүздің күңкіл етті.

Жақсысы ұлы жүздің бағландары,  
Сый-сияпат бектен бұрын алғандары.  
«Қайтсек жау қыламыз» деп ақылдасты,  
Тізесін баса отыра қалғандары.

Үйсін де болып алды дұшпан да сақ,  
Дұшпандық қылысқандай біз ойласақ.  
Орыстың патшасына хат жазыпты,  
Хаты ғып төрелердің ақыл жасап.

Жазыпты төрелердің хаты қылып,  
510 Әр жерден өтірік-аян даты қылып.  
Бар сырын бектербектің айтып-айтып,  
Саржанның қолын қойыпты аты қылып.

Пәлендей әскер жібер саны пәлен,  
Орысқа қайта-қайта жазған сәлем.  
Пәлен күн, пәлендей су бойында,  
Жат депті сол арада, болса дәмең.

Біреуі осы хатты берген бопты,  
Ақырын біреу байқап көрген бопты.  
Жазған хат пен кісіні бектербекке,  
520 Сырттан ұстап алысып келген бопты.

Жауабы ханға жазған үйретінді,  
Қысады Бектербегі айт деп шынды.  
«Орысқа Саржан мені жіберген» деп,  
Антұрған жүзі қара ол сөйледі.

Орысқа, оқып көрсе, жазылған хат,  
Өсектен әр түрлерін қылынып дат.  
— Өзіме дос боп жүрсем, қас қылыпты,  
Екен ғой суық бауыр тұқымы жат.

Сонан соң бектербегі болды дұшпан,  
530 Оған кеп тамам үйсін қосылысқан.  
Білдірмей төрелерді өлтіруге,  
Жиналып аңдысып жүр іші-тыстан.

Амал жоқ бұ болса Құдай ісі,  
Қарумен аңдысып жүр сексен кісі.  
Астыртын ақша беріп соны азғырды,  
Саржанның ноғай екен күтушісі.

Асыл ер өлмес еді қаһарланса,  
Соғысып бір майданда әсерленсе.  
Серт қылған әперем деп әлгі ноғай,  
540 Бізге ұрлап наркескенді әпер десе.

Үстінен тастамайды наркескенін,  
Білмейді оны ұрлап ал дескенін.  
Сенеді ноғайына әуелгідей,  
Дәм тұздан қайдан білсін баз кешкенін.

Қонаққа екеулерін шақырыпты,  
Есіл ер қайдан білсін қапы ұрыпты.  
Бектері арақ-сыра баса беріп,  
Сыйларын бұрынғыдай асырыпты.

550 Екеуін амалменен жатыр сыйлап,  
Бір білсе берер еді жанды қинап.  
Есіктен ерсі-қарсы сексен қылыш,  
Батырды қырық-қырықтан қойды жинап.

Жатқызып ноғай дағы шыққан екен,  
Уақтысы дәл анығы құптан екен.  
Қылыш ұрлап алып қойды ноғай,  
Астына жамбасының тыққан екен.

560 Қылышын ұрлап алды ақырындап,  
Қазасын жеткізді ме Тәңірім шындап.  
«Қылышын ұрлап алдым, бос жатыр» деп,  
Ақырын хабар берді ноғай ымдап.

Біреу келіп шақырды екеулерін,  
Бектербегі ақырды шапшаң келің.  
Хан деуші еді Саржан деп ақырған соң,  
Сипады қанжарының қойған жерін.

Қараса, қанжары жоқ қойған жерде,  
Жұр-жұр деп ақырады бір сәргерде.  
Саржан айтты: «Тегінде мұсылмансың,  
Сабыр айла су менен құман бер де,

570 Сабыр қыл, намаз етейін екі ракат».  
— Құдайға жалынғанның несі қымбат,  
Бұрынғы оқығаның жетпей ме деп,  
Су бермей теріс сөйлеп қойды кекеп.



Оянды Есенгелді түрегел, деп,  
— Құдая, Тәңірім Алла, иман бер, деп.  
Екеуі өттеген-ай қылысады,  
Қапыда алдырдық қой жауды ел деп.

Біреуі қоштасыпты біріменен,  
Көңілің кетті қапа кіріменен.  
Есікке бісміллә деп қадам басты,  
580 Тәям қып намаз оқып тіліменен.

Жендеттер даяр тұрған қылыш шауып,  
Жығылды Есенгелді есі ауып.  
Қырық қылыш бір жолата тигеннен соң,  
Болыпты Саржан шәһид жәннат қылып.

Өлімнің іліндім деп қармағына,  
Көзі жетіп өлімге бармағына.  
Есін жиып шегініп қарғығанда,  
Қорғанның барып түсті ар жағына.

Сыртында қырық қылышпен сарт тұр екен,  
590 Аңдысып есіл ерді көп жүр екен.  
Өлтірді бір батырын сыңар қолмен,  
Армансыз бір болмады, есіл шіркін.

Ұстады кеңірдектен сыңар қолдап,  
Көтеріп жоғары алды жерден зорлап.  
Суырып кеңірдегін қойша бауыздап,  
Ұрады қара жерге бұлғап-бұлғап.

Ол сарт та батыр екен асқан сансыз,  
Нағылсын бір қолымен қалған жалғыз.  
Көрген соң жау сияғын иман айтып,  
600 Болған соң қарап тұрды әм қарусыз.

Жендеттер даяр тұрған қылыш шапты,  
Шәһид боп сол арада жәннат тапты.  
Суырып кеңірдегін қойша бауыздап,  
Жастығын бірде болса ала жатты.

Бұл түрмен шәһид болды есіл ерлер,  
Өкінді атын естіп білген жерлер.  
Түсірді күні бітіп ажалды өлім,  
Ғаламға аты шыққан кемеңгерлер.

610 Осындай бектербегің ерді жойды,  
Үйсіннің күңіренген көңілі тойды.  
Бәрінде еркегінің қырып тастап,  
Ұрғашысын кепілдікке беріп қойды.

Жаны шошып ханымдар зар жылайды,  
Түсіпті төрелерге осындай күй.  
Алыпты пақырларды кепілдікке  
Айтулы үйсіндегі Сағындық би.

Наурызбай жас бала екен тоғыз жасар,  
Түбінде текті жаудың қанын шашар.  
Зынданға оны салмай қоя берді,  
620 Жас бала тоғыз жасар қайда қашар.

Шешесі Наурызбайдың ханым еді,  
Қасым оны тоқалдыққа алып еді.  
Қасынан қайда барса тастамайтын,  
Ол шақта қатын ертпек салым еді.

Ол өзі ұрғашының төре заты,  
Қасымның ең сүйікті жамағаты.  
Қасынан қайда барса тастамаған,  
Ақылы мол болған соң парасаты.

630 Ол ойлайды «Балаханға барайын деп,  
Алдына арыз айта қарайын деп.  
Әуелде Балахан деп ауып едік,  
Аузынан бір жауабын алайын», деп.

Жаралған ұрғашыдан асырылып,  
Дегдары асыл туған нәсілі ұлық.  
Қолынан Наурызбайды жетелеп ап,  
Қоқанға жүріп кетті жасырынып.

- Ол шақта қасында жоқ жанкүйері,  
Кезектің болар ма екен бір тиері.  
Қоқанға Өзіреттен жаяу келді  
640 Патшаның Қасымдайын нақ сүйері.

Қоқанның кіріп келді шөһәріне,  
Кімсің деп жан алмайды қаперіне.  
Сұраусыз есігінен кіріп келді,  
Алмас деп мүсәпірді қаһарына.

Бір бала бір қатынмен келді кіріп,  
Өдеппен ханға лайық қол қусырып.  
Патша өз қасынан орын берді,  
Келбетін ханға лайық ханым көріп.

- Ат-жөнін сұраған жоқ әлі кім деп,  
650 Өуелі тамақ ішіп деміңді ал деп.  
— Ханымсың қайдан жүрген қайғыланып,  
Арызың қолдан келер маған міндет.

— Тақсыр-ай ішпек-жемек кеңшілікте,  
Не көрмес адам пенде тіршілікте.  
Өзіңдей нағыз ханның ханымы едік,  
Бұл күнде түсіп тұрмын кемшілікке.

- Қанішер арғы тегім Абылайдан,  
Үш жүзге патша болып қолын жайған.  
Баласы Абылайдың патша Қасым,  
660 Айтпасам сіз білерсіз оны қайдан.

Нар жолын мөхамның сол кісі ашқан,  
Атаңыз Ғұмар ханмен жолдасдасқан.  
Екеуі екі шетте қазақ болып,  
Кәпірдің қорлығы үшін тізе қосқан.

Атаңыз Ғұмар ханға көмек еді,  
Ақысын мұсылманның жемеп еді.  
Кәпірден зарар көрген мұсылманға  
Екеуі екі жақта себеп еді.

Айтатын, тақсыр, сізге арызым бар,  
670 Атаңды атам талай демеп еді.

Баласы Абылайдың Қасым аты,  
Оның да белгілі еді сізге аты.  
Тізесі кәпір итке батып еді,  
Көп еді мұсылманға саясаты.  
Алдыңа арыз айта жаяу келді,  
Патшаның Қасымдайын жамағаты.  
Дүниеден тағдыр жетіп ол да көшті,  
Артылған неше ханнан салтанаты.  
Орнына ол өлген соң патша болды  
680 Ағасы бірге туған асыл заты.

Қайын ағам Ғұбайдолла хан болған соң,  
Орысқа қылған ісі даң болған соң.  
Әкетті орыс ұстап жалғыз түнде,  
Пендеден қалпы өтпей ме жан болған соң.

Балаларым Саржан мен Есенгелді,  
Кәпірмен ел болман деп енді жөнді.  
Кәпірден, тірі жүрсем, кек алам деп,  
Сүйеніп бір патшаға өзім теңді.

Сонан соң сізге қарай көшіп едік,  
690 Кәпірмен ат кекілін кесіп едік.  
Бір үлкен мұсылманда патша ғой деп,  
Сүйеніш сол болмаса десіп едік.

Жолықты жолда келіп бектербегі,  
Болар деп біз де ойладық көмек шебі.  
Иланып тұр дегенге тұрып қалдық,  
Жоқ қой деп мұсылманның бізде кегі.

Жолдас қып аз ғана күн құрмет етті,  
Құрысын құрмет сыйы түпке жетті.  
Әуелден күтінгенде бүйтер ме едім,  
700 Қайтейін, жазған тәңірі-ай, қапыда өтті.

Жолдас қып екеулерін қасына алды,  
Бір өсек жүрсе керек тасымалды.  
Не тексермей, не тақсыр сізге айдамай,  
Бір түнде екеуінің басын алды.

Зынданға салып қойды қалғанымды,  
Осындай тыңда тақсыр арғанымды.  
Шақырып бектербекті әділетке ал,  
Алады дін мұсылман пәрманыңды.

710 Атыңыз жүгіріп тұр қамшыламай,  
Бетіңе уалайттан жан шыдамай.  
Болды ханның қаны судан арзан,  
Жіберсе ханның құнын, хан сұрамай.

Балахан ашуланды қылды өмір:  
— Тез келсін бектербегі қылмай сабыр,  
Мені іздеп келе жатқан мұсылманға  
Қалайша ақымақтығын қылған зөбір.

720 Мұсылман келе жатқан мені іздеп,  
Тұрыпты тынығарға саған кез кеп.  
Жазықсыз хан тұқымын харап еттің,  
Жаныңнан, ақымақ ләгін, үміт үз, — деп.

Өзіңе өз обалың өзің арт, деп,  
Бұрқырап Құдай ұрған ақымақ ит, деп.  
Қаһарман бір жендетке өмір қылды,  
Апарып хайуанды дарға арт, — деп.

Көрген соң жаны ашыды жас ұланды,  
Шақырып Наурызбайды қасына алды.  
Әкесі Балаханның Ғұмарханның  
Бектербегі баласы екен асыранды.

730 Шешесі шыға келді түкпір үйден,  
Малшынып үсті-басы алтын киген.  
Тұра алмай дәті шыдап бектербекке,  
Сүт беріп, тумаса да, беттен сүйген.

— Ағаңның ағат қылған қапылын айт,  
Ұрыспай, енді балам, ақырын айт.  
Бір қате пенде емес пе өткен шығар,  
Қой, балам, анаң үшін сөзіңнен қайт!

— Ей, ана, ара түспе жарамасқа,  
Жазықсыз қас қылыпты қарындасқа.  
Менікі емес, үкімі шарифаттың,  
740 Ісіне жазалының араласпа.

— Жүктеме кісі қанын төкпе, балам,  
Анаң жалғыз кісі көп пе, балам.  
Егер де тілімді алмай қаһар қылсаң,  
Сауармын екі емшегім көкке, балам.

Үкімі шарифаттың ана күту,  
Уақытсыз тағдырда жоқ ризық біту.  
Сонымен бектербегі азат болды,  
Анасын мүмкін болмай ренжіту.

— Зынданда жатқандарын шапшаң шығар,  
750 Кісі бер тозып кеткен малын жинар.  
Қалдырмай бір нәрсесін түгелдетіп,  
Өзіне қайда барса ықтияр бер.

Босатты бектербегін бәрі келіп,  
Босанды ақ сүйектер мехнат көріп.  
Үй жайы, бала-шаға, мал-жандарын,  
Кепілдікке Сағындыққа тағы беріп.

Баяғы қанжар ұрлап берген ноғай,  
Оның да қылған ісі емес оңай.  
Серт қылған шен берем деп бектербегі,  
760 Жақсылық қылғызбайды Патша Құдай.

Ноғайға бек айтады: «Құдай атқан,  
Сөзімнің бәрі алдау саған айтқан.  
Аулақ жүр мен де сенен рахмет көрмен,  
Ханыңа не қылдың сен тұзын татқан».

Ісі арам қайда барса, оны шағып,  
Япырмай, мені құдай ұрды нағып!  
Қайта кірем үйренген ескі орным деп,  
Кенеге жүреді екен жалбақ қағып.

770 Зынданнан шығып жүрді елге таман,  
Босанып ақсүйектер есен аман.  
Сағындық, Кенесары, әлгі ноғай —  
Үшеуі келе жатыр жоқ басқа адам.

Үшеуі келе жатыр қышлақ жаққа,  
Тоқтады келе жатып бір бұлаққа.  
Уақтысы намаздыгер мезгіл екен,  
Таһарат алды намазын оқымаққа.

780 Тоқтады сол бұлаққа келе жатып,  
Намаздың кете ме деп мезгілі өтіп.  
Сағындық намазға бас қойған шақта,  
Ноғайды алдандырды күйбеңдетіп.  
Бір нәрсе «Алла-Алла» деді дағы,  
Артынан кеткендей боп қор-қор етіп.

Намазын оқи салды сасқалақтап,  
«Артымда не болды» деп тұрды алақтап.  
Ноғайды жайратып сап отыр екен,  
Көкжал ма қорқатұғын сасқалақтап.

790 Алуға уақыт кетті арашалап,  
Сағындық қарап тұрды тамашалап.  
Ағы ақ боп, қызылы қызыл болып,  
Тұр екен қанжарының ұшын жалап.

— Аз көрдің бостандықтың табылғанын,  
Тәубенді шықпай жатып жаңылғаның.  
Бар еді не жазығы бейшараның,  
Шырағым бұл қылғаның не қылғаның?!

— Бұл өзі жазығы бар адам еді,  
Кәпірдің қылған ісі жаман еді.

Жетісі де, қырқы да өтті екі ағамның,  
Дәл қырқы құры өткендей ағам ба еді.

800 Далада ноғай қалды ол күн кешке,  
Үй-жай дайын екен бұлар келсе.  
Жабырқап бір біріне қамықпайды,  
Соларды өне болар көкжал десе.

Кене ағаң енді қылар ісін білер,  
Қайнайды мезгілі жоқ іште жігер.  
Тайынан таңдап мінген Құбақанын  
Жаратып қойған екен үйдегілер.

810 Жаратып, мініп алды Құбақанын,  
Бір шылым темекідей көрмей жанын.  
Қалайша сұрауының бабын таппай,  
Саржанның Есенгелді сарттан мәнін.

Арқаға көшпек болды үйін тастап,  
Жеткізсе оң сабазды Құдай бастап.  
Қолында бар малына түйе алыпты,  
Атанға өңкей сабаз айырбастап.

Таңертең Құбақанын мінеді де,  
Ауылының амандығын біледі де.  
Кетеді кешке дейін түйе бағып,  
Бір сойыл білегіне іледі де.

820 Құп көрді бір сапарға ұнағанға,  
Бастарын жиналысып құрағанға.  
Кірекеш қыламын деп айтады екен,  
Түйені қайтесің деп сұрағанға.

Апасы Кене ағаңның Бопай ханым,  
Байы өліп жас күнінде қалған оның.  
Қазысы сол қыстақтың қол салыпты,  
Мұнысы Кене ағаң болған мәлім.



Мұнысы Кене ағаңа болды бір дерт,  
Ішінен бір қылмаққа қылады серт.  
Қайғысы мұныменен екеу болды,  
830 «Балақтағы бит басқа шыққаны» деп.

Ер өлсе астындағы аты ойлайды,  
Алыстан атын білген жат ойлайды.  
«Жығылса құлан тайып құр құдыққа,  
Құрбақа құлағында сол ойнайды».

Азуын жүреді екен бұрын басып,  
Асығып бір қылғанға жанталасып.  
Қазыны қамшыменен тартып кетті,  
Құмалақ ойнап отырып жанжалдасып.

Кек болды сол қазының көңілінде,  
840 Бұл қылғаны оңдырар ма секілінде.  
Жіберді ашуланып бекке кісі,  
Қылығын азар жүріп қапелімде.

Мұнысын Кене ағаның іші білді,  
Далада өрістегі малын жиды.  
Шығайын не де болса оңашаға,  
Тал түсте үйін жығып көшпек болды.

Малдарын даладағы айдатып ап,  
Үй жығып, қомын қомдап, жүктерін сап.  
Көш жөнелтіп жіберіп Кенесары:  
850 — Іздесең мені Шудың бойынан тап.

Бектербегі қатын болса, келмей қалсын,  
Келсе, тірі қайтпайды, келіп не алсын.  
Алдыңғы алдап ұрған ерлік емес,  
Қыламын қапысыз боп дайындалсын.

Сол көшкеннен түйенің қомын алмай,  
Бір жерге сабыр қылып тоқтай алмай.  
Астында — Құбақаны, қолда — найза,  
Алдында отырады өзі салмай.

- 860 Үдеріп күні-түні Шуға келді,  
Қап деген уағдасынан кейін қалмай.  
Шуға ауылын қондырып атқа мінді,  
Қолда найза, беліне қанжар ілді.  
Жүгіртіп таң атқанша қайта салды,  
Шығарды Тайкешуде келіп күнді.  
Рүстем Кенеменен немере еді,  
Қайраты оныңдағы кемел еді.  
Үйсіннің бір шетінде жүреді екен,  
Қолынан бір кісінің не келеді.
- 870 Бұрыннан жүреді екен хабарласып,  
Білдірмей еш адамға сырын шашып.  
Пәлен күнде бойынан Тайкешудің  
Жолықпақ болады екен уағдаласып.
- Қарайды Кенесары жауға бойлап,  
Жау жоқ болса, алайын дейді сулап.  
Рүстем де жолдасымен келген екен,  
Сөйлесіп абыр-дүбір о да саулап.
- Рүстем көріседі айғай салып,  
Тоқтатты өзін-өзі қайраттанып.  
— Жыласамыз несіне тірі болып,  
880 Саржанның сарттан қанын алмай тұрып.
- Екі ердің сарттан қанын алғаныңша,  
Жүре бер бір Құдайдың салғанынша.  
Ойласаң екі ағаңды орныңнан тұр,  
Жалғыздың қырысалық қалғанынша.
- Солай деп жүріп кетті сырт айналып,  
Екеуі із шалады сырт айналып.  
Рүстемнің жолдасы мен Кенесары,  
Азырақ тұрып қалды сөзге айналып.
- 890 Көп тұрмалық деді де, кетті жүріп,  
Келе жатыр аз ғана сөзге келіп.

Астында бір төбенің бас бағады,  
Аулына жақын келіп бұғып тұрып.

Қарайды ауылына келіп жуық,  
Дем алып аттары да қалды суып.  
Ауылы апыр-топыр көрінеді,  
Артынан келген екен сарт та қуып.

Басы — қазы, дәл сексен жалаң сартпен,  
Үйсін басы — Сағындық онан асқан.  
Екі ақ үй бөлек тігіп әсемденіп,  
900 Ойында еш нәрсе жоқ қорқор тартқан.

Қашқарға шай қайнатып, палау басып,  
Бір-бірін әке-үке деп уе-уелесіп.  
Ет асып, қанша қазан бие сойып,  
Ойын қып жатыр екен көңілі тасып.

Рүстемнің бір жолдасы заты үйсін,  
Саржанның ажалдысы кебін кісін.  
Шабалық «Абылайлап» деп айтады,  
Аңғалдау батыр екен, күйсе тисін.

Бір жолдасы естірегі кәрі кісі,  
910 Кене айтады бар деме мұның несі.  
Алалық қорламалық айламенен,  
Мұның да біз шығарамыз әңгімесі.

Сарт шіркін отыра ма аузын тыйып,  
Киіміне келген шығар азар сыйып.  
Тартысып осы күні қорқорларын  
Үкем деп бір-бірлеріне жанын қиып.  
Қаруын ептеп барып алар ма еді,  
Тысқары қойған шығар бөлек жиып.

Тыңдайды мына сөзді Кене батыр:  
920 — Батырым, мынауың да тапқан ақыл.  
Ертіп ап үш кісіні Кене келсе,  
Қаруы айтқанындай тыста жатыр.

Қаруды тыста жатқан алды жиып,  
Сарт, шіркін, нағылады жанды қиып.  
Көп қарудан бір қару қалмаған соң,  
Тұрады Құдай ұрып құр үршип.

Сарт иттің біреуі үйде, бірі тыста,  
Кене кеп ортасына аттан түсті.  
Кене айтады: «Киімді шешінейін,  
930 Әуелі жақсы бидің өзін ұста».

Әуелі жақсы биді алды тұтып,  
Мырзаны қоя алмады әсемсітіп.  
Қанжармен күресінен бір-ақ тартып,  
Жіберді сұйық қанын жұтып-жұтып.

Қан болды шашыраған самай шашы,  
Қып-қызыл қан көрінген аузы-басы.  
Оң қол жағын беленген жап-жалаңаш,  
Қасқырдай қойға тиген көз қарасы.

Өлген сарт көрінеді қырған қойдай,  
940 Мал қырған ат шаптырып байдың ісі.  
Шапқан ат аяғына бөгет болды,  
Домалап томардай сарттың басы.

Бір-бірлеп сарт шетінен жығылады,  
Қанжары кез келгенге сұғылады.  
Білмейді қарсылықты ешбір адам,  
Сарт жағы ортасына тығылады.

Тысты таусып келеді үйді аралап,  
Салса, тірі қалмайды құр заралап.  
Әншейін үн-түн жоқ, қыра берді,  
950 Болар ма мұндай адам бет қарамақ.

Сонымен болып қалды күн тағы кеш,  
Жаны шошып адамда қалмады ес.  
Қасына батыр Рүстем жетіп келді,  
Ақырет тұқымы бір сыр мінездес.

— Шер, енді тоқтасаңшы сабыр айла,  
Ашудың мезгілі жоқ несі пайда.  
Бәрін де өз бауырыңның қырып тастап,  
Боласың барғанменен жалғыз қайда?!

Кенені тоқтатты қасына кеп,  
960 Өзіңнің не қыласың етіңді жеп.  
Үһлеп отыра кетті батыр Кене,  
Дұшпанды мұқатқан соң көңілі тыныш.

Оянып келер тұста Кене тұрды,  
Тұрған соң басын құрап кеңес құрды.  
«Бір іске жас та болсаң жарарсың» деп,  
Мінгізді Наурызбайға бесті сұрды.

Ақылын басқарады көп кеңесіп,  
Жөнелді сырын айтпай түнде көшіп.  
Келіпті күн-түн қатып осы арқаға,  
970 Ғұбайдың енді кегін алам десіп.

Мұнан да тірі жүрмей өлемін деп,  
Науанға Кене айтады: «Атқа мін, деп.  
Мен сарттан екі ағамның кегін алдым,  
Ғұбай хан орыстағы саған міндет.

Әкең Қасым ағасы Ғұбайдолла,  
Ғұбайды білмей жүрме әлде кім деп».  
Зерделі ер мына сөзге зерделенеді,  
Өлімге біржолата байлап белді.  
Жөнелді үш-ақ кісі қасына ертіп,  
980 Не жан бар аянарлық мұнан енді.

Қараңдар Абылайдың баласына,  
Шыдамай Ғұбайдолла ағасына  
Араға екі-ақ қонып жетіп келді,  
Ортау мен Ақтауының қаласына.

Қарайды шаһар жаққа иек артып,  
Мастанып жаңа пірі бойы балқып.

Шаһары кішкене емес үлкен екен,  
Мейлінше ойын ойнап жатқан шалқып.

990 Шабарға жас та болса ырым шегіп,  
Бесті сұр пысқырады жерді тарпып.  
Қанішер Абылайдан бермен қарай,  
Сыйынып әруақтан бәрін теріп.

Түймелеп сауыттарын, шалбарланып,  
Алысты құйысқанын бір қысқартып.  
Қайтадан ер тоқымын оқпандатып,  
Түзетіп екі айылын қайта тартып.

Қылышын суырып алды қынабынан,  
Адамның даусы өтіп құлағынан.  
Шаһарға «Абылайлап» кіріп кетті,  
1000 Кем болмай тілеп ұшқан қырағыдан.

Көп қойға бір көк бөрі жүрген тиіп,  
Басына қалқан ұстап, сауыт киіп.  
Бәрін де тыстағының қырғаннан соң,  
Көшеге жан шықпады аузы күйіп.

Қайтпайды батыр Науан бір бетінен,  
Серт қылған құтылам деп міндетінен.  
Көшеге ешбір адам шықпаған соң,  
Шаһардың өрт қояды бір шетінен.

1010 Құтылды жалғыз аяқ қашқан қашып,  
Жұрттағы кемпір-шалын қалды басып.  
Тірідей бір төртеуін алып кетті,  
Өзгесін қырып-жойып жерге басып.

Төрт орыс айдап келді ағасына,  
Бардым деп Ортауының қаласына.  
Түгесіп бір шаһарды қойдай қырдым,  
Жалғыз-ақ Ғұбай ханның жаласына.

Кене айтады: «Батыр аңғал, балуан өктем,  
Азбын деп жау қорықпас қалың көптен.  
Кетпесең аңғалдықпен жау қолында,  
1020 Ұл тумас сенен артық біздің тектен.

Жарықтық көпке бірдей Бұқар шәріп,  
Бұқардың шәріптігі жұртқа нарық.  
Төртеуін Бұқараның ханына тарт,  
Бұларға зарар қылмай айдап барып.

Төртеуін Бұқараның ханына апар,  
Алдыңғы өнерің ғой бұл бау ашар.  
Бұларға зарар қылмай айдап барып,  
Бар дағы патшаның батасын ал».

Төрт орысты Бұқараға айдап жүрді,  
1030 Көреді жолда мехнат әр бір түрлі.  
Күн жүріп, қанша заман дамылдамай,  
Бір күні Бұқараға келіп кірді.

Әкеліп патшаға берді сыйын,  
Естіген Бұқар халқы болды жиын.  
Кемеңгер патшаның баласы деп,  
Науанға дайын қылды ханның үйін.

Хан айтты: «Рахмет жаусын, жаным, саған,  
Тарту ғып келтіріпсің мұны маған.  
Алып кет қалағаның қол астымнан,  
1040 Тіліңді қайырмаймын, келсе шамам».

— Тақсыр, мен мал алмаймын, пайда алмаймын,  
Неғылам дүниеге көз салмаймын.  
Наурызбай күшін сатып, мал алды деп,  
Бұл жұрттың өсегіне қала алмаймын.

Ат таңдап алғызады қол астынан,  
Болмады ешбір адам қорашсынған.  
Науанның қызыл ауыз сол аты екен  
Ұрыста тастамайтын оны астынан.

Ат мінді қызыл ауыз текежәуміт,  
1050 Салдырған жібек шідер күміс баулық,  
Апарған сол төртеудің тұқымынан  
Бар дейді Бұқарда да ауық-ауық.

Мінеки, батырлардың қылған ісі,  
Болмады айтуға да ендігісі.  
Жамиғат, қол көтеріп бір дұға қыл,  
1056 Көкбайдың айтуынша аяғы осы.



# Абылай туралы жыр

Мен бір жырды жырлайын,  
Жырласам не деп жырлайын!  
Ертеде өткен Абылай  
Хан иемді жырлайын.  
Оныменен қоймайын,  
Оның атысқан жауын жырлайын,  
Қосқан малын жырлайын.

Мінгенде аты кер еді,  
Есенғұл мен ер Сәдір  
10 Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.  
Анау бір Сәдір аттанды,  
Аттанды да баптанды.  
Қазақ бір ойға түскенде  
Тыныш ұйықтап жатпады,  
Аттана келе сартты алды.  
Қара да Қуыс, Шұңқырдан  
Семіз найман шабылды,  
Соның ішінде  
Қоңыратың жаман шабылды.

20 Ақсу менен Көксуда  
Сайқалтерек түбінде,  
Мұздыбұлақ басында  
Су қаққан қозы мен лақ табылды.  
Он бес жасар жас бала  
Жауғаш бір сонда жылайды:  
— Сен Сәдірге қылмасам,  
Көтіңнен сүргі салмасам,

Арқадағы Абылай ханыма бармасам,  
Сөйтіп бір кегімді алмасам!

- 30 Тағы бір мезгіл болғанда  
Жауғаш бір атқа мінген күн,  
Беліне садақ салған күн,  
Қара қанды қолына  
Ортаға ала қонған күн.  
Түс ұйқыға барғанда,  
Іңір көзді алғанда,  
Шалбар сәлде болғанда  
Тиіп бір жылқы алған күн.  
Төрт кісіні басшы алып,
- 40 Бес кісіні қосшы алып,  
Арқадағы Абылай ханға келген күн,  
Алдияр деп бас ұрған күн,  
Хан Абылай сұраған күн:  
— Жолдар болсын, Жауғашжан!  
— Хан Абылай, тақсыр хан,  
Тәңірі берсе мол болсын!  
Қара да Қуыс, Шұңқырдан  
Семіз найман шабылды,  
Соның ішінде менің
- 50 Қоңыратым жаман шабылды.  
Ақсу менен Көксуда,  
Сайқалтерек түбінде,  
Мұздыбұлақ басында  
Су қаққан қозы-лақ табылды.  
Ойнап бір жүрген құрбысын  
Жауғашың жаман сағынды.  
— Ай, Жауғашым, Жауғашым,  
Сен бара тұр, бара тұр.  
Сүмбіле тусын жылтиып,
- 60 Ат семірсін құнтиып.  
Мен Сәдірге қылайын,  
Баяғыдай болайын,  
Пана бергей, Құдайым!

\*\*\*

- Тағы бір мезгіл болғанда  
Сүмбіле туды жылтиып,  
Ат семірді құнтыып,  
Жүз қойға алған Құлаша ат  
Жүректей болып семірді,  
Жыландай болып жарады.
- 70 Хан Абылай, тақсыр хан,  
Ұлы бір жүзден қол жиды,  
Кіші бір жүзден қол жиды,  
Әсіресе оның ішінде  
Уақ пенен Керейден  
Арбайсыз мол жиды.  
Көк бөрідей желді хан,  
Ителгідей ілді хан,  
Қаршығадай қақты хан,  
Тұрымтайдай қонды хан,
- 80 Тоқал терек түбінде  
Аттанып кеңес сүрді хан.  
Бәсентиін ұлы Барлыбай  
Омыраулап сөйлейді,  
Кісі ырқына көнбейді:  
— Сен көк бөрідей желдің, хан,  
Тоқалтерек түбінде  
Аттанып кеңес қылдың, хан.  
Имандай қолға түсеміз  
Кел қайталық, — дейді, — хан.
- 90 Сонда Абылай жылайды,  
Абылай не деп жылайды:  
— Керей менен уақтың,  
Найза ұстаған батырдың  
Бірде-бірі жоқ болды.  
Мен неліктен боқ болдым,  
Жаңа түсіп шоқ болдым.  
Сонда кедейшілік міндерің  
Сол мезгілде бар екен.  
Керейдің ұлы Тұрсынбай:
- 100 — Көн садақты демесең,  
Көпке тиер сөзім бар,

- Көк шолақ атты демесең,  
 Олжа да алар жайым бар.  
 Иман қылып аламыз,  
 Кел шабалық, — деді, — хан!  
 Абылай ханым, жүруші ең,  
 Қаздай болып қарқылдап,  
 Бурадайын бұрқылдап,  
 Сай суындай сарқылдап.
- 110 Жай тасындай жарқылдап  
 (Тілініп жаудың) бауыры  
 Қолға да толды солқылдап.  
 Шабындының ішінде  
 Қос айдарлы ұл кетті,  
 Қос тұлымды қыз кетті,  
 Соның жаман айы өтті.  
 Иман қылып аламыз,  
 Кел шабалық, — дейді, — хан!  
 Сүйегінде бар Абылай
- 120 Қарт бурадай шабынды.  
 Жүз қойға алған Құлаша ат  
 Төрт аяғын қағынды,  
 Жау атындай сабылды.  
 Сабылғанын білген соң,  
 Абылайдай тақсыр хан  
 Айыл-тұрман тағынды.  
 Арғымағын оздырды,  
 Баяу жатқан қырғызды  
 Сарыбелде тоздырды.
- 130 Қалмақшыдай қылдырды,  
 Қырғыздың белін сындырды,  
 Шапты да, қайтты Абылай.  
 Абылай шауып қайтқан соң,  
 Сәдір бала келеді,  
 Сай суындай сарқырап,  
 Жай тасындай жарқырап.  
 Абылай ханның қорыққаны,  
 Қорыққаны емей мемене,  
 Төре бір қалды таңырқанып, тітіреп!
- 140 — Ай, Жауғашым, Жауғашым!

Оң қолымда лашын,  
Сол қолымда Жауғашым.  
Іздесем де табылмас  
Жауғаш-жан сынды құбаша ұл.  
Мінген де аты кер еді,  
Есенқұл мен ер Сәдір  
Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.  
Бар Сәдірге бара көр:  
Жауласпаймын Сәдірмен,  
150 Елдесейін Сәдірмен.  
Таластың бойы тар жайлау,  
Таласа барып жайлайық.  
Кеңестің бойы кең жайлау,  
Кеңесе барып жайлайық.  
Қазы менен қартаны  
Қия кесіп шайнайық.

— Сәдір батыр, тұра тұр.  
Арқадағы Абылай  
Ханым менің жіберді:  
160 — Бар, Сәдірге бара гөр,  
Мінген де аты кер еді,  
Есенқұл мен ер Сәдір  
Қырғызда даңқы шыққан ер еді.  
Жауласпаймын Сәдірмен,  
Елдесейін Сәдірмен.  
Таластың бойы тар жайлау,  
Таласа барып жайлайық.  
Кеңестің бойы кең жайлау,  
Кеңесе барып жайлайық.  
170 Қазы менен қартаны  
Қия кесіп шайнайық.

\*\*\*

— Қоқи! Елдеспеймін онымен,  
Жауласамын ол құлмен.  
Таластың бойы тар жайлау,  
Таласа барып жайламан.  
Кеңестің бойы кең жайлау,

- Кеңесе барып жайламан.  
 Қазы менен қартаны  
 Қия кесіп шайнаман, қоқи!  
 180 Абылай деген кәрі құл  
 Үш шапты менің үйімді.  
 Оныменен тұрмады,  
 Абылай деген кәрі құл  
 Арағын ішіп есірді.  
 Тастап кетсін жесірді,  
 Бір қылмады, мың қылды, қоқи!  
 Жабағымды жүн қылды,  
 Жас қайысымды и қылды.  
 Бозбаламды құл қылды,  
 190 Ақ отауым күң қылды.  
 Оныменен тынбады, қоқи!  
 Абылай деген кәрі құл  
 Енді маған да қарап қалғанда, қоқи!  
 Қан қылмай шешсін киімді,  
 Бөлек-бөлек етермін,  
 Бөздей жыртып өтермін.  
 Дулығасын киермін,  
 Еңсесіне мінермін,  
 Кеудесіне сиермін.  
 200 Елімді шапқан сол құлдың  
 Сүйегін дөң үстіне  
 Мұнара қылып үйермін.

\*\*\*

- Мінген де аты кер еді,  
 Есенқұл мен ер Сәдір  
 Қырғызда даңқы шыққан ер еді.  
 Елшіге барған Жауғашжан,  
 Сәдір батыр не деді?  
 — Ой, Абылай деген тақсыр хан,  
 Сен не етесің, не етесің?  
 210 Анау бір тұрған Сәдірдің  
 Үлкенсіген сөзі бар,  
 Құдайдың бізге берер ебі бар.  
 Сен келгенсің, келгенсің,

Келіп қырғыз шапқансың,  
Тегін де олжа тапқансың,  
«Қоқи, елдеспеймін сол құлмен,  
Енді маған қарап қалғанда».

*Сонда Абылай:*

- Жалаңаш қажым сен болсаң,  
Анау тұрған Сәдірді ат сана,  
220 Қарық олжаға бат-сана.  
Ол Сәдірді атпасаң,  
Сәдір сені алады,  
Ат көтіне салады.  
Таңдайыңды теседі,  
Жанған отқа өзіңді  
Шырқыратып басады.  
Алладан үкім келген соң,  
Бір шыбындай, көке[жан],  
Ау, қай жаққа қашады.  
230 («Аттым» деп екі уыс топырақ тастады).  
Қоңыраттың көп мерген,  
Күйінде болған сол байғұс  
Орама қара қара мылтықты  
Тізеге ала отырды,  
Аузын бір оққа толтырды.  
Аттан бір қорған соғысты,  
Оқшантайын қағысты,  
Басын бір басып қалысты!  
«Аллалап» Абылай шанышқан күн,  
240 «Қоқилап» қырғыз қашқан күн.  
Қазақты дәулет басқан күн,  
Қырғыздан әруақ қашқан күн.  
Арғымағын оздырды,  
Баяу жатқан қырғызды  
Сарыбелде тоздырды,  
Шапты да, қайтты Абылай.

\*\*\*

*Сол жылда Өтеке-Жырықты өлтірген, соның қызының жоқтауы:*

- Мергеннің басы миллион,  
Дараның жолы серуен.  
Мына бір қазақ келуін,  
250 Өтекемнің өлуін.  
Сәдір кірді қамысқа,  
Өтекем шықты намысқа.  
Қызыл шекпен бүркеніп  
Қыздарменен бұл Сәдір.  
Қара шекпен бүркеніп  
Қатынменен бұл Сәдір.  
Абылай ханның найзасы  
Қолда бір болып қайысты,  
Өтекемнің найзасы  
260 Қарағай болып майысты.  
Құрым тоқым Абылай  
Құрдасыңмен, Өтекем,  
Тері тоқым Абылай  
Төндесіңмен, Өтеке-ау.  
Басыңды қойды әлекке,  
Қаныңды алды шелекке.  
Өтінді алды керекке,  
Ішіп қанға тоймады,  
Абылай деген хас айғыр  
270 Ежелгі кегін қоймады.



# Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны

Қалмақтың ханы еді Қалдан Серен,  
Қазақтар тартып алды барлық жерін.  
Ордасын Едірейдің Қалдан тігіп,  
Қазақтан қашты Қалдан күнді кейін.

Қалмақтар қашқан төмен қойдай жосып,  
Мың ермен Қалдан Серен тұрған тосып.  
Абылай аңға шығып ұйқтап қапты,  
Абылай қапаланды қолға түсіп.

10 Қызылтау оңтүстік жақ қақ қасында,  
Абылай қолға түсті тау басында.  
Соғысқа Абылай хан қол жіберіп,  
Жоқ еді «Қалмақ қырған» соғысында.

Аң іздеп Абылай хан ұйықтап қапты,  
Мың батыр қыз алатын мұны тапты.  
Мың батыр жолы болып Абылайдан,  
Танымай сол арада жөн сұрапты.

20 Сол жерде хан Абылай ойға қалды,  
Жан-жаққа артын ойлап, көзін салды.  
Соғыстың не болғанын білмейді хан,  
Арттағы қазақ халқы иесіз қалды.

Ойлайды мен шынымды айтайын деп,  
Ұстаған Абылайды сонда жау көп.  
Ел иесіз қапылыста шауып алды,  
Жасырмай шынын айтты Абылай деп.

— Жау қалмақ танымасаң, мен — Абылай,  
Шығып па ең ұстамаққа маған қарай.  
Ал мені осы арадан жылдам әкет,  
Келеді осы жерге ер Олжабай.

Қуанды Абылайды қалмақ ұстап,  
30 Және ұстап Олжабайды ханға қоспақ.  
Олжабай тағы бір күн қолға түсер  
Деді де бір жайсаңды қайтты бастап.

Абылай қуанды қол қайтқанына,  
Қапыда қазақ халқы жатқанында.  
Хан да жоқ, батыр да жоқ, халық иесіз,  
Кетті қол күннің көзі батқанында.

Әкетті Абылайды ұстап қалмақ,  
Ханына Қалдан Серен алып бармақ.  
Қалданға алып келіп хабар берді,  
40 Алғызды Абылайды қызын жалдап.

Ақылмен Абылайды алғызады,  
Ор қазып Абылайды салғызады.  
«Бұл өзі Абылай ма жоқ басқа ма» деп,  
Қырық кез терең орды қаздырады.

Сынайды Абылайды Қалдан Серен,  
Зынданда жатты Абылай дәл жеті күн.  
Ұста деп Олжабайды қол жіберді,  
Көрген жоқ Абылайдың Қалдан түрін.

Ұстауға Олжабайды мың қол кетті,  
50 Дөндеген Қызылтауға келіп жетті.  
Олжабай Абылайды іздеп жүр екен,  
Мың қолға ер Олжабай душар кепті.

Олжабай Абылайды еш білмейді,  
Соғысқа ер Олжабай ерінбейді.  
Қалмақпен көре сала «Олжабайлап»,  
Мың қолмен салды соғыс жиренбейді.

Қалмақтың бар жайсаңын ұстап алды,  
Мойнына ер Олжабай шынжыр салды.  
Сұрайды «Абылайды білдің бе?» деп,  
60 Абылай қолда екенін біліп қалды.

Сол жерде ер Олжабай долданады,  
Олжабай түсі қашып сұрланады.  
Білген соң Абылайдың уақиғасын,  
Телкөкпен зырқыратып қолға барды.

Барды да мың қалмаққа араласты,  
Қалмақ та беттей алмай жан таласты.  
Қалмақтар соғыса алмай қару тастап,  
Сол жерде түгел қалмақ аттан түсті.

Олжабай қалмақты айдап екі келді,  
70 Қазақтан шылбыр арқан бәрін жиды.  
Басында Сабындыкөл Ермектасқа,  
Қалмақты байлап сонда батыр үйді.

Олжабай байлап қойды көп қалмақты,  
Абылай сол уақытта не боп жатты.  
Қалданның Абылайға не қылғанын,  
Сөйлейін енді өзім Қалдан жақты.

Сөйлейін не қылғанын Серен Қалдан,  
Жеті күн ор түбіне ханды салған.  
Сынайды сол арада Абылайды  
80 Екі адам қылышпенен ханға барған.

Айтады Қалдан Серен жендетіне:  
— Қарайтын мен болмадым ел бетіне.  
Әгер осы Абылай болса, жақсы,  
Болмаса, мен шықпаспын жер бетіне.

Абылай жатты көп күн терең ойда,  
Тоң май сал бір аяққа суды құй да.  
Апарып Абылайға беріңдерші,  
Басқа зат ол аяққа ешбір құйма.

- 90 Тобықтай сиыр майын салыңдаршы,  
Қылышты даярланып алыңдаршы.  
Суды ішпей майды қолмен алып жесе,  
Қылышпен бір сөз демей шабыңдаршы.

Абылай болса қолымен май жемейді,  
Сендерге бір ауыз сөз үндемейді.  
Айтады су мен майға бір ауыз сөз, —  
Қалдан әмір етіп солай дейді.

- 100 Жендеттер Қалдан Серен тілін алды,  
Бір аяқ суға айтқан майды салды.  
Қолына қылыш алып екі адам,  
Айтқандай Абылайға алып барды.

Абылай қолға алды су мен аяқ,  
Суды ішті аузына өзі таяп.  
Аузына тартпаса да, май іркілмейді,  
Тықпады суға Абылай қолын аяп.

Абылай аяқты алып жерге қойды,  
Май қалды жерге түсіп суға тойды.  
Өмірі мұндай істі көрмеген хан,  
Абылай сол арада ойлайды ойды.

- 110 Абылай сол арада қарап тұрды,  
Абылай еш білген жоқ мұндай сырды.  
— Төпсем кетпейтін май едің, өпсем келмедің, — деп,  
Майды алып аяғымен жерге ұрды.

Жендеттер мұны көріп шаба алмайды,  
Аяқты олардағы қолға алмайды.  
Бұл сырды айтпақ үшін Қалдан шерге,  
Жанынан Абылайдың бұлар тайды.

- 120 Келеді бұл екеуі Қалдан шерге,  
Жүгіріп айтпақ үшін батып терге.  
Көргенін бастан-аяқ бәрін айтты,  
— Бағынбай жатыр дұшпан біздің жерге.

Қалдан Серен бұл екі адам сөзін білді,  
Естіп басын шайқап Қалдан күлді.  
Тағы да сынаймын деп Абылайды,  
Жинады барлық бегін ашпақ сырды.

Жинап ап барлық бегін айтады сөз,  
Ордаға жинап алды барлығын тез.  
«Абылай, мүмкін білем, осы болар,  
Қоқиға мың бір төуба көрсетті көз».

— Әй, халқым, мен айтамын сөзім тыңда,  
130 Ордағы Абылайды алдыр мұнда.  
Айтпай-ақ, Абылай болса, мені таныр,  
Сенемін Абылайға өзім сонда.

Жиналған бектеріме мал сойыңдар,  
Есіктен бір орынды бос қойыңдар.  
Мен өзім Абылайдан сөз сұраймын,  
Басқа адам бір сөз айтпай тік тұрыңдар.

Шақырсақ, Абылай хан мұнда келер,  
Қорықпай, Абылай болса, кіріп келер.  
Келгенде бос орынға отыра кетсе,  
140 Ол кезде Абылай емес шауып жібер.

Осылай Қалдан Серен айтты сонда,  
Батырлар кеткен еді бәрі жонға.  
Қазақтың бір батырын тұтқан екен,  
Байлауда Малайсары тағы қолда.

Алдырып босағаға байлап қойды,  
Отырмай Қалдан Серен тақ бос қойды.  
Ордаға барлық қалмақ жиналады,  
Абылай сол уақытта келіп кірді.

Абылай келіп кірді хан ордаға,  
150 Сол жақта көзі түсті босағаға.  
Есікте бір кісілік орын көрді,  
Отырмай хан қарайды айналаға.

Таңырқап қарап тұрды Абылай хан,  
Бос жерге жоқ хан ордасы толған жан.  
Есікте шынжырлаулы Малайсары,  
Абылай көрді сонда, торда жатқан.

Хан келді көрді сонда Малайсары,  
Бастығы Қалдан Серен сонда бөрі.  
Көрген соң Абылайды жонын беріп,  
160 Тұғыр боп жата кетті Малайсары.

Аштыққа Абылай хан жасыған жоқ,  
Қалмаққа «мені қолда» деп бас ұрған жоқ.  
Үстіне Малайсары отырды хан,  
Бос тұрған босағаға отырған жоқ.

Бұл сырды көрді отырған түгел қалмақ,  
Қылышпен екі жендет тұр жалаңдап.  
Абылай отырмады босағаға,  
Қалдан хан қойған еді соған арнап.

Отырды Малайсары дәл үстіне,  
170 Таң қалды барлық қалмақ бұл ісіне.  
Айтады Малайсарыға Қалдан Серен:  
— Дұшпаныңның неге жаттың бөксесіне?

Айтады Малайсары Қалданға сөз,  
Тісін қайрап, от боп жанып ол екі көз:  
— Қазақтың Абылай хан ақсұңқары,  
Бос жерге отырмайды бір тұғырсыз.

Астында Абылайдың мен өлемін,  
Бұл ханның әміріне мен көнемін.  
Тұтқындап екеуімізді ұстап тұрсын,  
180 Көтіңді бөлем, қалмақ, бір көрермін.

Әй, қалмақ, түк қылмайсың Олжабай бар,  
Дүниені бөлем қалмақ қылармын тар.  
Тұтқыннан ер Олжабай бізді алады,  
Өлтірер бізді қалмақ қай артың бар.

Отырды хан Абылай көтін қойып,  
Сөзіне Малайсары тұрды ұйып.  
Бос тұрған Қалдан Серен тағын көріп,  
Қарғыды хан Абылай ортаны ойып.

Абылай тура барып отырды тақ,  
190 Бұл іске іші күйді барлық қалмақ.  
Заңы бар таққа мінген өмір айтар,  
Бұл жерде Абылайға қонды үлкен бақ.

Абылай дұшпанының тағын алды,  
Жан-жаққа мойын бұрып көзін салды.  
Бір қалмақ Абылайға сөз айтпады,  
Сол жерде Қалдан Серен ойға қалды.

*Қалдан Сереннің айтқаны:*

— Әй, дұшпаным, неге отырдың алтын таққа,  
Түтқын боп отырғанда біздің жаққа.  
Өлесің бүгінгі күн, орның даяр,  
200 Иманың айтатұғын өзің жатта.

*Абылай хан жауабы:*

— Өлтірсең, өлтіре бер, жыламаймын,  
Қалмақтар сенен тақты сұрамаймын.  
Бос тұрған хансыз таққа мен отырдым,  
Қанша айтсаң, осы тақтан еш тұрмаймын.

Алтын тақ күнде, қалмақ, бос тұра ма,  
Қалмақтар менен бүгін тақ сұрама.  
Иә Қалдан, иә, Абылай отырмағанда,  
Атаңның қақбастары отыра ма?!

*Қалдан Сереннің сұрағы:*

— Абылай, шыныңды айтшы, Сөру қайда,  
210 Өлтірдің сол Сөрүді қайсы жайда?  
Сөрүді, хан Абылай, өлтірмесең,  
Бүгін күн болар еді саған пайда.

*Абылай ханның жауабы:*

— Ұрыста тұрыс болмас, өлді Сәру,  
 Шаппаймын деп айтпады біздің қару.  
 Ерегескен екі ердің бірі өледі,  
 Батырлар қан майданда жанын бағу.  
 Төрт күндей Олжабаймен көп ұрысып,  
 Жеңіліп Олжабайдан өлді Сәру.

*Қалдан Сереннің сұрағы:*

— Абылай, елдеріңде қандай мал көп,  
 220 Егін салып қазақтар шаба ма шөп?  
 Не кәсіппен қазақтар күн көреді? —  
 Сұрайды Қалдан Серен осылай деп.

*Абылай ханның қайтарған жауабы:*

— Қазақтың ең көп малы жылқы мен қой,  
 Көптіктен баға алмайды, бермейді бой.  
 Шөп шауып, егін салып көргеміз жоқ,  
 Қазағым басқа іске бұрмайды ой.  
 Сол малдың арқасында біздің халық  
 Болады күнде жиын, күнде үлкен той.

*Қалдан Сереннің қайтарған жауабы:*

— Айтайын саған көп сөз, хан Абылай,  
 230 Алмаққа келе жатырсың Сарыарқаны-ай.  
 Қымыз бен жылқы еті желік болар,  
 Қазақта көп болады екен кісі өлімі-ай.  
 «Қой — ұры, қойшы — өтірікші» деген сөз бар,  
 Ұрлыққа жүреді екен жаппай түнде-ай.  
 Айтылар жер емшегі шөппен екен,  
 Адамға тіршілік жоқ емшек ембей.  
 Шынында Сарыарқаны орыс алар,  
 Жеріңді тартып алар ол босатпай.  
 Сұраймын Сәру қайда, Абылай хан,  
 240 Туысқан інім өлді сенен қалай?



*Абылайдың жауабы:*

— Ей, Қалдан, өз-өзіңді көремісің,  
Өлді Сәру, көп айта беремісің?!  
Астыңдағы тақтықтан тірі айырылып,  
Оны да, Қалдан, менен көремісің?!  
Хан болсаң, тақта отыр, жерде бұқпа,  
Әй, Қалдан, айтам саған сөзге тоқта.  
Өліп қалған Сәруді айта бермей,  
Өйткенше өз басыңды өзің жоқта.

Таныды айтқызбастан Қалдан шерді,  
250 Ұялғаннан Қалдан өлмей тұрды.  
Қалданды тірідей-ақ көрге тығып,  
Абылай Қалдан ханнан ашты сырды.

*Қалдан Сереннің ашумен Абылайға айтқаны:*

— Абылай, өлтіремін сені дұшман,  
Ағыздың судай қылып көп қызыл қан.  
Абылай, менен өзің не сұрайсың,  
Айтып қал ойыңда бар қандай арман?!  
Қанға — қан, ер Сәруге сен тұрасың,  
Келдің ғой ажалыңа өзің Сырдан.  
Абылай, енді қазір тағымнан түс,  
260 Берейін тілегіңді сен сұраған.

*Абылайдың жауабы:*

— Әй, Қалдан, сұрағым жоқ, бар арманым,  
Жерлерін алып едім Сарыарқаның.  
Әр жерін Сарыарқаның қоныс қылып,  
Қолымнан қазағыма бере алмадым.

Бір кезде аспандағы құстай ұштым,  
Аңдамай қапылыста қолға түстім.  
Сәрудей қан майданда өлмедім мен,  
Қызығын көре алмадым қайран күштің.

- Үшінші бір арманым ұл балам жоқ,  
 270 Әйтеуір Олжабай бар көңілге тоқ.  
 Әй, Қалдан, мені өлтірсең ойлап өлтір,  
 Үстіне ақ ордаңның шақырма топ.  
 Олжабай менің қаным алмай қоймас,  
 Болмаса сенің тілің, әскерің шөп.

*Қалдан Сереннің Абылай хан «балам жоқ жалғызбын» дегенге айтқандағы сөзі:*

- Абылай, қоямысың сен егесің,  
 Сөзім шын, өтірік емес ол кекесін.  
 Мен дағы бас азабын көріп жүрмін,  
 Дәл менің жалғыз Көбекендей сен де екенсің.  
 Ал мұны жылдам, жендет, өлтіріңдер,  
 280 Көбекен жалғыз балам еш көрмесін.

*Абылайдың «мені өлтіре алмайсың, мені жалғыз балаң Көбекенге теңедің, мен саған бала болдым» деп тақтан түсіп Абылайдың айтқан сөзі:*

— Қалдан шер, босатамын өзіңе тақ,  
 Болмаспын мұнан былай мен дағы жат.  
 Жалғызың Көбекенді аузыңа алдың,  
 Өлтірсең мені қазір, саған ұят.

Мұны айтып хан Абылай тақтан түсті,  
 Жүрегі қорықпайды өзі күшті.  
 Құлақ, мұрын кесілген бір қалмақ кіріп келді,  
 Айтады Қалдан шерге қызық істі.

*Құлақ-мұрны кесілген адамның сөзі:*

- Жібердің, тақсыр ханым, Олжабайға,  
 290 Ұстап ап қоспақ ойың Абылайға,  
 Мың ерің Олжабайдың қолында тұр,  
 Байлауда аяқ-қолы терең сайда.  
 Үш мезгіл ерте-кеші дүре соғып,  
 Тақсыр хан жан қинап тұр аяу қайда?

Құтырған қасқырдай боп кетсе соғар,  
Бұраған үш сым темір сомбы қолда.  
Ағып тұр бектеріңнің көттен қаны,  
Қор болып бектер жатыр бәрі сонда.

300 Мың ерің Олжабайға қолға түсті,  
Теңі жоқ Олжабайдың аса күшті.  
Әкел деп Абылайды өзі маған,  
Сымпитып құлақ-мұрным бәрін кесті.  
Тақсыр хан Абылайды босатпасаң,  
Сіз дағы көресіз мұндай істі.  
Күні-түні ұйықтамайды бір дамыл жоқ,  
Төсек қып отырғаны аттың үсті.  
Айтты да осы сөзді келген қалмақ,  
Талықсып хан алдында мұрттай ұшты.

310 Отырды өз тағына Қалдан Серен,  
Шықпай даусы қозғалар екі ерін.  
Жалтақтап жан-жағына қарай берді,  
Білмеді Абылайға ханға ол не дерін.  
Айтады Абылайға ханға: «Бақытың көп,  
Мен саған өз айтпаспын еш пәлен деп.  
Босат, — деп, — мың ерімді, — айтты Қалдан, —  
Абылайға жалғыз қызым беремін», — деп.

320 Отырған барлық қалмақ жаман састы,  
Айрылып ақылынан ол адасты.  
Малайсары батырды босатады,  
Хандары қазақ-қалмақ ақылдасты.  
Қалданға Абылай хан күйеу болды,  
Берген соң Тобыш сұлу қыршын жасты.  
Малайсары, Абылай, Қалдан Серен,  
Бітімнің сол арада кілтін ашты.  
Үй тігіп, Тобыш сұлу шақырған соң,  
Абылай, Малайсары қадам басты.  
Қазақтан қырсық кетіп, бақыт жетіп,  
Абылай сол арада судай тасты.  
Тобыш пен Абылай хан отырғанда  
330 Қалмақтар көреміз деп жанталасты.

Алтын үй отырғаны мамық төсек,  
Екеуі отырғанда құп жарасты.

*Абылай, Қалдан Серен Олжабайға Малайсарыны жібергені:*

Тынығып күйеу, құда сонда қонды,  
Өртүрлі сөз айтысты оңды-солды.  
Малайсары еліне қайтпақ болды,  
Қайтармақ тұтқындағы мыңдай қолды.  
Екі хан қағаз жазды Олжабайға:  
«Жүрмісің аман-есен жақсы жайда?  
Арамыз қазақ-қалмақ жақындасты,  
340 Бір үлкен кез келдік біз ұлы тойға.  
Бірі ата, біріміз бала болдық,  
Қолыңдағы бектеріңді енді сойма.  
Босатып аман-есен қайтарыңыз,  
Олжабай өзім аман, ашу қой да.  
Қайтамын содан кейін Тобышты алып,  
Олжабай, әр жұмыстың артын ойла.

Хатты алып жүріп кетті Малайсары,  
Құда боп амандасты жас пен кәрі.  
Мінгені боз арғымақ жүріп кетті,  
350 Қанған соң хан мен ердің ол құмары.

Ойнатып ақбоз атпен жүріп кетті,  
Болғанда намаздыгер келіп жетті.  
Олжабай дүре соғып жатыр екен,  
Көрген соң Олжабай жасын төкті.

— Аман ба, жан жолдасым, қайдан келдің,  
Жалғыздық сен жоғыңда мен де көрдім.  
Мен сені көрмегелі көп күн болды,  
Батыр-ау, Малайсары, қайда болдың?

Сөз айтты Малайсары бастан-аяқ,  
360 Қолыңда темір сомбы тұрған таяқ.  
Қорлығын қалмақ қылған естіген соң,  
Тағы да дүре соқты аямай-ақ.

Олжабай бір қалмақтың мұрнын кесті,  
Құлағын қақ түбінен тағы кесті.  
— Сәлем айт жылдам барып Қалдан шерге,  
Жіберсін Абылай мен қыз Тобышты.

Қалса егер, ертең түсте өзім барам,  
Қолдағы мың батырдың бәрін қырам.  
Абылай Тобыш қызды әкелмесе,  
370 Сертімде осы айтқан өзім тұрам.

Ордасын бұзып, жерін бояп,  
Қалданның алтын тағын талқан қылам.  
Осылай қалмақты айтып босатады,  
Қалданға осылай айт менен сәлем.

*Босатқан қалмақ оқиғасы:*

Қашты қалмақ құтылып,  
Бұғауынан сытылып.  
Өне бойы жаралы,  
Сол жараны көтеріп.  
Бір күнде келіп жетті,  
380 Құлақ-мұрны кесіліп.  
Келіп Қалдан Серенге,  
«Лақы» деп қалмақ өкіріп.  
Олжабайдың қолына  
Түскенге қалмақ өкініп.  
Олжабайдың сәлемін  
Айтыпты ханға жүгініп:  
— Ұзатпасаң қызыңды,  
Соғыс болар керемет.  
Абылайды босатсаң,  
390 Бізге қылмас қиянат.  
Босатпасаң Абылайды,  
Мың батырың өледі  
Олжабайдың қолында.  
Ертеңгі күн бір саған,  
Қыз алам деп барып ем,

Қызың құрысын, Қалдан-ау!  
Абылайды тез жібер,  
Мен алмаймын қызыңды,  
Осы да маған қанағат.

400 Мұны естіп Қалдан Серен түсі қашты,  
Адасып ақылынан жаман састы.  
Алдырып Абылайды Тобышпен,  
Сол жерде Қалдан Серен ақылдасты.

— Абылайға мен беремін, жалғыз қызым,  
Ақтасаң мұнан былай татқан тұзым.  
Абылай, бала болдың өзің маған,  
Қызымды жұптылыққа бердім саған.  
Тез барып мың батырым босатыңдар,  
410 Опа қыл мұнан былай болсаң адам.

Қалдан Серен Тобыш қызды ұзатады,  
Қыз беріп Абылайды жұбатады.  
— Құдамыз Олжабайға менен сәлем,  
Айта бар, хан Абылай, — деп айтады.

Абылай атқа мінді Тобышты алып,  
Бірі ай, бірі күндей болып жарық.  
Алған соң Тобыш сұлуды Абылай хан,  
Қайтышты жалғыз келіп олжаланып.

Қайтады Абылай хан дәл сол күні,  
420 Тынбастан жүрді Абылай күні-түні.  
Сәскеде келіп жетті Олжабайға,  
Саңқылдап қайтқан қаздай шығып үні.

Олжабай дүре соғып жатыр екен,  
Баянауылда Ермектасты қылып мекен.  
Көрген соң Абылайды атқа мініп,  
Алдынан Абылайдың жүрген екен.

Тез барып қарсы алдынан түсе қалды,  
Абылай жүрейік деп көзін салды.

- Абылай о да келіп, аттан түсті,  
430 Құшақтасып бірін-бірі сусын қанды.
- Келдің бе, тақсыр ханым, аман, деді,  
Сіз жоқта көрген күнім жаман, деді.  
Айрылып Малайсары екеуіңізден,  
Басыма ақырзаман болған, — деді.
- Байладым мың батырын сақау қалмақ,  
Үш рет дүре соғам барлап-барлап.  
Келмесең бүгінгі күн, тақсыр ханым,  
Байлауда мың қалмақты өзім қырмақ.
- Мен енді аман көрдім жүзіңізді,  
440 Бар билік, тақсыр ханым, өзіңізде.  
Әгарде маған, ханым, босатсаңыз,  
Қалданды байлар едім осы кезде.

*Абылай сөзі:*

- Арыстаным Олжабай,  
Амандық берсін бір Құдай!  
Сен болмасаң өліп ем,  
Сен өлтірген Сәрудай.  
Талай қорлық мен көрдім,  
Тартпадым сонда тілімді-ай.  
Сонда да қуат сен болдың,  
450 Тағдырдың жазғаны осылай.  
Аман сені көрген соң,  
Жинадым қазір бойымды-ай.  
Қалмақ-қазақ дос болдық,  
Не қылсаң да өзіңде-ай.  
Амандас өзің жеңгеңе,  
Тобыштайым сұлуқай.  
Сонан кейін сен босат  
Қолдағы мың батырды.  
Ашуыңды сен қалдыр,  
460 Мен келдім аман, Олжабай.

Сонан кейін Олжабай ашуын басып, қалмақтың мың батырын босатып: «Қалдан Серенге ат ерін салып өзім барамын, құда болдық, соның арқасында қазақ-қалмақ тату-тәтті тұрам десе, Сарыарқаны маған берсін, егер бермесе, арамыздан қылыш тағы жүреді, осыны ханға айта бар деген екен». Қорлық көрген қалмақтар ат-тонын ала қашып, Қалдан Серенге келіп Олжабайдың сәлемін айтады.

*Олжабайдың барғаны:*

Олжабай ерің Телкөкке мініп, бүкір қылышын алып тұптура Қалдан Сереннің ордасына келіп, сұрамастан кіріп келеді. Қалдан Серен Олжабайдың айбатына шыдамай түрегеледі. Олжабай бір тізерлеп амандасып, орданың ортасынан аспай отырып, амандасып:

— Қалдан хан, мен сізге амандыққа келдім, ал қайтамын, айтарлық сөзім бар. Сарыарқаны маған босат, егер босатпасаң, ертең ордаңның үстінде соғыс болады, шыдасаң отыр, болмаса өзің біл, — деп шығып кетіп бара жатқанда, Қалдан Серен:

— Әй, батыр, мойныңды бұр, — деген. Сонда Олжабай тік тұрып қарайды.

— Қазақ халқына менің мына сөзімді айта бар, ер болсаң, — деген. Сондағы айтқан сөзі:

— Абылайдың бөксесі алтын, кеудесі мырыш, өзіңдей батыр хан болып ұл туады, бір атаға шын айрылмас. Олжабай, сенің кеудең алтын, бөксең мырыш, өзіңдей болып артыңнан ер тумамайды, ерлік өз басыңмен кетеді, — деген екен.

— Осы сөзді айта бар, қош, Сарыарқаны босатамын, бірақ аяқ астында қазақ халқы басқа халыққа бағынады, күндердің күнінде менің бұл сөзім тарихта қалмақ, қош Олжабай, — деп қоштасты. Олжабай қайтып кетеді.

Хан Абылай алған Тобыш сұлудан Қасымхан туғанда қан ұстап жалғыз туады, онан кейін Сары, Наурызбай туады.



# Сабалақ—Абылай хан

Тарих — көрі ақсақал келген көпке,  
Ол сізді таныстырар талай кепке.  
Өткен өмір өлшеулі, жақсы үлгіні  
Ғибрат қып әр іске сын бермекке.

Талай іс өткен адам баласынан,  
Нелер бұзық, нелер қызық бас-басынан.  
Кейде сор, кейде бақты пенде басы,  
Тұрмыстың неше ағым таласынан.

- Адамзат кейде шатты, кейде мұңды,  
10 Соның бәрін істейтін өмір жынды.  
Құлық-сұмдық дегеннің жалған ісі,  
Жалған болса бола ма жақсы түсі?

Өткенге түскен сайын көңіл хошы,  
Ол да бір тағылымшыл болар досы.  
Адамның өмірінде қандай болған  
Тарихтың көрсететін жобасы осы.

- Тарих сізді өткенмен таныстырмақ,  
Адаспайтын адамдық жолға салмақ.  
Үлгіні ала берерлік ұғым болса,  
20 Көрсетілген жақсылық жолға бармақ.

Әр заманда әртүрлі адам өтті,  
Оқиғасы жоғалмай бізге жетті.  
Не қызық, нелер бұзық жұмыстарын  
Кітапқа тарих қылып жазып кетті.

Қазақ деген — түріктің руы еді,  
Алтын Орда қарауында тұрып еді.  
Шыңғыс хан немересі Береке хан  
Еділде зор мемлекет құрып еді.

Тоқай Темір, Береке бір туысқан,  
30 Орыс халқын қаратып, жерді қосқан.  
Әмір-Темір билеген жері еді  
Түркістан, Үндістан мен Билужстан.

Сұлтан Баязит — түріктің сұлтаны еді,  
Бүкіл Балқан патшалығын ол биледі.  
Тоқтамыс Алтын Ордаға хан болғанда,  
Түріктің дәуірлеген мезгілі еді.

Баязит, Әмір-Темір, Тоқтамыс хан —  
Біртұтас түрік руға болған сұлтан.  
Он төртінші ғасырдың мезгілінде  
40 Түрік жұрты дәуірлеп өсіп тұрған.

.....  
Әр көмәлдің зауалы толған күнде.  
Діні — ислам, бөрінің қаны — түрік  
Майданда бірін-бірі қырған күнде.

Әлсіретіп, қиратып бірін-бірі,  
Күші асқан Әмір-Темір болған ірі.  
Алтын Орда сөгіліп, быт-шыт болып,  
Құтылды құлдық еткен орыс елі.

Әр ұлт бөлек-бөлек хан боп кетті,  
Сонымен Алтын Орда күші бітті.  
50 Қырым татар, Қапқаз бен Башқұртстан,  
Ноғайлы, қырғыз, қазақ, барба ұлты.

Шерім, мешер олар да хандық алды,  
Қазанда Татар ханы болып қалды.  
Бытырап бет-бетімен әрбір ұлт,  
Өз еркі өзінде боп кете барды.

Со кеткеннің бірі біз қазақ едік,  
Арқаға көшпелі боп тарап едік.  
Алашаны ортадан хан көтеріп,  
Үш жүздің баласы оған қарап едік.

- 60 Үш жүз демек — үш тайпа ел болғандықтан,  
Хан көтерер мезгілі толғандықтан.  
Асылы үш Арыстың баласымыз,  
Қазақ ұлты тараймыз бір-ақ заттан.

Берментін Абылай хан болған екен,  
Қоныс қып Көкшетауды қонған екен.  
Жанына батыр-билер жолдас болып,  
Сол кезде қазақ елі толған екен.

- Мың жеті жүз отыз бесінші жылы хан көтерген,  
Батыр, би серік болған әрбір жерден.  
70 Сүйіндік Бұқар жырау уәзірі боп,  
Аты қазақ Абылайдың соңына ерген.

Би болған Қаракесек Қазыбегі,  
Әм батыр Қошқарұлы Жәнібегі,  
Қанжығалы Бөгенбай бір батыры,  
Қаракерей Қабанбай найман тегі.

Кіші жүз Арал батыр кете рудан,  
Тама Есет әруақты батыр болған.  
Бөкенбай — табын таптан шыққан батыр,  
Абылай хан өмірінде бәрі тұрған.

- 80 Ұлы жүзде Төле би болып еді,  
Жаныс батыр Болтайдан шығып еді.  
Үш жүздің баласына ортақ хан боп,  
Абылай хан қарауында тұрған еді.

Әбілмансұр — әуелгі өз аты еді,  
«Абылайлап» шапқаннан Абылай деді.  
Жиырма бірінші буыннан қосылатын  
Шыңғыс хан тұқымынан бекзат еді.

- Өз әкесі болады көркем Уәли,  
Қанішер атақты Абылай бабалары.  
90 Таласып Уәлименен хандықты алып,  
Әбілхайыр кіші жүзге болған ханы.
- Уәли ауды, хан бола алмай, Түркістанға,  
Нағашы хан боп тұрған Қайып ханға.  
Ел шапқан Аюкенің ауыр қолы,  
Торғауыт қалмақ халқы қаптағанда.
- Өлтірді Уәли ханды сол соғыста,  
Қаны қас қан төгіскен талай тұста.  
Қолға түскен ерлерін қырып-жойды,  
Апат тиген күн болды мал мен басқа.
- 100 Әбілмансұр жиырмаға келмеген жас,  
Сауғалап әркім қашып, қорғады бас.  
Әбілмансұр шапқыннан қашып шығып,  
Жаяу жалғыз жөнелді аш-жалаңаш.
- Жөнелді бетін түзеп Балқаш жаққа,  
Ұлы жүз — үйсін деген бір халыққа.  
Бірнеше ай арып-талып елсіз жермен  
Жетіпті қалың ауыл көп қазаққа.
- Ортадағы бір үйге жиналған жұрт,  
Бірі кіріп, бірі шығып қайнаған құрт.  
110 Сол үйге кірейін деп ойлады да,  
«Тегін үй емес шығар» деп қойды бет.
- Сәлем беріп есіктен кіріп келді,  
Үй іші сыңсыған жан — бәрі көрді.  
Үсті жыртық, басында сеңсең тымақ,  
Кір басқан, шашы ұзарып өскен еді.
- Келген үй — үйсін Төле үйі еді,  
Ұлы жүз орда қылған бір үй еді.  
Үй тола жұрттың көзі балада боп,  
Мелшиіп жұрт таңырқап отыр еді.

120 Кең иық, төстек келген, ұзын бойлы,  
Қыр мұрын, жуан шықшыт, кең маңдайлы,  
Жылтыр көз, тікірейген сұрғылт сары,  
Денесі қыран құстай тұр ыңғайлы.

Төле би жөн сұрады бұл баладан,  
Келгенін біліп тұрып тұз даладан.  
— Бұл маңның адамына ұқсамайсың,  
Атың кім, қай нәсілден, қай қаладан?

— Атым да, жөнім де жоқ бір баламын,  
Дәм тартып тентіреген бишарамын.

130 Әке-шеше, ел-жұртым, туғаным жоқ,  
Атымды кім қойсаңыз, құп аламын.  
Есітіп үйсін Төле би деп келдім,  
Тұрамын қолыңызға бала болып,  
Қазақ елі — елім деп іздеп келдім.

Алынбай көптен бері шашы өскен,  
Сабалақ қара тымақ көзге түскен.  
Үсті-басы сауыс боп тұрғаннан соң,  
«Сабалақ» мұның аты болсын дескен.

Сабалақ бала болып жүре берді,  
140 Мал бақты, биге жақты, сене берді.  
Отырыс-тұрысының бәрі де жат,  
Бұл қандай жан болар деп сынап жүрді.

Бәйбішесі биге айтты: «Байқайсыз ба,  
Тегін адам емес қой осы бала.  
Бір түн ояу отырса, жантаймайды,  
Қалғымас екі көзі жайнап жана.

Шаңырқап ыстық күні малдан келсе,  
Аяқты тауыспайды аз-көп берсе.  
Астына нәрсе салмай отырмайды,  
150 Қыдырмайды ешқайда үйде жүрсе».

Ас болып кетіп еді би бір жаққа,  
Балаға сарқыт алды сынамаққа.  
Малын баққан Сабалақ ұйықтап жатыр,  
Төрт борбайы жайылған төрт тарапқа.

Би келіп тамашалап қарап тұрды,  
Екі жұдырық түйілген қолды көрді.  
Төрт борбайын төрт жаққа жайып жатыр,  
Тегінде билейді екен оң мен солды.

160 Тегін емес, бұл шығар асыл тектен,  
Шамалап жүруші едім сынап көптен.  
— Оянған соң қой басын қолына бер,  
Деп тапсырып жолдасына тастап кеткен.

Сабалақ оянған соң басты көрді,  
Жанына бақташының бәрін жиды.  
Біріне құлақ, біріне көзін беріп,  
Құйқадан бір жапырақ өзі жеді.

170 Төле бидің жолдасы сөз сұрайды:  
— Басқаға бәрін бердің, — деп сұрайды.  
Би берген ырым ғып, өзің жемей,  
Аш қалып, бұл мырзалық кімге ұнайды?

Сабалақ айтты би жолдасына:  
— Мен тойдым бидің берген ықыласына.  
Жолдастың бірі — құлақ, біреуі — көз,  
Дұрыс па оларға бас қимасыма!

Отырмын соларға мен сеніп ұйықтап,  
Бақташы — өз алдына бұл да бір тап.  
Өзімшілдік жолдасқа жараса ма,  
Тойдырсам өз тамағымды жанды құрттап?

180 Би жолдасы көргенін биге айтты,  
Би сынының шындығын анық тапты.  
Мал билік, жан билігін соған беріп,  
Күннен-күн Сабалақтың қадірі артты.

Сабалақ бір күндерде малға барды,  
Бақташылар көрісіп мөз боп қалды.  
Сабалақты сүйеді жұрттың бәрі,  
Бауырындай көрісіп ортаға алды.

Далада алқа-қотан отыр еді,  
Қарулы үш жолаушы жетіп келді.  
Екі қызыл, бір баран атқа мінген,  
190 Ат та жат, кісі де жат жандар еді,  
Келіп тұрған үш батырды Сабалақ көрді.

Қара сұр, жуан тұмсық, еңгезердей,  
Нарқызыл астындағы тұрған пілдей.  
Дулыға, сауыт-сайман, оқ пен қылыш,  
Құрсанған көк темірді көтергендей.

Атжақты, кең маңдайлы, сарыала көз,  
Кең иық, салалы қол, жауырын дөңес.  
Мінезі тәуекелшіл көпшіл екен,  
Шықпайтын батырмын деп қыңыр кеңес.

200 Бұл адам Бөгенбай деген батыр еді,  
Сол кезде елу жастан асып еді.  
Ертістен келе жатқан қалмақ қолын  
Шабуға қарсы келе жатыр еді.

Екінші ат — көкшіл қызыл құпия біткен,  
Тар мықын, бөткеріншек тұяқ біткен.  
Қысқа мойын, ұзын бас, сүйріктей боп,  
Көзі жайнап аузынан көбік төккен.

Жарқабақ, қараторы, қыр мұрынды,  
Қайқы төс, өткір көзді, салпы ерінді.  
210 Мұның да сауыт-сайман бәрі түгел,  
Құрсанған өне-бойы көк темірді.

Бұл адам — қанжығалы Жантай батыр,  
Нияз абыз тұқымынан шыққан асыл.

Бөгенбай Төле биге амандыққа  
Көп қолды кейін тастап келе жатыр.

Үшінші ат — қаракер ат келген қайқаң,  
Сырты қысқа, бауыры жазық, басқан талтаң.  
Ақсары, қызылшырай, толық келген,  
Бұл адам — Мәмбетұлы батыр Атан.

- 220 Бақташылар бұларға сәлем берді,  
Танысып, хал-жағдайларын сұрап білді.  
Бөгенбайды Сабалақтың естуі бар,  
Төле биге басшы боп алып келді.

Төле биде отырды қонақ болып,  
Мәжіліске жиналды халық толып.  
Екі күндей Төле би жібермеді,  
Тынықтырып батырды бие сойып.

- 230 Топ көріп жүрек қызды ер Сабалақ,  
Құдай жазса, жау жеңіп, кегін алмақ.  
Бөкеңнен оңашада қылды өтініш,  
Биден рұқсат әперсе, болды бармақ.

Аттанарда сұрады Бөкең биден:  
— Мен келдім амандыққа алыс жерден.  
Сабалақ балаңызды көмекке бер,  
Ұтты жігіт көрінед, қайтпас берен.

Төле би амалсыздан қосын берді,  
Баласынан Сабалақ сүйікті еді.  
Аттанып, амандасып, бата алып,  
Сабалақ Бөгенбайдың соңына ерді.

- 240 Кейін бөгеп тастаған қолға келген,  
Он мың шама қол екен іріктелген.  
Қол бастаған Жәнібек, Малайсары  
Келеді екен мойны талып алыс жерден.



Келе жатқан қазақ қолын қалмақ сезген,  
Түйісіп соғысудан қалмақ безген.  
Қашқан қалмақ сезініп, үйдей көшіп,  
Талқы асуымен Құлжаға бет түзеген.

250 Тарбағатай, Алтай, Сауыр, Ертіс басы,  
Талқы, Құлжа оңтүстік қабырғасы.  
Арғы жағы — қалмақтың қалың елі.  
Соған жету қашқанның жанталасы.

Ол қашқан он мың шамалы қалмақ екен,  
Дүрбіт қалмақ жауынгер бір табы екен.  
Қол құрап жиналғанша арасы ұзап,  
Көп қалмаққа тақалып қалған екен.

Жөнелді қазақ қолы сүрлеуменен,  
Ішінде Сабалақ бар жаңа берен.  
Талқы — Құлжа асуынан аса жетіп,  
Қолға түскен қалмақты қыра берген.

260 Сабалақ атақ алды қамал бұзып,  
Қандай қиын жерлерден кетеді озып.  
Кірген жері есік боп қала беред,  
Қанды көзі қырандай-ақ шалқып созып.

*Сол соғысқа қатысқан Бөгенбай батырдың жырау нөкері  
Үмбетбай батырдың осы жорығын кейін Бөгенбайдың өлі-  
мінде:*

Кекіл жалы суылдап,  
Нарқызыл арғымақ астында,  
Бөгенбай Талқыдан аса шапқанда.  
Құдия үйрек мойынды,  
Құлан тұяқ көкше атпен  
Құлжаны жантай шапқанда.  
270 Мәмбеттің ұлы ер Атан  
Қол сауырсын басқанда.  
Өз қолын өзі жау көріп,

Ханбаба төре қашқанда,  
 Қалмақты шаптың, Бөгенбай —  
*деп жырлаған екен.*

Қалмақты тас-талқан ғып шауып алды,  
 Қалың қол қарық олжаға батып қалды.  
 Он нарға тоғанақтап жасау артып,  
 Сабалақ Бөкеңе әкеп тарту салды:

— Мынау он нар сізге арнап алып келдім,  
 280 Жасауым — жеңгем, келініңізге сәлемдедем.  
 Мен олжаны алмаймын, батаңды бер,  
 Бір сапар соңыңызға еріп едім.

Бөкең айтты: «Олжаға талай тойдым,  
 Әлі мүйіз шыққан жоқ, бәрін көрдім.  
 Осы жолы еңбегің жұрттан асты,  
 Өзің ал жауды жеңген тырнақалдың.

Сабалақ: «Алмаймын, деп безектеді,  
 Басым жас, тағы келер кезек, деді,  
 Алғашқы сапарыма батаңды бер,  
 290 Көпшіліктің батасы керек, — деді.  
 Сонда Бөкең қолын жайып бата берді,  
 (Көпшілік Қабыл болсын! Әмин!» — деді).  
 Сондағы Бөгенбайдың айтқан сөзі:  
 — Жылқының тұлпары еді — Нарқызылым,  
 Шырағым, ырым қылып сен мін, — деді.

Қарағым, уытты-отты бала екенсің,  
 Мінез-құлқың тап-таза дана екенсің.  
 Жазғытұры үш жүз боп жиналамыз,  
 Сол жиынға керекті жан екенсің.

300 Мың бір жүз отыз бесінші жылында еді,  
 Осы жыл болды «Ақтабан шұбырынды».  
 Қалың қалмақ қазақты қойдай қырған,  
 Уса-Серең дейтұғын қонтажы еді.  
 Уса-Серең Қалданның інісі еді,

Ұйықтаған кісі шағатын у жыланға  
Қазақ елі Серенді теңеп еді.

- Қонтайжы — қалмақшада хан дегені,  
Қалмақ шауып шұбырған қазақ елі.  
Сол жылы ауған елге жұт килігіп,  
310 Қарыс, Хозар шұбырып барған жері.

Ақтабан-шұбырынды болғанына,  
Сегіз жыл сол апатқа толғанына.  
Қалмақтан осы кекті алмақ үшін,  
Келер жылы жиналамыз осы араға.

Әбілмәмбет ханымыз өзі келмек,  
Үш жүздің бар адамы соңына ермек.  
Қыл құйрықты аты бар жан қалмасын,  
Үш жүздің баласына хабар бермек.

- Шырағым, таза сақта Нарқызылды,  
320 Есіңе ал кек алатын келер жылды.  
Бар күшін қазақ қосып бір түйіспек,  
Қор қылмай тәңір ием апса жолды, —  
Деп Бөкең жалбарынып жайды қолды.

Бөкең қонды Төле би қайта келіп,  
Сабалақты мақтайды алғыс беріп.  
— Тегін бала деменіз, таза сақта,  
Жұр шығарсыз өзің де сырын біліп.

- Қалмаққа аттаныстан бұл қалмасын,  
Осындай күш көрсетер ер қалмасын.  
330 Рұқсат бер балаңызға келер жылы,  
Қазақ жұрты беріп тұр ықыласын.

«Келер жылы барсын», деп уағда берді,  
Амандасып Бөкеңмен қала берді.  
Жар салып Әбілмәмбет батырларға,  
Алты ай қыс даярлығын қыла берді.

Ат қаратіл болғанда жігіт сайлап,  
Қару-жарақ, ат-тонын жұрт даярлап.  
Ұлытауға үш жүз боп қосылмаққа,  
Әр жүздің адамдары уағда байлап.

- 340 Орта жүзден Бөгенбай, Жәнібегі,  
Қошқарбай, Жантай менен Қазыбегі.  
Толыбай, Малайсары, Баян батыр,  
Төлек, Тулақ, Қабанбай найман тегі.

Кіші жүздің бастысы — Арал батыр,  
Тама Есет қол бастап келе жатыр.  
Ұлы жүзден Жанысқа қол жиналып,  
Аякөз өзеніне құрды шатыр.

- Орта жүзден он мың қол — бөрі саңлақ,  
Он мың қол кіші жүзден алған таңдап.  
350 Он мыңды ұлы жүзден Жаныс бастап,  
Сауыт-сайман асынған қару-жарақ.

Балқашта батыр мен хан басын қосты,  
Тынықтырып аттарын артын тосты.  
Қалмақтың жай-жапсарын білмек үшін  
Сыптығыр жігіт сайлап жіберісті.

Сабалақ Бөкеңе кеп қосылып елі,  
Нарқызыл қатып қалған сүмбідей еді.  
Сауыт киіп, қаруды белге байлап  
Екі көзі жайнап кеткен оттай еді.

- 360 Барлаушыға епті адамын жұрт сайлады,  
Бөкең де Сабалақты ыңғайлады.  
Бар топтан қырық жүйрік, қырық ерді  
Сабалақ бәрін де таңдап алды.

Қалмақ жауын білуге баршы кетті,  
Талқы-Құлжа маңайына келіп жетті.  
Талқыда қалмақтардың күзетшісі тұр,  
Басқа асумен бұрылып, әрмен кетті.

Ұрланып қиын таудан ештеп асып,  
Биік таудан баспалап ел қарасып.  
370 Қалмақтың қарауылшы он адамы,  
Жөнелді кез боп қалып, тұра қашты.

Ұстауға жабыла құды қырық батыр,  
Жан сауғалап қашты ғой қалмақ көпір.  
Нарқызыл шу дегенде жеке кетіп,  
Айқасып он қалмақпен келе жатыр.

Найзаны арқасына салып өтті,  
Біреуі жаяулап ағашқа енді,  
Өлгені өлді, қалғаны қолға түсті.  
Қырық жігіт тірісін байлап алды,  
380 Жөнелді қалың қолға қайыра апарды.  
Жаяу қалмақ бергенше еліне хабар,  
Талқының асуынан асып қалды.

Қалмақ та хабар алып тұрады екен,  
Қазақтың жиналғанын біледі екен.  
Қалмақтың қонтайжысы Қалдан Серен  
Әскер жия Тұрпанға кеткен екен.

Ұстап алған қалмақты алып келді,  
Хан мен қара қалмақ жайын анық білді.  
Әскер күшін Қалдан Серен жинағанша,  
390 Айқасып қалу жағын мақұл көрді.

Бір мың қол мыңбасыға тізгін берді,  
Әбілмәмбет хан өзі бірге келді.  
Әр тудың қол астында бір-бір мыңнан,  
Отыз мың қанаттасып шеру жүрді.

Талқы-Құлжа асуынан келіп асты,  
Қарауылшы қалмақтар елге қашты.  
Қамал жасап жиналған қалмақ қолы,  
Қорған қылып қалаған ірге асты.

400 Ұзыны жиырма шақырым ірге қорған,  
Аржағында қалмақтың қолы тұрған.  
Айналдырған қорғанның өз жағы ашық,  
Екі ашық шетке мықты күшін жиған.

Қамалға қарсы келді қазақ қолы,  
Бар армансыз соғыс қой осы жолы.  
Майданға жекпе-жекке ер шақырып,  
Қалмақтың бір батыры келді бері.

410 Ұлы жүз — аға елге кезек келді,  
Жаныстың Шақан деген інісі еді.  
Өзі мықты, майданға талай түскен,  
Батырлық атақ алған бір кісі еді.

Жөнелді бата алып Шақан батыр,  
Қан майданға жан қиып келе жатыр.  
Қарақасқа аты бар, бурыл сақал,  
Еңгезердей айқасты қалмақ көпір.

Екеуі кезек-кезек найзаласты,  
Қалмақтың Шақан ерден қаруы асты.  
Қылышпен көпір қалмақ ұрғанында,  
Домалатып түсірді жерге басты.

420 Сүйекке екі жақ та шауып еді,  
Денесін қазақ жағы алып еді.  
Басын қалмақ әкетті найзаға іліп,  
Қуаныш қып айғайды салып еді.

Бағанағы қалмақ тұр ер шақырып,  
Қазақтың суы қайтты батыры өліп.  
Еш адам бармайтұғын болғаннан соң,  
Сабалақ бата сұрады Бөкеңе кеп.

430 — Бата бер, хан мен қара, мен барайын,  
Құдай жазса, қалмақтан кек алайын.  
Өлсем — шахид, өлтірсем — қазымын ғой,  
Қазақтың намысы үшін жан қияйын!

Қазақ тобы шуласып бата берді,  
Екі батыр майданда қарсы шауып,  
Найзаларын салысты оңды-солды.  
Қан қайнап, дене дулап, күшін жинап,  
Айбатты арыстандай көзі жайнап.  
Қақтырмай көк найзаны салды қалып,  
«Лала лұқ!» деп құлады аттан қалмақ.

Қалмақтар сүйегіне шауып еді,  
Сабалақ сирағынан алып еді,  
440 Сүйреткен бойыменен жаны шықпай,  
Қалың топ ортасына барып еді.  
Сабалақ жекпе-жекке тағы тұрды,  
Қара атты дембелше қалмақ келді.  
Садақпен жақын жерден қалмақ атты,  
Шар айнадан оқ өтіп тоқтап еді.  
Сауыттан оғы өтіп барып еді,  
Кеуденің етіне кеп дарып еді.  
Сабалақ та садағын тартайын деп,  
Қорамсаққа қол салып қалып еді.

450 Шіреніп, ашуланып садақ атты,  
Оқ зулап, сауыт бұзып тиді қатты.  
Кеудені талқан қылып, ағып өтіп,  
Жүз қадам ар жағына тасқа батты.

Сүйегін алып қайтты қалмақ жағы,  
Сынбай тұр құдай сүйеп, ердің бағы.  
Сары атты, жарқабакты, иір келген,  
Қалмақтың бір батыры келді тағы.

Бұл келген — Уса-Серең інісі еді,  
Қалмақтың батыр деген бір кісі еді.  
460 Жиырмаға жаңа келген Сабалаққа  
Осыны жеңіп алу бір күш еді.

— Мен — Усаның інісі Шарыш деген,  
Соғысқа бала екенсің дұрыс деген.

Екі батыр өлтірдің қан қыздырып,  
Мықты болсаң, менімен ұрыс, — деген.

— Аларыңды, ит қалмақ, құдай білер,  
Қан майданда демі біткен ажалды өлер.  
Уса-Серең інісі Шарыш болсаң,  
Қазақты талай қырған сен белгілі ер.

470 Шарыш батыр ашуға мініп алды,  
Мінген атын борбайлап найза салды.  
Найзаны ұрып түсірді, дарытпады,  
Көк найза ортасынан сынып қалды.

Қылышты ала ұмтылды шабамын деп,  
Қомсанды Сабалақты аламын деп.  
Қылышты қылышпенен қаққанында,  
Қылышы кетті жетеден шарт үзіліп.

Атуға қорамсаққа қол салғанда,  
Ұмтылды Нарқызылмен аттырмауға.  
480 Омыраулап атының артын соқты,  
Айналды сары арғымақ жығылуға.

Енді атын бұрғанынша қалды салып,  
Басы түсті қалмақтың домаланып.  
Шуылдап қалмақ тобы жылағанда,  
Қазақ тобы «Әруақ!» деп айғай салып.

Сүйегін тағы бермей қазақ алды,  
Жекпе-жекке еш адам шықпай қалды.  
Қамалдан қалмақ шықпай жан сауғалап,  
Сабалақ қалың топқа қайта барды.

490 Шулады қазақ тобы алғыс беріп,  
Сабалақтың кетіпті түсі өзгеріп.  
Ішіне қанын тартқан сұрғыл түсін,  
Қандыбалақ қырандай-ақ шалқып сүзіп.



Бір жұма қазақ тобы жатып алды,  
Қамалға жолатпайды ешбір жанды.  
Талай әдіс қолданып қараса да,  
Бұза алмай тас қорғанды жұрт сандалды.

Жақындаса, атады тастан бұғып,  
Талай ер, талай атты оққа жығып.  
500 Қазақ енді ала алмай кейін қайтса,  
Жеңілгені деп атақ кетер шығып.

Қамалды бұзуға айла табыспады,  
Ажалға көре тұра шабыспады.  
Бірі қайту, бір ісі шабайық деп,  
Бірінің-бірі тілін алыспады.

Сабалақ айтты сонда қазақ батырына:  
— Беріңіз көпшіліктің ақылына.  
Бүгін аман қалдырсақ, ертең шабар,  
Қаламыз тағы қалмақ топырында.

510 Құдай жазса, кәпірге шабу керек,  
Ескі кекті осы жолы алу керек.  
Елге қайтып барғанмен тағы шабар,  
Қырылсақ, біржолата қалу керек.

Батырлар, қайда кеткен намысыңыз,  
Қырылған елді еске алысыңыз.  
Ақтабан боп шұбырып жонда өлген,  
Бөріңнің емес шығар алысыңыз.

Қазақтың намысы үшін жан қияйын,  
Қамалдың арғы жағынан айналайын.  
520 Отыз мың қол алдына мені салшы,  
Басшы боп қарсы алдына мен барайын.

Қамалды қаумалаумен ортаға алсақ,  
Ажалсыз енгеніміз ойран салсақ.  
Қарсы шыққан қай жанды тауысады,  
Жазасын бермейміз бе аман барсақ!

Еш адам қайтпасын шапқан беттен, —  
 Бұл сөзге жұрты көніп, уағда берген.  
 Барша қол Сабалақты басшы қылып,  
 Не десе де көнбекке әмір күткен.

- 530 Ертең тұра шабуға сөз байлады,  
 Мың-мыңнан қолды бөліп ыңғайлады.  
 Ат айтып, атан айтып, тілек тілеп,  
 Баршасы бір Құдайға зар жылаған.  
 Ерте тұрып жан-жағын аралады,  
 Қай жағынан шабуын қарап алды.  
 Сабалақ ақ ту алып «Абылайлап»,  
 Барша қол «Абылайлап!» айғай салды.

Көк те «Абылай», жер де «Абылай» — бәрі  
«Абылай»,  
 «Абылайлап» айғай салды бір жан қалмай.

- 540 Нарқызылмен жөнелді қарсы алдына,  
 Ақ туды желбіретіп салып айғай.

Ешбір жан осы айғайдан қалмай шапты,  
 Айғай, шаң көкке шығып араласты.  
 Екі жақ ашық тұрған даласымен,  
 Қалмақтар ақыл таппай тұра қашты.

Алды қашты, қол қалды артын басып,  
 Екі жақ кетті мидай араласып.  
 Қашқан жауда қарулы күш бола ма,  
 Бастар қалды жертезек боп домаланып.

- 550 Сол қырғыннан дем ала алмай қыра берді,  
 Аты озғаны қашумен бара берді.  
 Сабалақ алды-артын орай шауып,  
 Көсілтті бүгінгі күн Нарқызылды.

Қалмақтың құтылғаны аз-ақ болды,  
 Көргені бөрісінің азап болды.  
 Қалмақты кешке дейін қырып-жойып,  
 Бір жерге туын тігіп қол жиылды.

- Қазақтан алты жүздей кісі өліпті,  
 Қалмақтан он мың адам қырылыпты.  
 560 Бекінген қамалында бір жан қалмай,  
 Бөрінің көзі бүгін жойылыпты.  
 Қазақ қолы қырық мыңдай қараны айдап,  
 Тірісін алдына айдап, құл ғып байлап,  
 Бөрін де қазақ қолы алған жинап.
- Қуанып, кек алдық деп қазақ қайтты,  
 Талқыдан қайыра бермен Арқаға асты.  
 Батырлар хан алдында жиналысып,  
 «Абылайлап» шапқан сөздің мәнісін айтты.  
 Көк те «Абылай», жер де «Абылай» —  
 бөрі шапты,  
 570 «Абылай» деген атақты қайдан тапты.  
 Сұраса, мұның жөнін жан білмейді,  
 «Кім айтты?» — деп бір-біріне бірі жапты.
- Ту ұстап «Абылайлаған» Сабалақ ер,  
 «Абылайлап» шауып кетті көп қалың қол.  
 Көпшілік сөз сұрады Сабалақтан,  
 Сабалақ не деп жауап айтқанын көр:  
 — Қалмақ шапқан — «Ақтабан шұбырынды»,  
 Қалған мал Шу бойында жұтқа ұрынды.  
 Осы жолы көргені естен кетпей,  
 580 Кек алуға отыз мың қол жиналды.  
 Кейін қарай қазақ шаппай, қайтпақ болды,  
 Кейін қайтса, қазақтың намысы өлді.  
 Қазақ үшін жанымды құрбан қылдым,  
 Ақ туды алдыма сап маған берді.
- Көркем Уәли төренің баласы едім,  
 Жетім қалып қаңғырып қырға келдім.  
 Төле бидің қолында бала болып,  
 Мал бағып, құрметінде жүре бердім.  
 Менің атым әуелде — Мансүр еді,  
 590 «Сабалақ» деп Төле би атым қойды.  
 Бөкеңнен былтырғы жыл бата алдым,  
 Ырым ғып Нарқызылды маған берді.

Атам менің — атақты қанішер Абылай,  
Аруағымды шақырып салдым айғай.  
Тәуекелдеп қамалға қойып кеттім,  
Денедегі тірлігімнен сезік қалмай.

Құдай сүйеп қазақтың жолы болды,  
Ескі кекті қайтарып, көңіл тынды.  
Енді бізге көтермес қалмақ басын,  
600 Оншақты мың адамын қазақ қырды.

Сабалақ осыны айтып сырын шешті,  
Үш жүздің адамының басын қосты.  
Қазақтың баласына кек әперген,  
«Өзі — хан, аты — Абылай болсын» десті.

Бұл сөзге бәтуәсын берді халық,  
Ендігі жыл келмекке сөз байланып.  
Баянаула Сабындыкөл басында,  
Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып.

Мың бір жүз қырық алтыншы жылында еді,  
610 Үш жүздің басын қосқан жиын еді.  
Мәжіліс күткен сыйы, құрмет еткен жері —  
Қанжығалы Абыз Шомақ ауылында еді.

Алты ата Ажыбайдың Шомақ бірі,  
Бай болған шаруа мүлкі өте ірі.  
Тоқсан бие сойышты сол жиынға,  
Қазақтың той тойлаған шаттық күні.

Темір сандық ауызын жайып ашқан,  
Кең мырзалық сол күні зор тасыған.  
Сый тартқан үш жүздің баласына,  
620 Қасқа мен жайсаңдарға топтан асқан.

Сол сыйдан бос қалмаған ешбір адам,  
Өзінің абыройымен олжаланған.  
Үш жүздің басты адамы айтысыпты,  
Жән емес қой бос қалу осы жолдан.

Шомақ айтты: «Ерте алғанмын сый-құрметті,  
Қажеті жоқ сый алуға маған тіпті.  
Бос қалды деп ойлама, жақсыларым,  
Сол алғаным мәңгілік болып жетті».

Сонда жұрт: «Ол не? — депті, — алғаныңыз?  
630 Мейіріңіз соны алудан қанғаныңыз, —  
Білуге бір ауыздан сұрақ қойды,  
Деп айтып: — Білуіміз — арманымыз!»

Шомақ айтты: «Қазақ халқы басын қосқан,  
Үш жүз боп жиналысып әрбір тұстан.  
Хан сайлапты Абылайды қаулы қылып,  
Танысып не маңғаздар жолығысқан».

Сондағы ауыл — Шомақтың ауылы еді,  
Қанша мал сойып, бие сауып еді, —  
Деген атақ — мәңгілік алған сыйым,  
640 «Бай бопты» деген атақ қалар еді.

Абылайдың уақиғасы осы болған,  
Жан еді қазақ үшін еңбек қылған.  
Орыс патша, Қытайдың арасында,  
Ешбіріне бағынбай жайлы тұрған.

Қалмақты Сарыарқадан тазалаған,  
Қазақтың дұшпандарын жаралаған.  
Қағусыз қазақ халқы еркін өсіп,  
Сол кезде мал мен басы лықып толған.

Қазаққа кәмал толған ол да бір кез,  
«Толған нәрсе төгілер» деген бір сөз.  
Еркін өскен, ерке өскен, ерлік өскен,  
652 Болар ма енді бізге де сондай бір кез!

# Сабалақ (қисса)

Үлгілі өткен Абылай қазақ ханы,  
Үш жүз түгел, алты алаш білген оны.  
Қазақ үшін рахаттан безіп кеткен,  
Алла өмірімен артықша туған жаны.

Жан еді бұл қазақта қолы жеткен,  
Үш жүздің баласына еңбек еткен.  
Атасы Абылайдың қанішер боп,  
Хандық үшін өкпелеп ауып кеткен.

10 Үргенішке жол тартып кеткен ауып,  
«Нағашым Қайып хан» деп соны тауып.  
Жетім-жесір боп қалды сонда жүріп,  
Қиратып Қайып ханды қалмақ шауып.

«Ақтабан шұбырынды» аштық болып,  
Ел кетті бет-бетімен борбай тозып.  
Жас бала Әбілмансұр жетім қалып,  
Жүдетті жалған құрғыр шырқын бұзып.

20 Жас бала талап қылып іздеді елді,  
Қыдырды кедейлікпен талай шөлді.  
Іздеумен ата-баба туған жұртын,  
Түркістан Әбілмәмбет ханға келді.

Қасқайып хан алдына кіре алмады,  
Ол елеп ілтипатқа келе алмады.  
Маңдайынан сипарлық болмаған соң,  
Орнығып Түркістанда тұра алмады.

Онан сырғып көп тұрмай жүре берді,  
Ұлы жүз Үйсін Төле биге келді.  
Жыртылған үсті-басы далба-дұлба,  
Есіктен сәлем беріп кіріп келді.

30 Бір бала үсті-басы далба-дұлба,  
Күрсініп дем алады анда-санда.  
Көзі өткір, тікірейген сұрғылт сары,  
Ерекше ғыш жаратқан Алла-Тағала.

Қой жүні жыртық күпі, сеңсең тымақ,  
Көзіне шашы түсіп кеткен тым-ақ.  
Отырысы сұңқардың баласындай,  
Нәсілі Төле биге кеткен ұнап.

Сұрапты аты-жөнін Төле мұның:  
— Бар ма, — деп, — әке-шешең, аға-інің.  
Адам болса ақ сүйек, құста сұңқар,  
40 Байқасам келіседі соған сының.

— Ат қоярлық әкем жоқ бір баламын,  
Тегім түбім сөйлеуге арланамын.  
Әке-шеше, ел-жұртым, туғаным жоқ,  
Атымды сіз кім қойсаң, құп аламын.

Алынбай көптен бері шашы да өскен,  
Сабалақ жыртық тымақ көзге түскен.  
Болған соң үсті-басы далба-дұлба,  
«Сабалақ» мұның аты болсын, дескен.

50 Төленің қойын жайды қоржын салып,  
Ойын-күлкі, жоқ тіпті, бала қалып.  
«Болар бала боғынан» деген бар ғой,  
Төле де затты екенін білді танып.

Сабалақ түйе бақты қойдан шығып,  
Жанын аяп қалмайды жаудан ығып.  
Онан шығып жылқыға айналыпты,  
Шын асыл жата алмайды ойын бұғып.

Күндіз түйе, түн болса, жылқы бағып,  
Болат құрыш қап түбінде жатсын нағып.  
Хәлет жоқ, қылған ісі тиянақтай,  
60 Көңіліне Төле бидің кетті жағып.

Ас болып кетіп еді би бір жаққа,  
Балаға сарқыт алды сынамаққа.  
Келсе бала тал түсте ұйықтап жатыр,  
Сіресіп төрт борбайы төрт тарапқа.

Би келіп тамашалап бұған бақты,  
— Айтамын ғой бұл бала текті затты.  
Жатқанын көрмеймісің жазып құлаш,  
Тірей туған ұлмын деп төрт тарапты.

Оятпай жолдасына басты берді,  
70 Төле би өз үйіне кете берді.  
Бас қолына тиген соң не қылғанын,  
Байқап маған айта кел деп жөнелді.

— Баланы оят, — деді де берді басты,  
Оянып оң жамбастап көзін ашты.  
Құбылаға қарап тұрып керіліп ап,  
Шақырды құрбы-құрдас, жар жолдасты.

Оларға кесіп берді көз, құлағын,  
Бір кесіп салды аузына езу жағын.  
Жолдасы Төле бидің сұрайды енді:  
80 — Сабалақ, өзің жемей не қылғаның?

— Бірі — көз, бірі — құлақ жолдастарым,  
Беруге осы болды қолда барым.  
Мен сеніп осыларға ұйықтап қалдым,  
Әйтпесе болмас па еді көңілім жарым.

Жолдасы түйе жақтан үйге қайтты,  
Көргенін бастан-аяқ Төлеге айтты.  
Көпшілік хас төренің қалыбы екен,  
Патша затты екен, — деп ішін тартты.



- Бір күні жылқы ішінде отыр еді,  
90 Екі баран, бір қызыл атты келді.  
Жас үлкен үш кісіні көргеннен соң,  
Ұшып түрегелді де, сәлем берді.

Сөйтсе, олар Қанжығалы қарт Бөгенбай,  
Келіпті Төле бидің аулын сұрай.  
Қалмаққа жорық қылып барады екен,  
Қанша қол боп жүреді мұнан былай.

- Сөйлесті түнде келіп Бөгенбайға:  
— Мен бір құмар жан едім осындайға.  
Мені тастамаңыз осы жолдан,  
100 Сізге еріп үйренейін амал-айла.

Жөнелді ертең Бөкең қасына ертіп,  
Төртеуі келе жатыр екпіндетіп.  
Күні-түні қалмақтың ізіменен,  
Ел жата көп қосынға келді жетіп.

Бөкеңнің бала тұрды атын ұстап,  
Батырдың өзі кірді қайрат қыстап.  
Көп атты алып келді шертіп қана,  
Бәрі де кезімделген аламыштап.

- Бала айтады: «Бөке, енді мен барайын,  
110 Құбай берсе, бақ ашар олжа алайын.  
Атымды ұстап тұрыңыз біраз ғана,  
Қайрат қылып, қалшылдап қармалайын».

Бөкеңе атын тастап бала кетті,  
Бүкеңдеп қорасына барып жетті.  
Көр бала сықылды емес жаңа пері,  
Жымырылып барады тым-ақ епті.

- Кешікті, таңның болды қараңғысы,  
Дүрсілдеген келеді екі-үш кісі.  
Жолдасы қашты, Бөгенбай тұрып қалды,  
120 Төзімді шыдамдылық ердің ісі.

Көрінген бөтен емес, екен бала,  
Тастамай келген екен істі шала.  
Екі түйе, үстінде артқан жүгі,  
Батырдың қылып жүрген ісін қара.

Кешіктім көп түйеден түйе таңдап,  
Бір-екі сабаз атан таптым қармап.  
Жайдақ түйе алуға көңілім толмай,  
Жүк алдым кіріп үйге жеңгейге арнап.

130 Мұнан соң қайта салды елге таман,  
Ел ішіне сәскеде келіпті аман.  
Бөкең айтты балаға: «Сүйгеніңді ал,  
Мен олжаға тойғалы талай заман».

Бала айтады: «Бөке, мен мал алмаймын,  
Не қылайын, дүниеге көз салмаймын.  
Шын пейіл ықыласыңмен батаңды бер,  
Сол бата қабыл болса, құр қалмаймын».

140 Қол жайып, бата берді қарт Бөгенбай,  
Астынан атын берді таңдап қандай!  
— Жылқының Нар қызылым тұлпары еді,  
Мен қартайдым, шырағым, соған орай.

Шырағым, көзі отты бала екенсің,  
Мінезің шын ақсүйек хан екенсің.  
Жазғытұрым қалмаққа аттанамыз,  
Соған жүр, керек болар жан екенсің.

Бастығы хан барады Әбілмәмбет,  
Атқара тіл болғанда қоямыз бет.  
Шырағым, Нар қызылды таза сақта,  
Ер сынасар бір сапар, не қылсаң жет.

150 — Түсіндір, бұл сөзіңді түгел айтып,  
Рұқсатсыз би атамнан кетем қайтіп.  
Егерім, биден рұқсат алып берсең,  
Мен онан тоқтамаймын бойым тартып.

Төлеге Бөкең қонды ақылдасып,  
Аңғал батыр олжаға көңілі тасып.  
Сабалақты жорыққа жібермекке,  
Бимен қайтты үйіне уағдаласып.

Жаз шықты, жер жүзінің нұры еніп,  
Бөгенбай жұртты жиды хабар беріп.  
Сабалаққа сәлемді үсті-үстіне,  
160 Сабалап айтып жатыр жет деп келіп.

Қам қылды бала сонда жүрейін деп,  
Ұрыс, соғыс, төбелес көрейін деп.  
Көп алдында жарқырап көзге түсіп,  
Жекпе-жек бір майданға кірейін деп.

Жаратып жүруші еді Нар қызылды,  
Найзаны толғамалы білекке ілді.  
Құдай жалғыз, мен жалғыз, арман не деп,  
Шеру тартқан қосынмен жүре берді...

Екі қол ерте келіп қарсыласты,  
170 Сабалақ көтеріліп көңілі тасты.  
Екі жақ жекпе-жекте ұнатысып,  
Ер таңдап шығаруға сөз байласты.

Бұл жолы қазақ кегін алмақ еді,  
Ерініп үйде бір жан қалмап еді.  
«Ақтабан шұбырындыда» елді шапқан,  
Қоңтажы Уса Серен қалмақ еді.

Қалмақтан батыр шықты бір қасқа атты,  
Қазақтан барғандарды табандатты.  
Жекпе-жекте онды алды жөремете,  
180 Оған қарсы баруға жан батпапты.

Қазақтың бір қысылып қалған жері,  
Жекпе-жекте қалмақтың алған жері.  
Ақырды Әбілмәмбет қолға қарап,  
Шіркіннің құрыған ба арманда ері.

Құр ғана Бөгенбайдың сүлдесі тұр,  
Егде тартқан кеудесі соғады құр.  
Сабалақ «мен барам» деп ыңғайланды,  
— Бөке, сен, батаңды бер, қызықты көр!

190 Жетелеп атын жаяу ханға келді,  
Жап-жас бала екен деп аяп тұрды.  
— Алатауға Қазығұрт не қылмақшы, —  
Деп қалмақ ана жақта сақ-сақ күлді.

Жымыр тымақ байланған сұр шекпенді,  
Түйе жайған порым жоқ бұрынғы енді.  
Екі көзін қан басып, ашу кернеп,  
Әбілмәмбет патшаға жетіп келді.

Сүп-сүр болып қалшылдап ұртын шайнап,  
Оң жеңін босатады, белін байлап.  
Қыпша бел, жаурынды, биік қабақ,  
200 Анда-санда қарайды жауға бойлап.

Пысқырып астында аты жер тарпиды,  
Тез жүрелік дегендей сөзді қойлап.  
Қол жайып, бата берді Әбілмәмбет,  
Жұрт тұрды «әумин» деп, «а, құдайлап».

Қолда найза, белінде қанжар, садақ,  
Топтан шыға жөнелді «Абылайлап».  
Қасқа атты бұған қарсы келді қалмақ,  
Жан екен бір кісіге о да салмақ.  
Жыңғылдай өзі дағы көрі ит екен,  
210 Айласы қиын екен, күшпен алмақ.

Ол заманда кезексіз ұрысқан шам,  
Не қылса да біреуін түртті ғой қан.  
Қалмаққа кезек беріп қарап тұрды,  
Батырым, күшің болса, қалма деп қам.

Антұрған аямады, тура салды,  
Қу екен қан қақсатқан талай жанды.

Төс сүйекке шақ етгі шар темірдей,  
Қалай өлмей қалды деп қайран қалды.

- 220 О да берді кезегін шіреп тұрып,  
Толғанды түсірем деп қалай ұрып.  
Өңдіршектен найзамен табандатты,  
Жылт етіп көкжелкеден шықты керіп.

Қалмақты жерге салды қорқыратып,  
Жығылды өне бойы қанға батып.  
Сүйекке қалмақ жақтан кісі шапты,  
Өз заңынша барабан даңғыратып.

- 230 Он кісі қалмақ келіп төбелесті,  
Қазақ, қалмақ күжірейіп дүрілдесті.  
Өңгеріп алып кетуге бермеген соң,  
Ұстап ап айдарынан басын кесті.

Беліне байлап алды айдарынан,  
Тастамай ат-тоны мен сайманынан.  
Бұрынғы «Сабалақ» деп ойлар емес,  
Қараса жан шошырлық айбарынан.

Түк қыла алмай қайтысты келген көпір,  
Дүрілдетіп келеді біздің батыр.  
Қолда жетек, қан болған үсті-басы,  
Бас жанында салпылдап келе жатыр.

- 240 Басты ап кеп хан алдына тастай берді,  
Кім сыйламай тұра алар мұндай ерді.  
Үймелесіп жиылып қазақ біткен,  
Айран-асыр қалумен басты көрді.

Сонда бастың пішіні:  
Аузы табақтай,  
Азу тісі таяқтай.  
Құлағы жарты қарыс,  
Мұрны қолағаштай,

Екі көзінің шүңірейген шүңғылдығы  
Сусын қандыарлық аяқтай, — дескен екен.

- 250 Қасына батырларды ертіп алып,  
Ерлігіне шыдамай шын долданып.  
Қалмаққа «Абылайлап» қайта тиді,  
Опар-топар, быт-шыт қып ойран салып.

Біраздан соң қалмақтар жөнөп берді,  
Сабекең көбін шаншып түсірді енді.  
Олжаға әбден кенеліп қазақ байғұс,  
Бір тарқатты іштегі қатқан шерді.

Қалмақтың осы батырының атын біреу «Сәру» дейді, біреу Шарыш дейді, біреу Қалден Сереннің інісі еді деседі.

Жауға шапқанда «Абылайлап» шапқандығынан қанішер Абылайдың ұрпағы екендігін біліп, Әбілмәмбет ханның қорыққанынан жүрегі лүпілдесе керек?!

Осы жорықтан қайтқан соң, «бақ та өзіңдікі, тақ та өзіңдікі, жүр, Түркістанға» деген екен. Бұл да ол сөзге иланып Түркістанға бармапты. Әбілмәмбетке сенбеген соң, Төле биге де сенбей, қасында бір Оразауық деген сарт жолдасы бар, Сарыарқаға шығып кетсе керек.

Қанішер Абылайдың өз Тәуке ұрпағына естен қалғысыз қылған залалкерде болғандығын ол да, бұл да айта берген соң, елеусіз болып қашып кетіпті.

Өлеңмен сөйленген сөз, бұрынғы заманның шайырлары сөйлеген сөз болса керек.

- Ауызға ерте ілініп, көзге түсті,  
Ісі көп талай жерде көкей кесті.  
260 Әбілмәмбет, Төлемен үйлесе алмай,  
Орта жүзге шығуға көңілі көшті.

Көп жаңғалақ әр қайда көңіл бөлді,  
Шын жанашыр таба алмай жұрттан енді.  
Оразауық деген сарт жолдас болып,  
Сарыарқа салқын самал қырға келді.

Қыдырма қонақ болып әр ауылға,  
Малға бай, пейілге кең бар ауылға.  
Шын пұсырман пейілі кең екен деп,  
Орнығыпты Атығай-Қарауылға.

- 270 Аямай жау дегенде шыбын жанын,  
Талайдың бұрқыратып бастан қанын.  
Қолына құрық алып баға берді  
Қарауыл Дәулеткелді байдың малын.

Жылқыны түп көтере қалмақ алды,  
Қазақ біткен аттанып қуып барды.  
Қалмақтың қамалы мен шебін бұзып,  
Тағы да Абылайлап топты жарды.

- Көрініп жұрт көзіне түсіп қалды,  
Қалмақты тып-типыл ғып шауып алды.  
280 Қуанды қазақ біткен судай тасып,  
Таптық деп қолға түспес асыл бақты.

Қазақтан қыбырлаған қалмады жан,  
Бұ сөзімде жалған жоқ, шын бұған нан.  
Атығай — Қарауылдың ортасына  
Алты орда ақ үй тігіп көтерді хан.

Алты үйге орнатыпты алты қатын,  
Түгел қып хандық сәулет, салтанатын.  
«Құтты болсын» десіпті қариялар,  
Мөр басып бекіткендей Абылай атын.

- 290 Қаракерей Қабанбай батыр басы,  
Қанжығалы Бөгенбай үй жолдасы.  
Ақсақалдар қол жайып бата берді,  
Қазақтың бірден шулап кәрі-жасы.

Бақ құсы бала жастан басында екен,  
Оразауық деген сарт қасында екен.  
Уылжыған уыздай бала күні,  
Дәл сол күнде жиырма жасында екен.

Қол бастап аттанғанда талай жауға,  
 Қазаққа көп түсірді олжа-сауға.  
 300 Хан ордасы болуға лайық жер деп,  
 Қондырды жұрт көтеріп Көкшетауға.  
 Өстірді қойдай бағып күң мен құлды  
 Жиылып түпсіз, тексіз кісі болды.  
 «Тереңкөт» деген сөзден Төлеңгіт боп,  
 Ел болып алды-алдына халық толды.

Тіпті жоқ ол уақытта қожа, молда,  
 Ер қаруы бес қару тегіс қолда.  
 Жалаңаяқ Өздер мен Нияз қожа  
 Кереметпен көрініп шыққан сонда.

310 Бұл қазақ тәубасынан жаңылмаған,  
 Басқа жұртқа бас иіп бағынбаған.  
 Хат танып, хат жазатын хатшылыққа  
 Иісі қазақ ұлтынан табылмаған.

Сарт, ноғайдан жалдама хатшылар орыс патшасына, шүршіт патшасына жазған хаттарында басқа патшалардан пара алып, солардың пайдасын келтіре берген. Сонан соң оларға сенбейтұғын болып, Сыр бойындағы Қарақалпақтан хатшы таптырып алдырған екен.

Сарт, Ноғайға сенбеген жүрген шарлап,  
 Бұралқы бұзады деп жұртты қарлап.  
 Хатшысы Қарақалпақ Сыр бойынан,  
 Аттай таңдап, атандай алған арнап.

Садақ белде дап-даяр, найза қолда,  
 Ат белдеуде тұрады, түйе қомда.  
 320 «Елді — қортық, — деген сөз, — қойды — шартық»,  
 Жұрт аузында мақал боп қалған сонда.

Шүберекке түйілген жан болыпты,  
 Ұйықтап жату жігітке шам болыпты.  
 Сөйтпi Абылай артылып алапаты,  
 Қырық сегіз жыл қазаққа хан болыпты.



Кімге тұрған баяндап дүние жалған,  
 Өруақты ердің артында аты қалған.  
 Алпыс сегіз жасында жұма күні  
 Құса болып жарылып дүние салған.

- 330 Он жеті қатын, отыз ұлды болған,  
 Бір көшке сыймайтын құлды болған.  
 Қазақта Абылайдай хан болған жоқ,  
 Орыс пенен шүршітке құнды болған.

Кенже тоқал баласы Қасым еді,  
 Басқасынан сідігі асыл еді.  
 Кенесары, Наурызбай, ер Саржандар,  
 Кеше Абылай өруағын шашып еді.

Қазақтың алты ауызды аласынан,  
 Кеше қашты Сарыарқа даласынан.  
 Өрісі ұзай алмай қырғын тапты  
 Алатауда қырғыздың баласынан.

Хан Абылай үйге тіреу, сырық болған,  
 Ұрса шоқпар, ұстаса құрық болған.  
 Қырғызға Сәдір бала хан болғанда,

- 345 Алты ұл бар Әтеке жырық болған.

Сонда ол Сәдір бала мақтанған екен:

— Таз Мәмекті алдым, Әлібек шолақты алдым, Көк жалды  
 Барақты алдым, жалғыз көзді Қарақты алдым, Арқада Абылай  
 деген көрі сарты бар дейді. Ол маған не қылады, — деп.

Абылай хан бұл сөзін естіген соң, үш жүзге жар шақыртып,  
 «Алаш» ұранды қазақтан жан қалдырмай «Қыл құйрық» деп  
 аттанып, Шу мен Таластың бойына барып, Сәдір балаға елші  
 жібереді дейді:

— Қара болса, қатынша бұғып қалсын, хан болса, қасқайып  
 шықсын, — деп. Сонда Сәдір бала мәулет сұрады дейді:

— Өр рудан басты-басты кісіні алып, бөлен айдың бөлені  
 күні өзім көрісуге барайын. Тарту-таралғысы мен қонағасын  
 беріп қайырайын, — деп. Жатып жастық, иіліп төсек болып  
 елшілерді қайырады да, қырғызға жиылсын деп кісі шаптыра-

ды. Бұлар елдесуге келді ғой деп бейғам жатқанда қара құрттай қыбырлап, құмырсқадай жыбырлап, жалғыз күнде қырғыздың үйіліп-төгіліп келіп қалғанын бір-ақ біліп, сасайын деді.

Сол күнде қазақтың өзінен шыққан Кіші жүз керейт Сарысопының баласы Жалаңаяқ Өздер деген дуана Созақта жүреді екен.

Абылайдың алдына оқтай ұшырап қалғанда:

Жалаңаяқ, бұрын олай жүрсем, бұлай жүрсем мынау Түркістанда Әмір Темір жасатқан ақ күмбездің иесі — Өзіреті сұлтан ғой деп, соған сыйынып жүруші едім. Бұрынғының «өлінің мыңына сыйынғанша, тірінің біріне сыйын», «Мың өліден бір тірі артық» деген сөзі бар еді. Көрсет кереметінді, — дегенде, Жалаңаяқ Өздер:

Қырғыз Сәдір бала болам депті ғой.

Абылай:

— Ол бала да, мынау қазақ мұритің ғой, қаны бірге ұлтың ғой. Бір қырғыз қалай, көп қазақ қалай? — дегенде, «Болмас-болмас, сөз тапқанға қолқа жоқ» деп Жалаңаяқ Өздер оң қолындағы сұқ саусағын ұртына тығып, қырғызға қарап үш атыпты:

— Ал, шаба бер, бөлемнің өзіне бықбырт тиді, — депті.

Қырғыз бықбырт, топалаң тиген қойдай ұйлығып қаша беріпті де, қазақ көтінен қуып, Қарабалта Соқылықтың асуына жеткізбей көбін қырыпты. Сонда қырғыз Өтеке жырық қолға түскен алты баласының бірде-бірін қайырылып айырып алуға жарамаған. Сәдір бала басын саудалаумен өзер айырып алған. Абылай Қарабалта Соқылықтан асып барып шаппақшы болған. Мұны естіп Сәдір бала елші жіберген:

— Абылай Қарабалта Соқылықтан аспаймын деп уәде берсін, біз бір тайпа қырғызды ақ үйліге берейік, шаппасын, — депті. Қырғыздың Сәру деген бір тайпа елін көшіріп, Абылайға ақ үйліге бергенде, «Қарабалта Соқылықтан аспаймын» деп Абылай хат-мөр берген.

«Абылай аспас асу» атанғаны солайша дейді. Қос басына бір үй қырғыздан батырлар үлес сыбаға алыпты, әр дуандағы Арғын ішіндегі қырғыздар солар дейді. Сол қырғыздың көбі Үйсін ішінде қалыпты...

# Абылай мен Олжабай

Уағында бақыты асқан Олжабайдың,  
Бақытын ашқан екен бір құдайым.  
Орта жүздің ордасы сол уақытта,  
Хан болған орта жүзге Абылайың.  
Олжабай мен Абылай арасында  
Бір уақиға болыпты, тағы айтайын.

Абылай хан болыпты заманында,  
Естіген білген есен-аманында.  
Хан болып орта жүзге тұтқа болып,  
10 Көндірген, қалай айтса, амалына.  
Алдына келген жандар алдиярлап,  
Болмайды ешкім қарап жамалына.

Хан болған ол Абылай қаһарланып,  
Келмейді маңайына ешбір халық.  
Қаракесек елінде Бошан деген  
Қолында Абылайдың өлгені анық.  
Құдыққа салып қойып өлтіріпті,  
Қатарға ешкім келмес теңдік алып.  
Қолынан сонда жұрттың келері жоқ,  
20 Ішінен қалған екен қайғыланып.

Бір уақыт осыменен күндер өтті,  
Қаз дауысты Қазыбек әділетті.  
Бекболат — Қазыбектің бел баласы,  
Ол дағы заманында хукім етті.  
Бекболаттың баласы Жанатайдан  
Айталық бір хадиса болған кепті.

Қадірін Жанатайдың әркім білді,  
 Айттырмай білер болды ішкі сырды.  
 Аулында Абылайдың бір төлеңгіт,  
 30 Бір күні қыз ұзатып ойын қылды.

Жанатай жүрген жігіт тойды бағып  
 Той дегенде, тұрады жігіт не қып!  
 Бозбала тұрған жері ойын-сауық,  
 Бір-бірін жанып сөйлеп, тұрған шалып.  
 Абылайдың аулында бір баласын  
 Басынан түсіріпті бөркін қағып.  
 «Хан ұлының қарада теңі ме?» — деп,  
 Сол жерде қалған екен намыстанып.  
 Жанайдан көрген ісін бастан-аяқ  
 40 Арыз қып, Абылайға айтқан барып.  
 Абылай ашуланып мына сөзге,  
 Жанайды байлап қойған кісен салып.  
 Жанайды осылайша байлап салды,  
 Бұл істен елдің бәрі хабарланды.  
 Сол жерде барлық Мейрам<sup>1</sup> намыстанып,  
 Алдына Олжабайдың бұлар барды.  
 — Көрген қорлық бұл болды Абылайдан,  
 Жазықсыз Жанайыңды ұстап алды.  
 Хан етіп біз қарадық Абылайға,  
 50 Сүйіндік риза болды Олжабайға.  
 Жазықсыз Жанайыңды байлап отыр,  
 Олжеке, етесіз бе бұған айла?!  
 Аулына барған жанды бүйте берсе,  
 Абылайдың пайдасы бізге қайда?!  
 Ботақанды сұраусыз жіберіп еді,  
 Өрқашан қастық етті ғазиз жанды.

Бекболат сырын айтты ерге шағып,  
 — Тұрамыз бұл қорлыққа біздер не қып?  
 Сүйіндік атқа мінсін, — дейді Олжабай,  
 60 Шабам деп Абылайды ашуланып.

<sup>1</sup> Барлық мейрам дегені — Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болат қода /қаракесек/ руларын айтады.

Айтқанын Олжабайдың қабыл көріп,  
Жеті жүз адам болды даярланып.  
Жасыбай Олжабайға сөз айтады:  
— Бекболат Абылайға келсін барып.  
Абылай адасқаннан қайтар ма екен,  
Барған адам қайтады түрін танып.

Олжабай деп айтады: «Өзім барам,  
Туымды ұстап қырындап жақын тұрам.  
Өз лағым өзіме тиген болды,  
70 Өзім барып ашуды бір шығарам.  
Олжабай жасыл туын қолына алып,  
Сол заман жолдас болған қанша халық,  
Гүлетіп Сарыарқадан сары дала,  
Аулына Абылайдың тұрды барып.  
Көтеш ақын дейтұғын шешен еді,  
Бұлардың қалай келген түрін танып:  
«Жанатайды жоқтаған Олжабай», — деп,  
Сөйлейді Абылайға сыр шығарып:

«Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,  
80 Жазықсыз жас баланы неге өлтірдің?  
«Ботақанша Жанайды байлаймын», — деп,  
Үстіне ақ орданың ту келтірдің.  
Хан тайса әділеттен, қара болар,  
Хан басыңа қарадан сөз келтірдің.

Абылай, күйіп кетсін ағаш қалаң,  
Бошанға<sup>2</sup> қалай еді жапқан жалаң.  
«Ботақанша Жанайды байлаймын», — деп,  
Жем болды жеті жүзге қатын-балаң.

Көтеш ақын айтыпты барлық сөзін,  
90 Абылай қате қылған бір мінезін.  
Олжабай топтан шығып жалғыз өзі,  
Айтайын Абылайға барған кезін.

---

<sup>2</sup> Бошан — қаракесек ішіндегі үлкен ру. Қазыбек, Бекболат сол рудан шыққан.

- Олжабай келіп сөйлейді,  
Сөйлегенде бүй дейді:  
— Абылай деген ханым ең,  
Бұл Орта жүз ішінде  
Лаулап оттай жанып ең.  
Батыр болсаң басында,  
Ұлы жүзде Үйсіннің —
- 100 Төле бидің түйесін  
Сонда не қып бағыш ең?!  
Жаман тоның үстінде,  
Жалаң бұт не қып қалып ең?!  
Орта жүзге хан болып,  
Бақ қонып, жұртты танып ең.  
Қалмақпенен соғысып,  
Қолға түсіп қалғанда  
Ажыратып алып ем.  
Сарттығыңа бақпасаң,
- 110 Жөнімді байқап қалып ең.  
Ботақанды өлтіріп,  
Басына қаза келтіріп,  
Одан бір аман қалып ең.  
Жазықсыз неге байладың  
Бекболаттың баласын?!  
Алалықпен ұстама  
Орта жүздің баласын.  
Жанай ерді босатып,  
Соның тапқын шарасын!
- 120 Еріккенге, Абылай,  
Ордаң түсіп ортаңа,  
Олжа болып қалмасын!  
Қатын-балаң жесір боп,  
Сыр бойына сымпиып,  
Босқа шұбырып бармасын!  
Орта жүздің Сүйіндік  
Ханы болдың, Абылай.  
Сеніменен жауласып,  
Көрсетіп тұр қарасын.

- 130 Абылай естіп тұрды сөздің түрін,  
Білетін Олжабайдың бұрын сырын.  
— Алатуым, қателігім кешкін, — деді, —  
Егер де айып болса, менің мұным.  
Босатып Жанайын да қолға беріп,  
Тарту беріп, көрсетті қанша сыйын.

Олжабай достықпенен елге қайтқан,  
Олжаға Абылайдан әбден батқан.  
Қазыбектің жиені — Едіге би  
Сол жылда Олжабайға бір сөз айтқан:

- 140 — Ұл туса, сендей тусын, Алатуым,  
Абылайдың жоқ еді беті қайтқан.  
Аққан көзім анық көріп, айтып тұрмын,  
Бұл дағы сырым емес көзге мақтан.  
Олжабай, бақытың өрлеп аса берсін,  
Әрқашан жәрдем болсын жалғыз хақтан.

Ел-жұртым риза болды Олжабайға,  
Жау жеңіп тигізіп еді елге пайда.  
Сонымен қазақ, қалмақ атыс-шабыс,

- 150 Өмірін өткізіпті Баян тауда.

Ел шетіне Ерейменге келген қаптап,  
Олжабай қалың елін жүрген бастап.  
Бір күні ер Олжабай науқастанып,  
Қайғыға қалған екен, жұрты тоқтап.  
Көшкен ел соныменен тұрып қалды,  
Сыртында Ерейменнің малды топтап.

Бұл науқас Олжабайды кетті жеңіп,  
Өлеріне ақиқат көңілі сеніп.  
— Атқан оққа шыдаған Олжабай ем.  
Зәрім жүрмей барады, бойды керіп.

- 160 Пендеге тағдыр қаза жақын келсе,  
Адамзат қалар екен босқа өліп.

Олжабай өлуіне көзі жетті,  
Алдына жиып алды барлық көпті.

Қоштасып құрбы-құрдас, замандаспен,  
Сол жерде бір осылай уағыз етті.  
Сүйіндік, барлық Арғын жиылыпты,  
Айтқын деп бір өсиет құзыр етті.  
Сіз өлген соң, Алатуым құлайды ғой,  
Ұран боп әр тарапқа даңқың кетті.  
170 Олжабай деп айтады: «Қайран елім,  
Ерің кетсе, сынады сенің белің.  
Аттың жалы, түйенің қомында ғой  
Сарыарқа — сансыз жатқан асқар белің.  
Тілімді алсаң, Жиделібайсынға көш.  
Бұл жерде қорған болар бар ма ерің?!».

Солайша ер Олжабай дүние салды,  
Ел көшпей сол бетімен тұрып қалды.  
«Өзіреті Сұлтанға апарам», — деп,  
Бір айдай сағанада жатып қалды.  
180 Сол кезде Едіге де қаза болып,  
Олжабаймен бір жерге қабырланды.  
Едігең Олжабайды ару етті,  
Ел тарап жай-жайына қайтып кетті.  
Дүние кімге жолдас болады дейсің,  
Не жүйрік, не шолпандар өліп кетті.  
Олжабай жас шағында үйленіпті,  
Қарауыл Атығайды қайын етті.  
Сол елді талай елден тәуір көріп,  
Өзі өлгенше тым жақсы құрмет етті.  
190 Бірінші Қарауылдан алған еді,  
Екінші қалмақ қызы Лағбан еді,  
Барғанда Қарақалпақ елдеріне,  
Үшінші содан болып қалған еді.  
Қырмызы деген қызды Абылай хан  
Қырғызға барған жерде алған еді.  
Қояныштағай елінде бір батырдың  
Қатыны жесір болып қалған еді.  
Ол қатын Олжабайға қалап тиіп,  
Бес қайын осылайша болған еді.



- 200 Айдабол — Олжабайдың арғы атасы,  
Сөзімнің бар ма, жоқ па көп қатасы?  
Толыбайдың Олжабай бел баласы,  
Орман ба деп айтады жұрт ағасы.  
Дулат би Олжабайдың бел баласы,  
Соның тарап тұсында замандасы.  
Құлжа деген ағадан Қойыт батыр,  
Олар да болып өтті елдің басы.  
Солардың ұрпағынан Жаяу Мұса,
- 209 Осымен аяқталды сөз сарасы.

# Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан

Атанған әділ болған өз Тәуке хан,  
Қырғызды қосып сұрап қазақпенен.  
Еліне әділетті хан болыпты,  
Ешбір жан ренжімей өз халқынан.

Болыпты өз Тәукенің үш баласы,  
Үлкені Әбілмәмбет төре ағасы.  
Кішісін Әбілқайыр деп атапты,  
Болыпты Сәмеке хан ортаншысы.

10   Өз Тәуке өлгеннен соң ел бөлінді,  
Бұрынғы үш жүзіне үш бөлінді.  
Әбілқайыр кіші жүзге, Сәмеке орта жүзге,  
Ұлы жүзге Әбілмәмбет хан қойысты.

Тұрыпты Әбілмәмбет Түркістанда,  
Кіндігі үш рудың центірі сонда.  
Сәмеке, Әбілқайыр хан болған соң  
Тұрыпты үкім құрып өз халқында.

20   Қазаққа Әбілмансұр хан болыпты  
Он сегіз ғасырының ортасында.  
Келіпті Бұхарадан орта жүзге  
Он бірге толып жеткен дәл жасында.

Атақты Абылай хан боп атанған,  
Руы арқар деген елден болған.  
Әкесін парсы ханы өлтіріпті,  
Жасында ата-анадан жетім қалған.

Әкесі өлгеннен соң жетім бопты,  
Қаңғырып Бұхарадан шығып кетті.  
Қалжырап, қарны ашып, арып-шаршап,  
Атығай бай Шөмішбай соған кепті.

30 Далада арып-ашып жүдеп жүріп,  
Келмепті ел жүйесін және біліп.  
Жыртылған киімдері, сеңсең бөрік  
Үйіне Шөмішбайдың келді кіріп.

Жас бала үйге кірді сәлем беріп,  
Отырды босағада төмен келіп.  
Кезеріп түсі кеткен бейшараға  
Кіргізді ақыл-есін сусын беріп.

Біраз күн жетім бала жүрді сонда  
Түсіп жүр байдың көзі анда-санда.  
Баланың мәні-жайын білейін деп:  
40 — Кел, — деді, — жақынырақ, балам, мұнда.

Қасына шақырған соң бала келді,  
— Бейшарам, жақынырақ отыр, деді,  
Баласың қалай жүрген, қай нәсілсің,  
Өз атың кім болады пақыр? — деді.

*Бала айтты:*

— Мен бір жетім бір баламын,  
Жетім боп ата-анамнан жас қаламын.  
Білмеймін сол себепті атым-затым,  
Өзіңіз кім қойсаңыз, сол боламын.

50 Мына сөз жүрегімде жүрген сөзім,  
Құлаққа ел аузынан тиген сөзім.  
Руың арқар деген елсің дейді,  
Мен естіп айтқандардан білген сөзім.

Ел маған бұдан басқа айтпайды кеп,  
Жан бағып жүруші едім қайыр тілеп.

Айтқаны біреулердің жүрегімде  
«Әкеңді парсы ханы өлтірді» деп.

Жан бағып жетім бала нан сұрайды,  
Сөйлескен ел ішінде отырмайды.  
Шаруасы менен сұрар болмаған соң,  
60 Пәлен деп атымды атап шақырмайды.

Толғанып бай Шөмішбай ойланды көп,  
«Немене мұның атын қоямын» деп.  
Кигені сеңсең бөрік болғаннан соң,  
Ойлады «Сабалақ ат қояйын» деп.

— Көрмепсің ата-анаңның рахатын,  
Білмепсің жас болған соң атың-затың.  
Кигенің сам-сам болған сеңсең бөрік,  
Сабалақ болсын, балам, сенің атың.

Сабалақ, ақылыма көнемісің,  
70 Бағуды қойды жақсы білемісің.  
Өзіңді үйлендіріп енші берем,  
Қызмет қып малшы болып жүремісің?

Бала айтты: «Сөзіңді құп аламын,  
Қаңғырған мен мүсәпір бір баламын.  
Шамамның келгенінше орындаймын,  
Өзіңіз қойған малды мен бағайын».

Сабалақ Шөмішбайдың қойын бақты,  
Артылды күн-күн сайын байға жақты.  
Бай барса қой баққанын көрейін деп,  
80 Тізесіне тұсап отыр тал таяғын.

Бір құшақ көде жұлып кешке кепті,  
Отырған отбасында түсінбепті.  
Түзде таяқ, құшағында үйде көде,  
Ойлайды бала ғой деп бұл бір мықты.

Жүріпті сондай жақсы қойды бағып,  
Қызметі әр күн сайын байға жағып.  
Босатты қойшылықтан жылқы бақты,  
Шын болат қап түбінде жатсын нағып.

90 Екі-үш жыл жылқышы боп және бақты,  
Жауыр жоқ, жылқы семіз бек ұнатты.  
Үйретіп шу асауды жуасытып  
Бір қанша тай, қулықтар құлындапты.

Биледі бай шаруасын жас Сабалақ,  
Тұрмайды жаудан қорқып жаңа талап.  
Бір жылы қар жауатын уақты бопты,  
Сүйеніп бала айтады байға қарап.

Көңілді бала сөзін бай тыңлады:  
— Биыл жаз шөп шықпады, күн жаумады,  
Және де күз ауасы өте суық,  
100 Қыс жаман болуына ыңғайлайды.

Ұнатып, бай, сөзімді дұрыс көрсең,  
Жетерлік соғымыңды сойып берсем.  
Жерге айдап қыс болмастай кетер едім,  
Бұл сөзді дұрыс біліп рұқсат берсең.

Бұл жерге биыл жаман қыс болады,  
Шаруаға өте қиын іс болады.  
Ертерек қар түспестен қушы шығар,  
Қар жауса, кете алмаймыз, кеш болады.

Алады бай Шөмішбай бала тілін:  
110 — Өзіңсің ақылдасар менің ұлым.  
Жылқыны қалай етсең, ерік бердім,  
Өзің біл, не қылсаң да, жарықтығым.

Соғымды жетерлік қып айдап келді,  
Сойғызып жақсы етіп жайлап берді.  
Бет алып күншығысқа Көкшетаудан  
Жылқының артын сырып айдап берді.

Бар екен белі қайқы ала бие,  
Бастайды бар жылқыны мама бие.  
Жылқының артын сырып қалдырмайды,  
120 Қайқы бел тоқтамайды шалып жүре.

Биенің бетін бала бір бұрмайды,  
Алдына тоқтатам деп ұмтылмайды.  
Қозғайды қалмастай ғып артын сырып,  
Жайылып ала бие бір тұрмайды.

Жерінен боқ қырауда жылқы кетті,  
Бірталай екі ортада көп күн өтті.  
Жас бала күні-түні тоқтамастан,  
Тауына Бесқазылық бие кепті.

Жайылды ала бие тоқырақтап,  
130 Тігеді құлақ шалар құсты байқап.  
Айнала жерін шалып ұнатады,  
Сол жерде қысты өткізіп болды жатпақ.

Сол жылы Қазылыққа болмапты қыс,  
Қоңырқол, Керегетас тауы аталса.  
Уақ таулар ішінде толып жатыр,  
Аталған Кеніш, Қарқаралы, Қарақұсы.

Қылшықтап жылқы шықты, тай түлеп,  
Семірді жайлау іштар ұзын жон боп.  
Кісінеп алып қашып ұстатпайды,  
140 Тістелеп тай-жабағы қасына кеп.

Шықпастан тағалы тай аман кетті,  
Жабағы енесімен бірдей бопты.  
Дағдылы жортуылға мінген жүйрік  
Жаратып түлкі менен қасқыр соқты.

Дабырлап жылқышылар сөйлескенде  
Ойын сап құланша ойнап, құйрық тікті.  
Қар кетті, қысыр байлап, тай үйретіп,  
Жаз шығып Көкшетауға қойды бетті.

- Жылқысын жылқышылар айдай берсін,  
150 Қосақтап қысырларын байлай берсін.  
Жолдастар, жақсы тыңда, құлағың сал,  
Ал енді Көкшетаудың сөзі келсін.

Сабалақ кеткеннен соң жылқыны айдап,  
Көбейді қар мен жаңбыр кезек жаумақ.  
Ішінде-ақ октабірдің құлын салды,  
Биелер шөп пен мұзды қабат шайнап.

- Боран боп терістіктен гүрілдейді,  
Ысқырып құрай, ағаш дүрілдейді.  
Қорадан қой шықпады, жылқы ықты,  
160 Күн батып, таң атқаны білінбейді.

Шуылдап қой маңырап, сиыр мөңіреп,  
Көздері мал иесінің ілінбейді.  
Арасын жер мен көктің бұрқыратып,  
Болмады бірнеше күн тыным дейді.

Бар елді тамақ тауып бере алмады,  
Жылы жерге көп малды мекендеді.  
Төгетін жем, саларлық шапқан шөп жоқ,  
Шаруаның қараң қылды күнін дейді.

- Үзілмей бірнеше күн боран соқты,  
170 Үскірік күн ашылып қызыл бопты.  
Пішіндей дарияның көк мұз болып,  
Үстімен малдың бәрі жүріп кетті.

Аяғын жылқы жерге сала алмады,  
Бір тал шөп жерден жұлып ала алмады.  
Өз жүнін қой мен түйе өздері жеп,  
Тулағы шығып жылқы табандады.

- Күйзелді Көкшетауда тұрған халық,  
Бұтаның шалдырыпты мұзын қағып.  
Көшпелі, отырықсыз ел болыпты,  
180 Алмайтын изен шауып, мекен салып.

Біреу ойға, біреулер қырға айдады,  
Малдары қалақ тауып бір шалмады.  
Қалдырды еңбек еткен мал тумасын,  
Түү-түүден үйде отырған таң қалмады.

Жаз шықты, өлген өлді, қалған қалды,  
Малым деп қалғанына ие болды.  
Семізін үсіп өлген пісіріп жеп,  
Тарамыс теріні алып көзі көрді.

190 Біреуден тұқым қалып, енесі өлді,  
Қалмады біреулерден тұқым жөнді.  
Мұңдасып мұңын айтып, жылап-еңіреп,  
Біріне күңкіл айта бірі келді.

Қырсықсыз қылсын Алла артын енді,  
Сөз айтып әрбір түрлі артық-кемді.  
Сөзбенен көңіліне аза салғандарға  
Шөмішбай ел аузында мақалдады.

200 Қырсықсыз қылып Алла оңласын таң,  
Күлісіп Шөмішбайдай қылмасын деп.  
Көз көріп, қолмен ұстап көңілденді,  
Тарамыс теріні алдық, жасағын жеп.

Тұқымдық түк қалмады Шөмішбайдан,  
Бәрі өлді қара малы қолда қалған.  
Мұнда көзі көрді, көңілі тынды,  
Өлгенше естен кетпес жылқысы арман.

Біресе бірі сөйлеп мына кепті,  
Жылқысын бір қу алдап айдап кетті.  
Құртам деп тентіреген қу жетімді,  
Түбінде ақырында құры жетті.

210 Аулына Шөмішбайдың барған да жоқ,  
Не айтып көңіліне аза салған да жоқ.  
Өсекті ел сөйлеген құлақтанып,  
Шөмішбай зеңіп кетті қияли боп.



Шығады ерте тұрып бір төбеге,  
Шаруаға қарамайды ештемеге.  
Қасында оннан асқан қызы ғана  
Деп айтып анда-санда «ата, кәне».

- Мұнан да келген жақсы маған ажал,  
Арманда бір қапыда кеттің бе мал?  
Ойлап дамыл-дамыл қызына айтып:  
220 — Тұр, балам, күншығысқа көзіңді сал.

Келмейді қастарына бір тірі жан,  
Төбеде екеуі отыр құлазыған.  
Шығысқа көзін тігіп қызы қарап:  
— Сүйінші, әке, көрінеді бір қарайған.

Бай жылап, кейде күліп: «Байқа, балам,  
Келді ме жақынырақ бері таман.  
Шырағым, сені соған берермін-ау,  
Көрінген бұл Сабалақ болса ағаң».

- Дегенше өні-міні жақын келді,  
230 Қыз қарап әбден байқап таныды енді.  
Жетекте қара жорға мен кәрі айғыр,  
Сабалақ жетіп келіп, сәлем берді.

Келгені Сабалақтың рахат-ты,  
Сабасын сүйреңдеп артып апты.  
Қуанған қорыққанмен бірдей екен,  
Шөмішбай қуанғаннан талып қапты.

- Алады Шөмішбай бай есін жиып,  
Қуанып кейде жылап, кейде күліп.  
Құшақтап Сабалақты жібермепті,  
240 Құтым деп қайта-қайта бетін сүйіп.

Тілеуін Шөмішбайдың Құдай берді,  
Артынан кешікпеді жылқы келді.  
Той қылды, ат шаптырып, ойын-сауық,  
Мекенде ат жетерлік жиып елді.

Дос та, дұшпан да келіп жатыр,  
Тынбастан күндіз-түні опыр-топыр.  
Қадірін жоқшылықтың біліп қапты,  
Аямай ат пен асын беріп жатыр.

250 Басыңнан бағың тайса тұрмыс жүдеп,  
Сөйлеспес дұшпан түгіл досың да кеп.  
Сөз жаман суққаннан да деген рас,  
Қалды ғой бай Шөмішбай қияли боп.

Болады алыс жақын, дұшпаның дос,  
Күн салса бақыт қонып, басыңда тек.  
Не келіп ер жігітке не кетпейді,  
Көргеннен деген рас көрмеген көп.

260 Біраз күн ер Сабалақ тағы жүрді,  
Толғанып, ойға кірді әрбір түрлі.  
Болмақшы сөйлеп шешен, көрсе көсем,  
Кетсем деп ұлы жүзге пікір кірді.

Бір күні бай екеуі жылқы аралап,  
Ат, айғыр, тай, құнанды айырмалап.  
Ауылға қайтып келе жатқанында  
Пікірін сөйлеген-ді байға қарап.

— Әуелі нашарымда сізге келдім,  
Бір жетім қаңғып жүрген жас бала едім.  
Істеген қызметім аз, рахатым көп,  
Мұңсыз боп киіп, ішіп, наның жедім.

270 Тұрғалы бесінші жыл сізге келіп,  
Үйрендім орта жүзге таныс болып.  
Баруға ұлы жүзге талабым бар,  
Ақсақал, батаңды бер, рұқсат беріп.

Көзіне Шөмішбайдың жас келеді,  
Сөз айтты тоқтарлықтай артық-кемді.  
Тұрмасын Сабалақтың көңлі сезіп,  
Лажсыз жылап тозып, бата берді.

- Ей, балам, қызымды да ал, мал да бердім,  
Дүниені аямаймын ерім сенен.  
Бұрынғы қалыбыңда тұра берсең,  
280 Тоқтаусыз жақсылығым қолдан келсең.

*Сабалақ:*

- Ризамын, қыз да алмаймын, мал да алмаймын,  
Шыныңмен бата берсең, кем болмаймын.  
Тағдырда маңдайыма жазылғанды  
Алдымда көріп соны ұрандаймын.
- Астына Шөмішбайдан жақсы ат мінді,  
Үстіне жақсы тұрмыс киім киді.  
Бата алып Шөмішбайдан қош айтысып,  
Бет алып ұлы жүзге бала жүрді.
- Келіпті сол бетімен Түркістанға,  
290 Ортада бұрылмапты ешбір жанға.  
Ішінде Түркістанның біраз тұрып,  
Барыпты Әбілмәмбет үлкен ханға.
- Ортаға арызға енді бала келіп,  
Алдияр тақсыр хан, деп сәлем беріп.  
— Не қажет арызың бар? — деп сұрады,  
Баланы қол қусырған ханы көріп.

*Бала айтты:*

- Арызым бұл, тақсыр ханым,  
Жетіммін, ата-анасыз, бір жоқ малым.  
Істейін малшы болып сізге қызмет,  
300 Қылуға ауыр жұмыс келмейді әлім.

*Хан:*

- Күшің көп, балам, ей, сен шаба алмассың,  
Егінді салып, орып ала алмассың.  
Қозыны иесімен танымайсың,  
Жылқының күзетіне бара алмассың.

Ей, балам, шамаң келер бір жұмысың,  
Жылқының басқарасың күндізгісін.  
Түгіне түсінерсің, танысарсың,  
Жұмысқа бұдан артық келмес күшің.

310 — Алдияр тақсыр хан, — деп бала тұрды,  
— Айт, балам, біз білейік атыңды енді,  
Қай ру, кім нәсілдің баласысың,  
Туған жер сөйле, балам, затыңды енді.

— Сабалақ, тақсыр, менің лақап атым,  
Жасымнан ата-анамнан қалдым жетім.  
Және де жанашырлық жақыным жоқ,  
Білмеймін сол себепті нәсіл, затым.

320 Сабалақ жүреді енді жылқышы боп,  
Түнде ұйықтап, күндізгісін ішіне кеп.  
Жылқыны айдап бағып семіртті,  
Бар болса басы бүтін қай жерде шөп.

Төрт-бес жыл күндізгісін жылқы бақты,  
Қызметі жүрген-тұрған ханға жақты.  
Ішінен Әбілмәмбет сынап жүрді,  
Ойланып бала ғой деп шарапатты.

Сабалақ баққаннан соң жылқы өлмеді,  
Ауру, ұры-бұры бір көрмеді.  
Бақытты жүзі жарқын малшы бопты,  
Тотығып найза қағып жау келмеді.

330 Жылқыға бала бір күн келе жатыр,  
Айнала бір төбені жылқы жатыр.  
Ескермей жылқы аралап жүре берді,  
Обаның басындағы ақ құс отыр.

Болғанша намаздыгер қозғалмайды,  
Қасына бала оның әм бармайды.  
«Не аққу, не дуадақ, құтан емес,  
Бөтен құс бұл нағылған» деп ойлайды.

- Баруға мұны ойлап бетін берді,  
Қасына он қадамдай жақын келді.  
Сабалақ құсқа жақын келген уақта  
340 Сілкініп ақсақалды адам болды.

*Сабалақ:*

— Жылқыға мен ауылдан ерте келдім,  
Сонда сен осы обада отыр едің.  
Неткен құс қозғалмаған деп келіп ем,  
Сілкініп ақсақалды адам болдың.

*Ақ құс:*

- Ол рас, бұл обаға ерте қондым,  
Жылқыға келе жатқан сізді көрдім.  
Баталмай сөйлесуге өзіңменен  
Қозғалмай соның үшін отыр едім.
- Кетуге жолықпай-ақ көңіл бердім,  
350 Ұшуға бір-екі рет көтерілдім.  
Кетуге ыңғайланып отырғанда  
Бет бұрып, Әбілмансұр, өзің келдің.

Мен ақ құс албастының төресі едім,  
Қашатын қара марту емес едім.  
Келіні Әбілмәмбет екіқабат,  
Айтуға соның жайын саған келдім.

- Өзіңе, Әбілмансұр, айтар сөзім,  
Жұр едім сөйлесе алмай келмей кезім.  
Қатыны Әбілғазының босанады  
360 Өлтірем пәлен күні басып өзім.

Сол күні шақыртса да келме маған,  
Бірімізге, өгар келсең, болар жаман.  
Сөзімнен, Әбілмансұр, жақсы ұғып ал,  
Айтарлық сөздерім бар тағы саған.

Жылқыңда өзі бесті ақсұр ат бар,  
Енесі ол ақсұрдың еді тұлпар.  
Бақтылы өзі ақжолтай бір жануар,  
Жаратып соны астыңа сен мініп ал.

370 Еліңе пәлен уақта жау келеді,  
Ертерек Ереуілден жеңіледі.  
Жеңіліп жаудан қорқып қашар уақта  
Ақсұр ат Абылайды ел біледі.

Қашуға елің сенің ұйғарады,  
Топ жаудың жағына сен шығып ал.  
Қарсы шап қамалына қорықпастан,  
Ұрандап Абылайлап айғайды сал.

380 Болады көкте Абылай, жерде Абылай  
Сол күні бақыт саған берер Құдай.  
Қоңқай Серен батыр ту ұстаған,  
Соны шаншы басқасына бір бұрылмай.

Тулары жығылған соң қалмақ қашар,  
Артынан ерлер қуып қанын шашар.  
Әр елге атың мәлім болып,  
Абылай ат қойылып бақытыңды ашар.

Болады хан Абылай арғы бабаң  
Әруағы тап сол күні қонар соған.  
Өлгенше бағың қайтпас хан боласың,  
Ел сұрап атың мәшһүр бек көп заман.

390 Айтқан соң сөзін тамам кетіп қалды,  
Сабалақ айтқан сөзін ұғып алды.  
Мезгілді айтқан уақыт аз қалғанда  
Жаратып ақсұр атты мініп алды.

Ақ құстың шарт байлаған күні толды,  
Қатынның босанатын уақыты болды.  
Толғатып даусы шығар мезгілінде  
Сабалақ жылқысына кетіп қалды.

Қатынды шыдатпады толғағы ащы,  
Жүгіріп әйел-еркек жапырласты.  
Баласын көп қиналып босаныпты,  
400 Жоғарғы төре албасты келіп апты.

Жатыпты ес-түсі жоқ қатын талып,  
Біреулер хабар берді ханға барып.  
Албасты бұрын ханнан қашады екен,  
Келіпті Әбілмәмбет айқай салып.

Қатынға «көзіңді аш» деп айқай салды,  
Қаш-қаш деп ызғарланып қаһарланды.  
Еселеп төре албасты не қорықпады,  
Келінін онан жаман басып алды.

*Әбілмәмбет:*

— Болмады осы марту менен бұғар,  
410 Не қорқып, не болмады мені сыйлар.  
Барыңдар жылдамырақ Сабалаққа,  
Әруағы менен гөрі басым шығар.

Бір адам хан айтқан соң мінді атқа,  
Сабады асығыстап жылқы жаққа.  
«Қатынын Әбілғазы марту басты»  
Деп барды хан шақырды Сабалаққа.

Тер шығып Сабалақтан қысылды енді,  
Ақ құсқа өткен күндер уәде берді.  
Таппады бармауына ешбір себеп  
420 Амал жоқ ханнан қорқып зорға келді.

Баяулап ақырмастан бала келді,  
Қатынды марту басып отыр еді.  
Бір ғажап жаман сурет түсін бұзып,  
Қарсылық етпестей секілденді.

*Албасты:*

— Опасыз мені іздеп неге келдің,  
Сен маған бармаймын деп уәде бердің.

Мені сен бақтық асса, мерт етесің,  
Артылса менің бақытым, сен өлесің.

*Сабалақ:*

— Келмедім саған қайран етейін деп,  
430 Уәдемді күтіп жүрмін жетейін деп.  
Сол күні сөйленбеген бір сөз қапты,  
Келіп ем соны ескертіп кетейін деп.

Айтылмай сол күндегі қалған сөзім,  
Төресі албастының болсаң өзің.  
Төресі мен адамның болған болсам,  
Жақындық сөз сөйлесек, келді кезің.

Төрезат нәжіс жанға жоламайды,  
Үстіне келмек түгіл, қарамайды.  
Болса да әрбір нәжіс бұдан басқа,  
440 Жақындап маңайына бара алмайды.

Болады қаралардан артық таза,  
Ішпейді жаман тамақ төре және.  
Тұрмысын өте жақсы ұстаған соң  
Болады өзі ақылды, артық дана.

Жүрмейді нәжіс жерге төре тақап,  
Не қарап айтпайды да атын атап.  
Отырған, жатқан, тұрған — бәрі таза  
Алады соның үшін төре лақап.

Адамды төредейін себебі сол,  
450 Және де болатыны ақылы мол.  
Төресі албастының болғаннан соң,  
Осылай болса деймін сізге де жол.

Маған сен білген сөзіңді айттың,  
Көп сөзге түсіндіріп құп тыңдаттың.  
Мен — адам, сен — албасты болсаң дағы  
Жақсы сөз сөйлеген соң дос деп таптым.



Досшылық мен де саған сөзімді айтам,  
Тұрмаймын ескерткен соң кейін қайтам.  
Төресі албастының нағыз болсаң,  
460 Ойландым іс екен деп бұл бір қатаң.

Бек таза төре заты бек болмай ма,  
Өзінше әр асылда тек болмай ма.  
Бір халық албасты да жаратылыс  
Ұят, намыс ар, абырой кеп болмай ма?!

Меніңше, бұл қатынды қоя беріп,  
Кір-қоңын қатын жуса түрегеліп.  
Қырық күнде бойы әбден тазарады,  
Өлтірсең сонда басып, қылса келіп.

Өкімді қорланарлық бере берді,  
470 Үстінен намыстанып түрегелді.  
«Бойын әбден тазарғанда басамын» деп,  
Ескертіп Сабалаққа жүре берді.

Жатыстан қатын тұрды есін жиып,  
Әруағы Сабалақтың болды биік.  
Баланың шарапатты екендігін  
Түйткілмен Әбілмәмбет қалды түйіп.

Жазылды қатын енді түрегеліп,  
Босатты Сабалақтың сөзіне еріп.  
Қатынның құрсағында ақ шел қалып,  
480 Өлтірді қырық күннен соң қайта келіп.

Бұл бұрын елге таныс сөйлейтін кеп,  
Жүретін сөйлеушінің мақалы боп.  
Тиісті сөзге мін сал сөйленетін  
Алдаған албастыны Абылай деп.

Жаратып ақсұр атты мініп жүрді,  
Елге жау келетінін біліп жүрді.  
Өткірлеп найза, қылыш құралдарын,  
Дайындық Мансұр қамын қылып жүрді.

Бітіпті ақ құс айтқан күні болып,  
490 Күш толды Сабалаққа бақыт қонып.  
Қалмақтан бір ауыр қол аттаныпты,  
Хандары Қоңқай Серең басы болып.

Қамданып қалмақ шықты атын баптап,  
Өткірлеп қылыш қайрап, найза саптап.  
Қалмастай естерінен шабамын деп,  
Бет алып ұлы жүзге келді қаптап.

Қарауыл келе жатқан қолды көрді,  
Тоқталмай асығыстап елге келді.  
«Ауыр қол қалмақ жақтан келеді» деп,  
500 Ханына Әбілмәмбет хабар берді.

Хан сонда жарлық етті елін жиып,  
Атақты найзашылар ерін жиып.  
«Алдынан Ереуілге шығындар» деп,  
Мылтық пен найза, қылыш, сауыт киіп.

Ханының жиылған ел сөзін ұқты,  
Қамданды менмен деген ерлер мықты.  
Келтірмей ел ішіне жау қалмақты,  
Алдынан Ереуілге қарсы шықты.

Екі қол екі жақтан ереуілдеп,  
510 Байқалды қазақ аздау, қалмақтар көп.  
Шығыпты қалмақ жақтан бір ала атты  
Айқайлап, ат ойнатып жекпе-жек деп.

Қазақтан торы ат мінген біреу шықты,  
Көп ерден бұрын шыққан о да мықты.  
Жүгіртіп кешке дейін найзаласып  
Сауытын ер қазақтың быт-шыт қыпты.

Сауыты ер қазақтың талқан болды,  
Болмады істер қайла, амал енді.  
Бақтысы ол қалмақтың артты артық,  
520 Қалмақтан қаза тауып қазақ өлді.

Жүгіртіп ат ойнатып қалмақ батыр,  
Мақтанып қайрат қандай опыр-топыр.  
Астында көк аты бар, қолда найза  
Қазақтан бір ер шығып келе жатыр.

Атына екеуі де қамшы басты,  
Тамаша жан аямай найзаласты.  
Қазақтың бұл жерде бақты асты,  
Қалмақтың қор-қор етіп қанын шашты.

530 Қалмақтан жекпе-жекке келе берді,  
Сазасын қазақ батыр бере берді.  
Қалмақтың қарсыласып шыққан ері  
Бәрі де қаза тауып өле берді.

Қоңқай мұны көріп, ызаланды,  
Астына нар қасқа атты мініп алды.  
Қолдағы туын беріп біреуіне,  
Жүгіріп ер қазаққа жетіп барды.

540 Екеуі ұмтылысты қарсыласып,  
Түйіліп қабақтары зәрін шашып.  
Кетеді бір ол жаққа, бір бұл жаққа,  
Қағысып кезек-кезек найзаласып.

Найзамен екеуі де жең салмады,  
Аянбай шабысады қылыштасып.  
Қылышын шақылдатып қағысады,  
Арыстандай көзі жайнап жанталасып.

Ұстасып жағасынан айқасқандай,  
Тартысып ат үстінен табандасып.  
Жағадан шаба тартып жұлқысқанда  
Кетіпті қан майданды тозақ басып.

550 Екі қол екі жақта таң болып тұр,  
Бір-бірін ала алмады қайраты асып.  
Барабар қайраттары болғаннан соң  
Болмады біреуіне ажал нәсіп.

Тартысты, екеуі де қоя салды,  
Түсіріп қолдарына найзаны алды.  
Жыртылған сауытының жағасынан,  
Қазаққа шұрқылтайдан найза салды.

Жыртылып тартысқанда сауыт кетті,  
Найзасы желкесінен тесіп өтті.  
Баһадүр қазақта асқан батыр екен,  
560 Қысқарып дем таусылып ажал жетті.

Қазақтан қарсыласып бір ер келді,  
Қоңқайдан көп кешікпей ол тағы өлді.  
Майданға қарсы шығып келгендері  
Жеңіліп, қаза тауып өле берді.

Ойнатып астындағы көк қасқа атты,  
Жеке-жеке келгендері шыдатпапты.  
Майданға менменсініп шыққандары  
Біріне-бірін қоспай көп қиратты.

Шықпады енді қазақ жекпе-жекке,  
570 Келе алмай Қоңқайына бетпе-бетке.  
Қазақтан бір ер шыдап келмеген соң,  
Қолына қайтып барды тұрған көпке.

Екі қол екі жақтан мылтық атып,  
Садақты қамалына садақ тартып.  
Қазақтан атысқаннан көп кісі өлді,  
Тағы да мұнан болды қалмақ артық.

Байқалды қазақ қолы кемігендей,  
Жекеде не атыста теңге келмей.  
Қашуға қазақ қолы қобалжыды,  
580 Қалмақтан болғаннан соң жеңілгендей.

Тұрмайды ақсұр ат та қарғып ойнап,  
Ер тоқым, жабдықтарын алды жайлап.  
Қысқартып құйысқанын, тұсын тартып,  
Сабалақ атқа мінді «жар Құдайлап».

Темір бөрік киіп, белін байлап,  
Қазақ жақ кемігенге қаны қайнап.  
Ішіне қанын тартып, сұрғылттанып,  
Қан болып екі көзі, ұртын шайнап.

590 Үстіне ақ сұр аттың мініп алды,  
Ермеді өзге қолдың бөрі қалды.  
Жүгіртіп таса жермен Әбілмансұр,  
Қалмақтың қыр жағына шығып алды.

Қасқырдай қойға шабар тұр ыңғайлап,  
Құтырған арыстандай көзі жайнап.  
Қомданып түлкі алатын қыран құстай,  
Қамалға шапты батыр Абылайлап.

Боп кетті көкте Абылай, жерде Абылай,  
Ақ құстың обадағы айтқанындай.  
Қашуға қалың қалмақ қобалжыды,  
600 Адасып ақылынан зөре қалмай.

Қамалға Абылайлап жетіп барды,  
Жолынан қалмақ қашып екі жарды.  
«Иә, бабам, қанішердің әруағы» деп,  
Қоңқайға ту ұстаған найза салды.

Қоңқай да қамшы басты көк қасқа атқа  
Сілтеді о да найза Сабалаққа.  
Екі ердің қаһарына есі кетіп,  
Көргендер таң боп қалды екі жақта.

610 Найзасын тап жүректен нағып тықты,  
Қалмақтың қамалының туын жықты.  
Әруағы Абылайдың басып кетті,  
Қоңқайы болса дағы асқан мықты.

Әруағы Абылайдың келіп қонды,  
Шыдамай қалмақ қашып быт-шыт болды.  
Құлатып қасқа атынан Қоңқайды,  
Қалмақты найзалады оңды-солды.

Қоңқайдың қарқарасын, белін шешті,  
Кеудесі лашықтай болып жатты.  
«Қатын ер қашқан жауға» дегендей боп,  
620 Барды қазақ қолы, қойды ашық.

Қалмақты қуып жеткен қазақ қырды,  
Ішінде Әбілмансұр бірге жүрді.  
Мұқатып дұшпандарын қазақ халқы  
Шаттанып бәрінің де көңілі тынды.

Қоңқайдың өлексесі жайрап қалды,  
Басының ұртын тесіп байлап алды.  
Қазандай алты қарыс бас шарасы  
Тамаша көрген адам таңға қалды.

Әскерге Әбілмәмбет сөз сөйлейді,  
630 Қуанып асығыстап тез сөйлейді.  
— Қалмақтың қамалына қарсы шауып,  
Батыр кім, жау қашырған? — деп сұрайды.

Ер екен жалғыз өзі мыңға татыр,  
Ел көрсін көп ішінен мұнда шақыр.  
Қай ұру, кім нәсілдің тұқымы екен  
Бар ма өзі іштеріңде, қайсы батыр?

Шақырды біреу барып хабар айтып,  
Астында ақ сұр атты жүрді ойнатып.  
Қақ жарып қалың қолды келе жатыр,  
640 Жанында Қоңқай басын салпылдатып.

Сабалақ тура жүріп ханға келді:  
— Алдияр, тақсыр хан, — деп сәлем берді.  
Ханымыз, сізге әкелген тартуым, — деп,  
Қоңқайдың басын жерге тастай берді.

Көрінді дәл қазандай бас шарасы,  
Шекенің алты қарыс айналасы.  
Өмірінде мұндай басты көрмедік деп,  
Сол қолдың таңырқады кәрі-жасы.

Еріні үлек бураның ерініндей,  
650 Салбырап мұрны пілдің мұрынындай.  
Құлағы, көз шарасы тіптен үлкен,  
Диюдың ертектегі порымындай.

Батырды хан әуелі танымады,  
Көңілінде Сабалақ па деп ойлады.  
Бұрынғы жылқы баққан келбеті жоқ,  
Қызыл қан тұла бойын малынады.

Кигені үстіндегі сұр құлпы шекпен,  
Қып-қызыл екі көзі қан боп кеткен.  
Түріне адам шыдап тұрар емес,  
660 Көкпеңбек зәрі шыққан екі беттен.

Мансұрдың ерлігі асты сонша қолдан,  
Басына бақыт орнап әруақ қонған.  
Қолдаушы бойына кеп орнаған соң,  
Көрініп түр-нұсқасы өзге болған.

*Хан:*

— Келдің бе аман-есен, жан шырағым,  
Сен бе едің қамал бұзған, Сабалағым!  
Көп үшін жаратылған ер екенсің  
Өлгенше арта берсін, батыр, бағаң!

Тұрғанда қалмақ қуып, қазақты айдап,  
670 Арландың еркектікпен қаның қайнап.  
Сабалақ өз атыңды ұрандамай,  
Қамалға қалай шаптың Абылайлап?

*Сабалақ:*

— Арғы атам болған екен ер Абылай,  
Қанішер атаныпты өз уағында-ай.  
Көтердім әруақты ердің әруағын,  
Шапқаным өз атамды ұран қылмай.

*Хан:*

— Бізбенен туыс екен арғы затың  
Білмедім неше атадан айрылатын.  
Ақжолды қамал бұзған ұран болды,  
680 Абылай болсын, ерім, сенің де атың.

Ескерту сізге айтайын сөзім менің  
Не лайық еңбегіңе ерім сенің.  
Алдың ғой жаудан қорғап отаныңды,  
Болады қазақ ұруы сенің елің.

Сөзімнің мазмұнына құлағың сал,  
Сенікі бөтен емес мендегі мал.  
Болмайтын сағатында деп ойланба,  
«Сары алтын — сабыр түбі» деген мақал.

Келеді үйлеріне ерлер қайтып,  
690 Ерлігін Абылайдың бәрі де айтып.  
Сүйретіп Қоңқайдың бас порымын  
Естіген елдің бәрін таңырқатып.

Жақын боп ел танысты Абылаймен  
Ерлігі қамал бұзған көзі көрген.  
Жүріпті жолдастасып жұрты ол да  
Үйсінде Дулат, Жаныс, Қаратаймен.

Үш жүзді үш орда ғып үшке бөліп,  
Арғынға Сәмекені хан қып беріп.  
Орта жүз сол мезгілде хансыз қалды,  
700 Ауырып ажал жетіп Сәмеке өліп.

Орта жүз Сәмеке өліп хансыз қалды,  
Ордасы Көкшетауға ел жиналды.  
«Сентірі Түркістаннан хан сұра» деп,  
Қарауыл дуылдайды, көп ұйғарды.

Дәулетбай жүріп кетті Түркістанға,  
Барыпты Әбілмәмбет үлкен ханға.



Естіртіп Сәмекенің өлгендігін,  
Біраз күн тұрақтап тұрды сонда.

710 Естіді Сәмекенің өлгендігін,  
Орта жүз хансыз енді қалғандығын.  
Бас қосып Көкшетауда орта жүздер  
Хан сұрап Дәулетбайдың келгендігін.

Дәулетбай орта жүзден іздеп келді,  
Сол елге Абылайды хан ғып берді.  
Жасында жиырма бес сол жылында  
Орнына Сәмекенің биледі елді.

Азырақ сөйлеп өттім осы жөнді,  
Хан болып әділетті биледі елді.  
Келісіп орта жүздің адамдары,  
720 Қазы ғып жеті жарғы сайлап берді.

# Абылай хан... Ақ атан

Ал бір қисса бастайын,  
Құлағың сал, көпшілік.  
Мергенше атып тастайын,  
Тұрса тілден оқ шығып.

Босқа алып қашпайын,  
Асау аттай осқырып.  
Тізгінді мықты ұстайын,  
Тыңдаушымды қош қылып.

10 Ескі емес тым арғы,  
Екі жүз жыл шамасы.  
Өткен екен сандарлы,  
Қазақтың бір баласы.

Өзі ханның ұлы екен,  
Әкесін жау өлтірген.  
Өмірі бір жыр екен,  
Ерлікпенен жетілген.

20 Жетім қалып жасында,  
Көп қорлықты тартыпты.  
Қоя беріп шашын да,  
Иыққа тұлым артыпты.

Жүріпті ел ішінде,  
Қаңғыбаспын деп өзін.  
Жалба-жұлба пішінде,  
Жарқылдатып көздерін.

Кезіп жүріп жасынан,  
Аралапты көп жерді.  
Көп іс өтіп басынан,  
Көп тыңдапты мұң-шерді.

Жыраулардан тыңдапты  
30 Шежіресін алаштың.  
Көкейіне жинапты  
Тарихын көп таластың.

Өзі қаңғып жүрсе де,  
Ұмытпапты өз елін.  
Басыма не төнсе де,  
Дейді екен төземін.

«Үргеніште қалды үйім,  
Түркістанда ордам да,  
Емес маған ол бұйым,  
40 Бойда жаным тұрғанда»

Деп безіпті далаға,  
Аттап белді, белесті.  
Жоламапты қалаға,  
Ойға ап қырғын елесті.

Жүре-жүре қаңғырып,  
Төле биге келіпті.  
Қарап тұрмай аңырып,  
Кіріп сәлем беріпті.

Аты-жөнін сұраса,  
50 Білмеймін депті бір сөзбен.  
Алба-жұлба қараса,  
Қарапты отты жұп көзбен.

— Болсын атың Сабалақ,  
Қалай дейсің, қарағым?  
Осында бол, түйе бақ,  
Жақсын, балам, таяғың!

Деген екен Төле би,  
Мақұл депті ол күліп.  
Еңбегімен етіп сый,  
60 Бағыпты түйе мол жиып.

Он бес жасқа толғанда  
Алпамсадай өсіпті.  
Ас пен ұлы тойларда  
Арысқа да түсіпті.

Күрескенін лақтырған,  
Тартысқанын аударып.  
Қылығын ел жақтырған,  
Күшіне оның таң қалып.

Он алтыға шыққанда,  
70 Бөгенбай батыр келіпті.  
Сабалақ сырын ұққан ба,  
Төле би оған беріпті.

Батырға еріп Сабалақ,  
Төбесі көкке жетіпті.  
Қаратал, Іле жағалап,  
Көп өзеннен өтіпті.

Көк найзалы көп жасақ,  
Елдің күйін шертіпті.  
Ақтабан боп шұбырған  
80 Азапты күнін естіпті.

Естіп тартқан азапты,  
Елдің қамын жейді екен.  
Сансыраған қазақты  
Біріктерсем дейді екен.

Осындай бір арманмен  
Үйреніпті ерлікті.  
Шыңдапты өзін пәрменмен,  
Мықтап байлап белдікті.

Білектерін түрініп,  
90 Батыр болсам дейді екен.  
Жау тиіссе сұғынып,  
Қырып-жойсам дейді екен.

Өстіп жүріп Сабалақ  
Он жетіге шығыпты.  
Көңілі өсіп, күші артып,  
Алысқанын жығыпты.

Осы кезде жоңғарлық  
Жау тағы да тап берген.  
Тозған елге көп зорлық  
100 Мал тонаған артқа ерген.

Қаракерей Қабанбай  
Еспенбекті ап қасына.  
Қанжығалы Бөгенбай  
Бәрі кепті асыға.

Айла, жоспар жасасып,  
Жасақтарын сайлапты.  
Жауды жексен етуге  
Белді бекем байлапты.

Желбіретіп туларын  
110 Жүзден, мыңнан топ болып.  
Кешіп өзен суларын,  
Ұйысқан көп шеп болып.

Тасып күші, айбары,  
Бола қапты құрыш шеп.  
Әбілмәмбет сардары  
Болған екен жұрт тілеп.

Жоңғарлыққа жаңадан  
Қалдан Серен хан болған.  
Қару түспей қолынан,  
120 Қазаққа қас жау болған.

Жүріп әке жолымен,  
Жоймақ болған қазақты.  
Шауып қалың қолымен,  
Елге салған азапты.

Қанды қолы Қалданның  
Бар екен бір жиені.  
Аты Шарыш Қалданның  
Дейтін өзін киелі.

130 Осы бастап шептерін,  
Кең аумаққа құрыпты.  
Қайрап жасақ кектерін,  
Жер-жерлерді торыпты.

Жауласқан соң тұра ма,  
Кеудесі оның асқынбай.  
Басытүспей ұраға,  
Тынбас-ты ол қас қылмай.

140 Әсілі салты — айбаршыл,  
Сес қып қалың қосынын.  
Жекпе-жекшіл майданшыл,  
Тастамас бұл жосынын.

Шебін жайып бөктерге ол,  
Келсін депті қазақты.  
«Көрсетемін осы жол  
Ең соңғы ауыр азапты».

Әбілмәмбет бас болған,  
Келген қазақ қосыны.  
Кектеніп қас жауына,  
Жойсақ-ау дейт осыны.

150 Осылайша басталған  
Екі жақтың сайысы.  
Талай-талай басты алған,  
Өлім — өмір жарысы.

Бір күні сол Шарыштың  
Өзі түскен майданға.  
Қара қасқа ат мінгені,  
Қолына алған көк найза.

А дегенде ол сұмның  
Күш-айласы басым кеп.  
Талай қазақ ерінің  
160 Қанын ішкен, басын жеп.

Бұнымен ол кердеңдеп,  
Айғай салған қазаққа.  
«Келгенің кел өлем» деп  
Алған сайқымазаққа.

Бұны көріп Сабалақ,  
Кекті жасын ағызған.  
Мен шығам деп «ағалап»,  
Сардарына жалынған.

Әбілмәмбет бата қып,  
170 Ерік берген «барғын» деп.  
Кердеңдеген қас жаудың  
Басын шауып алғын, деп.

Кербалақпен еркіндеп,  
Қыранша ұшқан Сабалақ.  
Қарсы шапқан «келші!» деп,  
Шарыш та атын сабалап.

Түсте екеуі найзамен  
Әлсін-әлі сайысып.  
Алдырмайды айламен,  
180 Қалқандарын қағысып.

Ет пісірім өтті уақ,  
Жүр екеуі алысып.  
Кейде аттардың тұяғы  
Кетед жерге жабысып.

Шарыш ноян сезінді  
Қалды қолы қарысып.  
Әуелгі арын мүлде жоқ,  
Алқынады тартысып.

190 Дәл осындай кезеңді  
Сабалақ та аңдыған.  
Алдына найза кезеніп,  
Қылыш оған пар қылған.

Кербалақпан тақымдап,  
Қалқанын қағып найзамен.  
Қылышты кезеп алқымға  
Шауып қалған айламен.

200 Шарыш аттан құлаған  
Шаңды қауып серейіп.  
Жау жақ қатты шулаған,  
Қазақтың өскен мерейі.

Сабалақ бұл соғыста  
Көрсетті алғаш ерлігін.  
Ел күйзелген ол тұста  
Ал қамасын ерді кім?!

Шашақты найза сумаңдап,  
Киген темір сауытты.  
«Абылай!» деп ұрандап,  
Сабалақ жауға шауыпты.

210 Ұранына қосылып,  
Соңынан ел еріпті.  
— Аққан селдей жосылып,  
Жауға жаза беріпті.

Қарсыласқан жауының  
Қанға батқан белшесі.  
Осыдан соң қазақтың  
Көтерілген еңсесі.



Жеңістен соң Сабалақ  
Аты-жөнін айтыпты.  
Әбілмәмбет сардары  
220 Оған тарту тартыпты.

«Абылайлаған» ұраны  
Атасы екен кешкен қан.  
Әбілмансұр өз аты,  
Әкесі екен Ұәли хан.

Әбілмансұр содан соң  
Сұлтан бопты жұрт тілеп.  
Орта, ұлы, кіші жүз  
Қарапты оған біртелеп.

Хан Абылай атанып,  
230 Кең таралған атағы.  
Жау сескеніп, ел қорғап,  
Күндері өтіп жатады.

Қазақ қамы Абылайдың  
Тырнайды екен жүрегін.  
Ерте тұрып әрдайым,  
Тілейді екен тілегін.

Өстіп жүріп бір күні  
Аралапты түйені.  
Боздағандай тым мұңлы  
240 Естіліпті түйе үні.

Жан-жағына қаранып,  
Алға жүре беріпті.  
Ақ көбігін жаланып,  
Ақбас атан еріпті.

«Қаңтар айы болмаса,  
Бура неге жарайды?  
Бір киесі болмаса,  
Боздап неге қарайды?»

- Осы оймен Абылай  
250 Кеп түсіпті үйіне.  
Ақбас атан бірге кеп,  
Жатыпты ши түбіне.
- Кесер мойын — басы аппақ,  
Қос өркеші адамдай.  
Көбік шайнап малжаңдап,  
Көзінен от жанғандай.
- Аз жайылып, көбірек  
Жатады екен маңқиып.  
Кей кештері еңіреп,  
260 Боздайды екен қаңқиып.
- Кетпейді екен алысқа,  
Үйдің маңын айланып.  
Тесіліп бір бағытқа,  
Жатады екен жайланып.
- Абылай хан жүріпті,  
Ақ атанға сөп салып.  
Бір күні түс көріпті  
Ерен-ғайып қарсы алып.
- «О, Абылай, алдыңда  
270 Асқар-асқар белдер тұр.  
Тар жол, тайғақ қабырға,  
Өзен толы сендер тұр.
- Өтсең содан іркілмей,  
Көк құрақты көл жатыр.  
Көл бойында мерейлі  
Ырысты ырғын ел жатыр.
- Ақбас атан үнемі  
Соған қарап жатады.  
Жануар ол киелі,  
280 Боздасы елге батады.

Ақбас атан қараған  
Жаққа жүрсең, жеңесің.  
Қайшы келсең сен оған,  
Бақты басқа тебесің.

Қол бастасаң жорыққа  
Батырларға сеніп сен,  
Жүрсең сол бір бағытқа,  
Ораласын жеңіспен.

290 Ақ атанды қорласаң,  
Көретінің жеңіліс.  
Сабақ ал, сен, осыдан,  
Айтты деме Ібіліс.

Еренғайып мен болам,  
Мұқтаж жанға жәрдемші.  
Десең егер ер болам,  
Болма еліңе алдамшы.

300 Батырың бар пар болған,  
Ақылы мол бәрінің.  
Елің саған жар болған,  
Тірегі қуат-әліңнің.

Өткен күні есіңнен  
Еш уақытта кетпесін.  
Өмір — арқан есілген,  
Тілін\* өзің теңшерсің».

Түрегелсе Абылай,  
Көргені бір түс екен.  
Депті ішінен: «Ә, Құдай,  
Атаным бақыт құсы екен!».

310 Шығып тысқа қараса,  
Ақбас атан жатыпты.

---

\* Арқан үш жіптен есіледі, ортаңғысын «тілі» дейді.

Көкпен жарық таласа,  
Арайлап таң атыпты.

«Шұбырынды-ақтабан»  
Күйзелістің жарасы.  
Әлі күнге айықпаған  
Байтақ қазақ даласы.

Осындайда кекті жау  
Орай іздеп кезенген.  
Шапқылатқан жан-жаққа  
320 «Жансыздарын» безенген.

Қоқан ханымен астасып,  
Жауламақ боп Ілені.  
Тәңір таудың үстінен  
Саңылау көздеп жүреді.

Бір жылы жаз Іленің  
Тасығанда өзені  
Күркілдектің басынан,  
Шабуылға кезенді.

Игеріп жаудың ауқымын,  
330 Абылай сақ жүретін.  
Ұрмалы, алыс шеттерге  
Қойып кеткен күзетін.

Ұстап жаудың «жансызын»  
Ішкі сырын білген ол.  
Бермек болып жазасын,  
Күркілдекке тартты қол.

Бұдан бұрын Абылай  
Ел серкесін жинатқан.  
Батыр, шешен, билердің  
340 Бас қосуын ұнатқан.

Шақыртқан соң Абылай  
Ел қорғайтын кеңеске.  
Ер Қабанбай, Бөгенбай  
Еспенбеттер келмес пе?!

Келген бәрі айбынмен,  
Жарақтарын қолға алып.  
Бір-біріне сай келген,  
Ақыл айтқан ойланып.

350 Көп кеңеспен құрды олар,  
Жауға қарсы одағын.  
Осы одақта тұрды олар,  
Біріккендей көп ағын.

Боз биені шұралап,  
Құрбандыққа шалыпты.  
Кеуделерге Құран ап,  
Қолдарын қанға малыпты.

360 Өйткені одан аз бұрын  
Бүлініпті кіші жүз.  
Шар патшасы азғырған,  
Көрсеткен боп жылы жүз.

Соныменен, орысқа  
Әбілқайыр қараған.  
Еріп бұған көп өсек,  
Ел ішіне тараған.

Жұрт көңілі ала боп,  
Іріткі түскен араға.  
Қосылғандай бір шемен,  
Айықпаған жараға.

370 Сол себепті Абылай  
Ашып осы жиынды.  
Шешпек болған бірлікте  
Шешілмей келген қиынды.

Батырлар бастап сөз ашып,  
Бармақтарын кесіпті.  
Қанды-қанға шыласып,  
Бәрі былай десіпті.

«Атағы зор Абылай,  
Үш жүзге тең ханымыз.  
Кім жүрсе егер бағынбай,  
380 Төгілед соған кәріміз.

Босағаны бұзғанды  
Ұстап отқа қақтаймыз.  
Құпия қақпан құрғанды  
Тапсақ, жерге таптаймыз.

Қалданнан кек аламыз,  
Қарамаймыз орысқа.  
Жорық десе барамыз,  
Бәрін атап соғысқа.

Бұл жолдағы көмекті  
390 Қастерлейміз есіркеп.  
Білдірмейді жауға деректі,  
Қорғаймыз елді мүсіркеп.

Жинағанша ел есін  
Билер салық салмасын.  
Ескі аласы-бересін  
Ешкім қузап алмасын.

Сөзіміз сөз осылай,  
Уәдеміз — уәде.  
Жүрсе біреу қосылмай  
400 Басқа оймен мүбәда.

Шешсін оны ханымыз,  
Өз өмірін жүргізіп.  
Қолдаймыз біз бөріміз,  
Сертімізді үлгі қып.

Бастан өткен-кешкенді  
Қасам еттік қарап шын.  
Опасыздық еткенді  
Боз биенің қаны атсын!».

410 Дәл осылай серттесіп,  
Жадырасқан көп көңіл.  
Көп ақылмен екшесіп,  
Көп тергелген өткен күн.

Көптің ойын, ақылын  
Илеп бейне қамырдай.  
Қасына ап барлық батырын  
Айтыпты ойын Абылай.

— Шығыстан кеп Чиянлуң хан  
Жоймақшы сүм жоңғарды.  
Сәйкеселік біз оған,  
420 Құдай бізді оңғарды.

Сендерге айтар бір сырым —  
Бар еді бір атаным  
Бастап жүр сол бір ырым,  
Тастап алыс отарын.

Жақында ол өрістен  
Келген еді боздатып.  
Жар болды ма періштем,  
Түс көріпін мен жатып.

430 Ақбас атан қараған  
Жаққа жүрсең, жеңесің.  
Қайшы келсең сен оған,  
Бақты басқа тебесің.

Еренғайып мен болам  
Мұқтаж жанға жәрдемші.  
Десең егер ер болам,  
Болма еліңе алдамшы.

Деді біреу сыбырлап,  
Тұрсам таңғы түс екен.  
Шықсам, атан қыңылдап  
440 Жатқан жерде тұр екен.

Ақбас атан анау сол,  
Бір бағдарды күзеткен.  
Сол бағытқа тартсақ жол  
Болар ма екен біз ертең?

Деді Абылай сыр шертіп,  
Көрген түсін жорытып.  
«Тәңір көктен көгертед»  
Десті бәрі қорытып.

Қол соғып көп батырлар  
450 Құптады айғай-сүрен сап.  
Артылып қос, шатырлар,  
Тиелді азық, қазан, қап.

Сауыт киіп батырлар,  
Сайланды тез жорыққа.  
Шабыт беріп ақындар  
Жырын айтқан ел-жұртқа.

Әр топ найза, жебенің  
Ұшын тасқа егепті.  
Қылыш, семсер дегенді  
460 Нақ алмасқа теңепті.

Мың жасаққа бір батыр  
Қолбасшылық етіпті.  
Бірі ілгері, бірі ақыр  
Аттанысып кетіпті.

Ақбас атан осы кез  
Қалың қолға еріпті.  
Шайқақ қағып басып тез,  
Қалмай ере беріпті.



Абылайдың ордасы  
470 Келіп қонса қай жерге,  
Ақбас атан өз басы  
Жақын жатқан сол жерге.

Өстіп қосын Емілден  
«Күркілдекке» жетіпті.  
Жаумен таудан еңкейген,  
Соғыс жасап кетіпті.

Абылайдың ордасы  
Кең жазыққа орнапты.  
Баян деген қолбасы  
480 Орда маңын қорғапты.

«Күркілдектің» басында  
Соғыс қатты болыпты.  
Ұқсап сайдың тасына,  
Қырғын боп жау өліпті.

Атқа мініп Абылай,  
Алғы шептен қалмапты.  
Екі жақ тік шоқыға  
Садақшыны талдапты.

Әмір етіп өжетпен,  
490 Мыңдап садақ тартқызған.  
Кеш болғанда кенеттен  
Бір оқ тиген дәл тұстан.

Дулығасы Абылайдың  
Анадайға түсіпті.  
Қағазы бар бір жебе  
Маңдайшасын тесіпті.

Қорғаушысы тез алып,  
Дулығаны ұсынған.  
Жебе хатын қолға алып,  
500 Абылай тез оқыған.

«Сенімді бір күзетшің  
Бүгін түнде өлтіред»  
Деп жазыпты ол хатқа,  
Кетті Абылай селкілдеп.

Ілезімде күн батып,  
Қырғын соғыс тоқтады.  
Абылай да тез қайтып,  
Күзетшілерді жоқтады.

510 Өз балдызы Жантас пен  
Мәлік екен күзетші.  
Сенімді боп әрқашан  
Істеп келген күзетті.

Сергектеніп Абылай,  
Орда ішінде айланды.  
Жантасты қойып ол былай,  
Мәлікке ойын байлады.

520 «Қорлық көріп Қоқаннан,  
Қашып шықтық екеуіміз.  
Еңбек етіп сіздерге,  
Жанды құрбан етеміз»

Деп келген-ді бұл Мәлік,  
Сегіз жыл бұрын серт беріп.  
Соғыста найза қолға алып,  
Келген жауды еңсеріп.

Көрсеткен-ді көп рет  
Ел таңқалар батырлық.  
Сондықтан да Абылай  
Еткен оған жақындық.

530 Үш жыл болған ордаға  
Сенім етіп алғалы.  
Көрілмеген әсте бір  
Қимылында жалғаны.

«Осы бір жан дәл бүгін  
Өлтірмек пе мені шын?  
Қастандықтан өлгенше,  
Өлсем еді-ау ел үшін!».

Осыны ойлап Абылай,  
Қолға алды семсерді.  
Машық қып үй ішінде,  
540 Арлы-берлі теңселді.

Сусылдады ақ семсер  
Көлден үйрек ұшқандай.  
Мәлік сырттан сығалап,  
Біліп те жүр түспалдай.

Аңди басып үйге еніп,  
«Ұйықтамайсыз?» дей салды.  
Абылай іштен жиреніп,  
«Ия, солай» деп қалды.

Қайта шыққан шағында  
550 Көрді Абылай қанжарын.  
Күзетшіге ол қанша  
Айтқан қару алмауын.

Бұнысынан іш жиды,  
Өз күмөнін дұрыстап.  
Жантас та оның қимылын  
Бір шетінен жүр сынап.

Аңдысумен осылай  
Түн жарымнан кетті ауып.  
Деді Абылай: «Апырмай,  
560 Қалай болар бұл қауіп?».

Шам жаққызбай ордаға,  
Түңлікті кең ашқызған.  
Жарқылдатып семсерге  
Ай сәулесін шаққызған.

Таң қараңғы болғанда  
Түзге шықты Абылай.  
Көкте жұлдыз жылтылдап,  
Тарқалыпты жамырай.

570 Келе жатты аяңдап,  
Ақбас атан бар жерге.  
Артынан біреу қараңдап  
Келед тоқтап әр жерге.

Бұрылып шұғыл артына  
Қарап еді кенеттен,  
Мәлік екен қолынан  
Алмас қанжар жарқ еткен.

580 Ақбас атан пыш етіп,  
Атып тұрды орнынан.  
Абылай да лыш етіп,  
Өтті сипап қомынан.

Дәл осы кез Мәлік сұм  
Түйе санын далдалап,  
Атып еді қанжарын  
«Иә, пірім» деп Аллалап.

Теуіп қалды ақ атан,  
Кетті қанжар иреңдеп.  
Салып аузын Мәлікке,  
Басты астына илектеп.

590 Боздап атан үілдеп,  
Езіп жатыр Мәлікті.  
Қалың жасақ дүрілдеп,  
Жақты әр жерден жарықты.

Ақбас атан боздаса,  
От жағатын салт еді.  
Жау шабуыл қозғаса,  
Сақ тұратын шарт еді.

Таң атқан соң Абылай  
Батырларын шақырды.  
Ақбас атан жайғаған  
600 Көрсетті Мәлік «батырды».

Қайран қалды көргендер,  
Жағаларын ұстасып.  
Бұл не хикмет десті олар,  
Өлексені нұсқасып.

Қысқаша айтты оларға  
Болған істің мән-жайын.  
Бәрі қайран қалысып,  
Тақылдатты таңдайын.

Ақбас атан маңқиып,  
610 Көпшілікке қарап тұр.  
Көп алғысын жаудырып,  
Батырға оны балап тұр.

Іздеткізді Абылай  
Дулыға атқан мергенді.  
Қалсын қайтіп табылмай,  
Әпкелді оны бір демде.

Қауға сақал, кең иық,  
Шегір көзі жайнаған,  
Адам екен божбиған,  
620 Алпыс жасқа бармаған.

Сөйлейін десе тілі жоқ,  
Айтқан сөзді ұғады.  
Қайта-қайта оң қолын  
Қалтасына сұғады.

Алып ол бір қарындаш,  
Жазар қағаз сұрады.  
Беріп еді қағазға  
Мынадай сөз құрады.

«Сақ тұрыпсыз, Абылай,  
630 Көріп сізді қуандым.  
Жарылқай көр, а, Құдай,  
Қайырын қыл дұғамның!

Кеше келген Қоқаннан  
Екі «жансыз» жасырын.  
Мәлікпенен сөйлесіп,  
Байласты сөз ақырын.

Орай тауып өлтірсін  
Абылайды тездікте.  
Төзе алмаймыз енді біз  
640 Сегіз жылдық ездікке.

Деген екен Қоқан хан,  
Мәлікке бұйрық хат жазып,  
Мәлік беріп қасамын,  
Деді: кетпейім мен азып.

Сенімдімін ордаға,  
Күзет етем бүгін түн.  
Абылайды өлтіріп,  
Бас қосамыз бүрсігүн.

Әкел қолды, Қапшағай  
650 Табысар жер болсын ол.  
Осымен олар келісті,  
Мәлік қалды беріп серт.

Мен ойландым көп істі,  
Күркілдекке шығып кеп.  
Елге қылған опаңыз  
Көз алдыма тізілді.

Қоқан ханы сатқызған  
Зорлап ұл мен қызымды.  
Байлап тұрып кестірген  
660 Сөз сөйлейтін тілімді.

Есіме кеп осылар,  
Тұра алмадым мен шыдап.  
Атқа мініп тездетіп,  
Жеткем топқа мен шырқап.

Мәлік бағып алыстан  
Андып жүрген ол мені.  
Сондықтан бір хат жазып,  
Атқам сізге жебені.

670 Қастығым жоқ, уа, тақсыр,  
Хабарым еді ол менің.  
Қан ағызып көзімнен,  
Берем сізге шын сенім».

Жазуды оқып Абылай,  
Құшақтады тілсізді.  
Көзден жасы жамырай,  
Шын достығын білгізді.

680 Батырлардың бөрі де  
Құшып оны алқады.  
Көздеріне моншақтар  
«Көп жаса!» деп айтады.

Ақбас атан еңбегін,  
Ертіп барып көргізді.  
Езіліп жатқан Мәлікке  
Қақырық тон кигізді.

Батырлармен ордада  
Ақыл қосып Абылай.  
Шалға берді мың ділдө  
«Дос батыр» деп шын сыйлай.

690 Алты арыстан шығарып,  
Алты батыр шапқызды.  
Кеткен екі «жансызды»  
Қапшағайдан тапқызды.

Жауырынын таңбалап,  
Құлағына ен салып,  
Қоя берді екеуін  
Хандарына хат жазып.

Қастандықтан аман қап  
Жеңді жауын Абылай.  
Көп жасақпен қайтты елге,  
Көңілдері жадырай.

Қалды елге аңыз боп  
Абылай хан... ақ атан.  
Айтып берген қисса еді  
704 Нұрлық дейтін өз атам.





ҒЫЛЫМИ  
ҚОСЫМШАЛАР





## ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

### ТӨЛЕ БИДІҢ ТАРИХЫ

Ел басынан өткен тарихты ауызша айту дәстүрі қазақ халқында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Ақын-жыршылар ел аузындағы елеулі оқиғаларды жырға қосып елден елге, жерден жерге таратып отырған. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының тарихын, этнографиясын, шежіресін көрсететін осындай тарихи жырлардың бірі — «Төле би тарихы» дастаны.

«Төле би тарихын» ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі, дарынды ақын Қазанғап Байболұлы Төле би туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер, шежірешілер айтқан деректер негізінде жырлап шыққан. Ақын дастанда ауызекі деректерге ғана сүйеніп қоймай, сонымен қатар арапша, шағатайша, татарша да хабары болып, хатқа түскен Төле тарихын жастай теріп жүргенін, Бекасыл, Әмір Сәмбет, Әбдірайым, Қарамолда сынды шежірешілердің жазып қалдырған еңбектерімен таныс болғанын айтады. «Төле би тарихы» жыры Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында 763 нөмірімен сақтаулы.

Дастан ең алғаш Мамытбек Қалдыбаевтың құрастыруымен 1991 жылы Алматы қаласында жарық көрген<sup>1</sup>. 2008 жылы Сәрсенбі Дәуітов жырды ОҒК-ның қолжазбалар қорындағы нұсқасымен салыстырып, қайта жариялады<sup>2</sup>.

«Төле би тарихы» дастанында XVIII ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Төле бидің өмір

---

<sup>1</sup> Байболұлы Қ. Төле би. Дастандар (баспаға әзірлеген М.Қалдыбаев) — Алматы: НБ-пресс, 1991.

<sup>2</sup> Төле би. (баспаға әзірлеген С.Дәуітұлы) — Алматы: «Қазақпарат», 2008.

жолы, ел басына күн туғанда көрсеткен келелі істері дәріптеледі. Үш жүздің басын қосқан Ордабасы жиынында бидің атқарған қызметі мен рөлін көрсетеді.

Дастанда Төлениң өмірге келгені қызықты баяндалады. Бір күні көзі ілініп кеткен анасы Бөктік түсінде Домалақ ананы көреді. Түсінде әулие ана ықыласпен тілесе, жаратқан ие отыз ұлға татитын перзент беретіндігін айтып:

Алатаудың үстінде  
Паркент — Заркент қасында,  
Хожай Мұрат Бақыш әулие  
Топ қарағаш белгісі,  
Қонбайды шымшық басына.  
Баймұқамбет дуана  
Шырақшы болған осында.  
Соған бір, балам, түнеп қайт,  
Көп кешікпей тосылма, —

деп аян береді. Мұндай көрініс лиро-эпостық жырларға тән құбылыс. Егер Алпамыс, Қобыланды батырлардың өмірге келу мотивін еске алсақ, онда халықтың ел үшін туған ерлерді тумысынан ерекшелендіруге тырысатындығын аңғаруға болады. Халық жырларының көпшілігінде негізгі кейіпкер аян беру арқылы дүниеге келетіні сондықтан.

Төле би Әлібекұлы (1663-1756) қазіргі Жамбыл облысы, Шу өзенінің бойындағы Жайсаң жайлауы деген жерде дүниеге келген. Ұзақ өмір сүріп, 1756 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан-Орда деген жерде қайтыс болған. Сүйегі Ташкент қаласындағы Жүніс ханның қабырының қасына жерленген.

Руы — Дулат ішіндегі Жаным. Жаным — Жайылмас — Қожамберді — Құдайберді — Әлібек. Тоғыз ұлды Құдайберді әулетінен Төлеге дейін бай да, би де шықпаған, «Қарашоғыр» атанған қара шаруа болған. Тарихи деректерде және дастанда Әлібектің бәйбішесі Молбикеден Тыныбек, Ақбота, Шора; тоқалы Бөктіктен Өтебай, Елібай, Төле өрбитіні көрсетілген.

Төле жастайынан мұсылманша оқыған, сауатты, халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алған. Мал бағуға құлық-

сыз жас Төле қасына балалардан нөкер сайлап, төрелік жасап ойнағанды ұнатады. Бозбала күнінде-ақ билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен көзге түседі.

Жырда Төле бидің өмірі мен саяси қайраткерлік істері барынша ашып көрсетілген. Төле би Қазақ пен Жоңғар хандықтарының жер-су үшін бір-бірімен жауласқан, тарихта «Ақтабан шұбырынды» деген атпен қалған зобалаңды уақытта өмір сүреді. Орта жүздің биі Қазыбек Келдібекұлы мен кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлы үшеуі Әз-Тәуке ханның басты кеңесшілері болып, қазақ халқының сол тұстағы негізгі заңы болған «Жеті жарғының» дүниеге келуіне атсалысады. Тәукеге Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүзді бір жерден басқаруға, сөйтіп, бір тұтас қазақ хандығын нығайтуға көмектеседі. Әз-Тәуке қайтыс болғаннан кейін (шамамен 1717 жылы) Төле би ұлы жүздің билігін қолына алып, бұқара халықты жаппай қырғыннан сақтау үшін уақытша Жоңғар ханына тәуелді болып, алым-салық төлеп тұрады. Десе де, ішкі билікті өзі жүргізеді. Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Жауғаш, Хангелді, Өтеген батырларға астыртын адам жіберіп, жоңғар басқыншыларына қарсы халық майданын ұйымдастырып, әскер жинайды.

Төле би Әлібекұлы ел тыныштығын сақтау мақсатында түрлі дипломатиялық қарым-қатынастарға да қадам жасап отырған. Ұлы жүзді екі жақтан қыспаққа алған Бұқар, Жоңғар хандықтарының көңілін таба отырып, олардың жорықтарын тоқтатуға, мүмкін болғанша тату, достық қатынас жасауға тырысады. Сол үшін баласын Жоңғар ханына аманатқа береді. Сонымен бірге мәдениеті мен қару-жарағы дамыған Ресей империясымен қарым-қатынасты қалыптастыруға және оны нығайтуға көп еңбек сіңіреді. 1731 жылы Ресейге бағынған Кіші жүз ханы Әбілхайырдың артын ала Ұлы жүзді де өз қамқорлығына алуды сұрап, бір топ сұлтан-билермен бірге император Анна Иоановнаға 1733 жылы ресми хат жазады.

Анна Иоановна 1734 жылғы 10 маусымдағы мақтау қағазында Ұлы жүзді Ресей қарамағына алғандығы жөнінде қол қойса да, бұл іс түрлі себептермен қағаз жүзінде қалып қояды. Сондықтан Төле би өтініш хатын 1749 жылғы тамызда екінші рет қайталап, Орынбор өлкесінің губернаторы И.И.Неплюевке тапсырып, ауызба-ауыз сөйлесу үшін баласы Айтбай мен

Жолдас батырды жібереді. Ал губернатор И.И.Неплюев өзінің 1749 жылғы 26 қыркүйектегі хатында Төле бидің Ресейге қосылу ниетін қолдап, екі ел арасындағы сауда-саттық ісіне оң ықпал етуін сұрап жауап береді<sup>3</sup>.

1749 жылы орыс сауда керуені тоналғанда, бұған кінәлі Қойкелді батырды билер алқасына шақыртып, қанша жақсы көретін батыр інісі болса да, оған бүкіл шығынды жұрт көзінше төлеттіреді. Сөйтіп, екі ел арасындағы татулықты жоғары қоятындығын дәлелдейді<sup>4</sup>.

«Төле би тарихы» жырының басты ерекшелігі — жоңғар басқыншылығын, оған қарсы халық күресін тұтас күйінде қарап, XVIII ғасырдағы өте ауыр кезеңде халық мүддесі үшін еңбек сіңірген Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің Тәуке, Әбілхайыр, Абылай хандардың, Бөгенбай, Өтеген, Қойкелді батырлардың тарихи бейнелеріне баға беруі.

«Төле би тарихы» дастаны Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорындағы 763 п. сақтаулы мәтін негізінде дайындалды.

*А. Әлібекұлы*

## АБЫЛАЙ ХАН

Тарихи өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласын құрайды. Бұл шығармаларда ел басынан өткен қилы кезеңдердің, болған тарихи оқиғалардың шындықтары, жерін жаудан қорғаған батырлардың ерліктері дәріптеледі.

Халық әр дәуірде ел тізгінін ұстаған білікті билеушілерін естен шығармай, олардың жамият алдындағы өшпес қызметін, қанатты сөздерін мінездеп отырған. Соған байланысты ел аузында түрлі аңыз, әңгімелер т.б. фольклорлық үлгілер сақталған. Солардың көпшілігі Абылай мен оның төңірегіндегі қаһарман батырлар, данышпан билер жайында айтылатын, ел жадында сақталған әңгімелер және жырлар.

<sup>3</sup> Төле би: Зерттеу мақалалар мен толғаулар / Құраст. М.Есламғалиұлы. — Алматы: Жазушы, 2000. — 56-б.

<sup>4</sup> «Түркістан». Халықаралық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. — 582-б.

Атақты хан туралы алғаш сөз қозғағандар А.И.Левшин, Ш.Уәлиханов, М.Ж.Көпеев, Құрбанғали Халид, Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды зерттеушілер мен тарихшылар.

Кеңестік дәуірде Абылай хан жайында көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жазылды. Бұл орайда М.Әуезов, С.Мұқанов, Н.Смирнова, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов сынды зерттеушілер құнды ғылыми пікірлер айтқаны мәлім. Алайда Кеңес үкіметі жылдарында халқымыздың өткен тарихын баяндауда және халықтың ғасырлар бойы сақтап келген әдеби-мәдени мұрасын бағалауда бір жақты теріс пікір өктем болып келді. Қазақ елінің тәуелсіздігі мен Ресей империясының отарлауына қарсы күрескен қаһарман батырлар, осы ұлы айқастар кезінде даналық саясат жүргізіп, елдің басын біріктіре білген, ұлттық намысқа дақ түсірмеген, туған жерге қорған болған Абылай, Кенесары сияқты хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды дана билер — еңбекші таптың қанаушылары деп көрсетіліп, олар жөніндегі шындықтар бұрмаланып келген-ді. Олардың ерлігі, ел үшін жасаған еңбегі мадақталған тамаша тарихи жырлар мен аңыздар, әңгімелер идеясы жат шығармалар деп саналды.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып егемендік алған соң, қоғам өміріндегі осы ұлы өзгеріске байланысты тарихтың көп мәселелері қайта қаралды. Халқымыздың өткен дәуірлерінің тарихи оқиғаларын, сол оқиғаларды бейнелейтін халықтық жырлар мен шежірелерді бағалауда бұрын орын алып келген қате көзқарастар түзетіліп жатыр. Соның бір айғағы ретінде XVIII ғасырда қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай хан мен оның батырлары туралы жырлар мен аңыздардың жеке жинақ<sup>5</sup> болып және Абылайға арналған жаңа көзқарастағы жазылған зерттеу еңбектердің<sup>6</sup> басылып шыққанын айтуға болады.

Осы шығармалардың ішінен «Абылай хан» атты жырға тоқталатын болсақ, бұл жыр бұрын еш жерде жарияланбаған.

<sup>5</sup> Абылай хан / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған С.Дәуітов. — Алматы: Жазушы, 1993; Тарихи жырлар / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Б.Әзібаева, А.Сейдімбеков, М.Шафиғи. — Алматы: Білім, 1995; З.Сәнік, Б.Садыхан. Қаракерей Қабанбай (аңыз, зерттеу, қиссалар). — Алматы: Жазушы, 1991.

<sup>6</sup> Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. — Алматы, 2004; Абсадықов А. Абылай хан ғұмырнамасы. Миф пен шындық. — Астана, 2005.

Жыршысы белгісіз. Жинаушы — Тоғастапұлы. ОҒК қорына тапсырған Бекқожа Бөженұлы. Жыр бір жолды журнал қағазына көк сиямен араб әрпінде жазылған. Көлемі — 897 жол.

Жырға Абылай ханның «Сабалақ» атануы, Үйсін Төле бидің тәрбиесінде болып, жекпе-жекте қалмақ ханы Шарышты өлтіруі, сөйтіп, ерлігімен танылған соң, хан тағына отыруы сияқты оқиға желісі арқау болған.

Жырда жетім Абылайды Төле би сияқты дана кісінің қолында тәрбиелете отырып, оның батырлығы мен ерлігін дәріптеп, көптің көңілінен шыққан болашақ хан бейнесін суреттейді. Осыған ұқсас мотив «Манас», «Едіге», «Көрұғлы», «Жәңгір» сияқты эпостарда да көрініс тапқан. Мұның астарында қалың бұқараға деген қамқорлығы мол, құрметі ерекше билеушіні аңсаған ел арманы жатыр.

Аталған жырда дүние жүзі фольклорлық шығармаларында жиі кездесетін мотивтердің біразы кездеседі деуге болады. Солардың бірі — бас қаһарманның сыртқы киімі жалба-жұлба, тымағы сеңсең болып, өзі елеусіз (тазша, қойшы, түйеші т.б.) болып, алғашқы ерлігіне дейін «лақап» есіммен жүретін тұсы. Ал мұндай көріністерді «Оғызнама», «Едіге», «Шыңғысхан» эпостары мен көптеген ертегілерден кездестіруге болады.

Осы жырда суреттелген Абылай төңірегіндегі атақты батырлар нақты өмірде болған, тарихи тұлғалар. Олардың осы жырда бейнеленген ерліктері мен мінез ерекшеліктері тарихта берілген сипаттамаларға сәйкес келеді. Шайқастар өткен, оқиғалар болған жерлер дәл көрсетіледі, елді мекендердің, өзен, көл, су, тау аттарының бүгінгі күнге дейін сақталған географиялық атаулары нақты айтылады. Әрине, тарихи жыр, аңыздар тарихтың дәлме-дәл көшірмесі емес, халық даналығының көркем шығармасы. Сондықтан оның кейбір детальдері өзгеріске ұшырауы, ақын, жыршылардың тарапынан тың сарындардың қосылуы заңды.

«Абылай хан» жыры тіл көркемдігі жағынан ерекше. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар т.б. тілдерден енген сөздер кездескенімен, тілі таза, ұғымды. Томға ұсынылып отырған «Абылай хан» жырының мәтіні ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған қолжазбадан (Ш.657, 2-дөп.) еш өзгеріссіз дайындалды.

*Қ. Алпысбаева*



## САБАЛАҚ

«Абылай хан—Сабалақ» атты жырлардың бір нұсқасы. Аталған нұсқа бұрын еш жерде жарияланбаған. Жырдың қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалары қорында сақтаулы<sup>7</sup>. Жыршысы белгісіз. Көлемі шағын, 377 өлең жолынан тұрады.

Бұл жыр сюжеті де бас кейіпкердің жетім қалып, лақап есіммен кісі қолында жүруі; алғашқы ерлігі, яғни жеңісті ұрыстан соң үлкен абыройға жетіп, хан сайлануы сияқты мотивтерден құрылған.

Аталған нұсқада да әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі кездесетін мотивтердің біразы орын алған. Сол мотивтердің бірі — «бата беру» сарыны. Қанжығалы Бөгенбай жас Абылайды жорыққа алып шығып, қол жайып:

— Бізге жау ежелден-ақ қалмақ пен сарт,  
Жылқының жүйрігі еді Нарқызылым,  
Көңілім енді саған беруге шарт.  
Жазымен бұл атымды күтіп қыстай,  
Жеткізбес еш адамға ұшқан құстай,  
Қалмаққа жазғұтұры аттанамыз,  
Дайын бол, қалмай жиылып, басын қоспай...

деп бата береді де, Абылайға өзінің Нарқызыл тұлпарын мінгізеді. Батырға лайықты тұлпарды сыйға тарту—батырлық эпостың тұрақты желісі.

Ал жырдағы үсті-басы ұсқынсыз, көріксіз Сабалақ бейнесі Тазша, Алдар—Көсе, Аяз би сияқты кейіпкерлерді еске түсіреді.

«Абылай хан» жырларының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, аталған шығармада «Абылай» «Сабалақ» эпосының байырғы желісі барынша сақталғанымен, кейбір айырмашылықтары бар екені байқалады. Мысалы, бұл нұсқада Абылай ханның қалмақ қолына тұтқын болып түсуі, қазақ жауы Қалданның қызын алатын т.б. көріністер кездеспейді. Соған қарағанда, жыршы «Абылай хан» жырының түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, кей жерлерінде бірқатар

<sup>7</sup> Сабалақ. ОҒК.Ш.657, 3-дөп.

оқиғалар мен жеке эпизодтарды қысқарта жырлаған деп ойлаймыз. Аталған нұсқаның тіл көркемдігі де біршама жоғары деңгейде екені аңғарылады.

Мәтінде шығыстық және жергілікті сөздер жоқтың қасы. Томға ұсынылып отырған «Сабалақ» жырының мәтіні ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы қолжазбадан (Ш.657, 3-дәп) еш өзгертусіз дайындалды.

*Қ.Алпысбаева*

### АБЫЛАЙ ХАН ӘНГІМЕСІ

«Абылай хан әңгімесінің» түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазба қорында 1337 шифрлі 7-дәптерде сақтаулы. Жыр хатқа 1925 жылы араб әрпімен түскен. Қолжазбаны 1940 жылы Сәубин Бекташ жинап, қорға тапсырған. Жырды айтып, жеткізуші Абайдың шәкірт-досы Көкбай Жанатайұлы болуы мүмкін. Себебі жырдың соңында «Жамиғат қол көтеріп бір дұға қыл, Көкбайдың айтуынша аяғы осы» деген жолдар кездеседі. Сонымен қатар қолжазбаның соңында «Қунамбаев. 25.ІІ. 25 г.» деп қол қойылған. Осыған қарағанда, дәптер Құнанбай әулетіне тиесілі болса керек.

«Абылай хан әңгімесі» тарихи жыры алғаш рет 1985 ж. Қытай Халық Республикасы «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақ қиссалары» атты кітапта жарияланған. Мәтіннің соңында «Шерияздан Сұлтанбайұлы берген нұсқа бойынша реттелді» деп жазылған. Бұдан өзге жыр мен жырды жинаушы туралы мәлімет берілмеген. Бұл жыр Қазақстанда «Жас алаш» газетінің 1991 жылғы 25 желтоқсанындағы санында және «Абылай хан»<sup>8</sup> мен «Тарихи жырлар»<sup>9</sup> атты кітаптарда жарияланған.

«Абылай хан әңгімесі» жырында Шыңғыс хан және оның төрт баласы туралы, Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібектен бері қарайғы Абылай ханның ата-бабалары жөнінде айтылады. Жырда жас Әбілмансұрдың шешесінен ата-тегін сұ-

<sup>8</sup> Абылай хан / Құрастырған С.Дәуіт. — Алматы: Жазушы, 1993. — 183-228-бб.

<sup>9</sup> Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Абылай хан. I том. Құрастырушылар: А.Сейдімбек, Б.Әзібаева, М.Шафиғи. — Алматы: Білім, 1995. — 88-129-б.

рағаны, ата-мекенін, жұртын іздеп қазақ даласына қайта оралуы, ұлы жүз үйсін Төле биге жолығып, «Сабалақ» есімін алуы, қалмақтармен болған соғыста жаудың бас батыры Шарышпен жекпе-жегі қызғылықты баяндалған. Атасы Абылайдың аруағын шақырып, жауға шапқан Сабалақ — Әбілмансұр осы ұрыстан соң Орта жүздің сұлтаны болады.

Абылайдың 1730-33 жылдары болған ірі шайқастарға қатысқаны дау тудырмайды. Тарихи деректерде Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында осы кезеңдерде бірнеше соғыстар болғаны жазылған. Жырда айтқандай, Абылайдың жасы Шарышпен соғысқан кезде жиырмада болса, бұл 1732-1733 жылдарға сәйкес келеді. Орыс және қытай деректерінде осы жылдарда қазақ пен қалмақ арасында үлкен шайқастар болғаны көрсетілген<sup>10</sup>.

Жырда Абылайдың қырғыздарды ығыстыруы, ханның елімен қоштасуы, Бұқар жыраудың көңіл сұрай келуі шынайы суреттелген. Сонымен қатар Абылайдың баласы Ғұбайдолланың орыстарға тұтқынға түсуі, Қасым, Саржан, Кенесары, Наурызбай сынды ерлердің қазақ хандығын сақтау үшін жасаған сан қилы ерліктері баяндалады.

1995 жылы жарыққа шыққан нұсқада көптеген қателер кездеседі. Мәселен, бірнеше оқылмай кеткен жолдар орын алған:

Сабалақ түйе жайды қойдан шығып,  
Қалмайды жанын аяп жаудан ығып, —

деген жолдардан кейінгі:

Көруге әр кеште айналады,  
Асылдың ертеңгі жайын ұғып<sup>11</sup>, —

деген үшінші және төртінші жолдар:

Соған барып бата алып келсін деді,  
Апарып қанша тарту берсін деді.

<sup>10</sup> «Түркістан». Халықаралық энциклопедия (Бас редактор Ә.Нысанбаев). — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. — 22-б.

<sup>11</sup> Сонда. — 64-б.

Найманнан арғынменен алты кісі,  
Екеуі керей-уақ болсын деді<sup>12</sup>, —

деген жолдардағы 2-тармақ түсіп қалған.

Сондай-ақ кейбір сөздер дұрыс оқылмағандықтан, мағынасы, ұйқасы өзгерген. «Қой жүні, жыртық көрпе, сеңсең тымақ» (63-б.) деген жолда не айтылып тұрғаны белгісіз. Бұл жол қолжазбада:

Қой жүнді жыртық күпі, сеңсең тымақ, —

деп берілген. Мұндай мысалдар көптеп кездеседі.

<i>дұрысы</i>	<i>1995 жылғы басылым</i>
екенін	екен деп (64-б.)
бар жолдасын	жыр жолдасын (64-б.)
Әл көрсете бастады	Ол көрсете бастады көп айратты (65-б.)
шіркін	шерік (65-б.)
жымырылып	шымпырылып (66-б.)
сүйгеніңді ал	сүйіншіңді ал (67-б.)
қалма деп қам	қапы қалма (67-б.)
қасқа аттының	қасбатырдың (68-б.)
қойдай қырып	қойдай қылып (68-б.)
ер Ғалидың	ер Ғани (70-б.)
өлеңдеген	өлеңдеген (73-б.)

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Біз жырды дайындау барысында түпнұсқаны негізге алдық.

Жыр Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорындағы 1337 шифрлі 7-дәптер бойынша дайындалды.

*А. Әлібекулы*

<sup>12</sup> Сонда. — 69-б.

## АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ ЖЫР

1854-1857 жылдары Ресей империясы ұлы жүз бен қырғыздардың бұғы, сарыбағыш, солту руларын өзіне қосу саясатын мықтап қолға алған еді. Осы іске Ш.Уәлиханов та белсене араласып, 1855 жылы генерал Гасфорт бастаған жорыққа қатысады. Бұл сапарда ол жергілікті халықтың тарихын, салт-дәстүрін, қазақ пен қырғыздың жыр дастандарын жазып алып, көптеген материалдарды жинайды. Соның бірі — «Абылай туралы жыр». Бұл жырды ең алғаш Шоқан Уәлиханов 1855 жылы ел аузынан жинап, хатқа түсірген.

Араб жазуымен қазақ-қырғыз тілдерінде аралас жазылған жырдың қолжазбасы Мәскеудегі Орталық Мемлекеттік әдебиет және өнер мұрағатындағы 118-қор, 1-тізім, № 469 іс (бума), 4-5 беттерде сақтаулы<sup>13</sup>.

Жырды алғаш рет академик Ә.Х.Марғұлан Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағында араб әріпі бойынша жариялап, соңына Дж.Кармышев екеуі жасаған орысша аудармасын береді<sup>14</sup>. Абылай хан мен Сәдір арасындағы оқиғаны баяндайтын жыр қазақ тілінде тұңғыш рет 1993 жылы С.Дәуітұлының құрастыруымен «Абылай хан» атты кітапта 70-77 беттерде жарияланады<sup>15</sup>. Мұнан соң жыр түпнұсқа бойынша қайта қаралып, 1995 жылы екінші рет жарыққа шықты<sup>16</sup>. Дегенмен бұл екі басылымда араб жазуын кирилл әрпіне түсіргенде бірнеше қателер орын алған. Жинаққа еніп отырған бұл мәтін Әлкей Марғұлан жариялаған араб жазуымен берілген нұсқадан аударылып, 1993, 1995 жылдардағы аудармалармен салыстырылып дайындалды. Мәселен:

Іңір көзді алғанда,  
Шалбар сәнде болғанда  
Тиіп бір жылқы алған күн, —

деген жолдар 1993 жылғы басылымда:

<sup>13</sup> Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. I том. —А., 1961. 653-б.

<sup>14</sup> Бұл да сонда. — 172-187-беттер.

<sup>15</sup> Абылай хан / Құрастырған С.Дәуіт. — Алматы: Жазушы, 1993. — 70-77-бб.

<sup>16</sup> Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Абылай хан. I том. Құрастырушылар: А.Сейдімбек, Б.Әзібаева, М.Шафиғи. — Алматы: Білім, 1995. — 288-б.

Іңірде қозыны алғанда,  
Шешініп жатып қалғанда  
Тиіп бір жылқы алған күн, —  
деп кирилл әрпіне түсірілген. Түпнұсқадағы:

Қаздай болып қарқылдап,  
Бурадайын бұрқылдап, —  
деген жолдар 1995 жылғы нұсқада:

Қаздай болып қарқылдап,  
Бөрідейін бұрқылдап, —  
деп жазылған. Ә.Марғұлан берген нұсқадағы:

Абылай ханның қорыққаны,  
Қорыққаны емей немене?  
Төре бір қалды таңырқанып, тітіреп, —  
деген жолдар 1993 жылғы басылымда «Төре бір қалды тітіреп»,  
1995 жылғыда «Төре бір қалды таңырқап» деп берілген.  
Мұндай қателер екі басылымда да көптеп кездеседі. Томға еніп  
отырған «Абылай туралы жыр» мәтіні Әлкей Марғұланның  
құрастыруымен жарыққа шыққан Ш.Ш.Уәлихановтың бес  
томдық шығармалар жинағының I томындағы араб графикасы  
бойынша қайта дайындалды.

*А. Әлібеқұлы*

## ҚАЛДАН СЕРЕН АБЫЛАЙДЫ ТҮТҚЫНҒА АЛҒАНЫ

Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапханасының  
қолжазбалар қорында сақтаулы. Шифрі: 829, 3-дәптер. Қол-  
жазбаны Павлодар облысы, баянауылдық Салық Жаяу Му-  
син 7.Х.1940 жылы араб әрпінде көшірген. Жыр алғаш рет  
1995 жылы «Білім» баспасынан жарыққа шыққан<sup>17</sup>.

Жырда Абылайдың Шарышпен болған атақты жекпе-же-  
гінен кейінгі оқиға баяндалады. Орта жүзге хан сайланған  
Абылайды қалмақ ханы Қалдан Серен аңдып жүріп тұтқынға

<sup>17</sup> Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Абылай хан. I том. Құрастырушылар:  
А.Сейдімбек, Б.Әзібаева, М.Шафиғи. — Алматы: Білім, 1995. — 288 бет.

алдыртқаны, зынданға салып, түрлі айла-шарғымен сынағаны халық арасында аңыз боп тараған.

Жырдағы Абылай ханның аң аулап жүріп қапыда қалмақтардың қолына түскені, Шырышты өлтіргені үшін Қалдан-Серен оны зынданға салғаны, қалмақ ханын сөзден тосқаны, Қалданның ұлы Әмірсамамен дос болып, қызы Тобышты алып қайтқаны, еліне оралған Абылайды Әбілмәмбет зор ықыласпен қарсы алып, өз тағына отырғызғандығы жырдың көркемдігін аша түседі.

Абылайдың қалмақтардың тұтқыны болғаны тарихи шындық. Тіпті, қазақтың игі жақсылары жиылып Абылайды тұтқыннан босатып алуы тарихи деректерде жазылған. 1741 ж. тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлар Абылайды тұтқындайды. Бұл бүкіл қазақ қоғамына үлкен абыржушылық әкеліп, Абылайды босатып алу үлкен саяси мәселеге айналады. Жырда Әбілмәмбет Қалдан-Серенге елші жіберіп, немере інісін босатуды талап етсе, тарихи деректер бойынша қазақтың үш жүзінен Төле би бастап 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте босатып алады. Халықтың сүйіспеншілігінен туындаған жыр Абылайдың болмыс-бітіміне нұқсан келтірмей, керісінше, хандық тұлғасын асқақтата түседі.

Жырда қалмақ ханының ордасында Абылай хан отыру үшін Малайсары тізерлеп отырса, ендігі бір деректерде Өтеген батыр ханға орынтақ болып тонын тосады<sup>18</sup>. Демек, жау табасынан қазақ ханының абыройын сақтау үшін кез келген қазақ батыры өздерінің күш-қайратымен қоса, ақыл-парасатымен де қарсы тұра білген.

Дегенмен баспада бірнеше қателер мен өзгертулер орын алған. Мәселен, қолжазбадағы:

Қалмақтың бір жайсаңын ұстап алды,  
Мойнына ер Олжабай шылбыр салды.  
Сұрайды «Абылайды білдің бе?» деп,  
Абылай қолда екенін біліп қанды, —

деген жолдардағы «шылбыр», «қанды» сөздері баспада «шынжыр», «қалды» деп қате оқылса, «Ығында Сабындыкөл Ер-

<sup>18</sup> Сағатжанұлы С. Қазақ батырларының деректемесі. 1-т. Үрімші, Шыңжаң халық баспасы, 2001. – 252-б.

мек тасқа» деген жол «Басында Сабындыкөл Ермек тасқа» деп жазылған. Сондай-ақ кейбір жолдардағы «Қалдан шер» сөзі «Қалдан Серен» деп өзгертілген.

Бұл сырды айтпақ үшін Қалдан Серенге (52-б.)

Немесе:

Келеді бұл екеуі Қалдан Серенге (53-б.)

Жүгіріп айтпақ үшін батып терге.

Мұнан «шер» сөзінің өзгертілуінен ұйқас та бұзылғанын аңғаруға болады.

Мәтін дайындау барысында Орталық ғылыми кітапхана-сының қолжазбалар қорында сақтаулы Ш. 829, 3-дәптердегі қолжазба пайдаланылды. Сонымен қатар алдыңғы жарық көрген басылымдардағы қателер мен өзгертулер анықталып, түзетілді.

*А. Әлібекұлы*

### САБАЛАҚ — АБЫЛАЙ ХАН

«Сабалақ — Абылай хан» тарихи жыры бізге Олжабай Нұралыұлы жырлауы бойынша келіп жеткен. Олжабай Нұралыұлы 1881 жылы Ерейментау өңіріндегі Қоржынкөл маңындағы Шешен ауылында дүниеге келіп, 1935 жылы Қызылжар қаласында дүние салған. Әкесі Нұралы — Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағы, Саққұлақ бидің жеті ұлының бірі. 1876 жылы болған атақты Сағынайдың асында Құлагердің өліміне байланысты Ақан серінің сөзін сөйлегені үшін дұшпандары у беріп өлтірген. Әкесінен ерте айырылған Олжабай атасы Саққұлақтың тәрбиесінде болып, ақындық өнерге құмартады. Атақты бидің тұқымы ретінде Олжабайдың мал-мүлкі 1928 жылы тәркіленіп, өзі Ақтөбеге жер аударылады. 1932-33 жылдардағы аштықта қазақ зиялыларына хат арқылы нәубетке ұшыраған халыққа көмек қолын созуды жазады. Ақынның сүйегі жерленген мұсылман зираты 1948 жылғы Қызылжар қалалық кеңесінің шешімімен бұзылып, саябаққа айналдырылады<sup>19</sup>.

<sup>19</sup> Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. Тарихи жырлар. — Алматы: Білім, 1995. — 286-б.



О.Нұралыұлы жырлаған «Сабалақ — Абылай хан» тарихи жыры тұңғыш рет «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы № 7 санында жарияланған. Жырдың бұл нұсқасын Олжабайдың бел баласы Қазыбек 1986 жылы Ақселеу Сейдімбекке табыс еткен. Олжабай Нұралыұлының шығармалары Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар қорындағы № 1618 папкада сақтаулы.

«Сабалақ — Абылай хан» тарихи жырында Абылайдың тарих сахнасына шыққан кезеңі бейнеленген. Жырдың алғашқы бөлігінде түркі халықтарына билік жүргізген Береке хан, Әмір-Темір, Сұлтан Баязит, Тоқтамыс туралы қысқаша айтыла келіп, Абылайдың аталары қанішер Абылай, Көркем Уәли жайында да аз ғана мәлімет беріледі.

Жырдың негізгі бөліміне Әбілмансұрдың «Сабалақ» атауы, Үйсін Төле биге жолығып, оның малшысы болуы, Төле бидің Сабалақты сынауы, Бөгенбай батырмен кездесуі, жоңғарлармен болған соғыста қалмақ батыры Шарышты өлтіруі, ерлігімен ел көзіне түскен Сабалақтың «Абылай» атанып, хан тағына отыруы арқау болған.

Томға еніп отырған мәтін Орталық ғылыми кітапхананың Қолжазбалар қорындағы № 1618 қолжазба бойынша дайындалды.

*А. Әлібекұлы*

## САБАЛАҚ (ҚИССА)

Жыр ең алғаш 1993 жылы жарыққа шыққан «Абылай хан» атты кітапта жарияланған<sup>20</sup>. Жырдың түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қорындағы 1177-папкада сақтаулы. Жинап, хатқа түсірген — Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Жинаушы дастан авторының белгісіз екенін атап көрсетеді.

«Сабалақ» дастаны осы томда жарияланып отырған «Абылай хан әңгімесінің» бір нұсқасы. «Сабалақ» дастанының мәтініне, қолданылған сөздеріне, ұйқастарына қарап, «Абылай хан әңгімесінің» екінші бір нұсқасы екені анықталып

<sup>20</sup> Абылай хан /Құрастырған С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1993. – 228-239-бб.

отыр. Көкбай жырлаған нұсқа мен «Сабалақ» дастаны әуел баста бір жыршының аузымен айтылғаны, кейін сөз қолданыстар, ұйқастар, көлемі өзгергені айқын. Жырда Әбілмансұрдың аталарының Үргеніш жеріне жер ауып кеткені, жас Әбілмансұрдың Үйсін Төле биге келуі, «Сабалақ» аталуы, Ұлы жүз биінің баланы сынауы, қанжығалы қарт Бөгенбаймен алғашқы жорығы, қалмақ батырымен болған жекпе-жегі, Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорығы баяндалады.

*А. Әлібекұлы*

### АБЫЛАЙ МЕН ОЛЖАБАЙ

XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығына қарсы жорықта орта жүзге ұран болған батырдың бірі — Олжабай Толыбайұлы 1709 жылы Түркістан маңында туған. Әкесі Толыбай би 1723 жылғы «Ақтабан Шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде Түркістан қаласын қорғауға қатысты ұрыстардың бірінде қаза тапқан. Он сан орта жүзге ұран болған Олжабай батыр — Арғынның Сүйіндік атасынан. Он үш жасында би атанған Айдабол Күліктің немересі.

«Абылай мен Олжабай» жырында Абылайдың орта жүз, қаракесек руының адамдары Ботақанды өлтіруі, Жанайды тұтқындауы, Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы Бекболат би мен Олжабай батырдың бастауымен орта жүздің бірнеше рулары Абылай хан ордасын басып алуға келуі көркем бейнеленген. Жырда Олжабай батырдың Абылай ханға қарата өктем сөз сөйлеуі батырдың кесек тұлғасын ерекше сомдай түседі.

Ер Олжабай туралы нақты тарихи деректер сақталмаған. Олжабай батыр Жоңғарларға қарсы күресте ерекше көзге түсіп, Абылай хан әскерлерінің оң қанатын басқарған. Аңыз бойынша, жауға қарсы шешуші айқастың алдында болған кеңес кезінде кейбір ру басылардың тайсақтаған қылықтарына ыза болған батыр даладан жылан ұстатқызып әкеп, жұрт алдында әлгі жыланның басын тісімен қарш еткізіп жұлып алып, түкіріп тастапты да, езуіндегі қанды сүртпестен:

— Егер біз бір адамдай тізе қосып, бірге болсақ, ертең анау аждаһаның басын дәл осылай қаршып тастаймыз! — депті. Аждаһа жоңғар туының таңбасы екен<sup>21</sup>.

Ескі аңыз әңгімелерге қарағанда Олжабайдың киесі бар, «Олжабайлап» жауға шапса, алмайтын жауы, алынбайтын қамалы болмайды екен.

Олжабай мен оның төңірегі, заманы мен замандастары хақында ел сақтаған сыр, көбінше оның есіміне, ерлігіне, қасиетіне, өсіп-өнген ұрпағына деген халықтың шын ынта-ықыласы мен ілтипатына өрнектеледі. Халық арасында сақталған «Олжабай батыр» атты жырда оны қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресіне белсене қатысушы, халық қамқоршысы ретінде суреттейді. Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Бөсентиін Малайсары батырлармен етене жақын араласып, туған жерін жоңғар шапқыншыларынан қайтарып алу жолындағы көптеген ұрыстарда олармен қоян-қолтық қимыл жасаған.

1731 жылы Әбілқайыр хан, оның артынан Бөгенбай мен оның туыстары Есет батыр, Құдайназар мырза және жиырма жеті рубасылар Ресейге бодан болуға ант бергенде, осы топтың ішінде Олжабай батыр да болған.

Абылайдың туын ұстаушы батырлардың бірі болып жүрген шағында «Алау» деген лақап атқа ие болған. 1741 жылы шамасында Баянауылдың Қалмаққырған деген жерінде болған жоңғарлармен сұрапыл соғысқа бел шешіп қатынасқан. 1742 жылы соғыста Абылай сұлтан жоңғарлардың қолына түскенде, оны құтқару үшін елеулі еңбек сіңіреді. Абылай Олжабайдың жау қолына атойлай кіргенде, жау оғының дарымайтындығына қарап «Қужарғақ» деп те атаған.

Сүйіндіктен шыққан Орманшы Сақау ақын Баянауылда Орынбай Бертағыұлымен (1891-1913) кездескенде:

Олжабай біздің елде ту ұстаған,  
Балапан түйғын құстай қоныстаған.  
Қолының қоспасынан оқ үзгенде  
Табаны тұрған жерден жылыспаған, —

деп жырлаған екен.

<sup>21</sup> Сағатжанұлы С. Қазақ батырларының деректемесі. 1-т. Үрімші, Шыңжаң халық баспасы, 2001. – 236-б.

1758 жылы Жоңғар тағының мұрагері Қалдан Сереннің баласы Әмірсана Қытай әскерінен ығысып, Абылайды паналағанда қытайлықтармен Талқы қамалында қақтығысып, асқан ерлік көрсетеді. Түркістанды азат еткені үшін Әбілмәмбет хан оған алтын балдақ қайқы қылышты сыйға тарту еткен. Бұл қылыш Омбы музейінде әлі сақтаулы тұр. 1762 жылы Батыс Сібір орманды даласын қыстауға, Құлынды даласын мал төлдетуге сұрап Екатерина II-ге хат жазған<sup>22</sup>.

1783 жылы Олжабай қайтыс болған соң ұрпақтары денесін Әзірет Сұлтан кесенесіне апарамыз деп, денесін сөрелеп қойыпты. Ақырында Әзірет Сұлтан кесенесіне апара алмай, Көкшетау маңында өздерінің жайлауына жерлепті. Өлген жері «Олжабай сөресі», көмілген жері «Олжабай тамы» атанған.

Ерейменде Олжабай асуы, Олжабай сөресі деген жерлер бар. Олжабайдың ерлігін Жаяу Мұса, Көтеш, Сақау ақындар жырлаған.

*А. Әлібекұлы*

## САБАЛАҚ, ӘБІЛМАНСҰР, АБЫЛАЙ ХАН

Әуел баста тарихи шындыққа, нақтылы деректерге негізделіп туған әңгімелер кейіннен халықтың ауызша айта-тын аңыздарына айналған. Бұл аңыздар бертін келе әртүрлі қоғамдық жағдайларға, халық сеніміне сәйкес өзгеріп, жаңара берген. Оған кейінгі заманның өмір шындығынан туған жаңа оқиғалар, көзқарастар қосылған.

Халық аңызының Абылайды тірі жетім қалдырып, ел қаңғытып, малшы ете жүріп, кейін батыр қолбасы етіп шығаруының мәні зор. Халықтың аңызда хан баласы демей халық баласы дегісі келеді. Қарадан шыққан, халық батыры, халық қамқоры демек болады.

Абылай ханның өмір тарихын жырлайтын дастан, қиссаларда Абылай көбінесе Төле бидің малшысы болса, «Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан» дастанында Шөмішбай байдың есігінде жүреді. Және басқа дастандарда кездесетін Бөгенбай батыр бейнесі мұнда кездеспейді. Оның орнына ақ құс — албастының

<sup>22</sup> Сонда, 213-б.

төресі келіп аян береді. Азамзаттың төресі Әбілмансұр болса, аққұс бейнесі — албастының төресі ретінде суреттеледі. Және де Абылайдың әруағы Әбілмәмбет ханнан да күшті, албастыны алдай алған керемет күш иесі ретінде суреттелген.

Бұрын еш жерде жарияланбаған бұл дастанның жыршысы, жинаушысы белгісіз. ОҒК-ның қорына 1946 жылы түскен. Жыр жайында «Қазақ әдебиеті тарихының» I томында айтылады. Томға еніп отырған мәтін ОҒК-ның Қолжазбалар қорындағы № 657 папкаға тіркелген қолжазбадан алынды.

*Ж. Салтақова*

### АБЫЛАЙ ХАН ... АҚ АТАН

Халық аузында жүрген аңызға негізделген бұл қисса Шығыс Түркістан қазақтарынан жазылып алынған. «Қазақ қиссалары» атты кітапта жарияланған<sup>23</sup>. Баспаға ұсынушы ауыз әдебиетін жинаушылардың бірі — Ә.Нәбиұлы.

Дастан 1995 жылы «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен жарияланған «Тарихи жырлар» ғылыми басылымының 1 томында жарияланған<sup>24</sup>.

Халық аузындағы аңыз-әңгімелерде Абылайдың батырлығына, ұрыс-жорықтарда әрдайым жеңіп шығуына қарап, оның әруағы, киесі бар деп баяндайды. Осы ескі нанымға сүйенген аңыз әңгіме дастан желісіне арқау болған. Мысалы: Ерен Ғайып Абылайдың түсіне еніп, оның қорғаушысы, киесі ақ атан екенін айтып береді. Абылай жорықта жеңетін болса, бура жорықтың жолына қарап жатады, жеңілетін болса теріс қарап жатады. Ақ атанның арқасында хан ажалдан аман қалады.

Шығармада Абылайдың жақын адамдарының қастандығымен қатар, бейтаныс адамның жақсылығы салыстырыла суреттеледі.

Томға енген мәтін 1991 жылы Бейжіңде басылып шыққан «Қазақ қиссалары» атты кітаптан алынды.

*Ж. Салтақова*

<sup>23</sup> Қазақ қиссалары. — Бейжің, 1991. — 90-125-бб.

<sup>24</sup> Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Абылай хан. I том. Құрастырушылар: А.Сейдімбек, Б.Әзібаева, М.Шафиғи. — Алматы: Білім, 1995.

## МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЕСІМДЕР

*Абылай, Әбілмансұр (1711—23.5.1781)*— аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат, қазақ халқының ханы. Азан шақырып қойған аты — Әбілмансұр. Сабалақ — Төле бидің қойған есімі. Жауға «Абылайлап» шапқандықтан Абылай атанған. Арғы тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан тарайды. 1771 жылы Түркістан қаласында хан болып сайланады. Ел тұтастығы үшін аянбай күрес жүргізіп, сыртқы басқыншыларға қарсы табанды түрде тойтарыс беріп отырады. Шет елдермен (Ресей, Жоңғария, Қытай) дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тырысады. Өмір жолын ат үстінде жорықтарда өткізіп, Арыс жағасында қайтыс болады. Сүйегі Түркістан қаласындағы атақты Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішінде Қабырхана мен Ақсарай арасындағы дәлізде жерленген.

*Абылай Уәлибақыұлы, қанішер Абылай (т.ж.б.—қ.ж.б.)*— XVII ғасырдың басында Сауран мен Түркістанды билеген қазақ сұлтаны, батыр. Абылай ханның арғы атасы. Ш. Уәлиханов ол туралы: «Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін де қанішер деген қаһарлы ныспыға ие болған кісі» деп жазады. Атасы Жәңгір, әкесі Уәлибақы сияқты, қалмақтармен болған қан майданда қаза тапқан.

*Әбілмәмбет (1690 ж.ш.т.—1771)* — қазақ ханы, Тәуке ханның немересі, Болат ханның ұлы. Сәмеке өлгеннен кейін Орта жүзге хан сайланған. Абылайдың немере ағасы. Абылайдың билікке келуіне себепші болған. 1740 және 1742 жылдары Орбекінісіне, Орынбор қаласына Орта жүздің белді сұлтандарын бастап келіп, Анна Иоановнаға бағынуға ант берген.

*Әбілқайыр хан (1693—12.08.1748)* — қазақ ханы, қолбасшы. Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны — Өсектің ұрпағы, Қажы сұлтанның ұлы. Тарихи жырларда өз-Тәукенің баласы деп көрсетілген. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, кіші жүздің ханы болған. Қазақ-қалмақ қарым-қатынасы шиеленісіп кеткендіктен, Ресей империясынан көмек сұрап Сібір губернаторы М.П.Гагаринге хат жазған. 1726 жылғы Ордабасыдағы халық жиналысында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланады. Қазақ хандары мен сұлтандары арасында алауыздық артып, сыртқы жаулардың қаупі артқан кезде Әбілқайыр орыс билеушілеріне арқа сүйеуді ойлап, 1731 жылы қазан айында Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант береді. 1748 жылы Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Әбілқайыр ханды Орта жүздің сұлтаны Барақ өлтіреді. Сүйегі Қабырға өзенінің Ұлқұяққа құятын тұсында жерленген.

*Әйтеке би Байбекұлы (1644-1700)* — қазақтың атақты үш биінің бірі. Кіші жүз Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Тәуке хан құрған «Хан кеңесіне» кіші жүз жұртының атынан мүше болып сайланған «Жеті жарғының» өмірге келуіне айрықша еңбек сіңірді. Халық биді «айыр тілді Әйтеке» деп те атаған.

*Әмірсана* — Жоңғар қоңтайшысы Қалдан Сереннің ұлы. Әкесі өлгеннен кейін жоңғар ақсүйектерінің арасында қиян-кескі тақ таласы туады. Қалдан Сереннен үш ұл қалған еді. Үлкен ұлы Лама Доржы тоқалдан (кейбір деректерде күңнен) туылғандықтан, әке тағына отыру құқығы жоқ болатын. Сондықтан ортаншы ұлы Шуан Доржы Намжар отырады. Ол 1750 жылы мамырда жездесі Сайын Болғы тарапынан өлтірілген соң, жоңғар тағына Лама Доржы иелік етеді. Бұған наразы болған тақтан үміткер, ойрат руының тайшысы Сыбан Рабданның қызынан туған Әмірсана Лама Доржының қастандық қылуынан қауіптеніп, Дауашы екеуі қазақ хандығынан пана тілеп, 1751 жылы Абылай ханның ордасына қашып барады. Абылай хан жоңғар билеушілерінің бұл қырқысын сәтті пайдалану үшін екеуін қол астына паналатады. 1752 жылы Әмірсана мен Дауашы еліне қайтып, Лама Доржыны тақтан тайдырады. Билікке Дауашы келеді. 1754 жылы Әмірсана мен Дауашы арасында қайшылық туып, Әмірсана қазақ хандығына

тағы бас сауғалап келеді. Абылай бұл жолы да Өмірсананың бас амандығына кепіл болады. Осы жылы Өмірсана тақты тартып алу үшін Дауашыға қарсы аттанады. Бірақ жеңіліп қалып, Қытай патшалығына қашып, көмек сұрайды. Көптен бері батыс ауданының тыныштығын бұзып жүрген жоңғар ақсүйектерінің билігін жоюды көздеп жүрген Қытай патшалығы 1755 жылы Жоңғарияға әскер жіберіп, Дауашыны тақтан құлатады. 1756-1757 жылдары Өмірсананың да билігін түбегейлі жояды. 1757 жылғы алтыншы айда қытай әскері Өмірсананы аздаған тобымен қоса өкшелей қуып Аягөзге келгенде, Абылай хан өз әскерімен қарсы шығып, Қытай патшалығымен тату тұруға келісімге келеді. Қытай патшасына хат жазып, сәйгүлік сыйлайды.

**Өмір Темір** (1336—18.02.1405) — қолбасшы, мемлекет қайраткері. Барлас тайпасының биі Тарағай бектің баласы. Өмір Темір алғашында Қашқария уәлаятының билеушісі болған. Моғолстан ханы Тоғлық Темірмен, Балқ пен Самарқан әмірі Хұсайынмен билік үшін күрес жүргізіп, 1370 жылы Мауранахрды өзіне қаратты. Әскерінің тегеурінді шабуылдары арқасында Хорезм, Шығыс Түркістан, Герат, Хорасан, Қандағар, Сұлтания, Тебриз, Иран және Ауғанстан иеліктері қол астына қарайды. Бірнеше дүркін жорықтан соң Алтын Орданы күйретеді. Үндістан, Сирия, Ливан жерлерін басып алады. Осман империясын талқандап, түрік сұлтаны Илдырым Баязидті тұтқындайды. 1405 жылы Қытайға жорыққа шыққанда жолда Отырарда қайтыс болады. Сүйегі Самарқандағы Гөр-Өмір кесенесіне жерленген. Халық арасында және тарихи деректерде Ақсақ Темір, Өмір Темір Көреген (Гурген) деген ныспылары кең тараған. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесін салдырған.

**Бату** — Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы. Шешесі — Кочу хатун, қоңырат Елші ноянның қызы. Бату 1227 жылы Жошы өлгеннен кейін Шыңғыс ханның ұйғарымымен әке тағына отырады. Алтын Орданың негізін қалайды. Жошы ұлысын Ертістен Дунайға дейінгі аралықта орналасқан Алтын Орда мемлекетіне айналдырды. Рубруктың айтуы бойынша өте қатал, «Яса» ережесін берік ұстаған қолбасшы болған. Қазақтар Батуды Сайын хан деп те атайды. Халық арасында «Сайын батыр» деген батырлық жыр кең тараған. Бату ханның



артында Сартақ, Тоқан, Әбуқан, Улақшы атты төрт ұлы қалған. Мазары Еділдің сағасындағы аралдардың бірінде орналасқан Сарай қаласында жерленген.

**Баязид, Сұлтан Илдырым Баязид (1354-1403)** — Осман сұлтандығының сұлтаны, қолбасы. Әкесі Мұрат қайтыс болған соң билік басына келіп, оның саясатын жүргізген. Анадолы, Византия, мәмлүктер иелігіндегі жерлерді басып алған. Константинопольге бірнеше дүркін шабуыл жасаған. Еуропаның оңтүстік бөлігін (Болгария, Македония, Сербия, Фессалин, Косова) бағындырған. 1402 жылғы Анкара маңында Әмір Темір әскерімен болған шайқаста сатқындық кесірінен жеңіліске ұшырап, өзі тұтқынға түседі. Тұтқында болған уақытта қаза табады.

**Бәйдібек Қарашаұлы** (туған-қайтыс болған жылдары белгісіз, шамамен XIII- XIV ғасырларда өмір сүрген) қазақтың елі мен жерінің тұтастығын қалыптастыру жолындағы аты аңызға айналған тұлға. Көне шежірелер бойынша, Ұлы жүздің үйсін бірлестігіне кіретін Албан, Суан, Дулат, Сарыүйсін, Шапырашты, Ысты, Ошақты ру-тайпаларының түп атасы. Жетісуды, Арыс өзенінің алабын, Төшкен мен Қаратау өлкелерін жайлаған елді басқарған.

**Береке, Берке (1209-1226)** — 1255-1266 жылдары билік құрған Алтын Орда ханы. Жошының үшінші ұлы, Батудың інісі. Әкесі тірі кезінде-ақ Дешті Қыпшақ пен Түркістанның әміршісі болып тағайындалған. Хан боп сайланғаннан кейін исламды қабылдап, Алтын Орданың ресми діні ретінде бекітеді. Ахтубада Сарай-Берке қаласын салдырып, мемлекет астанасы етті. Мысырдағы мәмлүк сұлтандарымен одақтасып, Византия мен Хулагу иеліктеріне қарсы шығады. 1266 жылы Кавказға жасаған жорығы кезінде қайтыс болып, өзі салдырған Сарай-Беркеге жерленеді.

**Болат хан** — қазақ ханы. Тәуке ханның баласы. Ұйымдастырушылық, қолбасшылық қабілеті болмаған Болат мұрагерлік жолмен 1715-1723 жылдар шамасында таққа отырған. Болат хандық құрған жылдары қалмақтар қазақ жеріне бірнеше мәрте шабуыл жасаған.

**Бөгенбай батыр (1680-1775)** — Қаратау бөктеріндегі Бөген өзенінің бойында туған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде ерекше орын алған батыр, қазақ жауын-

герлерінің қолбасшысы. Халық оны Қанжығалы Бөгенбай деп те атайды. Атасы Әлдеуін батыр Еңсегей бойлы ер Есім ханның, әкесі Ақша батыр Тәуке ханның қолбасшылары болған. Бөгенбай батыр Абылай бастаған ұзақ жылдарғы жоңғарға қарсы күрестің бас қолбасшысы, әскери ақылшысы болды. Күн-түн демей қазақ тыныштығы үшін ат үстінен түспей жүргендіктен, Абылай хан «Үкі батыр» деп құрметтесе, Бұқар жырау «Қазақтың қамал қорғаны» деп атаған. Бөгенбай жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Сүйегі Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

**Бұйдаш хан**—қазақ хандарының бірі. Жәнібек ханның немересі, Әдік сұлтанның баласы, Тахир ханның інісі. Тахир хан өлгеннен соң Жетісу өңірінің билігін өз қолына алған (1533-1538). Қадырғали Жалайридің көрсетуі бойынша, Бұйдаш хан Барақ ханның ұлы Дербіс сұлтанмен болған ұрыста қаза табады.

**Бұқар жырау (1693-1787)**—өйгілі қазақ жырауы. Абылай ханның ақылшы биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей өулие» деп те атаған. Абылай ханды сынап отырып, оның көргендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін тебірене жырлайды. Бұқар жыраудың Абылай ханға, Бөгенбай, Қабанбай, Олжабай батырларға шығарған арнаулары, насихат жырлары ел есінде сақталып қалған.

**Бұрындық, Мұрындық** (*шамамен XV ғ. 30-40 ж.т.—XVI ғ. 10-жылдары қ.б.*)—Керей ханның үш ұлының үлкені, Қазақ хандығының Жәнібектен кейінгі үшінші ханы (1470-1511). Бұрындық хан мемлекет басқару ісінде әлсіз болып, Жәнібек ханның ұлдары Қасым мен Әдік сұлтандардың қпалы күшейеді. Осыған байланысты Бұрындық өзінің қарсыласы Шайбанимен одақтасуға мәжбүр болады. Шайбани хан қазақтардың ауылына жасаған бірнеше жорықтарға немқұрайды қарап, еліне көмектесуге талпынбайды. Жәнібек ханның ұлы Қасым сұлтанның басқаруымен қазақтар Шайбани әскерін жеңгеннен кейін, билік Қасымға өтеді. 1511 жылы Бұрындық хан өз еркімен қазақ хандығынан кетуге мәжбүр болады. Кейбір деректер бойынша, ол Самарқанда қайтыс болған.

**Домалақ ана, Нурила (1378—28.05.1456)**—қазақ халқының өулие аналарының бірі. Ұлы жүздегі көптеген ру-тайпалардың түпкі анасы. Түркістандық Мақтым Ағзам қожаның

немересі, әкесінің аты — Әли Сылан, анасының есімі — Нұрбике. Нағаша атасы Уәйіс хан — Моғолстанның ханы болған. Атасы Мақтым Ағзамның қолында тәрбиеленген Нұрилла 19 жасында Бәйдібек биге тұрмысқа шығады. Өзінің ақылдылығы мен парасаттылығы арқасында елге сыйлы болған. Түрікпен Қара Хайдар даналығына тәнті болып «Диннат мама» деп атаған. Парсыша «Әулие ана» деген мағына беретін бұл сөз бертін келе «Домалақ анаға» айналған. Десе де, «Домалақ ана» атының шығуы туралы басқа да аңыз-нұсқалар бар. Балабөген өзенінің жағасында намаз оқып тұрып қайтыс болғандықтан, сол жерге жерленеді.

**Есім хан** (*т.ж.б.—1645 ж. ш.қ.б.*)—1598-1645 жылдар аралығындағы қазақ ханы. Шығай ханның баласы. Ордасы Түркістан қаласында болған. Жастай жорықтарға қатысып, ерлігімен көзге түскен. Халық арасында «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атағы болған. Ағасы Тәуекел өлгеннен кейін 1598 жылы таққа отырады. Ойрат, қалмақ, қатаған, өзбек хандарымен бірнеше рет соғысқан. Қазақ-қырғыз ынтымағын күшейтіп, бір жерден басқаруға тырысқан. Барлық талап-тілекке сай мемлекет құру үшін қазақтар арасына заң жүйесін енгізеді. Бұл заң жүйесі халық арасында «Есім ханның ескі жолы» деген атаумен кең тараған. Қайтыс болған соң Түркістанда жерленген.

**Жәнібек хан** (*туған, өлген жылдары белгісіз*)—Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі, Барақ ханның баласы. XV ғ. өмір сүрген. Керей ханмен бірге Өзбек ұлысынан Моғолстанға қоныс аударған. Екеуінің соңынан ерген халық қазақтар аталған (көне түркі тілінде «қазақ» сөзі «азат, ерікті, тәуелсіз» мағынасын берген. Қазіргі башқұрт, ноғай, құмық тілдерінде «қазақ» әлі де сол мағынада қолданылады) кейін бүкіл хандыққа телінеді.

**Жәңгір хан, Салқам Жәңгір** (*т.ж.б.—1652 ж. қ.б.*)—қазақ ханы, Есім ханның ұлы. Ордасы Түркістан қаласында болған. Жәңгір тұсында қазақ пен жоңғарлар арасындағы соғыс өрті күшейіп тұрған еді. 1635 жылы болған бір соғыста Жәңгір хан қолға түсіп, көп ұзамай тұтқыннан қашып шығады. Содан бастап Жәңгір хан жоңғарларға үнемі шабуыл жасап тұрады. Самарқан билеушісі Жалаңтөс баһадүрмен одақтасып, 1643 жылы жоңғарларды Орбұлақ шайқасында ойсырата жеңеді. Моңғолдармен дипломатиялық қарым-қатынас орнату

үшін балалары Тәуке мен Аппақ сұлтанды елшілікке жібереді. 1652 жылы жоңғарлармен болған соғыста Жәңгір хан қаза табады. Халық арасында оны «Салқам Жәңгір» деп те атаған.

**Жошы (1187-1227)**—Шыңғыс ханның үлкен ұлы. Жошы ұлысының негізін салушы, қазақ хандарының атасы. Жас кезінен бастап аса көрнекті әскери қолбасшы ретінде көзге түсіп, Шыңғыс хан жүргізген барлық жорықтарға белсене араласты. 1223 жылғы құрылтайда Ертістен Оралға дейінгі және онан әрі Батысқа қарай бағынған жерлердің бәрі Жошының иелігіне өтті. Ордасы Ертіс өзені бойына орналасты. Жошы әкесінен алты ай бұрын қазаға ұшыраған. Оның өлімі жөнінде халық арасында әртүрлі аңыз әңгімелер бар. Оны бірде «аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірген» десе, кейбір деректерде «өзіне қарсы келуі мүмкін» деп, құпия түрде әкесі Шыңғыс хан өлтірткен. Мазары Жезқазған қаласынан 45 шақырым жердегі Кеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан.

**Керей хан (т. ж. б.—XV ғ. 70 жылдары)**—«Тауарих-и гузидайи Нусратнаме» шығармасында көрсетілгендей, Орыс ханның немересі, Болаттың баласы. XV ғ. 50-жылдарында Жәнібек ханмен бірге Өзбек хандығы тайпаларының бір бөлігін бастап, Моғолстанға көшіп кеткен. Моғолстан ханы Есенбұға оларға Шу алқабынан жер бөліп беріп, Моғолстанның батысында орналасқан жауларға қалқан ретінде ұстамақшы болады. Осылайша, Керей мен Жәнібек қазақ хандығының негізін қалайды. Аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерде Керей хан туралы толыққанды мәлімет жоқ.

**Кенесары Қасымұлы (1802-1847)**—қазақ жеріндегі 1837-47 жылдар аралығындағы ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы, қазақтың соңғы ханы. Абылай ханның немересі Кенесарының негізгі мақсаты—Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының территориялық тұтастығын қалпына келтіру еді. 1841 жылы үш жүздің өкілдерінің мақұлдауымен қазақ ханы болып сайланады. Кенесары бастаған әскери қимылдар 1838 жылы Ақмола бекінісін басып алып, өртеп жіберуден басталады. Сондай-ақ Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алады. Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңеді. Ресей империясы Кенесары ханның басы үшін қомақты бөйге тігеді. 1847 жылы қырғыздармен болған шайқаста қаза табады.

*Қабанбай батыр, Қаракерей Қабанбай (1692-1770)* — Жоңғарларға қарсы азаттық соғысының даңқты қаһарманының бірі, қазақ батыры. Найман тайпасы, Қаракерей руының Байжігіт тармағынан, оның ішіндегі Мәмбет атасынан тарайтын Қожағұл дегеннің баласы. Шын аты — Ерасыл. Жеңгелері денесінің ірілігіне қарап «Нар бала» деп ат қойған. Ауыл малына шапқан қабандарды өлтіргендіктен «Қабанбай» деп аталған. 1718 жылы Аягөз шайқасына осы есіммен қатысып, жоңғар батыры Арсаланды жекпе-жекте жеңуі Қабанбай атын аспандатып жіберді. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде батырдың ерлік істері күллі қазақ даласына кең тарайды. 1725-1729 жылдары жоңғар ақсүйектерінің сұрапыл шабуылдары Бөгенбай, Қабанбай батырлардың соққысына ұшырайды. Қабанбай бастаған батырлар 1728 жылы Шұбар теңіз бен Бұланты өзені жағасында, 1729 жылы Іле өзені бойында, Қаратал өзенінің алқабында жоңғар әскерлерін ойсырата жеңеді. 1730 жылы Балқаш көлінің оңтүстігіндегі және 1740 жылы Шыңғыстау шайқасында ерлігімен ерекше көзге түседі. Атақты Аңырақай шайқасына қатысқан. Сыртқы жаудан қазақ жерін түбегейлі тазарту мақсатында 1751 жылы Арыс бойында құрылған Ұлы жүз жасағымен бірге Тәшкен, Сайрам, Түркістан маңындағы жоңғарларды қуып шығады. Бұл тарихта «Қабанбай-Ханбаба» жорығы деп аталады. Қазақ жеріне кірмек болған қытай әскерін тойтарады. Ерлігі мен әскери қырағылығына сүйінген Абылай батырға «Дарабоз» деген лақап берген. Сондай-ақ «Хан Қабанбай» деген атағы да бар. Қабанбай батырдың зираты белгісіз. Тарихи деректердің, ауызша тараған шежірелердің айтуы бойынша, батырдың сүйегі Жоңғар қақпасының сол қапталына, Сарыбел асуына жерленген.

*Қазыбек би Келдібекұлы (1667-1764)* — қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Орта жүздегі арғын тайпасының қаракесек тармағынан. Тәуке хан «Жеті жарғыны» шығарарда Төле би, Әйтеке билермен бірге ханға ақыл-кеңесші болды. Жасы ұлғайып, көз жұмған бидің сүйегі 1710-11 жылдары Жоңғар хандығына үш рет елшілікке барған Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне қойылды. Халық арасына «Қаз дауысты Қазыбек» есімі кең тараған.

**Қасым хан** (шамамен 1445 ж. т.—1518 немесе 1523 ж. қ.б.)— қазақ ханы, Жәнібек ханның баласы, Бұрындық ханның бас қолбасшысы, Бұрындық хан биліктен кеткен соң Қазақ хандығының тағына отырады. Қасым хан билігі тұсында қазақтар мен Шайбани әулеті арасында Сырдария жағасындағы қалалар үшін бірнеше шайқастар болды. Мемлекет іргесін нығайту мақсатында, халық жадында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен сақталған, заң-ережені енгізеді. Қадырғали Жалайридің айтуынша, Қасым хан Сарайшықта қайтыс болған.

**Наурызбай Құтпанбетұлы, Шапырашты Наурызбай (1706-1781)**— жоңғарларға қарсы күрескен қазақ батыры. Шапырашты тайпасының Төлеміс руынан Абылай ханның ту ұстаған үш батырының бірі (Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай), қолбасы — түмен басы. Наурызбайдың 1729 жылы қалмақ батырлары Шамалхан мен Қаскелеңді жекпе-жекте өлтірген ерлігі қазақ даласына кең тараған. 1750-52 жылдары жоңғарларды Тұрфаннан асыра қуып, жеңіске жеткен.

**Өтеген батыр**— XVIII ғасырда қазақ жерін сыртқы жаудың шапқыншылығынан қорғаған қазақ батырларының бірі. 1699 жылы Шу өзенінің бойындағы Хантауының оңтүстік шығысындағы Ізенді деген жерде дүниеге келген. Шежіресі: Дулат — Жаным — Жарылғамыс — Бұқар — Сырымбет — Өтеғұл — Өтеген. Өтеген батыр он бес жасынан бастап жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа араласқан. 1723 жылы Тауасар, Райымбек, Хангелді батырлармен тізе қоса отырып, жоңғарлармен айқасқан. 1740 жылы Іле бойында қалмаққа қарсы жасақ жинап, Төле бидің ақыл-кеңесімен Жетісу жерін жаудан, елін шапқыншыдан тазартуға кіріседі. Абылай ханмен, Төле бимен, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай батырлармен бірге үлкен жорықтарға қатысады. Абылай сұлтан хан тағына отырғаннан кейін Өтеген батыр оның ордасын қорғайтын арнаулы жасақтарға басшылық етеді. Хан ордасының көптеген істеріне араласады.

1741 жылы Қалдан Серен Абылайды тұтқындағанда, онымен бірге Өтеген батыр да қолға түседі. Ел аузындағы аңыз әңгімелерге қарағанда Қалдан Серен Абылайдың қыр соңына түсіп, оны тірідей ұстап, Шарыш үшін кек алмақ болады. Абылай Өтеген бастаған бір бөлім жасақпен аң аулап жүргенде

аңдыған жау іздеріне түсіп, шаршап ұйықтап жатқан кездерінде тұтқындап, Қалдан Сереннің ордасына апарады. Қалдан хан Абылай мен Өтегенді «мырза қамақ» қып қолында ұстайды. Қазақ басшылары Абылайды шығарып алуға барғанда Қалдан хан Абылайды сұраққа алмақ болып, түрегелтіп қояды. Мұны көрген Өтеген арланып:

— Ханымыз едің, тағың болмаған соң тік тұрсың ғой. Ау, қазақ қашанда тұғырың емес пе? Кел, отыр, менің үстіме! — деп Абылайға жонын төсей қояды. Абылай хан оған іштей елжіреп кетеді. Ақыры келісімге келіп, Қалдан хан екеуін де босатады.

1756 жылы Абылайдың Қытай патшасымен бейбітшілікте болу саясатына қарсы келіп, Жиделібайсын жеріне көшіп кетіп, сонда он жеті жыл болады деген аңыз бар. 1773 жылы Іле өзенінің бойына қайтып келіп, жетпіс төрт жасында көз жұмады. Сүйегі Іледегі теміржол көпірінің шығысындағы Шолақтау, Шеңгелді деген жерге қойылған.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте айбынды батыр болғаны жөнінде Сүйінбайдың бабасы Күсен, Сүйінбай, Майкөт, Жамбыл, Кенен ақындар жырлаған.

*Үгедей, Өгедей (1186-1241)* — Шыңғыс ханның үшінші ұлы әрі мирасқоры. Жас кезінен бастап әкесінің жорықтарына қатысқан. Шыңғыс хан империясының 1229-41 жылдар аралығындағы «Ұлы ханы» болған. Ағалары Жошы мен Шағатай арасында үнемі дау туа бергендіктен, Шыңғыс хан Үгедейді алға шығарып, екі ағасын оған бағынуға міндеттеді. Үгедей білімді әрі ақылды адам болған. Мемлекет іргесін нығайту мақсатында ел астанасы Қарақорымды салып, халық санағын жүргізді. Жылдам хабар алу үшін пошта қызметі ұйымдастырылды.

*Тәуке хан, Әз Тәуке (т.ж.б.—1716)* — қазақ ханы, Жәңгір ханның ұлы. Тәуке хан тұсында Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған, бір орталыққа бағынған мемлекет болды. Үш жүзге билігі жүріп, орталығын Түркістан қаласы етті. Өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты ережелер жиынтығының негізінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге арқа сүйей отырып, «Жеті жарғыны» қабылдайды. Көрші елдермен саяси-дипломатиялық байланыс орнатуға тырысқан.

*Толабай* — атбегінің есімі. Ел ішінде Толыбай сыншы делінеді, түпнұсқада Толабай деп берілген.

**Тоқтамыс хан** (*т.ж.б.—1406*)—Алтын Орда ханы. XIV ғасырдың 70-жылдары елінен қашып, Әмір Темірді паналады. Әмір Темірдің қолдауымен Сығанақтың, көп ұзамай Алтын Орданың тағына отырады. Мысырмен дипломатиялық қарым-қатынас орнату үшін елші жібереді. 1382 жылы Мәскеуді басып алып, өртеп жібереді. Әмір Темірге бағынудан бас тартып, өз қамқоршысына қарсы шығады. Әмір Темірдің жұмсауымен 1399 жылы Темір Құтлық пен Едіге бастаған қол Тоқтамыс хан әскерлерін талқандайды. 1406 жылы Едіге қолынан қаза табады. Едіге мен Тоқтамыс арасындағы соғыстар тарихи жырларға арқау болып, халық жадында сақталып қалған.

**Төле**—Шыңғыс ханның кіші ұлы. Шыңғыс хан төрт ұлына басып алған жерлерді бөліп берген кезде, Төлеге Моңғолия жері мұраға қалдырылды.

**Төле би, Төле би Әлібекұлы** (*1663-1756*)—қазіргі Жамбыл облысының жерінде, Шу өзенінің бойындағы Жайсаң жайлауы деген жерде дүниеге келген. Ұзақ өмір сүріп 1756 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданына қарасты Ақбұрхан-Орда деген жерде қайтыс болған. Сүйегі Тәшкен қаласындағы Жүніс ханның қабырының қасына жерленген.

Дулатішіндегі **Жаныс.Жаныс — Жайылмас — Қожамберді — Құдайберді — Әлібек**. Орта жүздің биі Қазыбек Келдібекұлы мен кіші жүздің аға биі Әйтеке Бәйбекұлы үшеуі Әз-Тәуке ханның басты кеңесшісі болып, қазақ халқының заңы ретінде «Жеті жарғының» дүниеге келуіне ат салысады. Тәукеге Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүзді бір жерден басқаруға, сөйтіп, бір тұтас қазақ хандығын нығайтуға көмектеседі.

**Хақназар, Ақназар** (*ш.1510/20—1580*)—1538-1580 жылдары билік жүргізген қазақ ханы. Қазақ халқын біріктіруге, мемлекетті нығайтуға және шекарасын кеңейтуге ерекше еңбек сіңірген мемлекет қайраткері, қолбасшы. Жәнібек ханның немересі, Қасым ханның ұлы. Әкесінен жастай айырылып, анасы Қаныкей ханыммен бірге Қасым ханның қарындасы Қараүлікті паналап, Ноғайлының алты әулетін билеген Мамайдың қолында тұрған. Хақназар хан тағына әкесі өлгеннен жиырма жыл кейін отырады. Хан боп тұрған жылдары Ноғайлы ордасының бір бөлігін, башқұрт халқының орыстарға бағынбағандарын Қазақ хандығына қосып алады. Мемлекет шекарасын Еділ мен Жайыққа жеткізеді.



*Хожа-и Мұрат Бақыш әулие, Бақшайыш, Бақсайыс* — сопылық ағымның өкілі. Шыққан тегі Өзірет Әлінің баласы Мұхаммедханафияға барып тіреледі. «Темірнама» атты қолжазбада Ферғана мен Құжанттағы шейх Камаладиннің баласы Насрадинге Саид ата қойған лақап ат «Бақсайыс» еді деп берілген. Халық арасында аңыз-жырларда Бақсайыс «Бақыш әулие», «Хожай Мұрат Бақыш» деп аталады. Саид ата Бақсайысты Дешті Қыпшаққа пір етіп тағайындайды. Ә.Диваевтің «Өзбектер тегінің шығуы жөнінде аңыз» атты еңбегінде «Бақшайыш ата қыпшақ руынан» деп көрсетіледі. «Насабнама» деген еңбекте де әулие туралы мағлұмат берілген.

*Шағатай* (т.ж.б.—1242)—Шыңғыс ханның Жошыдан кейінгі екінші баласы. Жастайынан жорықтарға қатысып, ақылдылығымен, қулығымен көзге түскен. Моңғолдың заң-жосықтарына, әдет-ғұрпына мейлінше жетік болған. Әкесі оңтүстік Алтайдан Әмударияның оң жағалауына дейін созылып жатқан жерлерді Шағатайдың бөлігіне береді. Жазғы жайлауы Алмалық маңындағы Құяш деген жерде, қыстауы Іле бойында болды. Үгедей Ұлы хан болып сайланғанда Шағатай ханзадалардың ақылшысы болған. Мемлекеттік маңызы бар шешім-қарарлар Шағатайдың келісімінсіз қабылданбаған.

*Шарыш батыр*—қалмақтың ханы Қалдан-Сереннің інісі (Кейбір деректерде баласы). Қазақ пен қалмақтардың кезекті бір соғысында Сабалақ-Әбілмансұрмен жекпе-жекке шығып, қаза тапқан.

*Шығай* (т.ж.б.—1582 ж. ш.қ.б.)—қазақ ханы. Жәдік сұлтанның баласы. Ол қазақ сұлтандарымен бірге Хақназар бастаған жорыққа қатысып, Баба сұлтанға қарсы шайқасқан. Хақназар қайтыс болғаннан кейін баласы Тәуекелмен бірге өзбек ханы Абдуллаға барады. Абдулла хан оған Ходжентті сыйлайды. 1582 жылы Абдулла ханның Баба сұлтанға қарсы жорығына қатысып, осы шайқаста көз жұмады. Денесі Бұхара маңындағы Кумушкент деген жерде жерленген.

*Шыңғыс хан*—шамамен 1155 жылы Онон өзені бойындағы Делиун-болдақ шатқалында ежелгі моңғол ру басшысы Есугей батырдың отбасында дүниеге келген. Өз аты—Темучин. Өзінің әскери таланты арқасында дұшпандарын жеңіп, рутайпалық одақтардың билеушісі болды. 1206 жылы ақсүйектер құрылтайының шешімімен басқару Шыңғыс хан лауазымын

алды. Бытыраңқы ру-тайпаларды бір орталықтан басқару үшін осы жылы құқық ережелерін (Яса) бекітті. Әскерде қатаң тәртіп орнатты. Корей мен Солтүстік Қытай жерінен бастап Орта Азия мен Қазақстан аумағын тұтастай жаулап алды. 1223 жылы басып алынған жерлерді ұлыстарға бөліп, үлкен әйелі Бөртеден туған төрт ұлы Жошы, Шағатай, Үгедей, Төлеге үлестіріп берді. Шыңғыс хан тұңғыстарға кезекті шабуылы кезінде 1227 жылы қаза табады. Моңғолдардың жорықтарын Шыңғыс ханның ұлдары мен мирасқорлары басқарып, жалғастырды.

## СӨЗДІК

**Айырыл**—жергілікті сөз атауы: жеке, бөлек, оңаша, айырым деген мағынада.

**Аят** /а/ — белгі, ғажайып, өлең; Құран сүрелерінің ең шағын бөлігі.

**Ғазауат, ғазат** /а/ — дін соғысы, қасиетті соғыс

**Ғани** /а/ — бай, мұңсыз

**Ғапыл** /а/ — білмеу, байқамау, сезбеу

**Жаллад** /а/ — әскер, жендет, бас алғыш

**Зайыр** — анық, ашық

**Кәлима шаһадат** /а/ — куәлік сөз; Алла Тағала мен оның елшісі Мұхаммедке сенім, иман білдіретін шарт

**Кежім** — кестелеп, оюлап, әшекейленген сәнді ат жабу

**Қоңсы** — бірге отырған ауыл үйі, көрші-қолаң

**Құбыла** /а/ — мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті Қабаны белгілейді.

**Лагин** /а/ — малғұн, лағынет; Алла Тағаланың рақымынан мақұрым болған

**Мағриб** /а/ — батыс

**Майыр** /о/ — майор

**Машырық** /а/ — шығыс

**Махкам** /а/ — берік, мықты, бекем

**Мәхалла** /а/ — квартал; орын; жер

**Мұбәрак** /а/ — берекелі, қасиетті, құтты

---

\* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

**Пайнамасы** — жергілікті сөз атауы: мейманасы деген мағынаны білдіреді.

**Патиха** /а/ — бата, тілек; бата беру

**Порым** /о/ — пішін

**Сәбетші** — кеңесші

**Сеңсең** — марқайған қозының қырқылмаған өскелең жүн терісі

**Сиаз** — съезд

**Сүрдік** /о/ — срок; уақыт, мерзім

**Таһарат** /а/ — дәрет алу, жуыну, тазалану. Құран Кәрімді оқырда, намазға жығылар алдында жасалынатын бірден-бір шарт — тазалану, яғни дәрет алу. Сумен үсті-басты, денені жуып қана қоймай, рухани ойды тазалау

**Харам** /а/ — арам, шариғат тыйым салған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе (Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған); таза емес, заңсыз

**Харап, хараб** /а/ — бұзылу, қирау, жойылу

**Шариф, шәріп** /а/ — текті, қасиетті; Мұхаммед (ә.с.) пайғамбардың немересі Хасеннен тараған ұрпақтарына берілген құрметті атақ.

**Шаһид, шәһид** /а/ — құрбан болу, мерт болу

**Шерік** /көне/ — сарбаз, жауынгер, әскер

## ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

*Алтын Орда*—орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті Қыпшақта құрылған түркі мемлекеті. Алтын Орда құрамына Ертістің шығыс жағалауынан Балтық теңізіне дейінгі, Сібірден Хорезмге шейінгі ұлан ғайыр аумақ енді. Бату хан тұсында мемлекет астанасы Еділ бойындағы Сарай қаласы болып, кейін Берке хан кезінде Сарай Беркеге көшірілді. Алтын Орда Анадолымен, Сириямен, Мысырмен, Византиямен және Шығыс елдерімен сауда қатынасын орнатып, елшіліктер алмасты, Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағына бақылау жүргізді. Өмір Темірдің жойқын әскері жасаған үш жорығынан кейін Алтын Орда әлсіреп, 1502 ж. соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң мемлекет жойылды. Алтын Орда жерінде Қырым, Қазан, Қасым, Астрахан, Сібір, Башқұрт хандықтары пайда болды.

*Ақ Орда*—Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының үлкен ұлы Орда Ежен, оның інілері Шайбани, Шингкур, Тұқа Темір ұлыстары негізінде құрылған мемлекет. Астанасы алғашында Ертіс өзенінің жоғары жоғарғы ағысы бойында, Алакөл маңында болған. XIII ғасырдың екінші жартысында Сыр бойына көшірілді. Орыс хан тұсында Ақ Орда Алтын Ордадан бөлініп дербес хандыққа айналды. Өмір Темірдің бірнеше жорығынан кейін Ақ Орда айтарлықтай әлсіреді.

*Бұқар, Бұқар*—Орталық Азиядағы бұрынғы елдің, қазіргі Өзбекстан мемлекетіндегі облыстың атауы. Орталығы—Бұқара қаласы. Бұқара әсіресе XVIII—XIX ғасырларда күшті өркендеп, исламның ықпалды тірегіне әрі діни-ғылыми орталықтарының біріне айнала бастады. Бірқатар мұсылман халықтары, оның ішінде қазақтар да оны «Бұқара Шәриф», яғни қасиетті қала деп атаған.

*Қаратау*—Еуразияның түркітілдес халықтары қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау.

*Ордабасы*—қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресу үшін күш біріктірген жері, тарихи орын. Бұл

киелі жер қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданында. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және қазақ хандары мен батырлары 1723-25 жылдары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасын бастан кешірген қазақ халқын жинап, елді жаудан азат етуге сол жерде үндеді. Бұл жиында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып Әбілқайыр сайланды. Ордабасы жиынын кейін қазақ жасақтары 1728 жылы Бұланты, 1729 жылы Аңырақай шайқастарында жоңғарларды ойсырата жеңеді.

**Сайрам**—Оңтүстік Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық ірі қалалардың бірі. Бұрынғы аты—Исфиджаб. Орналасқан жері қазіргі Сайрам кентінің Оңтүстік батысында, Шымкент қаласынан 12 шақырым жерде. Сайрам жайлы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати-т-түрк» атты еңбегінде кездеседі. Моңғол шапқыншылығынан кейін Сайрам маңызды орталықтардың біріне айналған. XV-VIII ғасырларда қазақ хандықтары кезінде ірі сауда, діни және мәдениет ошағы болған.

**Сауран**—Оңтүстік Қазақстан аумағындағы орта ғасырлық ірі қалалардың бірі. Сауран қаласы туралы алғашқы мәлімет X ғасырдағы деректерде кездеседі. Араб тарихшысы Мақдисидің жазуы бойынша «Сауран жеті қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде рабат, мешіт» болған. XIII ғасырда Ақ Орданың астанасы ретінде танылған. XIV ғасырда Әмір Темір әскери қамалға айналдырған. Тарихи деректерде Сауранда шайқалмалы мұнара, қаланың ішін сумен қамтамасыз ететін көріздер жұмыс істеген. Қала XVII-XVIII ғасырларда әлсіреп, XIX ғасырда біржолата күйреген.

**Сырдария**—Орта Азиядағы ірі өзендердің бірі. Нарын мен Қарадария өзендерінің Ферғана қазаншұңқырындағы қосылған жерінен Сырдария аталынып, Арал теңізіне құяды.

**Түркістан**—Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шауғар (арабша Шауағар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталған. Қожа Ахмет Йасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

## ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

**Көкбай Жанатайұлы** (1861 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Шыңғыстау бөктеріндегі тақыр ауылында дүниеге келіп, 1925 жылы сонда қайтыс болған) — ақын, ағартушы, Абай Құнанбайұлының әрі інісі, әрі шәкірті. Абай алғашқы өлеңдерін Көкбай атымен жариялап жүрген. Көкбайдың өлеңмен жазылған «Араб тілінің қағидалары» мен «Құлынды», «Қандыжап», «Ғаділ патша қиссасы», «Харун Рашид қиссасы» дастандары сақталған. Ел аузында айтылып жүрген «Сабалақ» жырын толықтырып, қайта жырлаған. К.Жанатайұлының Өріппен, Кемпірбаймен, Жүнісханмен, Міржақыппен, Жидебаймен сөз қағыстырып, айтысқандары белгілі.

**Қазанған Байболұлы** (1891 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Төле би ауданы Ұзынбұлақ ауылында туылып, 1945 жылы сонда қайтыс болған) — халық ақыны. Балалық шағында Бекасыл мектеп-медресесінде оқып, Сайрам, Шымкент медреселерінде білімін жетілдірген. Жасынан халық ауыз әдебиеті үлгілерін бойына сіңіріп, жыршылық жолын таңдайды. Көпшілік бас қосқан жиын-тойларда қисса-дастандарды жатқа айтып жүрген. Суырып салма ақындық өнеріне жетіліп, «Төле бидің тарихы», «Еңсегей бойлы ер Есім», «Өкірек Найман туралы» қисса-дастандарды жырлаған. Ел ішінде айтылып жүрген халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинастырумен де айналысқан. 1943 жылы Алматыда өткен ақындар айтысына қатысып, қызылордалық саңлақ ақын Нартаймен сайысқа түскен.

**Олжабай Нұралыұлы** 1881 жылы Ерейментау өңіріндегі Қоржынкөл маңындағы Шешен ауылында дүниеге келіп, 1935

жылы Қызылжар қаласында дүние салған. Әкесі Нұралы — Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағы, Саққұлақ бидің жеті ұлының бірі. 1876 жылы болған атақты Сағынайдың асында Құлагердің өліміне байланысты Ақан серінің сөзін сөйлегені үшін дұшпандары у беріп өлтірген. Әкесінен ерте айырылған Олжабай атасы Саққұлақтың тәрбиесінде болып, ақындық өнерге құмартады. Оның жырлауы бойынша бізге «Сабалақ — Абылай хан» атты тарихи жыр келіп жеткен. Атақты бидің тұқымы ретінде Олжабайдың мал-мүлкі 1928 жылы тәркіленіп, өзі Ақтөбеге жер аударылады. 1932-33 жылдардағы аштықта қазақ зиялыларына хат арқылы нәубетке ұшыраған халыққа көмек қолын созуды жазады. Ақынның сүйегі жерленген мұсылман зираты 1948 жылғы Қызылжар қалалық кеңесінің шешімімен бұзылып, саябаққа айналдырылады.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/т/ — түрік

/тат/ — татар

/к.т/ — көне түркі



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

### *Қолжазбалар*

1. «Төле би тарихы». ОҒК: Ш.763. Жырлаушы — Қ. Байболұлы.
2. «Абылай хан әңгімесі». ОҒК: Ш.1337, 7-дәп., араб әрпінде. Жинап, қорға тапсырған — *Саубин Бекташ*.
3. «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны». ОҒК:Ш: 829, 3-дәп., араб әрпінде.
4. «Сабалақ». ОҒК: Ш.1177. Жинап, хатқа түсірген — *М.Ж.Көпеев*.
5. «Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан» — ОҒК: Ш: 657, 5-дәп., араб әрпінде.
6. «Сабалақ». ОҒК.Ш.657, 3-дәп.

### *Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер*

1. *Абсадықов А.* Абылай хан ғұмырнамасы. Миф пен шындық. — Астана, 2005.
2. Абылай хан /құраст. *С.Дәуітов/*. — Алматы: Жазушы, 1993.
3. Төле би: Зерттеу мақалалар мен толғаулар /құраст. *М.Есламғалиұлы/*. — Алматы: Жазушы, 2000.
4. «Түркістан». Халықаралық энциклопедия. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2000.
5. *Байболұлы Қ.* Төле би. Дастандар. — Алматы: НБ-пресс, 1991.
6. Алмас қылыш: Батырлар жыры (құраст. *С.Дәуітұлы*). — Алматы: Жалын, 1993.

7. Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Т.1. — Алматы: Білім, 1995.
8. *Уәлиханов Ш. Ш.* Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. — Алматы, 1961.
9. Қазақ халық әдебиеті: Тарихи жырлар. Абылай хан. I том. (құраст.: *А. Сейдімбек, Б. Әзібаева, М. Шафиғи.* — Алматы: Білім, 1995. — 288 бет.
10. *Сағатжанұлы С.* Қазақ батырларының деректемесі. 1-т. — Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2001.
11. Қазақ қиссалары. — Бейжің, 1991.
12. *Марғұлан Ә.* Ежелгі жыр, аңыздар. — Алматы, 1985.
13. Түркістан халықаралық энциклопедиясы. — Алматы, 2000.
14. *Тарақов Ә.* Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. — Алматы, 2004.
15. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — М., 1968.
16. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
17. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерина.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
18. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
19. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
20. Персидско-русский словарь / Под ред. *Ю.А.Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
21. Татарско-русский словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1966.
22. Турецко-русский словарь. — М.: Русский язык медиа, 2005.

## РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов стотомного Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», издаваемого в рамках Государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Пятьдесят седьмой том включает в себя одиннадцать исторических песен: «Төле бидің тарихы» («История Толе би»), «Абылай хан», «Сабалақ», «Абылай туралы жыр» («Песня об Абылае»), «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны» («О пленении Абылая Калдан Сереном»), «Абылай хан әңгімесі», «Сабалақ — Абылай хан», «Абылай мен Олжабай» «Сабалақ» (кисса), «Абылай хан... Ақ атан» («Абылай хан... Белый верблюд»).

В исторической песне «Төле бидің тарихы» рассказывается о жизненном пути видного государственного деятеля, прославленного оратора, главного бия Старшего жуза Толе би, его даре руководителя и организатора, который вместе с другими видными казахскими батырами выступал против завоевательных походов джунгар, показана его роль в собрании представителей трех жузов под Ордабасы.

За проявленный героизм и полководческие заслуги Абылай хан тоже завоевал особое почитание у народа и воспевался в народной памяти в течение веков. Несмотря на общность тематики исторических песен об Абылай хане, вошедших в настоящий том, они разнообразны по сюжетике. Так, например, историческая песня «Абылай туралы жыр» записана Ч.Ч.Валихановым в 1855 году и опубликована академиком А.Х.Маргуланом в 5-томном собрании сочинений Ч.Ч.Валиханова в 1961 году,

позднее был опубликован в сборнике «Абылай хан» (1995) и в 1-м томе исторических песен (1995), посвященных Абылай хану. И все эти тексты данной песни подготовлены адекватно вышеназванным первоисточникам.

В исторической песне «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны» рассказывается о фактическом историческом событии — пленении Абылая калмыцким ханом Қалдан Сереном, историческая песня «Абылай хан» подробно описывает предков Абылая, годы юности будущего хана, героические деяния Абылая. В ней также повторяется сюжет предыдущей песни — история пленения Абылая во время охоты и попытки казахских правителей и батыров освободить его из вражеского плена, что стало большой политической проблемой казахского общества той эпохи.

Историческая песня «Сабалак — Абылай хан» возвращает читателей к юности Абылая и ведает об истории появления его прозвища «Сабалак», художественно описывает поединок юноши Сабалака и факт его прихода на престол хана. В исторической песне «Абылай және Олжабай» рассказывается о межродовой распри внутри казахского общества, о несправедливости приближенных Абылай хана, показывается роль батыра Олжабая в решении судьбоносных моментов в споре между ханом и народом.

Том подготовлен в соответствии с принципами издания серии «Бабалар сөзі», снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий, а также географических названий; данные о племенах и родах, встречающихся в исторических песнях; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах, список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все тексты, включенные в данный том, публикуются впервые и подготовлены адекватно рукописным оригиналам.

Объем тома — 25,5 п.л.

## SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

Fifty seventh volume includes eleven historical songs: «Tole bidin tarihi» («History of Tole-bi»), «Abylai turali zhyr» («Song about Abylai»), «Kaldan Seren Abylaidi tutkinga algani» («About how Kaldan Seren has captured Abylai»), «Abylai khan», «Sabalak-Abylai khan», «Abylai men Olzhabai» and other.

The historical song «Tole bidin tarihi» tells about the life of Tole bi the well known public figure, famous orator, chief biy of the Senior zhuz, he is described as a leader and organizer of the struggle against Djungar invaders together with other Kazakh batyrs, he contributed much to consolidation of the representatives of three zhuzes near Ordabasy.

People respected Abylai khan for his heroic character and contribution as a commander and sang songs during many centuries.

Although historical songs about Abilay-khan have common theme they have different plots. For example, historical song «Abylai turali zhyr» is devoted to the complicated relations was recorded by C.C.Valikhanov in 1855 and published by Academician A.H.Margulan in 5 volume collection of C.C.Valikhanov in 1961 and later was published in the collection «Abylai khan» (1995) and in the 1 volume of historical songs (1995) devoted to Abylai khan. All texts of this song were prepared adequately to the above mentioned originals.

The historical song «Kaldan Seren Abylaidi tutkinga algani» tells about a real historical event — capture of Abylai by Kalmyk khan kaldan Seren, historical song «Abylai khan» tells in details about the ancestors of Abylai khan, youth of the future khan, heroic feasts of Abylai and also the plot of the previous song is repeated — history of capturing of Abylai khan during hunting and about how Kazakh rulers and batyrs tried to liberate him, that turned to be a big political problem for Kazakh society of that epoch.

Historical song «Sabalak-Abylai khan» tells about the youth years of Abylai and the history of the name «Sabalak», artistically depicts the duel of the boy Sabalak and how he became a ruler. The historical song «Abylai and Olzhabay» tells about the strives in Kazakh society, unfair companions of Abylai, the role of batyr Olzhabay in solution of the important moments in the dispute between people and the khan is described.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

All texts included into this volume are published for the first time and are prepared adequately to manuscript originals.

Volume includes — 25,5 p.p.

## МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан .....	5
-------------------------	---

### Мәтіндер

Төле бидің тарихы .....	9
Абылай хан .....	173
Сабалақ .....	203
Абылай хан әңгімесі .....	215
Абылай туралы жыр .....	249
Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны .....	257
Сабалақ — Абылай хан .....	273
Сабалақ (қисса) .....	294
Абылай мен Олжабай .....	307
Сабалақ, Әбілмансұр, Абылай хан .....	314
Абылай хан... Ақ атан .....	338

### Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме .....	363
Мәтіндерде кездесетін тарихи есімдер .....	382
Сөздік .....	395
Жер-су атаулары .....	397
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы hәм жинаушылар туралы мәлімет .....	399
Шартты қысқартулар .....	400
Пайдаланылған әдебиеттер .....	401
Резюме .....	403
Summary .....	405

*Научное издание*

БАБАЛАР СӨЗІ

57 том

ИСТОРИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

*( на казахском языке )*

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства  
им. М.О. Ауэзова

Министерства образования и науки Республики Казахстан

Шығаруға жауапты: *Р.Қ. Тұрлынова*

Редакторы: *Ү.С. Тілегенова*

Техникалық редакторы: *Э. Заманбек*

Компьютерге терген: *А. Әлібекұлы*

Компьютерде беттеген: *М.О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Бауыр» баспасы

ИБ № 2450

Теруге 11.01.10 жіберілді. Басуға 27.02.10 қол қойылды. Пішіні 60x90<sup>1/16</sup>.

Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 25,5. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №203\*.

«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспаханасында басылды

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

ISBN 9965-35-854-0



9 789965 358548